



Корпоративті басқару: Қазақстандық мазмұн



Корпоративті басқару : Қазақстандық мазмұн

Алматы
2010

УДК 005(075.8)
ББК 65.290-2я73
К59

Рецензенттер:

Л.Я. Гуревич – Халықаралық Бизнес академиясының жоғары оқудан кейінгі ғылыми-методологиялық орталығының директоры, т.ғ.д., социология ғылымының профессоры,
Д.И. Есемберлина – ҚазБСҚА ФСТИМ академиялық профессоры, т.ғ.к.,
С.Ж. Дауірбекова – ҚазБСҚА ФСТИМ ассоц. профессоры, э.ғ.к.,
Б.А. Шағатаев – ҚазБСҚА ФСТИМ ассоц. профессоры,
Т.Б. Урманова – Халықаралық Бизнес академиясының MBA бағдарламасының деканы, э.ғ.к. (DBA)

И.В. Беликов – Ресей Директорлар институтының директоры, Ресей ФСФР Корпоративті басқару бойынша сараптама кеңесінің мүшесі,

В.И. Шеин – Ресей Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясының профессоры, э.ғ.к.
Редакторы: С. Филин, п.ғ.к. (DBA)

Авторлары: **Т. Иссык, А. Копытин, Г. Косолапов, Г. Көкбасарова, И. Марусич, А. Саматдин, С. Филин, Г. Шалғымбаева**

Тексерген: Болгарина Б.

Корпоративті басқару: қазақстандық мазмұн. Оқу құралы. С.А. Филиннің жалпы редакциясымен – Алматы, 2010ж.,б

ISBN 978-601-278-387-2

Оқу құралы акционерлік қоғамды корпоративті басқарудың негізгі принциптерін, қағидалары мен механизмдерін ашып көрсетеді. Кітап авторлары шын мәнінде қазақстандық кәсіпорындарда жұмыс істейтін немесе бизнес жөнінде кеңес беруші практиктер болып табылады. Екінші жағынан авторлардың барлығының ғылыми атақтары бар, олардың көпшілігінің Іскерлік әкімшілігі докторы ғылыми атағы бар. Сондықтан да бұл оқулықта авторлардың практикалық тәжірибелері мен теориялық білімдері тығыз байланысқан. Қазақстанда корпоративті басқару теориясының шын мәнінде қолданылуының сипатталуы бұл оқу құралының басты ерекшелігі болып табылады.

Оқу құралы экономикалық және басқару пәндерінің оқытушыларына, бакалавриат пен магистратура студенттеріне, MBA және DBA бағдарламаларының тыңдаушыларына арналған.

Бұл жоба Жеке кәсіпкерліктің халықаралық орталығының, Вашингтон, Колумбия округі қолдауымен дайындалған.

Авторлар мен «Директорлар институты» ЖШС бакалавриат және магистратура студенттерін, MBA және DBA тыңдаушылары, директорлар кеңестері мен атқарушы органдардың мүшелерін оқыту мақсатында осы оқулықты авторлар мен «Директорлар институты» ЖШС-не міндетті сілтеме жасай отырып, ішінара немесе толық көшіруге рұқсат береді. Басқа мақсаттар үшін «Директорлар институтының» ЖШС-ның жазбаша рұқсатымен ғана көшіруге рұқсат береді.

ISBN 978-601-278-387-2

©«Директорлар Институты» ЖШС, 2010 ж.

CIPE

Center for International Private Enterprise



Strengthening democracy around the globe through private enterprise and market oriented reform

Халықаралық жеке кәсіпкерлік орталығы (CIPE) – АҚШ Сауда Палатасы жанындағы ұйым. CIPE мақсаты – жеке кәсіпкерлік пен нарық реформаларын дамыту арқылы демократияны өрлету.

CIPE қызметі төрт басты саланы қамтиды:

- дамушы мемлекеттердегі мекемелерге грант беру;
- қарым-қатынас бағдарламалары;
- институционалдық даму бағдарламалары мен оқу бағдарламалары;
- серіктестік бағдарламаларын қолдау.

1983-жылы құрылған уақыттан бері CIPE әлемнің 120 еліндегі 1000-нан аса бағдарламаларға қолдау көрсетті. National Endowment for Democracy (Демократияны қолдаудың ұлттық қоры), USAID (Халықаралық даму бойынша АҚШ агенттігі) және МЕРІ (Таяу Шығыстың серіктестік бастамасы) CIPE-дің басты демеушілері болып табылады.

CIPE қызметінің басты бағыттары:

- Сыбайлас жемқорлықпен күрес
- Басқарудың демократиялық формалары
- Бизнес қауымдастығын дамыту
- Корпоративті басқару
- Заңнама мен реттеу реформасы
- Әйелдер және жастар
- Экономикалық ақпаратқа қолжетімділік
- Жекеменшік сектор және меншік құқығы

CIPE кеңселері: Ауғанстан, Египет, Ирак/Иордания, Пәкістан, Румыния, Ресей және Вашингтон (Колумбия округі, АҚШ).

CIPE туралы толық ақпарат ағылшын тілінде www.cipe.org сайтында жарияланады.



*Жүректен жүрекке,
маманнан маманға*

Директорлар институты – қазақстандық кәсіпорындар мен мекемелердің басқарма қызметкерлерін дамытумен айналысатын көпсалалы тренинг-орталық. Біздің оқытушылар жылына 100-ден аса семинарлар мен тренинг өткізеді.

Институттың ұраны:

«Біз өзіміздің қолымыздан келетінді ғана үйретеміз».

**«Директорлар
институты»**

**Қазақстан, Алматы, .
Сатпаев даңғылы, 296, к.
14.
т. 8 727 2693966, 3922124,**

Алғыстар

Осы оқулықтың авторлары Халықаралық жеке кәсіпкерліктің орталығы (CIPE) және оның қызметкерлері – Elena Suhir мен Daniel Waggonerге өз алғысын білдіреді, олардың көмегі нәтижесінде осы оқулықты жинақтап, жариялауға мүмкіндік болғаны үшін алғыстарын білдіреді.

Ғылыми редактор:

- Халықаралық жеке кәсіпкерлік орталығына (CIPE) Ресей директорлар институтының «Корпоративтік директоры» семинарына қатысуға, бірлесіп басқару бойынша конференцияларға қатысуға мүмкіндік бергені үшін, берген материалдар ұсынғаны үшін;
- Ресей Директорлар институтына «Корпоративтік директоры» семинары үшін, бірлесіп басқару бойынша оқулықтар мен кітаптарды тегін бергені үшін;
- ІФС және оның қызметкерлеріне терең ойлы семинарлары және оған қатысуға мүмкіндік бергені үшін;
- Қазақстандық Тәуелсіз директорлар қауымдастығына корпоративті басқару бойынша IV-конференциясына қатысуға мүмкіндік бергені үшін;
- Осы оқулық тарауларының авторларына өздерінің жұмысбастылығына қарамастан өздерінің үлесін қосу үшін уақыт таба білгені үшін жеке алғысын білдіреді;

Мазмұны:

Редактордың алғысөзі.....	8
Кіріспе. Корпоративті басқару саласындағы реформалар: жоспардан іс-әрекетке көшу	9
1 Тарау. Қазақстандағы инвестициялар.....	16
2 Тарау. Корпоративті басқару дегеніміз не?.....	33
3-тарау. Акционерлердің құқығы мен міндеттері.....	50
4-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы.....	64
5 Тарау. Директорлар кеңесінің жұмысы. Тәуелсіз директорлар.	94
6 тарау. Дивидендтер төлеу және дивидендтер саясаты.....	120
7 тарау. Ақпараттың ашықтығы және айқындығы	140
8 тарау. Акционерлік қоғам қызметіне бақылау	165
9 тарау. Акционерлік қоғамның экономикалық қауіпсіздігі және рейдерлік.	187
11 Тарау. Компания мәдениеті және оның корпоративті басқарумен байланысы.....	209
12 тарау. Корпоративті басқару кодексі: тарихы мен тәжірибесі	226
13 тарау. Қазіргі Қазақстандағы корпоративті басқаруды дамытудың мәселелері ...	243
14 тарау Қазақстандағы корпоративті басқарудың құқықтық аспектілері	251
15 тарау. Корпоративті басқару – демократия мектебі	269
1 Оқу кейсі. Супермаркеттер жүйесінің өсу қиыншылықтары.....	279
2 Оқу кейсі: Қазақстан компанияларында Корпоративті басқару кодексін қолдану.....	286
Қазақстандағы корпоративті басқарудың даму хронологиясы	291
Пайдалы сілтемелер.....	295
Глоссарий.....	296

Редактордың алғысөзі

Корпоративті басқарудың пайда болғанына, менеджмент саласына сияқты көп жыл бола қойған жоқ. Корпоративті басқару білім мен тәжірибенің жеке жүйесі ретінде 20 жыл бұрын қалыптаса бастады. Маңызды, әрі басты кезеңі деп 1999 жылдың мамыр айын санауға болады. Ол кезде бүкіл әлемдік масштабта бірлесіп басқару нормаларын бірыңғай стандартқа келтіру мақсатында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының кеңесінде бүкіл әлем үшін шын мәнінде үлгіге айналған (ЭЫДҰ) ұжымдық басқарудың принциптері тұжырымдалды.

Алайда меншіктің бірлескен формасы әлемнің дамыған елдерінде бұрыннан бері қалыптасқан. Иелік ету және басқаруды бөлуге байланысты қатынастар – ұжымдық қатынасты заңнамалық және әлеуметтік реттеу сияқты, ұжымдық басқару Қазақстанда салыстырмалы түрде жақында ғана пайда болды. Бізде акционерлік қоғамдарға жетекшілік етуде, меншік иелері мен менеджерлер, миноритарлық мен мажоритарлық акционерлердің түрлі мүдделерімен, тұтас алғанда акционерлердің құқықтары мен меншіктігімен байланысты мәселелерді шешуде өзіндік тәжірибе жинақталмаған.

Әрине ұжымдық басқару бойынша әлемдік қауымдастықтың ұсынымдарын білдіретін тәсілдер мен ережелерді көшіре отырып, басқалардың тәжірибесін пайдалануға болады. Дегенмен, бүкіл әлемдегі компанияларға меншіктің акционерлік формасы ұсынатын айырмашылықтармен қоса ескеруді қажет ететін маңызды айырмашылықтар да бар.

Осы оқулықта мазмұны ұжымдық басқарудың әлемдік тәжірибесімен қоса, инвесторлар, акционерлер, директорлар кеңесі, атқарушы орган және басқа мүдделі тұлғалар арасындағы қатынасты ұйымдастырудағы қазақстандық ерекшеліктер де қамтылады.

Оқулықтың басты мақсаты оқытушылар, студенттер және тыңдаушыларға Қазақстандағы ұжымдық қатынастар туралы түсінік беру.

Көптеген студенттер мен тыңдаушылар келешекте екі рөлдің біреуін атқаратын болады. Біріншіден, олар кәсіби басқарушылар болады, сондықтан меншік иелерімен қарым-қатынасты қалай орнату керек екенін білуге тиіс. Екінші, олардың көбі меншік иелері атанады (акционерлер, серіктестік немесе жекеменшік кәсіпорындардың иелері) және өздерінің құқықтары мен меншігін қорғау үшін жалдамалы менеджерлермен қандай қатынасты орнату керектігін білгендері жөн. Өз кезегінде кәсіби басқарушылар мен кәсіби меншік иелері мен инвесторлардың қатарын қалыптастыру, сөз жоқ, еліміздің экономикасының гүлденуіне мол үлес қосатындығы сөзсіз.

Кіріспе.

Корпоративті басқару саласындағы реформалар: жоспардан іс-әрекетке көшу

СІРЕ

Корпоративті басқару объективтік, есепберушілік, жауапкершілік және жариялылық сияқты демократиялық принциптердің негізі болып табылады. Ол коммерциялық қызметтің қалыптасқан нормаларын ұстануды қамтамасыз етеді, осылайша, демократиялық басшылықтың заңдылығы мен принциптерінің нығаюын қамтамасыз етеді. Ұжымдық басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы күшті құрал болғандықтан, жеке меншіктің құқықтары мен қоғамдық мүдделерді нақты ажыратуға мүмкіндік береді, екі салада асыра пайдаланушылықтың алдын алады.

Ұжымдық басқару әдетте, жеке сектордың дамуымен байланыстырылады. Алайда, сонымен қатар бұл мемлекеттік басқару институттарын күшейтуге мүмкіндік беретін демократияның маңызды даму құралы.

Біріншіден, бизнес пен мемлекет арасындағы қатынастар реформаның шешуші кілті, өйткені ұжымдық басқару формалды емес, туысқандық, бармақ басты, көз қысты жасырын келіссөздердің алдын алады.

Екіншіден, ұжымдық басқару мемлекеттік кәсіпорындарда қолданылса, қоғамдық ресурстарды ұқыпты түрде пайдалануға, сонымен қатар басқару шешімдерін саяси емес, экономикалық мақсатта қабылдауға мәжбүрлейді.

Үшіншіден, ұжымдық басқару паракорлыққа тосқауыл қойып, сыбайлас жемқорлықпен күресуге мүмкіндік береді.

Оған қоса, ұжымдық басқару өзін өтпелі кезеңдегі маңызды реформаларда сыбайлас жемқорлықпен күресудің сәтті құралы ретінде көрсете білді, әсіресе бұл жекешелендіруге қатысты, өйткені мемлекеттік меншікті жеке тұлғаларға беріп, кейін жеке иелік ету құқығын беру айқын жағдайға көз жеткізуге мүмкіндік берді.

Ақырында, ұжымдық басқарудың реформасы демократиялық негізде, әсіресе институционалды деңгейде жүзеге асырылуда. Бұл аспект осы тарауда кеңінен сипатталған, мұнда халықаралық жеке кәсіпкерлік орталығының (СІРЕ) әртүрлі елдердегі бірлесіп басқару реформасы бойынша жұмысы туралы айтылады.

Жалпы жоспар бойынша, ұжымдық басқару жүйесінің жеткілікті түрде дамымауы инвестиция тартуға қабілетсіздікті, банкротқа ұшырауға, құқықтың бұзылуы және әлемнің түрлі елдері бетпе-бет келетін басқа да экономикалық дамудың қиындықтарына әкеп соғады. Осыған байланысты көптеген мемлекеттер ұжымдық басқарудың дамыған жүйесі жалпы экономикалық ахуалдың қажетті шарты болып табылатынын мойындайды. Компаниялар ұжымдық басқаруды бәсекелестік күресте оларға басымдылықты қамтамасыз етуге қабілетті фактор ретінде қарастыра бастауда.

Дегенмен мәселенің қиындығы корпоративтік басқаруға деген теориялық қызығушылықты тәжірибе жүзінде басқару әдісін жақсартуға қабілетті болатындай өзгертуде болып тұр.

Корпоративті басқару кімге тиімді?

Басқарудың дамыған жүйесі бар компания тек корпоративтік инвесторлар мен кредиторларға ғана емес, сонымен қатар, өзінің қызметкерлеріне, клиенттеріне және тұтас алғанда қоғамға пайда әкеледі. Корпоративтік басқарудың дамыған жүйесі ішкі және шетелдік инвестициялардың келуіне ықпал ететін мықты экономикалық ахуалдың пайда болуына жаңа жұмыс орындарын құруға және еліміздің тұрғындарының әл-ауқаты деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Компаниялар

Басқарудың қалыптасқан жүйесі өнімділікті арттырады. Өздерінің тәжірибелеріне тиімді басқарудың принциптерін енгізген компаниялар несиел бойынша пайыздардың төмендеуіне және көптеген жағдайларда ұзақ мерзімді артықшылығы бар инвесторлық базаның кеңеюіне сенімді бола алады. Басқарудың сапасы жалпы стратегияны құру, бірігу мен қосып алу туралы ойланып істелген, экономикалық негізделген шешімдерді қабылдау, еңбек ақыны жұмыс сапасына сәйкестендіре алатын салаларда ғана артады. Осылай басқарудың маңызды салдарларының бірі – компаниялардың сот тәуекелдерін қосқанда, әр түрлі қолайсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру қабілеті. Бұдан басқа, компанияның жауапты және адал жұмысы кредиторлар, қызметкерлер, клиенттер, жеткізушілер және жергілікті қоғамды қоса алғанда, мүдделі тұлғалармен жемісті әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастық жүргізуге көмектеседі.

Инвесторлар

Инвесторлар тиімді басқару жүйесі бар компаниялар оларға көп пайда түсіретінін біледі және осындай мүмкіндік үшін көбірек төлеуге де даяр. Бұған қоса, инвесторлар осындай компаниялардың сенімділігін жоғары бағалайды, өйткені мұның өзі олардың ақшалары, жауапсыз, селқос менеджерлер немесе олардың отбасы мүшелерінің талауына түспейді дегенді білдіреді. Басқарудың тиімді жүйесі басшылық қабылдаған шешімдерге ықпал ету және негізгі операцияларды өткізу құқығын, сонымен қатар, өздері құйған қаржының қолданылуы туралы ақпаратты алу құқығын, әсіресе инвесторлардың, миноритарлық құқығын қорғайды. Капитал нарығына тиімділік пен сенімділікті арттыра отырып, мұндай басқару инвесторларға қажет болған жағдайда оңай әртараптандыру мен оларды сатуға мүмкіндік бере отырып, активтердің анағұрлым жоғары өтімділігін қамтамасыз етеді. Сөйтіп, банкроттықтың қалыптасқан түрі кредиторларды қорғап және акционерлердің жауапкершілігін шектейді.

Акционерлер және қоғам

Басқарудың тиімді жүйесі компаниядан қызметкерлер, клиенттер, жабдықтаушылар және қоғам алдында өзі қабылдаған міндеттерді орындауын талап етеді. Тұрғындардың бұл топтары осындай компаниямен өздерінің қарым-қатынасында адалдығымен, сапасымен және сенімділігімен ұтады. Қоғам тұтастай алғанда ұтады, себебі мұндай компания жұмыс орындарын құрады, мемлекеттің экономикасына деген сенімді қалыптастырады және ысырапшылдыққа кедергі келтіреді. Бұған қоса, жариялылық жағдайы жемқорлықты азайтады, өйткені егер компанияда қатаң есеп жүргізілсе, ал оның жетекшілері бизнес-этиканың принциптеріне сай әрекет етсе, пара алу фактілерін жасыру қиынға соғады.

Корпоративті басқару базасын анықтау

Корпоративтік, яғни бірлесіп басқару принциптерін кең түрде қолдану төменде көрсетілген кестеде жақсы көрсетілген. Дүниежүзілік банк дайындаған кестеде тиімді ұжымдық басқаруды қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы механизмдер көрсетілген.



1.«Реттеу факторлары» түсінігі жеке секторда жұмыс істейтін агенттерге, өзінреттеуші мекемелерге, ақпарат құралдарына және азаматтық қоғам ұйымдарына қатысты, олардың күші ақпаратты біржақты беру жағдайларын азайту, компанияның мониторингтеу жүйесін жетілдіру және кәсіпкерлікті насихаттауға бағытталған.

Сурет 1. Корпоративті басқарудың ішкі және сыртқы механизмдері (қайнар көзі: Дүниежүзілік банк).

Компанияларды ішкі басқару

Ішкі басқару компанияның ішінде жүргізілетін, акционерлер, директорлар кеңесі, басшылық және мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты, сонымен қатар, олардың қызметін, құқықтарын және міндеттерін анықтайтын шаралар жиынтығын білдіреді. Қаржылық есеп берушіліктің жоғары айқындылығы, сапасы және реттілігінің арқасында менеджерлердің өздері қабылдаған шешімдері мен жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілігі

артады. Жауапкершілік деңгейінің артуы директорлар кеңесінің өзі тәуелсіз аудит және марапаттау бойынша комитеттер сияқты қазіргі кезде әйгілі тәсілдерді қосқанда ішкі бақылау тәсілдерін жетілдіріп, түрлендіре бастауына алып келеді. Бұған қоса, жариялылықты және қабылданған шешімдерге жауаптылықты қамтамасыз ету мақсатында компанияның директорлар кеңесіне «сыртқы жақтан» директорлар шақыратын жағдайлар жиі кездеседі.

Компанияның жұмысына іштей бақылау

Дегенмен, тиімді басқару жүйесі бар компания сыртқы бақылау болмаса толыққанды дами алмайды және инвестициялар тарта алмайды. Тиімді болу үшін компанияны іштей басқару институттар мен рыноктардың сыртқы жүйесіне сүйенуі керек. Мұндай сыртқы механизмдер компанияны үнемді түрде жұмыс істеуге мәжбүр етеді, стандарттарды бекітеді, қателіктер үшін жазалайды және ақпараттық айырбасты күшейтеді.

Жалпы алғанда, жекеменшік сектор мекемелері мен мемлекеттік бақылау ұйымдары *институционалдық негіз* құрайды, оның негізінде бірлесіп басқарудың ғимараты құралады. Бұл ықпал екіжақты. Институционалдық негіз ұжымдық басқарудың механизміне қалай ықпал етсе, ұжымдық басқару да институционалдық негізге солай ықпал етеді.

Корпоративтік, яғни ұжымдық басқаруды реттеу мен қадағалау жүйесі жариялылық, есеп берушілік, адалдық және жауапкершілік сияқты бірлесіп басқарудың төрт негіздік принциптері үшін негіз болатын мемлекеттік және жекеменшік ұйымдардың, нормативтер мен құқықтардың өзара байланысқан құрылымына сүйенеді. Жоқ дегенде, ұжымдық басқарудың дамыған жүйесі барлық компаниялардың заңды сақтауын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, акционерлердің құқықтары мен басқа мүдделі топтардың (кредиторлар, жабдықтаушылар, қызметкерлер және т.б.) құқықтарын анағұрлым кеңірек қорғайды.

Ұжымдық басқарудың тәжірибесін анықтайтын және оның қолдануылына бақылау жасайтын түрлі мемлекеттік және жекеменшік ұйымдар осындай негізде жұмыс істейді. Баға белгілеудің қатаң шарттары бар қор биржалары және реттеу мен бақылауды іске асыратын құнды қағаздар рыноктары сыртқы бақылаудың алдыңғы қатарлы бағыты болып табылады. Сыртқы бақылаудың бұл алдыңғы қатарлы бағыты акционерлердің құқықтарын қорғау мекемелері және бірлесіп басқару институттары мен компаниялар директорлары қауымдастығы сияқты жекеменшік ұйымдардың қосымша топтарына сүйенеді, олар құқық қорғау қызметін, кәсіби стандарттар мен өзін-өзі реттеушілікті дайындау үшін негіз құруға көмектеседі.

Жоғарыда аталып өткендей, корпоративтік басқару әдістері ірі халықаралық корпорациялар ғана емес, барлық компанияларда да қолданылуы мүмкін. Өйткені ұжымдық басқару құқық иелері мен олардың өкілдері арасындағы қарым-қатынас мәселелерімен тікелей байланысты (акционерлердің мүдделеріне сай немесе қарсы әрекет ететін менеджерлер). Бұл қиындыққа тек қана ірі корпорациялар ғана емес, сонымен қатар, иелері компанияның жетекшілері болып табылмайтын кез-келген түрлі экономикалық қызметтің

субъектілері де ұшырайды. Басқа сөзбен айтқанда, бірлесіп басқару мүмкіндігінше, компанияның көлеміне қарамастан, өкілдерді (менеджерлер) сенім білдірушілердің (иелердің) мүдделеріне сай әрекет етуге мәжбүр етеді. Осылайша, ұжымдық басқару ұсақ фермалар мен мемлекеттік кәсіпорындарға дейін, шағын және орта бизнестен қаржылық мекемелерге дейін кез келген компания үшін бақылаудың тиімді әдісі болып табылады.

Тіпті сыртқы институционалдық база әлсіз дамыған болса да, ішкі ұжымдық басқарудың тиімді жүйесі компанияларға пайда әкелуге қабілетті және өздігінен лайықты мақсат болып табылатынын атап өткен жөн. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жаңа нарықтарға сай жоғары қауіп және әлсіз институционалдық база жағдайында инвесторлар тиімді басқару жүйесі, анағұрлым сапалы қаржылық ақпараты бар және миноритарлы акционерлерге анағұрлым сенімді кепілдік беретін, компанияларға инвестиция құю мүмкіндігі үшін көбірек төлеуге дайын.

Корпоративті басқару жүйесін реформалау саласындағы CІPE стратегиясы.

CІPE жекеменшік сектор корпоративтік басқару жүйесін реформалауды өткізудің барлық деңгейінде жетекші рөл атқаруы тиіс деп санайды. Реформаның басталған нүктесі мен мақсаттары сол мемлекетке байланысты, өйткені көп жағдайда мемлекеттегі заманауи саяси-экономикалық жағдаймен анықталғандықтан әртүрлі. Оған қоса, бірлесіп басқарудың жүйесін дайындау кезінде ұлттық заңдар мен бірлесіп басқару принциптерінің оңтайлы сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Төрт кезеңді CІPE жоспары ұжымдық басқарудың реформа стратегияларын дайындауда бағдар болады. Жоспар әрекеттердің белгілі жүйелігін қарастыратынына қарамастан, ең соңында артықшылықтар нақты саладағы және тұтас алғанда мемлекеттегі жағдайға байланысты анықталуы керек.

<p><i>1. Бастапқы баға</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Корпоративті басқарудың сәтсіздігіне, мәселелеріне және келешегіне баға беру. • Елдегі стандарттарды заманауи халықаралық тәжірибемен салыстыру. • ОЭСР принциптерін орындардағы шын мәніндегі жағдаймен салыстыру. 	<p><i>2. Ақпараттық-түсініктеме жұмыстары</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Мүдделі топтарды анықтау. • Компания басшылары, саясаткерлер және тұтас алғанда қоғам алдындағы мәселені кеңірек жариялау. • Реформа өткізуге қоғамның қызығушылығын арттыру.
<p><i>3. Корпоративті басқару механизмдерін дайындау мен енгізу.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Ұжымдық басқару мен оның 	<p><i>4. Бiқтималдылықты бақылау және қадағалауды арттыру.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Менеджерлер және кәсіпорын

ішкі бақылауының ережелерін құру.

- Акционерлерді бірлестік мәселелерді шешуде белсенді қатысуға тарту.

- Нормативті-құқықтық және бақылау базасын жетілдіру.

- Ұжымдық басқару сұрақтары бойынша (желілік) реттеу органдарының, компания, жекеменшік ұйымдар, азаматтық қоғамның басқа топтарының жетекшілерінің, тұрақты өзара әрекеттілігін ретке келтіру.

директорларын оқыту және аттестациялау.

- Директорлар институтын құру.

- Инвесторларға көмек ретінде ұжымдық басқарудың рейтингтік бағалау жүйесін құру.

- Қаржы делдалдарын оқыту.

- Әртүрлі нормативті-құқықтық және бақылау формаларын дамыту.

Қорытынды

Саясаткерлер, кәсіпорын жетекшілері және көпшілік арасында бірлесіп басқару жүйесі компания жұмысын жетілдірудің және нарықтық демократияның дамуының жоғарғы қарқынын қамтамасыз етудің қажетті құралы деген түсінік артып келеді. Даму үстіндегі нарықтық экономикалы елдерде басқару реформасынан ықтимал ұтымдылық орасан зор. Жақсы дамыған ұйымдастырушылық құрылымы бар сенімді нарықтарды құру және кез-келген, түрлі компанияларда корпоративтік басқару принциптерін енгізу инвестиция, сауда және іскерлік қызметтердің одан әрі қарай өсуіне ынталандырады.

Ұжымдық басқару институционалдық базаны (құқықтық нормаларды, нарықтық құрылымдарды, жеке меншіктің құқықтары), коммерциялық қызметтің дұрыс тәжірибесін, сонымен қатар нарық қысымы мен мемлекеттік бақылау сияқты сыртқы факторларын талап ететін бірыңғай жүйе ретінде танылып отыр. Корпоративтік басқару саласындағы мамандар үшін де, жекеменшік салада жұмыс істейтін кәсіби мамандар үшін де басқарудың осындай реформасы экономикалық және демократиялық институттардың даму мен жетілдіру стратегиясының басты бөлігі ретінде қажет.

СІРЕ туралы қысқаша мәлімет

Халықаралық жеке кәсіпкерлік орталығы (Center for International Private Enterprise (СІРЕ)) бүкіл әлемде жеке кәсіпкерлік пен нарықтық реформаларды дамыту арқылы демократияның нығаюына ықпал етуде. СІРЕ АҚШ Сауда палатасының коммерциялық емес филиалы және демократияны қолдаудың ұлттық қорының төрт негізгі институттарының бірі болып табылады.

1983 жылдан бері СІРЕ іскерлік қауымдастықтың көшбасшылары, азаматтық институттарды құру аясында заң органдарының және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен қызмет етеді, оларсыз демократиялық қауымның өмір сүруі мүмкін емес. СІРЕ негізгі бағдарламаларына сыбайлас жемқорлықпен күрес, кәсіпкерлер, бизнес-қауымдастықтың құқықтарын қорғау және насихаттау тәсілдері, корпоративтік басқару, демократиялық басқару принциптері,

ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, көлеңкелі сектор мәселелері және меншіктік құқықтар, сонымен қатар әйелдердің, балалардың және жастардың құқықтарын қорғау енеді.

CIPЕ бағдарламалары Демократияны қолдаудың ұлттық қоры, Халықаралық даму бойынша АҚШ агенттігі (ЮСАИД) және Таяу Шығыс серіктестік бастамасы арқылы қаржыландырылады.

CIPЕ туралы қосымша ақпаратты ұйымның сайтынан мына мекен-жай бойынша алуға болады <http://www.cipe.org>.

1 Тарау. Қазақстандағы инвестициялар

Т. Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы,
Құқықтық тәуекел бойынша маман (LLM)

Қазақстанға инвестицияға жолды жекешелендіру ашты, дегенмен кәсіпорындардың көптеген жаңа иелерінің қызметі саланың дамуы мен жаңа өндіріс орындарын құру емес, шұғыл түрдегі нәтижелерге бағытталды. Бұған қоса, көптеген салаларда отандық және әлемдік нарықтарда кәсіпорындардың бәсекелестік жағдайын сақтап қалу мүмкін болмады.

Сонда да «Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінен бірінші болып нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін алды. Дүниежүзілік Банк Қазақстанды шетелдік инвестиция үшін анағұрлым тартымды әлемнің жиырма елінің тізіміне қосты. Қазақстанның аймақтағы инвестиция үшін анағұрлым қолайлы ел екені туралы келесі мәліметтерде көрсетілген. Қазақстандық экономикаға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 50 миллиардтан аса долларды құрады. Орталық Азияға келіп түскен барлық тікелей шетелдік инвестициялардың 80 пайыздан астамы Қазақстанның үлесіне тиеді. Біздің еліміздің экономикасына әлемнің 60 елі өздерінің қаражатын салды. Жақын арадағы 10 жылда мұнай, газ және еліміздің басқа қазба байлығының ірі кен орындарын ашу Қазақстанға тағыда 30 миллиард доллар тартуға тиіс, ішкі инвестициялар қазірде 20 миллиардтан кем емес. Ұлыбритания қазір Қазақстанның экономикасына құйылған тікелей шетелдік инвестициялардың көлемі бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынды иеленген. Сонымен қатар, Қазақстан қазіргі таңда Орталық Азия мен ТМД-ның бірнеше елдеріне ірі қаражат құятын ірі аймақтық инвесторға айналды. Соңғы жылдар ішінде біздің еліміз Қазақстаннан тысқары 18 миллиард долларды экспорттады».¹

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің 2004 жылғы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылы 6 мамырдағы № 1571 Жарлығымен бекітілген) жылдық есебіне сүйенсек, «2004 жылы мемлекетке қорлардың келуі ағымдағы операциялардан бөлек, тікелей шетел инвестициялары (ШТИ), сонымен қатар, халықаралық капитал нарығында тартылған қарыз қорлары түрінде де көлемді шетел капиталын тартумен де қамтамасыз етілді. Сонда 2004 жылы тартылған қаржыландыру көлемі тікелей инвестициялау операциялары бойынша тарихи өте зор деңгейге қол жеткізді. Біршама деңгейде бұл қорытындылар әлемдік мұнай нарығы ағымдарымен анықталды. Қазақстанға ШТИ жалпы кірісі 2004 жылы 8,4 млрд. аса долларды құрады. Мұнай-газ саласындағы инвестициялар ШТИ жалпы кірісті салалар бойынша бөлуге анықтаушы ықпал етті. ШТИ негізгі бөлігі мұнай мен табиғи газ өндірісіне (ШТИ жалпы кірісінің 63 %), геологиялық және зерттеу қызметіне (20%) келді. Мұнай мен газ өндірісіне ШТИ көп бөлігі 2003 жылмен салыстырғанда 17 % артқан.

2004 жылы мемлекеттік емес сала арқылы тартылған несиенің мен қарыздың нетто-кірісі 4,3 млрд. долларды құрады. Мемлекеттік емес сектордың сыртқы қарызының көлемінің өсуіне негізгі үлесті республиканың банк секторы қосты. Жоғарғы ішкі сұраныс және халықаралық капитал нарығындағы қарыз қорларының айтарлықтай төмен бағасы шетел капиталының ауқымды көлемінің тартылуын ынталандырды. Қазақстандық қарызгерлер үшін шетелдік капиталдың бағасының төмендеуіне Қазақстанның инвестициялық мүмкіндігінің жоғары бағасы себепші болды. Инвестициялық категорияларға қатысты рейтингтер тұтас алғанда республикада ірі халықаралық рейтинг агенттіктері бергені сияқты, сонымен қатар жетекші қазақстандық банктерге де берілді. 2004 жылы екінші деңгейлі банктер 6,3 млрд. доллар қарыз алды, соңында банк секторының сыртқы қарызы бір жыл ішінде 3,2 млрд. аса долларға өсті. Банктік емес сектордың аффилирденген кредиторлардың алдындағы қарызы 1,0 млрд. долларға өсті, бұл республиканың кәсіпорындары ұзақ мерзімді несиені өндіруінің көлемінің 1,4 есе артқанымен байланысты. Тұтас алғанда 2004 жылы Қазақстанның сыртқы жалпы қарызы 9 млрд. долларға жетті және жылдың соңына қарай 31,9 млрд. доллардан асты».

1 Кесте. Тікелей шетелдік инвестициялардың нетто-келуі

	2001	2002	2003	2004
-жыл ішінде млн. доллар	2861	2163	2209	5548
- ЖІӨ ге %	12,9	8,8	7,0	12,2

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жылдық есебі (2007 жыл) мына келесі жылдардың мәліметтерін ұсынады (млн. долл).

2 Кесте. Қазақстанға 2005 – 2007 жылдар ішінде тартылған инвестиция.

	2005	2006	2007	2007			
				I	II	III	IV
Инвестициялық кіріс балансы	-4968,5	-8485,6	-10947,5	-2104,4	-2668,1	-2487,3	-3687,7
Шетелдік тікелей инвестициялардан түскен кіріс, нетто	-162,4	-193,6	28,7	-60,2	136,0	-5,7	-41,4
Басқа да инвестициялық кіріс	426,5	791,2	1862,7	373,0	476,7	511,6	501,4
Қазақстанға тікелей инвестициядан түскен кіріс, нетто	-4633,1	-7639,5	-10282,6	-1917,9	-2739,8	-2244,7	-3380,3
Портфельді инвестиция	-25,1	-116,3	-100,4	-0,5	-11,2	-59,9	-28,8

бойынша дивидендтер							
Тікелей инвестициялар	2117,1	6611,0	7098,8	1797,1	334,5	1503,4	3463,8
Шетелдік тікелей инвестициялар	145,9	387,4	-3160,6	-563,0	-1593,7	-404,4	-599,5
Қазақстанға тікелей инвестициялар	1971,2	6223,6	10259,4	2360,1	1928,2	1907,8	4063,4
Портфельдік инвестициялар	-3952,7	-4501,4	-4601,5	-912,1	1104,9	-1990,7	-2803,5

ҚР Ұлттық Банкінің 2007 жыл бойынша жылдық есебінде келтірілген сандар да қызғылықты. «Қазақстанда 15,2 млн адам тұрып жатыр, ал әр тұрғынға жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2006 жылы 5 100 долларды құрады. 2000 жылдан бастап, ЖІӨ нақты өсімі орташа алғанда жылына 9 пайызды құрайды, мұның өзі мұнай өндірісіне шетелдік инвестицияларға байланысты. Шындығында да, Қазақстан тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) сәтті түрде тарта алды. Қазақстанның үлесіне Орта Азиядағы барлық тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) 80 пайызына жуығы тиеді, ал 2004 жылдың аяғына қарай, ТШИ кірісінің өспелі қорытындысы 21,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында (ТМД) ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Алайда Қазақстандағы портфельдік инвестициялар бұрынғыдай көп емес, сыртқы портфельдік инвестициялардың жалпы кірісінің көп бөлігі қазақстандық еурооблигациялардың еншісінде.

ТШИ экономиканың қалпына келуін қамтамасыз етті, алайда бұл инвестициялардың ауқымды бөлігі өндіру өнеркәсібінде, негізінен үлесіне инвестициялардың жалпы көлемінің 64,5 пайызы келетін мұнай саласына шоғырланған».

«2006 жылы көлік саласы бойынша барлығы 175 миллиард теңге сомасындағы инвестиция игерілді, оның ішінде республикалық бюджеттен 122,2 миллиард теңге бөлінді».²

ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша «Қазақстандағы шетелдік тікелей инвестиция кірісі 3,8 млрд. АҚШ долл. құрады. Қазақстандық резиденттердің шетелдік еншілес кәсіпорындарға құйған инвестицияларының көлемі өскен кезде тікелей инвестициялаудың операциялары бойынша оң баланс шамамен 2,5 млрд. АҚШ долл. құрады. Шетелге (көбінесе, мұнай-газ салаларындағы қазақстандық кәсіпорындар) тікелей инвестициялар бойынша нетто-шығыс 2008-жылдың бірінші жарты жылдығында 1 млрд. АҚШ долл. құрады».³

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің 2008 жылға жылдық есебіне сүйенсек, «Негізгі капиталға қаражат құюдың негізгі көздері ретінде шаруашылық субъектілердің (42,7%) меншіктік қаржылары мен шетелдік инвестициялар (23%) болды. Бюджеттік қаржының үлесі 19,9%, қарыздың -

14,4% құрады. Инвестиция құю үшін басым салалар жылжымайтын мүлік пен операциялар (23,6%), мұнай мен табиғи газ өндіру (21%) және осы салаларда қызмет көрсету, көлік және байланыс (17,4%), өңдеуші өнеркәсіп (8,9%) болып табылады. Басқа салалармен салыстырғанда өндіруші өнеркәсіп инвестиция құю үшін анағұрлым тартымды болып қала бермек: сату рентабельділігі 2008 жыл ішінде 60,6-73,3% шамасында болды. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестиция таза салымы 14,5 млрд. аса долл. құрады. Қазақстандық резиденттердің еншілес шетелдік кәсіпорындарға инвестицияларының көлемінің өсуі жалғасқан кезде, тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 10,7 млрд. долл. құрады. Шетелдегі тікелей инвестициялау бойынша қорлардың нетто-шығысы 3,8 млрд. долл. асты.

Портфельдік инвестициялар операциялары бойынша капиталдың нетто-шығысы 9,5 млрд. долл. құрады. Бұл көрсеткіш Ұлттық қордың активтерінің 6,4 млрд. долларға өсуін, банк секторының шетелдік портфельдік активтерінің 0,3 млрд долларға төмендеуін және жекеменшік банктік емес сектордың шетелдік активтерінің 1,1 млрд. долларға өсуін құрайды.

Ауқымды экспорт кірісі және нағыз секторды қаржыландыру көлемі шетелдік валютаның сұранысынан ұсынысының артуына себепші болды – төлем балансының операциялары бойынша (аналитикалық қабылдауда) оң сальдо оложительное сальдо 2008 жыл бойынша 2,2 млрд. долл. құрады.

Валюталық реттеу режимдері. Валюталық құндылықтарды қолданумен байланысты қызметті лицензиялау шеңберінде 2008 жыл ішінде шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыруға 70 лицензия берілді.

2008 жыл ішінде валюталық операцияларды тіркеу шеңберінде 2580 тіркеу куәліктері берілді, олардың ішінде:

717 – резиденттердің резиденттік еместерді несиелеу бойынша;

1513 – резидент еместердің резиденттерді несиелеуі бойынша;

204 – Қазақстандағы резидент еместердің тікелей және портфельдік инвестициялары бойынша;

123 – резиденттердің шетелге құйған тікелей және портфельдік инвестициялары бойынша;

Валюталық операциялар туралы ескерту шеңберінде 2008 жыл ішінде 1387 ескерту куәліктері берілді, олардың ішінде:

662 – резидент еместердің банктерді несиелеуі бойынша;

22 – резидент еместердің Қазақстанға құйған тікелей және портфельдік инвестициялауы бойынша;

69 – резиденттердің шетелге құйған тікелей және портфельдік инвестициялары бойынша;


7 - ерікті қаржы құралдарымен операция бойынша;

Инвестициялар дегеніміз не?

Жоғарыда біз Қазақстан инвестиция тартады, өзі де инвестициялайды деп айтып кеткенбіз. Бірақ инвестиция дегеніміз не? Енді оны қазақстандық заңнама қалай түсінетінін анықтап алайық.ⁱ

ⁱ Заңнамаға барлық сілетемелер 15.06.10 ж. берілген.

Инвестициялар – «лизинг келісім шартқа отырғаннан бері қаржы лизинг заттары, сонымен қатар, заңды тұлғаның уставты капиталына инвесторлар салған құқықтары немесе кәсіпкерлік қызмет үшін қолданылатын белгіленген активтердің ұлғаюы, сонымен қатар концессионердің концессия шеңберінде шығарылған және алынған бекітілген активтертерді қосқанда мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауардан басқа)» - Қазақстан Республикасының заңы инвестицияға осындай анықтама береді.⁴ Аталмыш анықтама бұл терминді жеткілікті кең анықтайды. Оны жекеше элементтері (белгілері) бойынша қарастырайық.



Сурет 1. Негізгі капиталға инвестиция өсімінің қарқыны, 2000-200 жыл.

Инвестиция дегеніміз:

1. Мүліктің барлық түрлері, лизинг келісім-шартын құрғаннан бері қаржылық лизингтің сабақтарын қоса алғанда, сонымен қатар, концессионердің (құқық беруші) концессия келісімшарты шеңберінде өндірілген және алынған активтерді қоса алғанда, жеке қолдануға арналған мүлікті санамағанда (тұтыну), барлық мүлік түрі.

ҚР АҚ сүйенсек (115-бап), мүлікке: зат, ақша, оның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыстар, қызметтер, шығармашылық интеллектуалды қызметтің объектіленген нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және заттың жекешелендірілген басқа да құралдары, мүліктік құқықтар және басқа мүліктер жатады».

ҚР АҚ сүйенсек, (565-бап) «лизинг келісімшарты бойынша лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті өз меншігіне алуға және лизинг алушыға бұл мүлікті уақытша және ақша үшін кәсіпкерлік мақсаттар үшін қолдануға міндетті болады».

2006 жылы 7 шілдедегі № 167-III «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (1-бап), «концессия – концессия келісімшарты бойынша мемлекеттік меншік объектілерін, сонымен қатар жаңа объектілерді концессионердің қаражатына немесе кейінгі уақытта концессионерге иелену

құқығы, қолдану құқығын ұсынып, сонымен қатар мемлекеттік қолдау көрсете отырып, концеденттің бірлесе қаржыландыру жағдайында салу (кұру) құқығы».

2. Мүліктік құқық. Мүліктік құқықтың әртүрі бар, мысалы мынандай:

- Меншіктік құқығы «заң актілері арқылы мойындалатын және қорғалатын субъектінің өзінің қалауы бойынша өзіне тиселі мүлікке ие болу, қолдану және басқару құқығы...Меншік иесінің өзінің мүлкін иелену, қолдану және басқару құқығы бар» (АК 188-бап).

- Иелік құқығы «мүлікке шын мәнінде ие болуды заңмен қамтамасыз етілген іске асыру мүмкіндігін білдіреді (АК 188-бап).

- Қолдану құқығы «мүліктен пайдалы табиғи қасиеттерін алу, сонымен қатар одан пайда алу. Пайда түрлі формадағы кіріс, айналым түрінде болады» (АК 188-бап).

- Басқару құқығы «мүліктің заңды жағдайын анықтайтын заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігін білдіреді» (АК 188-бап).

- жерді қолдану құқығы;
- жекеменшіктегі жер телімін уақытша қолдану құқығы,
- шаруашылықты жүргізу құқығы;
- шұғыл басқару құқығы;
- сервитут,
- қазба байлықты пайдалану құқығы
- кепіл;
- азаматтық кодекс немесе басқа заң актілермен қарастырылған басқа да заттық құқықтар.

3. Инвесторлар арқылы құйылатын

4. Заңды тұлғаның жарғылық капиталына. Заңнама «жарғылық капитал» деген терминге түсініктеме бермейді, алайда оны кең қолданады. Біздің пікірімізше «жарғылық капитал» деген терминді –осы тұлғаның жарғысына және ҚР заңнамасына сәйкес (жарғылық капиталдың барлық заңды тұлғаларда болмайтынын ескеру керек) жарғы арқылы анықталатын және осы тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) құратын заңды тұлғаның капитал сомасы деп түсіну керек.

5. Белгіленген активтердің артуы. 2007-жылғы 28-ақпандағы № 234-III «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 13- бабына сәйкес «активтер келешекте экономикалық пайда күтілетін өткен оқиғалардың нәтижесінде жеке кәсіпкер немесе мекеменің бақылауында болатын ресурстар».

1. Бекітілген активтерге мыналар жатады:

Белгіленген активтерге не жататынын 2008- жылғы 10- желтоқсандағы № 99-IV «Салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» (116-бап кодексі

анықтайды) «Егер осы бап бойынша бұл қарастырылмаса, белгіленген активтерге мыналар жатады::

1) қаржылық есептің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңының талаптарына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есепке түскен кезде ескерілген және кіріс алуға бағытталған қызметте қолдану үшін арналған негізгі қорлар, жылжымайтын мүлікке құйылған инвестициялар, материалды емес және биологиялық активтер;

2) қызмет мерзімі бір жылдан асып кеткен, концессия келісімшарты шеңберінде концессионер арқылы (концессия келісімшартын жүзеге асыру үшін тек қана арнайы құрылған құқық беруші мен заңды тұлға) өндірілген және (немесе) алынған активтер;

3) қызмет мерзімі бір жылға жуықтаған, әлеуметтік саланың объектілері болып табылатын, осы Кодекстің 97-бабының 3-тарауында көрсетілген активтер;

4) қызмет мерзімі бір жылдан асып кеткен, бір жылдан артық мерзім ішінде кіріс алуға бағытталған қызметте қолдануға арналған, сенімді басқару келісімшарты немесе мүлікті сенімді түрде басқаруды тағайындау туралы басқа акті бойынша сенімді басқарудағы сенімді басқарушыдан алынған активтер.

«2. Белгіленген активтерге жатпайды:

1) коммерциялық түрде тапқаннан кейін кірістің басталуына дейін кен қазбасын қолданушы қолданысқа енгізетін және осы Кодекстің 111-бабына сәйкес салық салу мақсатында ескерілетін негізгі қорлар мен материалды емес активтер;

1-1) Қаржылық есептің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жөніндегі заңына сәйкес амортизациялық бөлінулерді есептеу жүргізілмейтін активтер;

2) жер;

3) мұражай құндылықтары;

4) сәулет және өнер ескерткіштері;

5) ортақ қолданыстағы құрылыстар: көлік жолдары, тротуарлар, даңғылдар, алаңдар;

6) аяқталмаған күрделі құрылыс;

7) фильм қорына қатысты нысандар;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік эталондары бірліктері;

9) 2000 жылдың 1- қаңтарына дейінгі Қазақстан республикасының салық заңына сәйкес құны бұрын толығымен шегерілімге қатыстырылған негізгі құралдар;

10) пайдалы қызметтің белгісіз мерзімі бар, осылай деп мойындалған және қаржылық есептің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жөніндегі заңына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін материалды емес активтер;

11) Қазақстан Республикасының Инвестиция туралы заңына сәйкес 2009 жылдың 1-қаңтарына дейін жасалған келісімшарты бойынша инвестициялық жобаның аясында қолданысқа енгізілген активтер;

11-1) контракт бойынша инвестициялық жоба аясында пайдалануға енгізілген активтер Қазақстан Республикасының инвестиция туралы заңына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін құны шегерілімге жатқызылған бөлігіне сәйкес 2009 жылдың 1-қаңтарына дейін белгіленген бірлесу салығынан төлеуден босатуды ұсынумен қолданысқа енгізілген активтер.

12) Осы Кодекстің 118-бабы, 13-тармақшасында жасалынған жағдайдан басқа осындай объектілерді қолданысқа енгізудің салық кезеңінен кейінгі үш салық кезеңі ішіндегі преференция объектілері;

13) қызмет мерзімі бір жылдан асқан, , осы Кодекстің 97-бабы 2-бөлімінде жазылған әлеуметтік саланың объектілері болып табылатын активтер».

6. Кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатындар. ҚР АҚ сүйенсек (10-бап) «Кәсіпкерлік – мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылығын жүргізу құқығы бойынша немесе жекеменшікке (жеке кәсіпкерлік) негізделген, тауарға (жұмыс, қызмет) деген сұраныспен қамтамасыз етуге бағытталған, кез-келген меншік формасындағы азаматтар мен заңды тұлғалардың бастама қызметі».

Яғни, ұсақ-түйек бөліктерді есепке алмағанда, **инвестиция дегеніміз – заттар, ақша, оның ішінде шетелдік валюта, қаржылық құралдар, жұмыс, қызметтер, шығармашылық интеллектуалды қызметтің нақтыланған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымдарды жекешелендірудің басқа құралдары, мүліктік құқықтар (меншіктер, қолдану, бұйыру және т.б.) және инвестор заңды тұлғаның жарғылық капиталына (жарғымен анықталған және осы тұлғаның жарғысы және ҚР заңнамасына сәйкес осы тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) арқылы құрылған) салатын басқа заттар немесе Салық кодексі белгілеген, осы заңды тұлға бақылайтын, өткен оқиғалардың нәтижесінде алынған, олардан болашақ экономикалық пайда күтілетін қорлар.**

Яғни, компанияға салынғанның барлығы емес, бірақ оның көпшілігі инвестиция.

ҚР-да инвестициялар халықаралық құқық деңгейінде қорғалады. Мысалы, Қазақстан қол қойды және/немесе бекітті және/немесе Қазақстан Республикасы мен төмендегі елдер арасындағы инвестициялардың сыйға берілуі, жәрдем және өзара қорғалуы туралы келесі конвенцияларды қабылдауға дайындалуда:

- Вьетнам Социалистік Республикасы (Астана, 15- қыркүйек 2009 жыл);
- Нидерланды Королдігі (Гаага қ., 27 қараша 2002 ж.);
- Кувейт мемлекеті (Эль-Кувейт қ., 31- тамыз 1997 ж.);
- Чех Республикасы (Прага қ., 8-қараша 1996 ж.);
- Түркия Республикасы (Алма-Ата, 1 мамыр 1992 жыл);
- Катар мемлекеті (Астана қ, 4 наурыз 2008 жыл);
- Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше-мемлекеттер (2008 жыл 23 қаңтар);
- Словакия Республикасы (Братислава қ., 21 қараша 2007 жыл);
- Финляндия Республикасы (Астана қ., 9 қаңтар 2007 жыл);

- Иордан Хашимит Королдігі (Амман қ., 29 қараша 2006 жыл);
- Армения Республикасы (Астана қ., 6 қараша 2006 жыл);
- Хорватия Республикасы (11 шілде 2006 жыл);
- Швеция Королдігі (Стокгольм қ., 25 қазан 2004 жыл);
- Латвия Республикасы (Астана қ., 8 қазан 2004 жыл);
- Пәкістан Ислам Республикасы (Исламабад қ., 8 желтоқсан 2003 жыл);
- Грекия Республикасы (Алматы қ., 26 маусым 2002 жыл);
- Тәжікстан Республикасы (Душанбе қ., 16 желтоқсан 1999 ж.);
- Болгария Республикасы (София қ., 15 қыркүйек 1999 жыл);
- Ресей Федерациясы (Мәскеу, 6 шілде 1998 жыл);
- Бельгиялық-Люксембургтық Экономикалық кеңес (Алматы қ., 16 сәуір 1998 ж.);
- Франция Республикасы (Париж қ., 3 ақпан 1998 жыл);
- Өзбекстан Республикасы (Алматы қ., 2 маусым 1997 жыл);
- Қырғыз Республикасы (Алматы қ., 8 сәуір 1997 жыл);
- Үндістан Республикасы (Дели қ., 9 желтоқсан 1996 жыл);
- Грузия (Тбилиси қ., 17 қыркүйек 1996 ж.);
- Әзербайжан Республикасы (Баку қ., 16 қыркүйек 1996 жыл);
- Малайзия (Куала-Лумпур қ., 27 мамыр 1996 жыл);
- Румыния (Бухарест қ., 25 сәуір 1996 ж.);
- Корея Республикасы (Алматы қ., 20 наурыз 1996 ж.);
- Иран Ислам Республикасы (Алматы қ., 16 қаңтар 1996 ж.);
- Израиль мемлекеті (Иерусалим қ., 27 желтоқсан 1995 жыл);
- Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Королдігі (Лондон, 23 қараша 1995 жыл);
- Венгрия Республикасы (Будапешт қ., 7 желтоқсан 1994 ж.);
- Моңғолия (Алматы, 2 желтоқсан 1994 ж.);
- Біріккен Араб Әмірлігі (Джидда қ., 27 қыркүйек 1994 жыл);
- Польша Республикасы (Алматы қ., 21 қыркүйек 1994 жыл);
- Украина (Алматы қ., 17 қыркүйек 1994 жыл);
- Литва Республикасы (Алматы қ., 15 қыркүйек 1994 ж.);
- Швейцария Федералды кеңесі (Алматы қ., 12 мамыр 1994 жыл);
- Египет Араб Республикасы (Каир қ., 14 ақпан 1993 ж.);
- Қытай Халық Республикасы (Бейжің қ., 10 тамыз 1992 жыл);
- Румыния;
- Филиппин Республикасы;
- Канада;
- Испания (Мадрид қ., 23 наурыз 1994 ж.).

Ратифицияланған және жүзеге асуда:

- Инвестициялық қызмет саласындағы ықпалдастық туралы келісім (Ашғабад, 24 желтоқсан 1993 ж.)
- Инвестиция кепілдемесі бойынша көпқырлы агенттікті құру жөнінде конвенция (Сеул, 11 қазан 1985 ж.)
- Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дау-дамайды реттеу туралы конвенция (ICSID) (Вашингтон, 18 наурыз 1965 ж.)

Біртұтас экономикалық кеңістігі жасақтау туралы (2006 жыл, 22 тамыз) қатысушы мемлекеттер территориясында капиталдың еркін қозғалысы мен инвестициялық қызметі туралы келісімнің жобалары Америка Құрама Штаттарының Үкіметі және Қазақстан Республикасы Үкіметі, Қырғыз Республикасы Үкіметі, Тәжікістан Республикасы Үкіметі, Түркіменстан Республикасы Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасында сауда мен инвестиция саласындағы қарым-қатынасты дамыту бойынша келісімшарт жобасы дайындалу үстінде. (1 маусым 2004 жыл).

Алайда, қазіргі халықаралық келісімдермен жұмыс істеген кезде «инвестиция» термині түсінігінің көптүрлілігіне көңіл бөлінуі тиіс, өйткені олар ұқсас болғанмен, бірдей емес. Халықаралқ келісімдердің мемлекет алдында артықшылығы бар екенін еске салған жөн және олармен немесе оның тұрғындарымен халықаралық келісім жасалған мемлекетпен жұмыс істегелі отырсаңыз, тұжырымға көңіл бөлген жөн. Яғни, халықаралық құқықтың нормаларын қолданудың әрбір жағдайында егер бар болса нақты конвенцияларға жүгіну қажет. Олар болмаған жағдайда «инвестиция» терминіне қатыстылардың барлығы қазақстандық құқықтың нормаларына бағынады.

"Инвестор" термині кез-келген келісетін тараптарға қатысты білдіреді:	Келісім
<p>а) Испан тарапынан болған жеке тұлға ұлттық заңға сәйкес резидент, ал қазақстандық тараптан болса, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелінеді.</p> <p>б) компаниялар, компаниялар ассоциациялары, сауда ұжымдық объектілері және басқа да сәйкес келісетін тараптардың заңдары мен нормаларына сәйкес тағайындаған және шын мәнінде осы келісетін тараптардың аумағынан басқарылатын жағдайда корпорация ретінде тіркелген мекемелерді қосқанда кез-келген заңды тұлғалар.</p>	<p>Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы инвестицияны ынталандыру және өзара қорғау туралы келісім (Мадрид, 23 наурыз 1994 ж.)</p> <p>1995 жылдың 22 маусымынан бастап күшіне енді. Қазақстан Республикасында 1995</p>

	жылдың 26 сәуірінде N 2240 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бекітілді.
<p>«Инвестор» термині уәделескен тараптардың әрқайсысына қатыстылығын білдіреді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Заңнамаға сәйкес осы уәделескен тараптардың азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар, - сонымен қатар, мемлекет аумағында тұрақты өмір сүретін азаматтығы жоқ тұлғалар; - Уәделескен тараптардың аумағындағы заңнамаға сәйкес бекітілген заңды тұлғалар; - осы жеке және заңды тұлғалар осы уәделескен тараптардың заңына сәйкес уәделескен Тараптардың аумағында инвестиция жүргізуге құқығы бар болған жағдайда. 	<p>Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасында инвестицияның ынталандыру мен өзара қорғау туралы келісімі (Каир қ, 14 ақпан 1993 ж.)</p> <p>Келісім Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 ж. 15 қыркүйек N 2460 бекітілді, 1997 жылдың 28 наурызында күшіне енді.</p>
<p>1. "Инвестор" термині уәделескен тараптардың әрқайсысына қатысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> а) Уәделескен тараптардың заңына сәйкес оның азаматы болып табылатын жеке тұлға; б) компаниялар, корпорациялар, кәсіпкерлік бірлестіктер және басқа ұйымдық құрылымдар Уәделескен тараптардың заңына сәйкес бекітілген және ұйымдастырылған және сол уәделескен тарап аумағында тұрақты болатын және кәсіпкерлік қызметті шын мәнінде жүргізетін басқа да мекемелік құрылымдар; в) Кез-келген мемлекеттің заңына сәйкес құрылған заңды тұлға, ол уәделескен тараптардың бірінің азаматтары немесе осы уәделескен тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тұрақты болатын және шын мәнінде кәсіпкерлік қызметті жүргізетін заңды тұлғаларының тікелей немесе жанама бақылауында болады. 	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Швейцария Федералды Кеңесі арасындағы инвестицияның ынталандыруы және өзара қорғалуы жөніндегі келісім. (Алматы, 12 мамыр 1994 жыл)</p> <p>18 мамыр 1998 жылы ҚР N 228-Заңымен бекітілді, 1998 жылдың 13-мамырында күшіне енді.</p>
"Инвестор" термині мынаны білдіреді:	Қазақстан

<p>а) Заңнамаға сәйкес уәделескен тараптарының бірінің азаматы болып табылатын жеке тұлға;</p> <p>б) Уәделескен тараптардың бірінің заңына сәйкес белгіленген заңды тұлға;</p> <p>в) Уәделескен тараптардың бірінің заңына сәйкес бекітілмеген заңды тұлға, бірақ осы уәделескен тараптардың жеке немесе заңды тұлғалары тура немесе жанама бақылауында болады, өз қызметінде осы екіжақты келісімнің ережелеріне бағынады.</p>	<p>Республикасы мен Польша Республикасы арасындағы инвестициялардың ынталандырылуы және өзара қорғалуы туралы келісім (Алматы қ., 21 қыркүйек 1994 жыл)</p> <p>Келісім ҚР Президентінің 12.05.1995 ж. N 2277 Жарлығымен бекітілген.</p> <p>25 мамыр 1995 жылы күшіне енді.</p>
---	---

«Инвестиция»: термині

"инвестиция" термині	келісім
<p>Қазіргі заңнамаға сәйкес Уәделескен тараптар өзге Уәделескен тараптардың территориясында инвесторлардың экономикалық қызметіне байланысты активтердің кез-келген түрін қамтиды:</p> <p>а) жылжитын және жылжымайтын мүлік, басқа мүлік, мазмұн құқығы, қарызды қамтамасыз ету және басқа да құқықтар сияқты кез-келген басқа да құқықтар;</p> <p>б) акциялар, бағалы қағаздар және заңды тұлғалардың несие міндеттемелері немесе осы заңды тұлғалардың мүліктік бөлігі;</p> <p>в) қарыз, несие, мақсатты банкітік және қаржылық үлестер және инвестиция жүргізумен байланысты басқа қаржылық талаптары;</p> <p>г) инвестициямен байланысты авторлық құқықтар, тауарлық белгілер, патенттер, өндірістік үлгілер, технологиялық процестер, ноу-хау, коммерциялық құпиялар, фирмалық атаулар және гудвил қосқанда интеллектуалдық меншік құқықтары;</p> <p>д) табиғи қорлардың барлау, өндіру, өңдеу және пайдаға асыруға концессияны қоса алғанда, сәйкес құқықты лицензиялау және рұқсат беру;</p> <p>е) несие келісімшарты бойынша кірісті және негізгі қарыз төлемдерін және пайыздарды қайта инвестициялау.</p> <p>Активтер инвестицияланған форманың кез-келген</p>	<p>Қазақстан Үкіметі мен Қазақстан Республикасының арасында инвестицияның ынталандырылуы және өзара қорғалуы туралы келісім (Алматы қ., 17 қыркүйек 1994 жыл)</p> <p>Келісім 1995 жылдың 4 тамызында күшіне енді. ҚР Президентінің 20 сәуір 1995 жылдан N 2218 Жарлығымен бекітілді.</p>

<p>өзгерісі инвестициялар сияқты олардың қалпына әсер етпейді.</p>	
<p>"инвестициялар" термині Заңға сәйкес инвестиция қабылдайтын Уәделескен Тараптың аумағына алынған мүліктік құндылықтың барлық түрін білдіреді, оның ішінде:</p> <p>а/ жылжитын және жылжымайтын мүліктер және олармен байланысты кез-келген мүліктік құқықтар;</p> <p>б/ акциялар және кәсіпорындар мен компанияларға қатысудың басқа түрлері;</p> <p>в/ экономикалық құндылығы бар қаржы құралдары және кез-келген міндеттер бойынша талаптар құқықтары;</p> <p>г/ өндірістік меншік объектілері, тауарлық белгілері, фирмалық атаулар, тауардың шығу орындарының атаулары, коммерциялық құпиялар, сонымен қатар «ноу-хау» және технологияларға авторлық құқықтарды қоса алғанда интеллектуалдық меншік құқықтары.</p> <p>д/ заң немесе келісімшартқа сәйкес берілетін экономикалық қызметті жүргізу құқықтары,</p> <p>табиғи қорлардың барлауы мен қолданысын жүзеге асыру құқығын қоса алғанда.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияның ынталандырылуы және өзара қорғалуы туралы келісім (Бейжің қ. 10 тамыз 1992 жыл)</p> <p>Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылы 8-маусымындағы қаулысымен бекітілген, 18 тамыз 1994 жылы күшіне енді.</p>
<p>а) "инвестиция" термині активтердің кез-келген түрін білдіреді және жеке алғанда ішіне төмендегілер кіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. жылжитын және жылжымайтын мүліктер және мүліктік, қарызгердің мүлкіне тыйым салу құқығы, кепілдік сияқты басқа кез-келген меншік құқығы; 2. акциялар, бағалы қағаздар, кез-келген компанияның қарыз міндеттемелері, сонымен қатар компанияға қатысудың кез-келген басқа формасы; 3. қаржылық құндылығы бар келісім-шартқа сәйкес қаржы міндеттемелері немесе кез-келген басқа міндеттемелер; 4. Интеллектуалды меншік құқықтары, гудвилл, технологиялық процестер және ноу-хау; 5. Табиғи қорларды іздеу, өңдеу немесе қолдану жеңілдіктерін қоса алғанда, заң мен келісімшартқа сай 	<p>Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі арасындағы инвестицияның ынталандырылуы және өзара қорғалуы туралы келісім (Лондон қ., 23 қараша 1995</p>

<p>кәсіпорынға берілетін жеңілдіктер.</p> <p>Активтерді инвестициялаудың формасының өзгеруі инвестиция ретінде оның сипатына әсер етпейді, ал «инвестиция» терминіне осы келісімнің күшіне енген мерзімінен кейін немесе оған дейін жүзеге асырылған инвестициялардың барлық түрі енеді;</p>	<p>жыл)</p> <p>Қазақстан Республикасының 22 қараша 1996 ж N 44-І Заңына сәйкес бекітілді, 9 қаңтар 1997 жылы күшіне енді.</p>
<p>"инвестициялар" термині инвестиция жүргізілетін аумақтың Уәделескен Тараптың заңдары мен ережелеріне сәйкес тартылатын қаржының кез-келген түрін білдіреді, жеке алғанда келесілерді құрайды:</p> <p>а) жылжитын және жылжымайтын мүлік, сонымен қатар мүлік бар аймақтағы Уәделескен Тараптың заңы мен нормативті актілеріне сәйкес анықталған, ипотека, мүлікке тыйым салу құқығы, кепілдер және кез-келген басқа ұқсас құқықтар сияқты басқа мүліктік құқықтар;</p> <p>б) акциялардан, облигациялардан және компаниядағы қатысудың басқа формаларынан шығатын құқықтар;</p> <p>в) қаржы құнына талап, гудвил, басқа активтер және экономикалық құндылықты ұсынатын, кез-келген басқа талаптар;</p> <p>г) интеллектуалды меншік құқығы, технологиялық процестер және «ноу-хау»;</p> <p>д) табиғи қорларды барлау, өндіру немесе пайдалануға концессияларды қоса алғанда, заң немесе келісім-шарт арқылы қарастырылған коммерциялық концессиялар.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметі арасындағы инвестициялардың ынталандырылуы және өзара қорғалуы жкнінде келісім.</p> <p>(Иерусалим, 27 желтоқсан 1995 жыл)</p> <p>12.07.1996 ж. N 22-1,ҚР Заңымен бекітілген, 19 ақпан 1997 жылы күшіне енді.</p>

Заңда кітаптың соңындағы глоссарийде берілген түсініктер де кездесетіндігіне назар аудару керек.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 57-ІІІ Заңының 21-бабына сәйкес «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы», «Қазақстан Республикасына резидент еместердің және резиденттердің тікелей инвестициялары шетелге тіркелу тәртібінде жүзеге асады», қалған жағдайларда ««резиденттер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бағалы қағаздарды алу, жарғылық капиталға қатысуды қамтамасыз ету мақсатындағы валюталық операциялар туралы», сонымен қатар, туынды қаржылық құралдармен байланысты валюталық операциялар туралы ескертулері керек. (22-бап).

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 Қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүргізу ережелерін бекіту туралы», (37), «Ұлттық Банк 29, 40 тармақтарда көрсетілген жағдайлардан басқа Заңның 20, 21, 23, 24 баптарымен анықталған валюталық операциялардың тіркелуін жүзеге асырады., бұл келесі шарттар болған жағдайда жүзеге асады:

1) Қазақстан Республикасына мүліктің (қаржы) келуін және резиденттің мүлікті резидент емеске қайтару міндеті пайда болуын қарастыратын валюталық операциялардың құны үш жүз мың АҚШ долларынан асады;

2) Қазақстан Республикасынан қаржы аударуды және резиденттің резидент еместен мүлікті қайтару жөнінде талаптарының пайда болуын қарастыратын валюталық операция құны бес жүз мың АҚШ долларынан асады».

Ережелерге сүйенсек, (50 тарау), «резиденттер төмендегі шарттар бар болған жағдайда, 29 тармақта көрсетілген жағдайлардан басқа, бағалы қағаздар, инвестициялық қорлар пайлары, сондай-ақ қаржылық құралдармен байланысты операциялар туралы 29 заң баптары анықтаған валюталық операциялар жөнінде ескертеді:

1) Қазақстан Республикасына мүліктің (қаржы) келуін және резиденттің мүлікті резидент емеске қайтару міндеті пайда болуын қарастыратын валюталық операциялардың құны үш жүз мың АҚШ долларынан асады.

2) Қазақстан Республикасынан қаржы аударуды және резиденттің резидент еместен мүлікті қайтару жөнінде талаптарының пайда болуын қарастыратын валюталық операция құны 50 мың АҚШ долларынан асады;

3) төлем мен (немесе) аударым қаржы құралдарының операциялары бойынша, сонымен қатар жұмыс, қызметтің экспортымен (импорт) байланысты есепті жүргізген кезде резиденттің резидент емеске, резидент еместің резидентке төлем мен (немесе) аударым құны 50 мың АҚШ долларынан асады».

Жоғарыда Қазақстандағы немесе Қазақстанға инвестициялаудың заңды аспектілері берілген. Алайда, инвестиция аспектілерінің экономикалық және мәртебелік аспектілері де бар.

Қазақстан инвестицияларға мүдделі және сондықтанда, мемлекеттің инвестициялық климатының жақсаруы бағытында жұмыс істейді. Жоғарыда көрсетілген заңды аспектілер, әрине инвестиция үшін негіз қалайды. Бірақ бұл аздық етеді. Шетелдік инвесторларды тарту үшін және оларды сақтап қалу үшін бизнес пен мемлекеттің диалогы үшін тиімді алаң болып табылатын, Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Шетелдік инвесторлар кеңесі құрылған. Өндіру салаларының қызметінің Британдық айқындылық бастамасы жүзеге асуда. Бұл бастамаға 46 компания, 52 үкіметтік емес ұйымдар және мыңнан аса Қазақстанның қоғамдық ұйымдардың мүдделерін білдіретін үкіметтік емес ұйымдардың қауымдастығы қосылды. ... Шетелдік инвесторлардың қызметі үшін қолайлы жағдай құру мақсатында тәуелсіз сот жүйесінің жаңа институттары пайда болады. Мәселен, Алматы қаласында жақында құрылған

Аймақтық Қаржы орталығында осы қаржылық орталықтың қатысушыларының қызметімен байланысты барлық дауларды қарастыру құқығы берілген мамандырылған сот құрылды.... Елде бұрынғы кеңестік елдердің бірінде ұқсастығы жоқ тағы екі жаңа құрылым пайда болды. Олардың бірі – отандық барлық даму институттарын біріктірген Қазақстанның «Қазына» тұрақты даму қоры. Олардың ішінде – Инновациялық қор, Инвестициялық қор, Қазақстанның Даму Банкі және басқалары бар. Жаңа құрылған құрылымның міндеті – даму институттарының экономиканың түрлі салаларында инвестициялық және инновациялық белсенділікті ынталандыру үшін бірлесіп басқару жүйесін жетілдіру.

Келесі маңызды қадам «Самұрық» мемлекеттік холдингтік компанияның құрылуы болды. Оның құрамына «ҚазМұнайГаз» ды қосқанда, басты ұлттық қазақстандық компаниялардың мемлекеттік активтері кірді, «ҚазМұнай Газдың» еншілес компаниясының акциялары осы жылдың қазан айынан бастап, Лондон Қор биржасында бағалануда. «Самұрық» холдингінің басты мақсаты Қазақстан Президенті алға қойған – ұлттық компанияларды бірлесіп басқарудың тиімділік дәрежесі мен деңгейін көтеру.⁵ Қазіргі кезде Тұрақты даму қоры мен мемлекеттік холдинг компаниясы біріктірілген.⁶

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың инвестициямен байланысты айтқан пікірлерінен тағы бірнеше цитаталарды мысалға келтіріп көрейік.

«Қазіргі таңда біздің еліміз әлемнің анағұрлым қарқынды түрде дамып келе жатқан мемлекеті ретінде сипатталады. Қазақстан аймақтағы инвестиция үшін анағұрлым тартымды елге айналды. Халықаралық сараптамашылардың бағалауынша, Орталық Азияға тартылған барлық шетелдік инвестициялардың 80-нен аса пайызы Қазақстанда.

Қазақстан әр тұрғынға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі бойынша ТМД елдері арасында көшбасшы болып қалуда, сонымен қатар, ТМД елдері арасында инвестициялық кластың халықаралық рейтингісін бірінші болып алды».⁷ 1993 жылдан бастап тікелей инвестициялардың барлық көлемі 50 миллиард долларға жуықтады. Шетелдік инвестициялар көлемі жүйелі түрде көбеюде. Егер 2003 жылы 5 миллиард АҚШ доллары тартылса, 2005 жылы оның ауқымы 1,5 есе өсіп, 6,4 миллиард долларға жетті.

Президенттің сөздерінен біздің еліміздің инвестиция мәселелеріне (тек қана шетелдік емес) көп көңіл бөлетінін көруге болады.

Дегенмен, бәрі қалағандай жақсы емес. Егер заңнаманы бүгінгі күнге инвестицияларды ынталандыру ретінде қарастырсақ, біз көптеген шектеулерді көреміз. Салық Кодексі инвесторларға жеңілдікті шектеді немесе алып тастады. Соңғы екі жылдағы заң бұрынғыдай инвестициялауды ынталандырмайды.

Президент Н.А.Назарбаев шетелдік инвестицияларға көп көңіл аударады, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетел инвесторлары

кеңесінің 18-пленарлық отырысында (Астана, 7 желтоқсан 2007 жыл) инвесторлар алдына бірнеше маңызды мәселелерді қойды, яғни, инвестиция құю кезінде олар экология, еңбек қауіпсіздігіне және т.б. халықаралық талаптарды сақтауы керек.

Алайда, IV қазақстандық инвестициялық саммитте ҚР Ұлттық Банкінің басқарма төрағасы Григорий Марченко былай деді: «Қазақстанға шетелдік инвестиция құю тенденциясы қаржылық салада да, жалпы алғанда экономикада да болашақта сақталып қала бермек. Тікелей шетелдік инвестициялар ең алдымен белсенді түрде мұнай-газ саласына, тау-кен өнеркәсібіне және металлургияға тартылады. Сондай-ақ, ішкі тұтынуға жұмыс істейтін салалар, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылық негізінде банктер арқылы қаржыландырылады».

Инвестициямен байланысты заңдардың дамуы, бірлесіп басқару принциптерін билік органдары мен мемлекеттік меншік формасы бар кәсіпорындарға енгізуді тек қошеметпен қабылдауға болады. Бұл әрекеттер шын мәнінде елдегі инвестициялық ахуалды жақсартып, Қазақстанды инвесторлар үшін тартымды етеді. Бірақ бұл әрине аздық етеді. Мемлекеттің инвестициялық тартымдылығы жеке бизнестің әрекетіне де тәуелді. Бірлесіп басқару принциптерін Қазақстанның барлық АҚ-на енгізу, әрине, мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын да, нақты акционерлік қоғамдардың инвестициялық тартымдылығын да одан әрі жақсартып түседі. Ал бұл өз кезегінде мемлекеттің де, мемлекеттегі бизнестің де дамуы мен ахуалына жол ашады.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Неліктен Қазақстан инвестиция үшін тартымды мемлекет болып табылады?
2. Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін мемлекет қандай жұмыстар жасауда?
3. Инвестиция дегеніміз не?
4. Инвестор дегеніміз кім?
5. Корпоративтік басқару принциптерін қазақстандық компанияларға енгізу неліктен мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын арттырады?

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- ¹ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Лондондағы «Қазақстан – келешекке жол» конференциясындағы сөйлеген сөзі. «Мэншн Хаус, Лондон, 22 қараша, 2006 жыл».
- ² Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Шетелдік инвесторлар кеңесінің 17-ші пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. Өскемен қаласы, 15 маусым, 2007 жыл.
- ³ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің №32 21 қазан, 2008 жылғы «Қаржы рыногындағы жағдайлар туралы баспасөз мәлімдемесі».
- ⁴ Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңы, (1-бап). № 373-ІІ 8 қаңтар, 2003 жыл.
- ⁵ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Лондондағы «Қазақстан – келешекке жол» конференциясындағы сөйлеген сөзі. «Мэншн Хаус, Лондон, 22 қараша, 2006 жыл».
- ⁶ <http://www.titus.kz/?type=ekon&previd=8182>
- ⁷ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 3-ші Қазақстандық инвестициялық саммитте сөйлеген сөзі. Алматы қ., 8 маусым, 2006 жыл.

2 Тарау. Корпоративті басқару дегеніміз не?

С.А. Филин
Іскерлік әкімшілігі докторы.

Корпоративті басқарудың анықтамасы

Корпоративті, яғни ұжымдық басқару (corporate governance) мекемедегі биліктің (governance) қалай құрылғаны және қалай жүзеге асырылатынымен байланысты атқарылады. Ұжымдық басқаруды корпорацияларды басқарумен шатастыруға болмайды. Ұжымдық басқарудың тақырыбы кең ауқымды. Атап айтарлығы, Қазақстанда акционерлік қоғам болып саналатын корпорацияда ғана емес, кез-келген құқықтық формадағы мекемедегі билікке де қатысты мәселе. Ұжымдық басқару теория және тәжірибе жүзінде фирмадағы билікті бөлу мәселесі сияқты агенттік мәселелерін талдаумен де айналысады. Оның мақсаты принципал мен агенттің арасындағы қарама-қайшылықты шешу. Классикалық теорияда принципал ретінде фирманың иесі, ал агент ретінде топ-менеджер шығады. Алайда принципалдың анықтамасы кейбір толықтыруларды қажет етеді. Заң тұрғысынан алғанда компанияның әрбір акционері меншік иесі болып табылады.¹ Нақты тұрғыда, оның ішінде Қазақстанда шешім қабылдауға, компанияның стратегиясын дайындауға тек ірі акционерлер ғана ықпал ете алады.

«Корпоративті басқару компанияның құрылымы мен қызметін басқару мен қадағалаудың процестеріне қатысты».

IFC

«Корпоративті басқару компанияның басшылығы, оның директорлар кеңесі, акционерлер және басқа қызығушылық танытқан тұлғалар арасындағы бірнеше қарым-қатынасты қамтиды. Ұжымдық басқару сонымен қатар, компания қызметінің мақсаттарын белгілейтін және оның жетістікке жету тәсілдері және сонымен қатар оның нәтижелерін, бақылау тәсілдерін анықтайтын құрылымды қамтамасыз етеді».

ҰБ ЭСДМ принциптері, 2004

Осыған байланысты ірі акционерлер өздерінің құқықтарын компанияны бақылау арқылы жүзеге асырады, ал басқа акционерлер миноритарлар ретінде сипатталады, оларды дивиденттерді алу мен бағаның келесі қолайлы өзгеруі кезінде компанияның акцияларын сату қызықтырады деп жиі айтылады,²

Осындай барлық жағдайда бақылаушы акционерлерде әртүрлі жағдайлар мен артықшылықтар болады, олар менеджментпен қарым-қатынасты өз беттерінше құрады, келесі бір жағдайда басқаруға белсенді түрде қатысып, ал екінші бір жағдайда Директорлар кеңесі арқылы басты шешімдерге бақылау жасайды.³ Қазақстандық тәжірибеде акцияның ең көп пакетін иеленген негізгі акционер Директорлар кеңесінің төрағасы атанады және осындай тұрғыдан акционерлік қоғамның жұмысын басқарып, қадағалайтын жағдайлар жиі кездеседі. Компания

қызметінің тиімділігі мен оның ішіндегі ұжымдық басқарудың сапасы арасындағы байланыс жекелеген қиыншылық та туғызады.

Корпоративті басқарудың маңыздылығы

Қазақстандағы ұжымдық басқарудың маңыздылығын ең алғаш рет Қаржыгерлер ассоциациясы мойындады. Қазақстанда негізгі ішкі инвесторлар қаржы институттары болып табылады. Олар әсіресе заң талабына сай инвестицияға салынған капиталдың қосымша қорғауды қажет етеді. Бұл істі өздерінен бастауды шешкен, Қаржыгерлер ассоциациясы 2004 жылы корпоративтік басқарудың моделді кодексін дайындау үшін жұмыс тобын құрды. Осындай кодекс 2005 жылы пайда болды. Соңынан Қазақстандық қор биржасының листингісіне ену үшін корпоративті басқару кодексін дайындау талабы пайда болды.

Көптеген қазақстандық компаниялар басқа биржаларға, IPOға (өздерінің бағалы қағаздарын салу) шығу туралы шешім қабылдағандықтан, олар үшін бірлесіп басқару жүйесінің болуы маңызды бола бастады, өйткені бірлесіп басқарудың болуы туралы талап барлық әлемдік сауда алаңдарында бар. Ұжымдық басқарудың маңыздылығын қорыта отырып, оның болуы төмендегі жағдайларға әкеліп соғатынын айтуға болады:

- Акционерлердің (инвесторлардың) алдында **тартымдылығының** артуы. Тартылатын капиталдың бағасы төмендеп, инвесторлардың қызығушылығы артады;
- **Акция құнының** артуы;
- Акция құнының номиналды бірлігіне **тартылатын капитал көлемінің** артуы;
- **Дивидендтер арқылы үнемдеу** мүмкіндігі (акционерлер курс бағамының өсуі арқылы пайда табады);
- Жедел тиімділіктің артуы және компания мен оның акционерлерінің пайдалы және тұрақты дамуы үшін **капиталды қолданудың тиімділігінің** артуы;
- **Компания мен мемлекеттің беделі** артады;

Осылайша, Ұжымдық басқару сияқты аздаған тақырыптар қазіргі таңда бизнес үшін де өте маңызды.

Көптеген оқиғалар мен дау-дамай, бірігулер мен рейдерлік, қаржы дағдарысы, бұл тақырыптың оның ішінде Қазақстанда да маңыздылығын арттырады. Бұл оқиғалар мүдделі тұлғалар (акционерлер, қызметкерлер, қоғам), корпоративті менеджерлер, директорлар немесе мемлекеттік ресми тұлғалардың құқықтарының бұзылуы салдарынан компаниялардың зардап шеккенін көрсетеді. Ұлттық бизнес-қауымдастықтар және корпоративті менеджерлер капиталға қол жеткізу мен компанияның өсуі үшін ұжымдық басқарудың маңыздылығын түсіне бастады. Сыбайлас жемқорлық пен нашар менеджменттің кесірінен туған қаржы дағдарысы капитал алуды қиындата түсті. Инвесторлар өздерінің капиталдарын қорғау қажеттілігін жете түсінді. Олар әртүрлі компаниялардың инвестициялық

потенциалдарын қаржылық есептің тазалығы, анықтығы, айқындылығы және нақтылығынан инвестициялауға дейін бірдей стандарттар бойынша салыстыру мүмкіндіктеріне ие болғысы келеді. Бұл әсіресе, халықаралық инвестицияларды тарту үшін маңызды. Ұжымдық басқару компаниялар іштей басқарылатын және компанияның орналасқан жерінен мыңдаған шақырым жерде болуы мүмкін акционерлердің мүдделерін қорғау мақсатында директорлар кеңесі арқылы бақыланатын «ойын ережелерінің» жиынтығы болып табылады.⁴

Дегенмен, тек шетелдік инвесторлар ғана компанияның қалай қызмет ететінін көзімен көргісі және түсінгісі келмейді. Жергілікті инвесторлар мұндай ақпаратқа оңай қол жеткізе алса да, олар өздері инвестиция құйған компанияларда бірлесіп басқару жақсы жолға қойылғанын қалайды. Қаржы дағдарысы қазақстандық компанияларға мүмкіндігінше инвестиция тарту қажеттілігін алып келді. Алайда капиталдың халықаралық нарығы жабылды. Капитал алу мен қарыз алу ішкі нарықта мүмкін. Қазіргі кезде компанияларды қаржыландырудың ішкі көздерін іздеуді бастау мүмкіндігі тым жоғары. Алайда Қазақстанда қор нарығы дамымаған. Оның мүмкін себебінің бірі – потенциалды миноритарлық акционерлердің өздерінің инвестициялары сақталып, көбейетіндігіне, олардың құқықтарының бұзылмайтынына сенімсіздігі. Осыған байланысты, ұжымдық басқарудың күн тәртібіне қойылуы және потенциалды ішкі инвесторлардың сенімін қалыптастыру өзекті мәселе бола түседі. Әрине, инвесторлар ұжымдық басқарудың нақты, айқын, саналы стандарттары бар компанияларды іздей бастайды.

Ұжымдық басқару компаниялар мен экономикаға инвестицияларды **бірнеше жолдармен тартуға** көмектеседі. **Біріншіден**, айқындылық арқылы корпоративті трансакцияларда, бухгалтерлік есепте және аудит процедураларында бірлесіп басқару сыбайлас жемқорлық үшін қаржы алу мүмкіндігін жояды. **Екіншіден**, ұжымдық басқару рәсімдері компанияларға нәтижелерге негізделген нақты стратегияны және менеджерлерді марапаттау жүйесін құруға көмектесу арқылы компанияны басқаруды жақсартады. **Үшіншіден**, зерттеулер миноритарлық акционерлер жақсы қорғалған елдерде ірі және анағұрлым өтімді капитал нарығы болатынын көрсетті.⁵

Ұжымдық жақсы басқару:

- Қауіпті төмендетеді;
- Өнімділікті қамтамасыз етеді;
- Капитал нарығына енуді жақсартады;
- Көшбасшылықты жақсартады;
- Айқындылықты және қоғамдық жауапкершілікті көрсетеді.

Корпоративті басқару, СИМА – www.cima.org.uk

Мемлекеттердің заңдары, оның ішінде Қазақстанның заңдары акционерлік қоғамдардың жұмысының барлық өзгешеліктерін, акционерлер, директорлар кеңесі және атқарушы орган арасындағы қарым-қатынасты, акционерлер жиналысы өткізілуінің, директорлар кеңесінің отырысының, кеңес комитеттерінің

жұмысының және басқа да көптеген ерекшеліктерін есепке ала алмайды, және есепке алуға тиіс емес. Бұлардың барлығы қоғамның ішкі стандарттары.

Корпоративті басқарудың жүйесі (құрылымы)

Корпоративті басқарудың негізі

Ұжымдық басқарудың барлық жүйелері төрт негізгі принцип айналасында өрбиді: адалдық, шындық, есеп берушілік, жауапкершілік, айқындылық.⁶

Оларды төмендегідей сипаттауға болады:

- Адалдық. Ұжымдық басқару жүйесі барлық акционерлердің құқығын қорғауға, барлығына, оның ішінде миноритарлыққа да әділлетті қарым-қатынасты қамтамасыз етуге және олқылық орын алған кезде ықпалды шараларды қолдануы тиіс.

- Есеп берушілік. Ұжымдық басқару жүйесі компанияның атқару органының директорлар кеңесіне және директорлар кеңесінің акционерлерге есеп беруін қамтамасыз етуі тиіс.

- Жауапкершілік. Ұжымдық басқару жүйесі акционерлердің заңды құқықтарын мойындауды қамтамасыз етуге, қаржылық сәттілік және қоғамдық тұрақтылық мәселесі бойынша компаниялар мен акционерлер арасындағы ынтымақтастықты ынталандыруға тиіс.


- Айқындылық. Ұжымдық басқару жүйесі қызығушылық танытқан тұлғалардың барлық шешіміне ықпал ететіндей барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың шынайлығының уақтылы ашылып және сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс, оның ішінде:

- Қаржылық жағдайды;
- Қызметтің нәтижелері;
- Меншіктік құрылым;
- Қоғамды басқару.²

Корпоративті басқару қарапайым моделге сүйенеді:

1. Акционерлер олардың мүдделерін қорғайтын директорларды таңдайды.
2. Директорлар маңызды мәселелерді дауысқа салады және негізгі шешімдерді қабылдайды.
3. Акционерлер директорларға есеп берушілігін сақтау үшін шешімдер айқын түрде қабылданады.
4. Компания директорларға, инвесторлар мен басқа да мүдделі тұлғаларға қажетті ақпараттар өндірісіне арналған бухгалтерлік стандарттарды қабылдайды.
5. Компанияның саясаты мен тәжірибесі ұлттық және жергілікті заңдарға сай келеді.⁷

² IFC «Бірлесіп басқаруға кіріспе: директорлар кеңесі» семинарынан материал, Алматы, 31.10.2006 ж.



Сурет 1. Корпоративті басқарудың орны. (Роберт Трикердің «Бірлесіп басқару» кітабынан алынған материалдар қолданған, 1984 ж.)

АҚ корпоративті басқару жүйесінің негізгі қатысушылары

Ұжымдық басқаруда мүдделі тұлғалардың рөліне көбірек назар аударылады (stakeholders).³ Бұлар компанияның қызметінен пайда көретін немесе зардап шегетін адамдар тобы мен мекемелер. Өздерінің қызығушылық деңгейіне байланысты олар оның жұмысына әртүрлі деңгейде ықпал ете алады. Түптеп келгенде, мүдделі тұлғаларды екі үлкен **ішкі** және **сыртқы** топқа бөлуге болады. Бұл топтарға және олардың неге қызығушылық білдіретініне қысқаша сипаттама берейік.

Ішкі:

- **Акционерлер/инвесторлар.** Акционерлерді **мажоритарлық және миноритарлық** деп бөлуге болады. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам» туралы Заңы бойынша миноритарлық акционер деп акционерлік қоғамның он пайыздан төмен дауысқа салынған акцияларын иеленген акционер саналады.⁸ Бұған қоса, акционерлерді **стратегиялық** (сол саладағы ірі компаниялар, тікелей инвестициялық қорлар, венчурлық қорлар) және **портфельдік** (зейнетақы және сақтандыру компаниялары, портфельдік инвестициялар қорлары, шағын жеке инвесторлар) деп бөлуге болады. Портфельдік инвесторларды жиі, шағын жеке инвесторларды санамағанда, институционалдық инвесторлар деп атайды.

Акционерлердің түрлі топтарының мүдделері қарама-қайшы келуі мүмкін. Мажоритарлы акционерлер алынған пайданы қайта инвестициялауға ынталы болса, ал миноритарлы акционерлер дивидент алуға ынталы. Осындай қарама-қайшылық стратегиялық және портфельдік инвесторлар арасында пайда болуы мүмкін.

³ «Stake-holder» деген терминнің осы кітапта қолданған мағынасының орыс тілінде нақты баламасы жоқ. Мүмкін аудармаларының бірі – «пайдалушылар».

- **Қызметкерлер.** Компанияның тұрақтылығы мен өздерінің жұмыс орындарын сақтап қалуға ынталы. Олар менеджментпен бірлесіп әрекет қылады, оларға тәуелді, және әдетте оған ықпал етуге шектеулі мүмкіндігі бар;

- **Директорлар кеңесі.** Акционерлік қоғамды басқару органы, өкілетті орган болп табылады. Яғни, директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер мен олардың мүдделерін білдіреді. Директорлар кеңесі заң және қоғамдық қаулы арқылы акционерлердің жиналысының компетенциясына байланыстырылған мәселелерден басқа қоғамның қызметіне жалпы басқаруды жүзеге асырады;⁹

- **Атқарушы орган.** Қоғамның ағымдық қызметіне жетекшілікті атқарушы орган жүргізеді. Атқарушы орган жеке шешімді немесе ұжымдық болуы мүмкін. Ұжымдық органды Қазақстанда көбінесе «Басқарма» деп атайды. Жеке шешімді атқарушы орган «Президент» деп аталуы мүмкін.

- **Корпоративтік хатшы.** Ұжымдық хатшы – директорлар кеңесінің немесе қоғамның атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, қоғамның директорлар кеңесі тағайындайтын, қоғамның директорлар кеңесіне есеп беретін акционерлік қоғамның қызметкері, сонымен қатар өзінің қызметінің шеңберінде акционерлер мен қоғамдық директорлар кеңесінің жиналыс отырысының дайындығы мен өткізілуін қадағалайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар мен қоғамдық директорлар кеңесінің отырысына материалдардың дайындығын қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділігін қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді¹⁰

Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның мүшелері, ұжымдық хатшының жеке мүдделері марапаттаудың, жеке биліктің, беделдің, жеке кәсіби көлемінде болуы мүмкін және т.б.

Сыртқы:

- **Сыртқы аудитор.** Қоғам жылдық қаржы есебі аудитін жүргізуге міндетті. Одан басқа, аудит директорлар кеңесінің, атқарушы органның немесе ірі акционердің бастамасымен өткізілуі мүмкін. Мұндай аудитті сыртқы аудиторлық компания жүргізеді.

Сыртқы аудиторда мүдделердің басты қарама-қайшылығы қарастырылады. Бір жағынан аудитор марапат үшін жұмыс істейді, екінші жағынан аудитордың беделі оған өте маңызды.

- **Серіктестер.** Компанияның тұрақтылығына, оның төлем қабілеттілігіне және қызметін жалғастыруына ынталы. Менеджментпен тікелей жұмыс істейді;

- **Республикалық және жергілікті билік органдары.** Компанияның тұрақтылығына, оның төлем қабілеттілігіне және қызметінің жалғасуына мүдделі, өйткені бұл бюджетке де, жұмыс орнының санына да тікелей әсер етеді. Менеджментпен тікелей әрекет етеді.

- **Кредиторлар.** Өздерінің және компания арасындағы келісім-шартта деңгейі бекітілген пайда түсіреді. Өздерінің салымдарын көптеген компаниялар арасында әртараптарындырады. Олар компанияның кем дегенде қарызды өтегенше жұмыс істеуіне мүдделі;

- **Жергілікті тұрғындар және қауымдастықтар.** Бұл топтар жұмыс орындары мен экологиялық жақсы жағдайға мүдделі. Олардың басқа да мүдделері болуы мүмкін;

- **Басқа мүдделі тұлғалар (стейкхолдерлер).**

Мүдделі тұлғалардың барлық (немесе көптеген) топтарының мүдделері мен олардың арасындағы қарама-қайшылықты ескеру нәтижесі маңызды? Өйткені компаниядағы қорлар шектеулі. Стейкхолдерлердің әр тобы «бір тоқаштан өздерінің үлестерін» алғылары келеді. Уақыт өткен сайын тәбет те ашылуы мүмкін. Бұл кезде топтар арасындағы мүдде қарама-қайшылығы басталады, бұл әрине акционерлердің және қоғамдық органдардың қабылдаған шешімдеріне ықпал етеді. Мүдделердің тепе-теңдігін сақтаудың жалғыз тәсілі – әр кезең сайын үлкенірек «тоқаш пісіру».

Корпоративті басқарудың принциптері.

Акционерлердің қаржылық жағдайын сақтап, көбейту үшін, қоғамның қызметіне ықпал ете алатын басқа топтардың мүдделерін ескере отырып, Экономикалық серіктестік және Даму мекемесінің (ЭСДМ) ұжымдық басқарудың келесі принциптерін ұсынады: .

Ұжымдық басқарудың тиімді құрылымына арналған негізді қамтамасыз ету

Ұжымдық басқарудың құрылымы айқын және тиімді нарықтарды ынталандыруы тиіс, заң талаптарына сай келуі тиіс және биліктің бақылаушы, қадағалаушы және басқарушы болып бөлінуін нақты анықтауы тиіс.

Акционерлердің құқықтарын сақтау

Олар құқық жинағын құрайды, оның ішінде акцияларға меншіктің қауіпсіздігі, ақпараттың толық ашылуы құқығы, дауыс беру құқығы, сату ұжымдық меншіктің бірігумен қосылуды қосқандағы өзгерістері жөнінде шешім қабылдау құқығы.

Акционерлерге тең қатынас

Тең қатынас миноритарлық акционерлердің құқығын жетекшілер мен директорларды қоса алғанда, мажоритарлы акционерлер мен инсайдерлерге өздерінің жағдайлары мен лауазымдары есебінен артықшылық алуға рұқсат бермейтін жүйені орнату арқылы қорғауды құрайды. Мәселен, ішкі мүдделі тұлғалармен келісім-шарт жасауға тікелей тыйым салынған және директорлар келісім-шартқа қатысты кез-келген материалды мүддені ашуға тиіс.

Корпоративті басқаруда мүдделі тұлғалардың рөлін есепке алу.

ЭСДМ компанияда акционерлерден басқа мүдделі тұлғалардың барын мойындайды. Банктер, облигациялардың иелері және қызметкерлер маңызды мүдделі тұлғалар болып табылады.

Ақпаратты ашу мен айқындылық.

Ұжымдық басқарудың құрылымы акционерлердің шешіміне ықпал ете алатын қаржылық жағдай, қызмет нәтижесі, компанияны меншіктеу мен басқаруды қоса алғанда корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және нақты ашылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Директорлар кеңесінің міндеттері

Ұжымдық басқарудың құрылымы компанияның стратегиялық басқарылуын, басқарма тарапынан менеджмент үстінен тиімді бақылануын, директорлар кеңесінің басқарманы бақылауын, сонымен қатар директорлар кеңесінің акционерлерге есепберушілігін қамтамасыз етуге тиіс.¹¹

АҚ басқарудың негізгі механизмі

АҚ басқарудың алты әдісін атап көрсетуге болады.

1. Меншіктік концентрациясы. Әрине, егер компания аз акционерлердің иелігінде болса немесе бақылаушы акция пакеті мажоритарлы акционерлердің еншісінде болса, онда мұндай акционерлерге директорлар кеңесі мен атқарушы органның тәртібі мен шешіміне ықпал ету оңайырақ болады, ақпаратқа оңайырақ қол жеткізеді. Олар осындай бақылауға көбірек мүдделі. Мажоритарлы акционерлерге директорлар кеңесінің қатарына кіру мүмкіндігі молырақ.

Қазақстанда басқарудың осы әдісі жиі кездесетінін айтуға болады. Меншік акционерлердің аздаған топтарында шоғырланады. Көбінесе бұл отбасы кәсіпкерлігі.

2. Акционерлердің келісімі, сенімділікке күрес. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес акционерлердің құқықтары тең емес. Ірі акционер миноритармен салыстырғанда көбірек құқыққа ие. Ірі акционер құқықтары:

1. акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс өткізуді талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын өткізуден бас тартқан жағдайда оның өткізілуі жөнінде сотқа арыз беруге;

2. директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

3. директорлар кеңесінің отырысын талап етуге;

4. өз қаражатына аудиторлық мекеме арқылы қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге құқылы.¹²

Ірі акционер Заң арқылы «өздерінің арасында бекітілген келісімшарт негізінде әрекет ететін, акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көбірек пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер» ретінде анықталады.¹³

Заңның бұл ережелері миноритарлық акционерлердің келісім шартын жалпы жиналыстың немесе директорлар кеңесінің шешіміне ықпал ету мақсатында тартымды етеді. Дегенмен мажоритарлы акционерлер үшін көбірек ықпалға қол жеткізу мақсатында басқа акционерлермен келісім шарт қызықты болуы мүмкін.

Осылайша ірі акционерлер жалпы жиналыстарда дауыс беру үшін әсіресе миноритарлық акционерлер жиналыста қатыса алмаған немесе қатысқылары келмеген жағдайда миноритарлардан сенімхат алуларына болады.

Директорлар кеңесі. Акционерлер директорлар кеңесіне сайлануға немесе директорлар кеңесіне өздерінің өкілдерін ұсынуға құқылы. Сайлау механизмі акционерлерге өздерінің мүдделерін қорғауға және өздері мүдделі шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың болуы миноритарлық акционерлердің мүдделерін қорғауға тиіс. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар үштен бір бөлігінен кем болмауы тиіс¹⁴.

Нарық (акцияларды сату, бірігу мен қосылу). Егер акционер компанияның жұмысына көңілі толмаса немесе директорлар кеңесінің мүшелерін таңдауға ықпал ете алмаса, онда оның өзінің акцияларын сатуға мүмкіндігі бар. Акцияларды сату қоғамға компанияны басқарудың мүмкін тиімсіз екендігінің белгісі. Егер компанияның акциялары қарқынды түрде сатыла басталса, онда бұл нарықта олардың құнының төмендеуіне әкеп соғады. Нашар жұмыс істейтін компанияда меншік иесін ауыстыру қаупі болады, бұл директорлар кеңесінің және атқарушы органының мүшелерін ауыстыруға әкеп соғады. Бұл механизм компания жетекшілерін акционерлердің мүдделерін сақтауға ынталандырады.

Жетекшілерге өтемақы беру. Жетекшілерге өтемақы беруді директорлар кеңесі (акционерлердің өкілдері) бекітеді. Әдетте, өтемақы компанияның сәтті жұмысына байланысты болады. Бұл тәуелділік жетекшілерге акционерлердің мүдделерін ескеруге ынталандырады. Дегенмен, нәтижеге негізделген өтемақының агрессивті жүйесі компанияның тиімділігіне әсер етеді деген пікір бар.¹⁵

Тоқырау. Нашар ұжымдық басқару акционерлік қоғам үшін капиталдың бағасының өсуіне алып келеді. Даму немесе операциялық қызмет үшін жақсы жағдайда қажетті капитал тарта алмау акционерлік қоғамның жабылуына әкеп соғуы мүмкін. Әрине, осындай жағдайдың туу мүмкіндігі АҚ басқару органдарын жұмыс істеуге итермелейді.

Корпоративті басқарудың қиындықтары

Бірлесіп басқарудың көптеген қиындықтары бар. Олардың кейбіреулерін қарастыруға тырысайық.

• **Менеджерлер мен меншік иелерінің мүдделерінің айырмашылығы.** Әрине, ұжымдық басқарудың негізгі қиындығы басқарудан меншікті бөлу, принципал мен агенттің мүдделерінің айырмашылығы болып табылады. Мүдделерді салыстыру мен портфельдік және миноритарлық акционерлер үшін менеджерлер мен акционерлердің іс-әрекеті 1-ші кестеде көрсетілген.

1 Кесте. Миноритарлық және портфельдік инвесторлардың мүдделері мен іс-әрекеттерін менеджерлердің мүдделері мен іс-әрекетімен салыстыру.

Менеджерлер	Акционерлер
-------------	-------------

<ul style="list-style-type: none"> • Марапаттаудың негізгі бөлігі – кепілденген жалақы; • Өздерінің жағдайларының беріктігіне, компанияның тұрақтылығына, қауіптің азаюына мүдделі; • Компанияда негізгі әрекетті шоғырландырады; • Өздерінің ықпалын арттыруға және іскерлік үшін қауіпті азайту үшін іскерлікті әртараптандыруға ниетті; • Директорлар кеңесі ұсынған акционерлерге тәуелді; • Көп топтармен әрекет етеді (компанияның қызметкерлері, кредиторлар, клиенттер, акционерлер, жабдықтаушы, билік және т.б.); • Компанияның тиімділігі мен бағасын арттыру мәселесімен байланысты емес, тіпті оларға қарама-қайшы келетін факторлардың ықпалында болады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Пайданы дивидент түрінде немесе акцияларды сату арқылы түсіреді; • Меншік иесі ретінде жоғары қауіпте болады; • Компанияның жоғары пайда түсіруіне әкелетін шешімдерді қолдауға ынталы, бірақ жоғары қауіп болады. • Өздерінің инвестицияларын бірнеше компаниялар арасында әртараптандырады, портфель құрайды. • Менеджментке тек қана акционерлердің жиналыстарын өткізу кезінде немесе оларға тиесілі акцияларды сату жолымен ықпал ету мүмкін болады. • Директорлар кеңесін санамағанда, менеджмент жәнет басқа мүдделі тұлғалармен әрекет етпейді.
---	--

Әрине, көрсетілген салыстырулар иелері мен жалданған менеджерлердің мүдделері барлық жағдайда бір-біріне қарама-қайшы келеді дегенді білдірмейді. Сәйкес келетін мүдделер де бар. Сурет түрінде мұны келесі түрде көрсетуге болады. (2 сурет).

Менеджерлер іс-әрекетіне әсер ететін факторлар:

- **Кәсіпкерлік масштабы;**
- **Компанияның акционерлік капиталының құрылымы, оның концентрациясының деңгейі. Барлық акционерлердің негізгі құқықтарын қамтамасыз ету. Мажоритарлы және миноритарлы акционерлердің құқықтары.** Біздің мемлекетімізде егер мажоритарлы акционерлер жоқ болса, менеджмент кәсіпкерлікті өздерінің меншігі ретінде қарастыруға тез бейімделе бастайды. Әрине, барлық акционерлердің құқықтарын қорғау мәселесі бұл жағдайда маңызды бола түседі.
- Акционерлердің әр түрлі топтарының мүдделері мен құқықтарындағы айырмашылық мәселесі жоғарыда аталып өтті. Аталмыш мәселе маңызды немесе қоғамға енгізілген. Бәлкім оны түбегейлі шешу ешқашан жүзеге аспас. Бірақ егер бұл мәселемен айналыспаса, құқықтар арасындағы айырмашылық миноритарлы

акционер немесе жеке портфельдік инвесторлар компанияға қаржы күйғылары келмейтіндігіне алып келуі мүмкін, мұндай компанияларда айырмашылықтар миноритарлықтардың мүдделерінің ескерілмеуіне әкеп соғады;



2 Сурет. Акционерлер мен менеджерлердің мүдделері. (Ресей директорлар кеңесінің «Корпоративті директор» семинарының материалы бойынша, сәуір 2003 ж.)

- **Сыйақының көлемі мен құрылымы. Кепілденген сыйақы** пен компанияның тиімділігіне тәуелді ауыспалы бөлігінің қатынасы;
- **Компанияның жеке статусы (иелену/ олар бақылаушы/ірі пакетке иелік ете ме жоқ па).** Мұндай кезде менеджер-акционерлер және менеджер-акционер еместер арасында қарама-қайшылық туындауы мүмкін;
- **Компаниядағы жұмысына қатысты өзінің келешегі туралы пікір.** Мысалы үшін, егер менеджер өзінің жұмыстан кететіні жайлы ойласа, онда ол өзінің жеке мүдделерімен жүруге бейім;
- **Компанияның келешегінің көрінісі.** Мысал үшін, егер менеджер компанияның келешегі жоқ деп санаса, ол алдыңғы жағдайдағы сияқты әрекет етеді;

- **Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу.** Заң акционерлердің жалпы жиналысын өткізуде ортақ талаптарды көбірек айқындайды. Ұсақ мәселелерді анықтау қоғамның үлесінде. Жиналысты ұйымдастырудың негізгі міндеті барлық акционерлердің өздерінің құқықтарын жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктердің болуы.

- **Компанияны басқару органдарының жұмысы (компанияның директорлар кеңесі, атқарушы орган, ішкі бақылаудың бөлімшелері).** Компанияның органдарының жұмысын қалай тиімді ұйымдастыру туралы мәселе айтарлықтай оңай емес. Оның ережелері жоқ, заң тек анағұрлым ортақ қатынастарды ғана сипаттайды;

- **Атқарушы органның қызметін ДК бақылауы, жалдамалы менеджменттің тәуекелі.** Директорлар кеңесі қоғамды басқарудың тұрақты түрде атқаратын органы болып табылмайды. Ол белгілі-бір аралықта жинақталады. Директорлар кеңесінің жиналыс жиілігі заңмен анықталмайды. Осылайша, жиілік қоғамның ішкі құжаттарымен бекітіледі. Алайда бұл директорлар кеңесі атқарушы органның жұмысына әрдайым бақылау жасай алмайтындығын білдіреді. Осындай бақылауды жүзеге асыру бойынша маңызды рөл директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі комитетке жүктеледі. Алайда, бақылау рәсімін қоғам анықтауы керек.

Осылай бола тұрса да, басқару мен иелік ету, иелер мен жетекшілердің мүдделерінің айырмашылығын бөлуден туған барлық қиындықтарды жою мүмкін емес. Мұндай қиындықтардың туу қаупі өте жоғары, сондықтан да бағалау мен басқаруды қажет етеді.

- **Ішкі аудит және ол кімге есеп береді.** Аудит бойынша комитет директорлар кеңесінің органы болып табылады және атқарушы органға бағынбайды. Атқарушы органның ішкі аудит қызметі, сондай-ақ сәйкес бағынушылардың болуына құқығы бар. Бірақ бұл қоғамдағы ұжымдық басқарудың тиісті тәжірибесі болған жағдайда ғана мүмкін. Дегенмен, директорлар кеңесінің тәжірибесінде аудит бойынша комитеттің немесе ұқсас функциялары бар құрылымның болмауы мүмкін. Онда, атқарушы органда ішкі аудит қызметі болған жағдайда барлық ішкі аудит оның соңғысына бағынады, ал директорлар кеңесі көп жағдайда қоғамның атқарушы органына және оның жұмысына бақылау міндетінен айырылады.

- **Ақпаратты ашу тәртібі мен көлемі және айқындылық.** Акционерлер компания туралы, компанияның органдары туралы, басқа да акционерлердің жұмысында маңызды оқиғалар мен нәтижелер туралы ақпаратты жеткілікті түрде беретін компанияларға ерекше ықыласпен қаржы салатын болады. Әрине, компанияда не болып жатқаны туралы ақпаратты толық беру дұрыс емес, өйткені бұл ақпаратты бәсекелестер пайдаланып кетуі әбден мүмкін. Ақпаратты мүлдем бермеуге де болмайды, өйткені мұндай жағдайда инвестиция алу мүмкін емес. Сонда ең оңтайлы шешім не болмақ? Мұны акционерлер, директорлар кеңесі, атқарушы орган шешеді. Қазақстанда қоғамдардың көбінде капиталдың шоғырланған құрылымы болғандықтан, кез-келген ақпаратты ашық түрде жариялау артық болып көрінуі мүмкін екенін қоса айту керек.

- **Дивидендті саясат.** Дивидендті қалай төлеу керек және қандай мөлшерде? Бұл сұрақ та жеңіл емес. Кейбір акционерлер, көбінесе стратегиялық инвесторлар және мажоритарлар пайданы қайта инвестициялағылары келеді. Миноритарлықтар және портфельдік инвесторлар дивиденттерді максимализациялағылары келеді. Қоғамға осы мүдделер арасындағы компромисті, ортақ шешімді табу керек. Бұл үшін қоғамның Дивидентті саясатын құрып, бекіту керек. Бұл құжат, әрине, жариялы болуы тиіс, өйткені ол потенциалды инвесторларға дивиденттерді төлеу жөнінде қоғамнан нені күту керектігін түсіндіреді.

- **Тәуекелді басқару бойынша рәсімдер.** Қазақстандағы көптеген қоғамдар, директорлар кеңесі, атқарушы органдар үшін тәуекелдің қандай түрлері болатыны айқын емес. Қоғамдарда қаржы мекемелерін айтпағанда, тәуекелге баға беру және

басқарумен кәсіби түрде айналысатын бөлімшелер әдетте жоқ. Бірақ бұдан тәуекелдер жоғалып кетпейді және тәуекелді нашар басқарудың кесірінен акционерлердің қаржы жағдайына зардап төндіру мүмкіндігі сақталады.

Әрине, жоғарыда барлық қиындықтар аталған жоқ.

Компанияны басқаруда, оның ішінде Қазақстанда басқа да қиындықтар бар, оларға да ұжымдық басқару көңіл аударуға тиіс. Олар төмендегідей:

• **Шешім қабылдау процесінің қиындығы, шұғыл өзгеру және динамика.** Әрине, қоғамның және осы процестерге тартылған тұлғалардың (акционерлер, директорлар кеңесі, атқарушы орган) қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдаудың үш деңгейлі моделі негізгі шешім қабылдаудың процесін ұзаққа созады әрі қиындатады. Алайда компанияның экономикасында, технологиясында, саясатында, әлеуметтік ортасындағы шұғыл орын алған өзгерістер қоғамның тез шешім қабылдауын және тез өзгерісін талап етеді.

• **Инновациялық және бәсекелестік орта.** Бұл үшін жаһандық нарықтағы бәсекелестік күресте жеңіп шығу үшін қоғам инновациялық болуға тиіс, бұл көбінесе инвестициялық капиталды тартуды талап етеді. Жаһандық дағдарыс, компанияның жойылу жағдайында, өз жұмысын жалғастыру үшін қоғамдарға қаржыландырудың жаңа көздерін іздеуге тура келеді. Бұрынғыдай шетелдік венчурлық капиталға сенім арту енді бола қоймас, ал мұнай мен шикізатқа бағаның төмендеуі қазақстандық компанияларға қаржы тарту мәселесін қиындата түседі.

• **Мемлекеттік органдардың тарапынан қызметті қадағалаудың үлкен деңгейі.** Меншіктің акционерлік формасы капиталды күшейту үшін ең тиімдісі. Алайда, акционерлік қоғамға акционерлер ретінде көптеген адамдардың тартылатындығы, яғни ірі капиталдың шоғырлануы көп жұмыс орнын құрайтыны және ірі салықпен қамтамасыз етілетіндігі мемлекеттің акционерлік қоғамдарға көбірек қызығушылығына әкеп соғады. Мемлекет осыған байланысты акционерлік қоғамдардың қызметін толыққанды қадағалап, бақылайды. Бірақ мұндай талаптарға сай келу үшін қоғамдарға шығын шегуге тура келеді.

• **Қызметтің анағұрлым жоғары ішкі стандарттары.** Көптеген акционерлердің және басқа мүдделі тұлғалардың мүдделерін ескеру қоғамдардың жұмысының анағұрлым қатаң стандарттарын құруға әкеп соғады. Алайда, мұндай стандарттарға ілесу үшін күш пен қаржы қажет.

• **Акционерлік капиталды тартудың төменгі және жоғарғы құны.** Қазір бірлесіп басқарудың анағұрлым қатаң стандарттары жұмыс істейтін компаниялар үшін капитал тарту құны төмен екені айқын.

• **Компанияның нарықтық бағасының оның ішкі бағасынан ауытқуы.** Компанияның нарықтық бағасы компанияға тиселі қаржылық және материалды активтердің бағасынан төмен де, жоғары да болуы мүмкін. Айырмашылықты нарық анықтайды. Бұл айырмашылық инвесторлардың қоғамның бизнесіне қаржы құюға дайындық деңгейін көрсетеді. Бірақ мысал үшін, компанияның нарықтық бағасы компанияның есебіндегі қаржы активтерінен төмен болған жағдайда не істеу керек? Біз мұндай жағдайға 2008- аяғында 2009-жылдың басында куә болдық.

- **Тиімсіз қосылу.** Бизнесті әртараптандыру қауіпті азайтады деген идеяның болуы толықтай заңды. Компанияның менеджменті қоғам үшін де, өзі үшін де қауіпті азайту мақсатында экономикалық тұрғыдан негізделмеген жағдайда да басқа компаниялармен бірігуге бастамашы болуы мүмкін. Тек акционерлер өздерінің бағалы қағаздарының жеке портфелін әртараптандырар еді.

- **Басқа мүдделі топтардың қатысуы.** Жоғарыда атап өткендей, ұжымдық «тоқаштан» өз үлестерін алғылары келген көптеген мүдделі тұлғалар мен топтар бар. Бұл тұлғалар мен топтардың көбінесе қоғамға ықпал ету мүмкіндігі бар және бұл қарама-қайшылықты мүдделелерді ескермеуге болмайды. Бұдан шығар бір жол – «тоқаштың» көлемін ұлғайту.

- **Жастық шақ.** Көптеген қазақстандық компаниялар әлі жас, бұл ұйымдастыру мен басқаруда қиындықтар туғызады, өйткені бұл үшін білімнің де, тәжірибенің де керегі анық.

Заманауи компанияны басқарудың тәуекелдері

Акционерлік қоғамда туындайтын проблемалар мен қарама-қайшылықтан басқа, тәуекел туралы да айтуға болады, олар тек қана бұл проблемалардың кесірінен ғана болмайды.

- **Менеджерлерге меншік үлестеріне негізделген өтемақы.** Мұндай өтемақы акция мен опцион түрінде беріледі. Алайда әдебиетте тек мұндай өтемақылар шынымен де менеджменттің жұмысының тиімділігін арттырады дегенге анық дәлел жоқ деп көрсетілген. Басқа жағынан алғанда, компанияда иелігінде акциялары жоқ менеджер-меншік иелерінің болуы қоғамдағы билік тепе-тендігін өзгертеді. Анығында, менеджер-меншік иелерінің басқару шешімдерінің қабылдауға күшті ықпал етіп көбірек билікке ие болуы көп жағдайда кездесуде. Оған қоса, меншіктегі үлеске негізделген өтемақы капиталдың шоғырлануын азайтады, сондай-ақ қоғамды басқаруға ықпал етеді.

- **Қызметкерлердің әртараптанбаған портфелі.** Қызметтік міндеттерді атқарумен байланысты емес, денсаулық жағдайы, жасы, жыныс, ұлт және басқа да белгілер бойынша кемсітушілікке Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы кодексінде» тікелей тыйым салынған. Алайда бұл мұндай бөлүшілік шындық күнделікті тіршілікте кездеспейді дегенді білдірмейді. Бұл қоғамға кем дегенде екі жолмен әсер етуі мүмкін. Бірінші, қоғамға пайда әкелуі мүмкін кәсіби мамандар мен мамандардың жетіспеуі, бірақ олар жазылмаған ережелер бойынша оларға жұмыс істеуге тосқауыл қойылды. Екіншіден, мекемедегі ахуалдың бұзылуы, бұның кесірінен қызметкерлердің белгілі-бір тобы қолайсыздыққа тап болып, яғни, олардың еңбек өнімділігі төмендеп, олар мекемеден кетуге мәжбүр болады.

- **Директорлардың шағын кеңестері.** Қазақстанда үш адамнан тұратын директорлар кеңесі жиі кездеседі. Кеңеске жүктелетін жұмыс көлемі өте ауқымды екенімен келісейік, мұндай шағын кеңестің бұл көлеммен жұмыс істеуге шамасы келмейді. Шағын кеңес жеткілікті талдау қуатына иеленбейді. Мұндай кеңестер номиналды болып табылады. Мажоритарлы акционерлер көп болатын капитал

жоғары шоғырланған қоғамдарда, директорлар кеңесін қажет етпеуі де мүмкін, өйткені мұндай акционерлер олардың рөлін өздері орындайды. Дегенмен, мұндай жағдай қоғамдар үшін қауіпті көбейтеді, акционерлер және номиналды директорлар кеңесі кей кездері басқаруға ие бола алмайды.

- **Іс үстіндегі тәуелсіз директорлардың жоқтығы.** Қазақстанның территориясы үлкен, тұрғындар саны аз. Осыған байланысты директорлар кеңесіне шақыратындай деңгейге жеткен кез-келген адам қоғамның акционерлерінің немесе жетекшілерінің бірімен аффилицияланған. Қазақстандағы көптеген ірі компаниялар бұдан шығар жол тауып, олар тәуелсіз директорларды шетелден шақыруда.

- **Компанияларды асыра бағалау. Материалдық емес активтер.** Қазіргі кездегі біздер бастан кешіп отырған дағдарыс көбінесе, компаниялардың нарықтық асыра бағалаушылығынан туындап отыр, оның ішінде материалдық емес активтер есебінен туындаған. Материалдық емес активтерді бағалау қиынға соғады. Олардың бағасы көптеген субъективті факторларға байланысты болатындықтан, ол ауқымды шекарада және шапшаң түрде ауытқуы мүмкін.

Қиындықтарды шешу жолдары және акционерлер үшін қауіптің азаюы.

Келесі әрекеттер жоғарыда келтірілген проблемаларды шешуге және қауіпті азайтуға әкеп соғады деп жорамалдауға болады.

- **Корпоративті басқарудың жаһандық стандарттары.** Ұжымдық басқарудың тәртібінің мерзімі аз болғанына қарамастан, бүкіл әлемде меншіктің бірлесу формасының өмір сүру кезінде жинақталған тәжірибесі айтарлықтай өте көп. Ұжымдық басқарудың біртіндеп дұрыс тәжірибесіне айналып бара жатқан сәтті тәжірибе бар, яғни, бірлесіп басқарудың кейбір стандарттары пайда болып, дамуда. Осындай талаптар мен стандарттар компания үшін биржалардың талаптарында пайда болады, олар листингке, рейтингті компанияларды бірлесіп басқаруды бағалау белгілеріне, түрлі ассоциялардың өздерінің мүшелеріне қойылған талаптарға енуді қалайды. Ұжымдық басқару бойынша талаптар біртіндеп түрлі елдердің заңдарында, оның ішінде қазақстандық заңнамаларда да пайда бола бастайды. Бұл ағымның әсіресе соңғы дағдарысқа байланысты күшейе түсуі мүмкіндігі жоғары.

- **Директорлар кеңесінің жұмысының сапасын бағалау.** Директорлар кеңесінің жұмысын бағалауға тек акционерлердің ғана құқы бар. Шашыраңқы капиталға қарағанда, шоғырланған акционерлік капитал кезінде ірі акционерлерге мұны жүзеге асыру оңайырақ. Бірақ кез-келген жағдайда бағалау әдісі қажет. Мұндай әдістерді қоғамдардың өзі де, бірлесіп басқарудың методикасын дайындауға қатысатын түрлі институттар да дайындайды. Осындай әдістердің бірін Ресей директорлар кеңесі дайындады және қазақстандық қоғамдарда қолдануы әбден мүмкін, өйткені біздің іскерлік мәдениетімізге анағұрлым жақынырақ.

• **Акционерлердің меншігінің өсуін басқа компаниялардағы меншіктің өсуімен салыстыру.** Шындығында да акционер мен инвестор өздерінің капиталдарын қайда құюды таңдауға құқылары бар. Әрине, саналы, білікті инвестор салымның тартымдылығын бағалайды. Бұл компанияның басқару органдарын тиімді жұмысқа ынталандырады.

• **Акционерлердің жиналыстарына қатысу кезінде, ақпаратқа қол жеткізу кезінде акционерлердің белсенділігінің артуы.** Көптеген миноритарлық инвесторлар жалпы жиналыстарға қатысуға бейім емес, өйткені олар жағдайды өзгертуге өздерінің мүмкіндіктеріне сенбейді. Институциялық инвесторлар сондай-ақ, әсіресе капиталдың аз үлесі салынған қоғамдардағы жиналысты елемеулері мүмкін. Бірлесіп басқарудың әдістері мен қатынастары акционерлерді қатысуға, соңғысының басқарудың тиімділігін арттыру үшін компаниямен серіктестікке ынталандыруы тиіс.

Қазақстандағы бірлесіп басқарумен байланысты мәселелер туралы әңгімені қорытындылау есебінде келесі мысалды келтіргіміз келеді. Тиімді басқару бағдарламасы және ICC Business Advisors 2006-жылы Қазақстандағы листингті компаниялар арасында ұжымдық басқару бойынша зерттеу жүргізді, 49 компанияларда сауалдама жүргізіп, тек 11-нен жауап алды. Қатысудың мұндай төмен деңгейі компания туралы ақпарат беруге дайын еместіктерін көрсетеді, бірақ тіпті осындай жағдайда компанияларда қолдану үшін ұжымдық басқару туралы білімнің жетіспеушілігі туралы дерек анықталды. «Сіздің ойыңызша, корпоративті басқару принциптерін енгізу кезінде сіздің компанияңыз қандай қиындықтармен бетпе-бет келеді?» деген сұраққа бұл салада білімнің жетіспеушілігі туралы жауап максималды баллға ие болды.

Әрі қарай рейтинг деңгейінің төмендеуі бойынша жауаптар:

- «қиын сұрақтардан» қашу үшін таңдаулы түрде енгізу,
- Енгізу үшін негіздің жоқтығы,
- Жетекшілер мен акционерлерде қазіргі кездегі жағдайды өзгертуге мықты ынта мен дәлелдерінің жоқтығы,
- Қызметтің басқа да артықшылықтарына қайшы келуі,
- Қызметкерлердің қарсылығы,
- Акционерлердің қарсы болуы.¹⁶

Осы тарауды аяқтай келе, Қазақстанда нақты бір АҚ да корпоративті басқаруды құру негізінде төмендегі қажеттіліктер жатқанын атап өтеміз:

- Заңнама;
- Әлемдік тәжірибеге негізделген бірлесіп басқарудың ең үздік тәжірибесі;
- Ішкі ережелер мен компания саясаты;
- Компанияда ұжымдық басқару мәдениетін құру.

Корпоративті басқарудың тәжірибесін бекіту үшін компания бірнеше құжаттарды дайындап, бекітуде. Оның ішінде:

- Ұжымдық басқару кодексі;

- Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ереже;
- Директорлар кеңесі туралы ереже;
- Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер;
- Қоғамның атқарушы органы туралы ереже;
- Корпоративтік хатшы туралы ереже;
- Ақпараттық саясат туралы ереже;
- Дивидендті саясат туралы ереже;

Әрине, құжаттардың тізімі жоғарыда көрсетілгендермен ғана шектелмейді.

Осылайша, біз ұжымдық басқарудың не екенін, не үшін маңызды екенін, АҚ басқару кезінде қандай қиындықтар мен қауіптер туындайтынын және осы мәселелер мен қауіптерді қалай шешуге болатынын қарастырдық. Қазақстандық компанияларда ұжымдық басқаруды енгізу мен дамыту олардың инвестициялық тартымдылығын арттырады, бұл өз кезегінде тұтас алғанда Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын да арттырады.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Корпоративті басқару дегеніміз не?
2. Корпоративті басқарудың маңыздылығы неде?
3. Корпоративті басқарудың негізінде не жатыр?
4. Корпоративті басқарудың қатысушылары кім?
5. ЭСДМ Корпоративті басқару принциптерін тізіп шығыңыз?
6. Компанияның заманауи басқаруылында қандай қауіп бар?
7. Басқару қауіпін қалай азайтуға болады?

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

¹ А. В. Бухвалов. Ресей менеджмент журналы .Том 3, №3, 2005. С. 81

² La Porta R., Lopes_de_Silanes F., Shleifer A., Vishny R. 2000. Agency problems and dividend policies around the world. Journal of Finance 55 (1): 1–33.

³ А. В. Бухвалов. Ресей менеджмент журналы .Том 3, №3, 2005. С. 82

⁴ Instituting corporate governance in developing, emerging and transitional economies: A handbook. Center for International Private Enterprise. – 2002. – P. 2-3

⁵ Instituting corporate governance in developing, emerging and transitional economies: A handbook. Center for International Private Enterprise. – 2002. – P. 3-4

⁶ Instituting corporate governance in developing, emerging and transitional economies: A handbook. Center for International Private Enterprise. – 2002. – P. 7

⁷ Instituting corporate governance in developing, emerging and transitional economies: A handbook. Center for International Private Enterprise. – 2002. – P. 11

⁸ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.4

⁹ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.29

¹⁰ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.3

¹¹ OECD principles of corporate governance. Organisation for Economic Co-operation and Development. – May 1999. – 25 с.

¹² Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы 14-бап – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.11

¹³ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы 1-бап– Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.4

¹⁴ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы Бап 54, п. 5 тарау – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – С.31

¹⁵ Murphy, K.J. 1999. Executive compensation. In O. Ashenfelter & D. Card (eds.), Handbook of Labor Economics, Vol. 3.

¹⁶ <http://www.corpgov.kz/articles/60>

3-тарау. Акционерлердің құқығы мен міндеттері

Т.Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы

Құқықтық тәуекелдер

бойынша маман (LLM)

«Қаржы секторының әрі қарай даму саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан экономикасының өсуін қамтамасыз етуге, ... отандық кәсіпорындардың транспаренттілігін жоғарылату және акционерлердің құқығын¹ қорғауды көтеру мақсатында есеп берудің стандарттарын енгізуге бағытталған.

Сондай-ақ қаржы мемлекеттік секторындағы саясаттың негізгі міндеттерінің бірі – бірқалыпты және қауіпсіз нарық ретінде отандық экономиканың имиджін көтеру мақсатында инвестиция тарту үшін акционерлердің құқығын қорғау болы табылады. Есеп берудің халықаралық стандарттарын енгізу отандық компаниялардың транспаренттілігін көтеруге көмектеседі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 17 мамырындағы № 1096 «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиялық индустриалды-инновациялық дамуы туралы» Жарлығы. (2010 жылдың 19 наурызындағы №958 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай күшін жойды және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған серпінді индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір күшін жойған жарлықтарын мойындау туралы» Жарлығына ауыстырылды.

Акционерлердің құқығын қорғау, әсіресе, миноритарлық, құнды қағаздар нарығының дамуы үшін өте маңызды. Егер миноритарлық акционер өзін қорғайды деген сенімін жоғалтса, онда ол акциясын сатып жібереді. Капиталды нығайтатын құрылым ретінде акционерлік қоғам идеясының өзі де жоғалады. Акционерлік қоғамның (АҚ) өзі де, еліміздің экономикасы да жапа шегеді.

АҚ акционерлер құқығында заңнама актілерінде көп көңіл бөлінген. Мұның тағы қандай себептері бар? Барлығыңыз рейдерлік туралы естідіңіздер. Акционерлік қоғамдарда көбіне олардың жалданбалы топ-менеджерлері АҚ уәкіл тұлғаларына ықпал

ету мүмкіндігі мен лауазымдық өкілеттілігін пайдалана отырып, «аңқаулықпен байқамай орға түскен» акционерлердің акцияларын алаяқтық жолымен «тартып алады». Осыған байланысты, заңнама АҚ штаттық қызметкерлері құрамынан қоғамның тізілім иеленушілерін алып тастап, АҚ-нан қаржылық нарықты қадағалау (Агенттік) мен реттеп отыру тәуелсіз ҚР Агенттігі бақылайтын тізілім жүргізу жүйесін құрды.

Бірнеше заңнама актілері акционерлердің құқығын көрсетеді. Агенттік акционерлердің құқығын түсіндіріп беретін арнайы «Акционерлердің құқығы туралы қысқаша жаднама» дайындады.

Акционерлердің құқығын қорғау туралы халықаралық келісімдерде де айтылады. Құнды қағаздар нарығында Тәуелсіз Мемлекеттер Ынтымақтастығы мемлекет-қатысушыларының қызметін үйлестіру туралы Конвенцияға (Мәскеу, 1998 ж. 25 қараша) байланысты, мемлекеттер аралалық құнды қағаздар нарығының (10-бап) ақпараттық базасын құруға қажетті мәліметтер тізіміне акционерлер мен инвесторлардың құқығын (атауы, мекен-жайы, телефоны көрсетілген) қорғау мәселесімен айналысатын Жақтардың тізімі қосылады.

Акционерлердің қандай құқықтары бар?

Акционерлердің құқықтары

Акционерлердің жалпы құқығы

Жай ғана акция акционерге дауыс беруге, шығарған барлық мәселелерді шешуде акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру **құқығымен** қатысуға **құқық** береді, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша қоғам таратылған жағдайда мүлкінің жартысы, қоғамның қолында таза кірісі болған жағдайда дивидендтер алуға **құқылы**.

Акционерлердің негізгі құқығы мен міндеттерінің тізімі «акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленеді.

Заңның 13-бабында акционерлер мынаған құқылы деп көрсетеді

- 1) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) дивидендтер алуға;
 - 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
 - 4) қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
 - 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
 - 7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.
2. Сондай-ақ, ірі акционердің құқығы бар:
- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
 - 2) директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

Акционерлердің жоғарыда келтірілген құқығын шектеуге рұқсат етілмейді.

Акционерлер құқығының теңсіздігі Заңға енгізілгеніне көңіл бөле кету керек.

Акционерлердің басқа да құқықтары қоғам жарғысымен қарастырылуы мүмкін. Осы оқиғадан кейін, Заңға енгізілген акционерлер теңсіздігі қоғам жарғысында ірі акционерлер құқығы кеңеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін, сонымен бірге олар миноритарлы акционерлермен салыстырғанда көптеген артықшылыққа ие болуы мүмкін.

Сонымен бірге, жай және айрықша құқықты акциялар иелерінің құқықтары тең емес.

Заңға сәйкес, тек Заң белгілеген ерекше жағдайлардан басқасы болмаса, айрықша құқықты акциялар акционерге қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді,.

Бірақ осындай акционерде мыналар бар:

- акционерлердің күндізгі тәртіппен өтетін жалпы жиналысына қатысуына және олардың қарастыратын мәселелерін талқылауға қатысуына **құқығы** бар;
- айрықша құқықты акциялар иесінің құқығын шектеуі мүмкін шешім қабылданатын мәселелер бойынша қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру **құқығы** бар;

орналастырылған айрықша құқықты акциялар (сатып алынғандарды санамағанда) жалпы санының кем дегенде үштен екісі шектеуге дауыс берген жағдайда ғана осы мәселе бойынша шешім қабылданды деп саналады;

- қоғам акционерлерінің қоғамды тарату немесе қайта құру мәселесі бойынша жалпы жиналысында дауыс беру **құқығы** бар;
- төлеуге белгіленген мерзімнің өткен күнінен бастап үш ай аралығында айрықша құқықты акциялар бойынша үлесі толық төленбеген жағдайда қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беруге **құқығы** бар;

Құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшының шешімімен) немесе акционерлердің жалпы жиналысы үлесі алуға және жарғылық капиталды құрастыруда қатыспаған бір «алтын акциясы» енгізілуі мүмкін.

«Алтын акция» иесі қоғам жарғы анықтаған мәселелер бойынша орындаушы орган мен директорлар кеңесінің, акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне тыйым салуына **құқығы** бар.

«Алтын акциясымен» куәландырылған тыйым салу құқығы беріліске жатпайды.

Акционерлер құқығы туралы мәліметтер, қоғамның айрықша құқықты акцияларымен куәландырылған **құқық** көлемін қосқанда, ең алдымен, коммерциялық құпияға жатпайтын және онымен барлық ынталы тұлғалар танысуына болатынын АҚ жарғысында баяндалуы керек.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 16 қыркүйегіндегі №852 қаулысындағы сонымен қатар, акционерлік қоғамның құрушылары пайдаланатын акционерлік қоғамның типтік жарғысы бекітілді, сондағы құқық бөлімінде былай айтылады:

14. Қоғам акционері мынаған құқылы:

- 1) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- 7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

Типтік жарғы мазмұнында көрсетілгендей, Заңмен салыстырғанда, қосымшалар жоқ. Дегенмен, егер Сіз акционер болуды шешсеңіз, жарғыда акционерлердің құқығы кеңейтілуі мүмкін болатынын ескерсеңіз, Сізге жалпы құқығыңыз және өзіңіздің ерекше құқығыңызды ұғыну үшін жарғының жобасымен немесе тіркелген жарғымен танысуыңыз қажет.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда және басқа да нормативтік-құқықтық актілерде жоғарыда келтірілген құқықтар қалай анықталатынын қарайық.

Делистинг немесе қайта құру, таратылуда пайдалануға және жұмсауға, ие болуға, оның ішінде өз бөлігін алуға, акцияның басым бөлігін алу құқығы.

Қоғамның жай акциясына ие акционер АҚ өз үлесін сақтап қалу үшін және қоғаммен акцияның қосымша эмиссиялауында көптеген жай акциялар мен қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды сатып алуға құқылы, ал қоғамның ерекше артықшылығы бар акцияларын алған акционер, қоғамның ерекше артықшылығы бар акцияларының көп бөлігін сатып алуға құқықты.

Қоғам акционерлерінің құнды қағаздардың көбін сатып алуды іске асыру тәртібі уәкілетті органдармен бекітіледі және құнды қағаздардың көбін сатып алуға акционерлік қоғамның акционерлерінің құқығын іске асыру Ережесі анықтайды, Акционер қоғамның акциясына ауыстырылатын акция немесе құнды қағаздар алу үшін артық сатып алу құқығына сәйкес, қоғаммен акцияны іске асыру туралы хабарландыру жасаған күннен бастап отыз күн ішінде өтінім беруге құқылы.

Көбірек сатып алу құқығына сәйкес қоғамның үлестіретін құнды қағаздарын алуға тиісті акциялар саны жетпеген акционер басқа акционерлермен жалпы меншіктегі құқығында үлестірілетін құнды қағаздарды алуына құқылы;

«Акционерлік қоғамдар туралы» (әрі қарай «Заң») Қазақстан Республикасы Заңының 2003 жылдың 13 мамырындағы №415-ІІ 27-бабында «акционер өзінің шешім қабылдаған күнінен бастап отыз күн ішінде қоғамды қайта құруға құқылы (егер акционер акционерлердің қоғамды қайта құру мәселесі қаралған жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берген жағдайда), немесе қоғам акцияларын делистингтеу туралы сатылым ұйымдастырушыларының шешім қабылдаған күнінен бастап қоғамға жазбаша түрде өзіне тиесілі акцияларды сатып алу талабын ұсынуы керек. Қоғам акционерден көрсетілген арызды алған күннен бастап отыз күн ішінде акцияны сатып алуы міндетті;

Заңның 70 бабында Заңмен және қоғамның жарғысымен бекітілген тәртіп бойынша ірі мәмілелер жасасуға қоғамның шешімімен келіспеушілік болған жағдайда, акционер Заң бекіткен тәртіпте өзіне тиісті акцияларды қоғамнан талап етуіне құқықты;

Егер ірі мәмілелер жасау туралы Заңмен және қоғамның жарғысымен бекітілген қоғамның шешімімен келіспесе, Заңмен белгіленген тәртіп бойынша өзінің акцияларын қоғамның сатып алуын талап етуіне құқылы.

Қоғамның жарғысы мен Заң белгілеп қабылдаған тәртіпте ірі мәмілелер жасауға қоғам шешімімен келіспеген жағдайда, акционер өзінің акцияларын Заңмен белгіленген тәртіпте қоғамның сатып алуын талап етуге құқылы екендігін Заңның 70 бабы анықтайды;

Қазақстан Республикасы Экономика мен бюджетті жоспарлау министрінің 2008 жылдың 2 қыркүйегіндегі №191 «Акционерлік қоғамның акцияны сатып алудағы оның құнын анықтаудың Әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына «Экономикалық зерттеу институты» сатып алуға өтініш жасаған акционерге акцияны сатып алу туралы Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімін қабылдаудан бастап екі жұмыс күні ішінде (7) акционердің талабы бойынша шығарылған акцияны Қоғамның сатып алуына (20) Қоғамның оған тиесілі акцияларын сатып алуы туралы Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі қабылданғаны туралы хабарландыру хаты, акцияны сату-сатып алу келісімін

рәсімдеуге қажетті құжаттар, сонымен қатар, акционер баруға құқылы акционерге жақын облыстың, өңірдің немесе Қоғам филиалының (егер ондай болса), жердің мекен-жайы мен телефоны жіберіледі»;

Акционер мынаған құқылы:

- құнды қағаздардың екінші нарығында өз бетінше және басқа аффилиирленген тұлғалар қоғамның дауыс салынған акцияларының отыз және одан артық пайызын алған тұлғаның ұсынысын қабылдап, олардың сатылуы туралы ұсынысының жарияланғанына отыз күннен аспайтын мерзімде оған акцияларды сату туралы, сонымен қатар, осындай сатып алуға қарсылықты соттың тәртібімен даулап алуға;
- мынадай шешімдерді қабылдаудан бастап отыз күн аралығында қоғамға жазбаша түрде арыз беру арқылы қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алуы туралы талап қоюға;

1) қоғамды қайта құру туралы акционерлердің жалпы жиналысында акционер қатысып және ол жиналыста осы мәселе қаралып және қайта құруға қарсы дауыс берсе;

2) Қоғамның жарғысы және Заңда белгілеген тәртіп бойынша ірі мәмілелер жасалғаны туралы немесе сол мәмілелер жасалуына қоғамның қызығушылығы болған жағдайда, егер акционер осындай шешіммен келіспесе;

3) акционерлердің жалпы жиналысына – осы акционерге тиесілі акция бойынша құқықты шектейтін қоғамның жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы, егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе көрсетілген шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берген жағдайда.

Орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша қоғамның сатып алуы қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен әдістемесімен жүзеге асырылады.

Аталған талап алынған күннен бастап отыз күн ішінде қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны қоғам сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына парапар сатып алынады.

Акционер қоғамның құнды қағаздарын кепілге салуға құқылы. Бұл құқық қоғамның жарғысының ережелерімен шектелмейді немесе жойылмайды. Егер кепіл талаптарында өзгеше көзделмесе, акционердің дауыс беруге және өзі кепілге салған акция бойынша дивидендтер алуға құқығы болады.

Заңның 22-бабында «Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады» деп көрсетілген.

Жалпы жиналысқа қатысу, дауыс беру құқығы, басқа акционерлермен бірігу.

Заңға сәйкес, акционер акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға және қарастырылып отырған мәселе бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Заңның 54-бабында акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы екендігін көрсетеді.

Заңның 41-бабында миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш беру және қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге

ақпарат тарату тәртібі құнды қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

Дивидендтерге құқылы

Заңға сәйкес, акционер қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Заңның 22-бабында қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы қоғам есебінен төленеді деп көрсетіледі.

Заңның 24-бабында дәрежесі биік акциялардың акционер-меншік иесі жай акция акционер-меншік иесі алдында алдын-ала анықталып қойған кепілді көлемде қоғамның жарғысы белгілеген дивиденд алуға және Заңда көрсетілгендей, қоғам таратылғанда мүліктің бір бөлігіне ерекше құқығы болады.

Заңның 22-бабында дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

Осының бәріне қарамастан, акционерлік қоғамдарды бақылаудың нәтижелі жүйесі болмағандықтан, олардың көбінде дивидендтер төлеу жағынан төлем қабілеті болмайды, оның ішінде дәрежесі биік акциялар бойынша. Осыған байланысты, миноритарлық акционерлердің құқығы бұзылады.

Ақпаратқа құқылы

Акционер эмиссиялық құнды қағаздар айналымы және таратылымы, шығару процесінде эмитенттердің ақпаратты ашуын талап етуге, соның ішінде құнды қағаздар иелерінің мүдделеріне тиетін оның қызметіндегі өзгерістер туралы, заңнамада көрсетілген тәртіп бойынша аффилиирленген тұлғалар туралы ақпарат алуға құқылы. (қосымшаны қараңыз) Инвестор мен акционерлер алдында акционерлік қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуға Қысқаша жаднама).

2003 жылғы 2 шілдедегі № 461- II Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңында «Эмитенттің тиісті органы эмиссиялық бағалы қағаздарды инвесторлардың шек қойылмаған тобы арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін эмитент күнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бұқаралық ақпарат құралдарында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарлама жариялауға міндетті. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру туралы хабарда: 2-1) акционерлердің акцияларды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асырудың мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер болуға тиіс» деп көрсетеді. Яғни, акционерлерде БАҚ-нан Қоғамның құнды қағаздар рыногының таралуы туралы оқуына құқығы бар.

Сонымен бірге, акционер **құқылы:**

- қоғамнан өзіне жарғының көшірмесі мен басқа да қоғамның заңмен қарастырылған құжаттарын талап етуге.

Қоғам талап түскеннен кейінгі үш жұмыс күнінің ішінде жарғының көшірмесін беруіне міндетті. Басқа құжаттар қоғамның жарғысында анықталған тәртіпте беріледі, осыған орай, берілетін қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын басқа да ақпараттарға шектеу қойылады.

Қоғам берген құжат көшірмелері үшін акционерден көшірмені дайындауға кеткен шығыннан аспайтын ақы төлетуге құқылы, егер оны жеткізіп берген жағдайда – жеткізген шығынын.

Акционер акционерлердің құқығы мәселесі бойынша түсіндірме және ақпарат алу мақсатында акционерлік қоғамға және өкілетті органға жүгінуге құқылы (Агенттік), ал

даулы сұрақтар туған жағдайда немесе өзінің құқығын қорғау мақсатында - өкілетті орган мен жауапкер - акционерлік қоғамның орналасқан жеріне қаралуға құқылы.

Заңның 46-бабында акционер есеп комиссиясымен өзінің құқықтарын ұғындыруына құқылы деп көрсетеді («Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;»);

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Экономика мен бюджеттік жоспарлау министрінің 2007 жылдың 17 мамырындағы №86 «Мемлекеттің қатысуындағы акционерлік қоғамға арналған корпоративті басқарудың типтік кодексін бекіту туралы» бұйрығында «139. Директорлар кеңесі бекіткен құрамы, құзыреті, Комитет мүшелерінің сайлану тәртібі, Комитет жұмысының тәртібі, сонымен қатар оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелері, ішкі құжаттары Комитеттің барлық қызметтері реттейді». Акционерлер Комитеттің ережелерімен **танысуға құқылы**;

Қазақстан Республикасының Қаржылық рынок пен қаржылық мекемелерді бақылау мен реттеу агенттігі төрағасының 2008 жылдың 29 қаңтарындағы № 05-03-23/636 Хатына сай «Қазақстан Республикасының қаржылық рынок пен қаржылық мекемелерді бақылау мен реттеу агенттігі **ақпаратты** қоғамның тіркеушісінен басқа тіркеушімен таратылуы және миноритарлық акционердің айналым тәртібінің құнды қағаздар иелерінің тізілім жүйесін жүргізу бойынша келісінде көрсету арқылы акционерлік қоғамдардың құнды қағаздар иелерінің тізілім жүйелерін жүргізуінің мамандандырылған қызметін орындайтын мекеменің қызметін АҚ туралы Заңның ережелерінде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізудің қажеттілігіне көңіл бөледі» ;

Ақпараттық саясаттың кез-келген бір АҚ үлгісіне қарап көрейік. Қазақстан Республикасы ақпараттар мен байланыс бойынша агенттігі төрағасының 2004 жылдың 13 қаңтарындағы №7-п « Акционерлік қоғам «Қазпоштаның» жарғысын бекіту туралы» :

7.4. Қоғам акционерлерінің мүддесін қарастыратын Қоғам қызметі туралы ақпаратты өзінің акционерлер мәліметіне жеткізуге міндетті.

7.5. Қоғамның акционерлерінің мүддесін қозғайтын ақпараттар деп саналатындар:

- 1) директорлар Кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер мен қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- 2) Қоғамның бағалы қағаздарын қаржылық мекемелер мен қаржылық рынокты бақылау мен реттеу уәкілетті органының , Қоғамның бағалы қағаздарын өтеудің қорытындысы туралы есеп, Қоғамның бағалы қағаздарын үлестіру қорытындысы туралы есепті қаржылық мекемелер мен қаржылық рынокты бақылау мен реттеу бойынша уәкілетті органмен Қоғаммен акциялар мен бағалы қағаздар шығаруды бекіту;
- 3) Қоғамның ынталығын тудыратын келісімдердің жасалуы және Қоғамның ірі келісім-шарттар жасауы;
- 4) Қоғамның өз капиталы мөлшерінен жиырма бес және одан артық пайыз құрайтын мөлшерде Қоғам қарыз алуға;
- 5) қандай да болмасын қызметтің түрін орындауға қоғаммен бұрынырақта алған лицензиясының қызметін жоюға немесе тоқтатуға, қандай да болмасын қызмет түрлерін орындауға Қоғамның лицензия алуына;
- 6) заңдық тұлға мекемесінде Қоғамның қатысуы;
- 7) Қоғам мүлкін тұтқынға алу;
- 8) Қоғамның активінің баланстық құны жалпы мөлшерінен он немесе одан артық пайызды құрайтын Қоғам мүлкінің төтенше жағдайдың тууының нәтижесінде жойылуы;
- 9) Қоғам мен оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 10) Қоғамның еріксіз қайта құрылуы туралы шешім;
- 11) Қоғамның жарғысына сәйкес, акционерлердің мүддесіне тиетін басқа ақпарат;

7.6. осы Жарғының 7.5 тарауының 1) – 6), 11 тармақшаларында қарастырылған акционердің мүддесіне қозғайтын, Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Қоғам

акционерге, осы Жарғының 7.5 тармағының 7)-10) тармақшасы қарастырғандай, берілген оқиғалар түскеннен 5 күн ішінде кідірместен беруі керек.

7.7. Акционердің талабы бойынша, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандай, құжаттардың көшірмесін 10 күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны сақтау мақсатында, Қоғамның ішкі құжаттарына ақпарат беруге шектеу қойылуы мүмкін.

Өз құқығын қорғауға арналған құқық

Заңның 58-бабында осы акционердің және қоғамның заңды мүддесі мен құқығы бұзылса, қоғамның жарғысы мен осы Заңның талаптары бұзылып қабылдансы, акционер қоғамның директорлар кеңесінің шешімін сотта даулауына **құқылы** деп көрсетеді.

1. Әкімшілік заң бұзушылық туралы 2001 жылдың 30 қаңтарындағы № 155-II Қазақстан Республикасы Кодексінің 194-бабында істерді басқарудағы акционерлердің құқығын бұзған лауазымдық тұлғаларды жазалауды анықтайды: «1.Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, құнды қағаздардың көпшілігін сатып алуға, кіріс бөлігін бөлісу тәртібін (дивидендтерді төлеуге) акционерлік қоғамның лауазымдық тұлғаларының акционерлік қоғамның істерін басқаруда акционердің **құқығын** бұзған жағдайда, сонымен қатар, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуде және шақыру тәртібін бұзған жағдайда – елуден-екі жүзге дейінгі айлық есеп көрсеткішінен айыппұл төлеуге міндеттейді».

2. Облигация бойынша заңнамамен белгіленген сыйақы төлеу тәртібін және (немесе) оны өтеуді эмитенттің лауазымды тұлғаларының бұзуы - елуден екі жүзге дейінгі айлық есеп көрсеткішінен айыппұл төлеуге ұшыратады».

Акционерлердің құқығын шектеу

Акционерлердің құқығын шектеуге болмайды деп жоғарыда айтылды, дегенмен, осы талаптардың ішінде ерекшелік бар, мысалы, Қазақстан Республикасы Заңының 1997 жылғы 20 маусымындағы № 136-I «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы», 42-4 бабы, «Консервация жасалуы басталысымен және оның мерзімінде:

1) эмитенті аталған қор болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің акцияларды пайдалану және оған билік ету бойынша **құқығы** тоқтатыла тұрады;

2) жинақтаушы зейнетақы қорын басқару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің барлық құқықтары, сондай-ақ эмитенті аталған қор болып табылатын акцияларды пайдалану **құқығы** уақытша әкімшілікке (жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша меңгерушісіне) өтеді.

Сонымен бірге, акционерлердің құқығына шектеуге мысал болып Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктар мен банкілік қызметтер туралы» Заңының 65-бабының «Консервация жасалуы басталысымен және оның мерзімінде:

а) осы банк эмитеті болып табылатын акцияларға акционердің иелік ету және пайдалану құқығы тоқтатылады;

б) банк органдарының өкілеттілігі мен оның басшы қызметкерлері жұмыстан қысқартылады;

в) банкті басқарудың барлық өкілеттілігі, сонымен бірге осы банктің эмитенті болып табылатын акционерлердің акцияларды пайдалану құқығы уақытша әкімшілікке ауысады (уақытша басқармаға);

г) уақытша әкімшіліктің жазбаша келісімі мен рұқсатынсыз банк есебімен және оның атынан жасалған барлық келісімдер жарамсыз деп танылады.

2. уақытша әкімшілік (банктің уақытша басқармасы) құқылы:

а) осы Заңның 66-бабы талап ететін банктің қызметі туралы барлық мәселені өз бетінше шешуге;

б) қабылданған депозит бойынша банктің міндеттемелерін тоқтатылған мерзімге қажетті жағдайда толық немесе жартылай тоқтатуға;

в) қажет болса банк қаржысын салуды қарастыратын банктің жасаған шарттарын бұзуға немесе оларға бір жақты тәртіппен төлемін, тарифін және қызмет жасау мерзімін өзгертуді қоса отырып, қосымшалар мен өзгерістер енгізуге;

г) банктің атынан кез келген келісімдер мен құжаттарға қол қоюға;

д) банктің мүддесі мен атынан талап іс беруге;

е) жұмыстан шығару, лауазымын төмендету немесе уақытша лауазымынан шығару туралы бұйрықтарды қоса, банктің қызметкерлері арасында міндеттерді бөлістіру туралы бұйрық шығаруға;

ж) несие алушы мен борышкер сай келуіне орай өзара талаптардың есебін жүргізуге;

з) банктің активтері мен міндеттерін басқа банкке (банктерге) немесе осы Заңның 61-3 және 61-2 бабына сәйкес тұрақтанған банкке өткізуге;

талап бойынша кеміту келісімінен шығатын тоқтатылған мерзімде тұрған банкке

несие алушымен өзара талаптар есебін жүргізуге тыйым салынады, себебі тоқтатылған мерзімде тұрған банкке кеміту келісімінен талабы болады.

Салалар бойынша құқық ерекшеліктері

АҚ қызметінің түрлері бойынша жекелеген акционерлер құқықтарының ерекшеліктері бар. «Инвестициялық қорлар туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі №576-ІІ заңының 14-бабына сәйкес «...акционерлердің жалпы жиналысы қорды қайта ұйымдастыру немесе осы қордың жарғысына немесе акциялар шығару проспектісіне акционердің құқығына қысым жасайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана, акционерлік инвестициялық қордың акционері егер ол осы жалпы жиналысқа қатысса және көрсетілген шешімге қарсы дауыс берсе, өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге **құқылы**.

2. Акционерлік қоғам инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенге дейін осы қордың жарғысында немесе акциялар шығару проспектісінде белгіленген шарттар мен тәртіпте сатып алуға берілген барлық акцияларды сатып алуға міндетті. Акционерлердің акцияларды сатып алу туралы талаптар қою **құқығы** осы өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгеннен кейін тоқтатылады»

Акционерлік қоғамдардың жарғыларында акционерлердің құқығын көрсету

Төменде акционерлердің құқығы тарауында әртүрлі акционерлік қоғамдар жарғыларының бөліктері берілген.

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылдың 26 наурызындағы № 152 «Жабық акционерлік қоғамдағы жарғылық капитал туралы» бұйрығында «Азық-түліктік келісім-шарттық корпорацияда» былай делінеді:

6-бап. Қоғамның акционерлерінің құқығы мен міндеттері

6.1. Акционер құқылы:

1) осы Заңда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға және алынбаған дивидендтерді төлеуді «Акционерлік қоғамдар

туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қоғамның қарыздану мерзімінен тәуелсіз талап етуге;

3) осы жарғы белгілеген тәртіппен қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тізілімді тіркеуші немесе шартты ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік **құқығын** растайтын көшірмелер алуға;

5) қоғамның директорлар кеңесіне сайлауға кандидаттар ұсыну;

6) қоғамның басқару органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау көтеруге;

7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және сауал қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) қоғам таратылған жағдайда қалған мүліктің бір бөлігіне құқығы бар.

Осы бапта көзделген акционерлердің **құқықтары** жеткілікті деп есептелмейді.

Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да **құқықтарды** пайдалана алады.

II. Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру мен байланыс бойынша агенттігі төрағасының 2004 жылдың 13 қаңтарындағы №7-п ««Қазпошта» акционерлік қоғамының Жарғысын бекіту туралы » бұйрығы.

7-бап. Қоғамның акционерлерінің міндеттері мен құқықтары

7.1. Акционер мынаған **құқылы**:

1) Қоғам жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруда қатысуға;

2) Қоғам жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп және талабымен дивидендтерді алуға;

3) осы Жарғы белгілеген тәртіппен қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

Қоғамның құрамына кіретін арнайы байланыс қызметінің тәртіп бөлімшелеріндегі мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге кіру құқығы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен орындалады.

4) қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген тәртіпте оның акциясына айырбасталымдылығы, қоғамның акцияларын немесе басқа да құнды қағаздарының көбін сатып алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Жарғы нормаларын бұзатын қоғамдық органдар әрекетін жетілдіру жағдайында заңды мүдделері мен өздерінің құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға баруға;

7.2. Ірі акционерлер сондай-ақ төмендегілерге **құқылы**:

1) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға Директорлар кеңесінің бас тартқан жағдайында оны шақыру туралы талап іспен сотқа баруына немесе кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды талап етуге;

2) «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді Директорлар кеңесіне

ұсыну;

3) Директорлар Кеңесі жиналысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізуді талап ету.

Акционерлердің осы баптағы қаралған **құқығы** жеткілікті болмайды. Акционерлер осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңына сәйкес басқа да құқықтарын пайдалана алады.

Акционерлік қоғамның міндеттері мен құқықтары

Құқығына қарағанда, акционердің міндеттері өзінің саны жағынан мейлінше аз. Сонымен, Заңның 15-бабына сәйкес:

1. Қоғам акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) тізілімді ұстаушыларға немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;

3) қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе басқа заңмен қорғалатын құпиясы болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

4) Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен және осы Заңға сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

Акционерлердің белгілі бір жағдайда пайда болатын басқа да міндеттері бар. Заңның 25-бабында: «тұлға, өз бетінше немесе өзінің аффилирленген тұлғаларымен қоғамның дауыс беруші отыз және одан да көп пайызын құнды қағаздар нарығында сатып алып, сатып алған күнінен отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында қалған акционерлерге өздеріне тиесілі қоғамның акцияларын сату туралы ұсынысын жариялауға **міндетті**. Осыған орай, ашық компания акционерлерінің ұсынысы корпоративтік веб-сайтта жариялануы керек. Оларды сату туралы ұсыныстың жарияланғанынан бастап отыз күннен аспайтын мерзімде өзіне тиесілі акцияларды сату туралы ұсынысты қабылдауға акционер құқылы. Акционерлерге өздеріне тиесілі акцияларды сату туралы ұсыныста қоғамның дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын сатып алушы тұлға және оның аффилирленген тұлғасы туралы мәліметтер болуы керек, атауы, мекен-жайы (орналасқан жері), өзіне тиесілі акцияның саны, осы Заңның 69-бабының 2 тармағына сәйкес анықталатын акцияны сатып алуға ұсынылатын бағасын қосқанда».

Сатып алу туралы жариялаған тұлға, өзіне тиесілі акцияны сатуға акционерден жазбаша түрде келісім алған күнде, акцияның құнын отыз күн ішінде төлеуге **міндетті**.

Осы тармақта көрсетілген акцияны сатып алу тәртібін бұзған жағдайда, отыз және одан да көп пайыз дауыс беруші акцияларға ие тұлға аффилиирленбеген тұлғаға тиесілі акцияға қоғамның жиырма тоғыз пайыздан асатын дауыс беруші акцияларын алуға **міндетті**.

Заңның 67-бабында «қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын заңдық және жеке тұлғалар өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтің аффилиирленуінің пайда болғанынан бастап жеті күн ішінде қоғамға өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәлімет беруге міндетті».

Егер АҚ қаржылық қызметпен айналысса, акционерлердің міндеттерінің басқа да өзгешеліктері бар. Сонымен, Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы № 126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес, «Көрсетілген талаптарды алған күннен бес жұмыс күні аралығында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен оның акционерлері әр тармақ бойынша орындалу мерзімі мен жауапты лауазымды тұлғасы көрсетілген шара жоспарын уәкілетті органға өңдеп беруге **міндетті**.

Уәкілетті орган шараның жоспарын қолдаған жағдайда, сақтандыру ұйымы мен оның акционерлері оны уәкілетті органға жоспар бойынша белгіленген мерзімде орындалуы туралы хабарлап отырады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымындағы № 136-І «Жинақтаушы зейнетақы қоры» Заңына сәйкес, зейнетақы активтерімен инвестициялық басқаруды жүргізуші ұйым, оның акционерлері әр тармақ бойынша орындалу мерзімі мен жауапты лауазымды тұлғасы көрсетілген шара жоспарын уәкілетті органға өңдеп беруге **міндетті**.

Уәкілетті орган шараның жоспарын қолдаған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерімен инвестициялық басқарманы іске асырушы ұйым мен оның акционерлері уәкілетті органдарға белгіленген мерзімде оның орындалуы туралы мәлімет бере отырып, оны орындауға кіріседі,

зейнетақы активтерімен инвестициялық басқаруды орындайтын жинақтаушы зейнетақы қоры және оның акционерлері оны орындауға кіріседі, уәкілетті органға жоспар бойынша белгіленген мерзімде орындалуы туралы хабарлап отырады .

Әрине, ол банктерге де байланысты, Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банк және банк қызметі туралы» Заңына сәйкес, 45-бап, «Банк және оның акционерлері көрсетілген талаптарды алған күннен бес жұмыс күні аралығында әр тармақ бойынша орындалу мерзімі мен жауапты лауазымды тұлғасы көрсетілген шара жоспарын уәкілетті органға өңдеп беруге **міндетті**.

Уәкілетті орган шараның жоспарын қолдаған жағдайда, сақтандыру ұйымы мен оның акционерлері оны уәкілетті органға жоспар бойынша белгіленген мерзімде орындалуы туралы хабарлап отырады.

Төменде акционерлердің міндеттері бөлігінде әртүрлі акционерлік қоғамның жұмыс жасап жүрген бұйрықтары мен жарғыларының үзіндісі келтірілді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылдың 24 наурызындағы № 152 «жабық акционерлік қоғамның жарғылық капиталы туралы «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы»».

6-бап. Қоғамның акционерлерінің міндеттері мен құқықтары

6.2) Қоғам акционері міндетті:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) тізілімді ұстаушыларға немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе басқа заңмен қорғалатын құпиясы болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.
- 4) Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен және осы Заңға сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

Қоғам мен тіркеуші акционерлердің осы Жарғыдағы көрсетілген 7.2. тармағы 2 тармақшасы белгілеген талаптарын орындамауына жауапкершілік алмайды.

IV. Акционерлік қоғам «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының» Жарғысы

8.2. Жалғыз акционердің міндетті:

- 1) акцияны төлеуге;
- 2) тіркеушіге және жалғыз акционерге тиесілі акцияны шартты ұстаушыға, ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізуге керекті мәліметтердің өзгеруін күнтізбелік он күн ішінде хабарлауға **міндетті**.
- 3) Қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе басқа заңмен қорғалатын құпиясы болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.
- 4) Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен және осы Заңға сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

V. «КазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысы

33. Қоғамның жалғыз акционері міндетті:

- 1) Заңнама мен Жарғы қарастырған тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) тізілімді ұстаушыларға немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;
- 3) қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе басқа заңмен қорғалатын құпиясы болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.
- 4) Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен және осы Заңға сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

Біз АҚ ішкі бес регламенттелуші құжаттарынан үзінді көрсеттік. Әрине, олардың акционерлердің міндеттеріне қатысты айырмашылығы жоқ. Енді бұл түсінікті. Акционерлердің біреуі белгіленген заңнан артық міндеттерді өзіне алғысы келмейтін шығар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес акционерлердің қандай құқықтары бар?
 2. Миноритарлық және ірі акционерлердің құқығында қандай айырмашылық бар?
 3. Жай акцияны иеленуші акционерлер мен артықшылықтары бар акциялардың иелерінің құқығында қандай айырмашылық бар?
 4. Акционер қандай ақпаратқа құқылы?
 5. Қандай жағдайда акционерлердің құқығы шектеулі болады?
 6. Акционерлердің құқығы қайда және қалай белгіленеді?
 7. Акционерлердің міндеттері неден тұрады?
-

Қолданылған әдібиеттер:

1. <http://www.afn.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Заңы 2003 ж. 13 мамыр № 413-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы». 13-бап 2-4 тармақшалар.
3. Қазақстан Республикасының Заңы 2003 ж. 13 мамыр № 413-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы». 13-бап 5-тармақша
4. Қазақстан Республикасының Заңы 2003 ж. 13 мамыр № 413-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы». 9-бап
5. ҚР Қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарығын қадағалау бойынша агенттігі басқарасының қаулысымен бекітілді. 2006 ж. 12 тамыз № 151.
6. <http://www.afn.kz/>

4-тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы

Т. Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы,
Құқықтық тәуекелдер бойынша маман (LLM)

Акционерлердің – дауыс беруші акцияларды иеленушілердің барлығына арнап акционерлік қоғамды басқару ісіне қатысу құқығы, ең алдымен олардың жалпы жиналысқа қатысуы түрінде жүзеге асырылып отырады, мұнда осындай әрбір акция бір дауысты береді (директорлар кеңесін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру жағдайларын санамағанда).¹

Акционерлердің жалпы жиналысы дегеніміз не?

Бұл акционерлерді корпоративтік бақылау мен басқарудың, сірә, негізгі механизмі болып табылатын құралы. Қоғамның иелері дәл осы акционерлер, сол себептен олардың директорлар кеңесі мен атқару органдарынан қоғамның жүргізіп отырған саясаты жайлы толық және шүбәсіз есебіне ие болып отыру мүмкіндігі болуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу қоғамның кем дегенде жылына бір рет акционерлерді өз қызметі, жетістіктері мен жоспарлары туралы хабардар етіп отыруға, олардың қоғам қызметінің аса маңызды мәселелерін талқылап және солар бойынша шешім қабылдап отыруға мүмкіндік береді.²

Акционерлердің жиналысы қоғамның тіршілік әрекеті мен дамуының барлық басты мәселелерін, оның жарғылық капиталын өзгерту мәселелерін шешіп отырады. Жиналыс акционерлік қоғамды басқару органдарын құрып, олардың жұмысының нәтижесін бақылап отырады және осы органдардың құзырлықтарын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Акционерлік қоғам (бұдан әрі мәтін бойынша «АҚ») акционерлерінің Жалпы жиналысы соның жоғарғы органы болып табылады.³

Сонымен қатар корпоративтік қақтығыстар жағдайында қарсыласқан тараптардың негізгі күресу алаңына дәл осы акционерлердің жалпы жиналысы жататынын естен шығармаған жөн. Оның үстіне билік үшін күрес көп жағдайда жиналысты даярлау мен өткізу рәсімдерінің, акционерлердің құқығының бұзылуына әкеп соқтырып отырады.⁴ Дәл сол себептен жалпы жиналыстардың өткізілуі қатаң регламенттелген болуы тиіс. Алайда Қазақстандағы корпоративтік басқару және еліміздің корпоративтік заңдары жаңадан ғана дамып келеді және әлбетте нақтыланып және толықтырылып отыратын болады.

Бұл тарауда акционерлердің жалпы жиналысы деген не, оны ұйымдастыру мен өткізу ісінің Қазақстан заңдарында қалай регламенттелгені жайлы айтылатын болады. Бұл жағдайда акционерлер жиналыстарының іс-жүзінде қалай өткізіліп отыратынын және олардың құқықтары қалай бұзылып отыратынына назар аудармақпыз.

Жалпы жиналыстар келесі түрлерге бөлінеді: құрылтай жиналыс, акционерлердің алғашқы жалпы жиналысы, кейінгі жиналыстар; сондай-ақ жылдық және кезектен тыс.⁵

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңына сәйкес,

Пайдаланылған әдебиеттер:

¹ Компанияны корпоративтік басқару жүйесіндегі корпоративтік хатшы: [Оқ.-әдіст. құрал];

И.В.Беликовтың жалпы редак.; Рес. директорлар институты. – М.: Имперіум Пресс, 2005.- С. 131

² Компанияны ұжымдық басқару жүйесіндегі ұжымдық хатшы. (Оқу-әдістеме – И.В. Беликовтің жалпы редакциясымен) М.Имперіум Пресс. 2005.- С. 129-130

³ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі), Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған, 92-бап

⁴ Компанияны корпоративтік басқару жүйесіндегі корпоративтік хатшы: [Оқ.-әдіст. құрал];

И.В.Беликовтың жалпы редак.; Рес. директорлар институты. – М.: Имперіум Пресс, 2005.- С. 131

⁵ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы, 35-бап

ⁱ жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімді акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшы) не акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беруші акцияларды иеленіп отырған акционер) қабылдайды (11-бап). Жарияланған акциялардың мемлекеттік тіркелуі, сонымен қатар құрылтай жиналысының жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы (жалғыз құрылтайшының шешімінің) не акционерлердің жалпы жиналысының жарияланған акциялар шығарылымының бағыттамасына қатысты өзгертулерді тіркеу туралы хаттамасының (барлық дауыс беруші акцияларды иеленіп отырған акционердің шешімінің) негізінде жүргізіледі.

Акционерлердің алғашқы жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымын толық мемлекеттік тіркеуден өткізіп және акцияларды ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастырудан кейін шақыртылып және өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің жылдық (кезекті) жалпы жиналысы міндетті тәртіппен жыл сайын өткізіліп отырады. Қалған жиналыстар кезектен тыс болып табылады және заңдар мен қоғамның жарғыларында белгіленген жағдайларда өткізіледі.

Миноритарлық акционер үшін кезекті жиналыс көп жағдайда қоғамның қызметі жайлы ақпарат алып отырудың және соның басшылығына қоғамды басқаруға қатысты сауалдар қоюдың жалғыз ғана мүмкіндігі болып табылады. Жалпы жиналысқа қатысу арқылы акционер өзіне тиесілі қоғамды басқару ісіне қатысу құқығын жүзеге асырады.¹ Акционерлердің кезекті жалпы жиналысында әрдайым қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіліп отырады; өткен қаржылық жыл бойынша таза табысты үлестіру тәртібі және қоғамның бір қарапайым акциясына қатысты дивидендіннің көлемі белгіленеді; қоғамның және соның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің

ⁱⁱⁱ Заңдарға қатысты сілтемелер 20.06.2010 ж. қатысты келтірілген

арыздары мен соларды қарастырудың қорытындылары жайлы мәселе қаралады. Акционерлердің кезекті жалпы жиналысы өздері бойынша шешім қабылдау ісі акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған өзге мәселелерді де қарастырып отыруға құқылы.

Өзіндегі дауыс беруші акциялар түгелдей бір ғана акционерге тиесілі болатын қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Осы Заң мен қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған шешімдерді мұндай акционер жалғыз қабылдайды және олар артықшылыққа ие акциялармен куәландырылған құқықтарына нұқсан келтірмейді және шектемейді деген шартпен жазбаша түрде рәсімдеуге жатады. Егер бұл жалғыз акционер заңды тұлға болып отырса, онда акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңдары мен осы заңды тұлғаның жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқылы заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы не қызметкерлері қабылдайды.

Заңнамалық актілерге сәйкес акционерлердің кезекті жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс, алайда оны қоғамның аудитін есептік кезең ішінде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартуға болады.

Акционерлердің жалпы жиналысының қоғамның жоғарғы органы болып табылатындығы оның кез-келген шешімдерді қабылдауға құзырлы деген мағынаны білдірмейді. Жалпы жиналыс өз шешімдерінде заң шеңберінен тыс шыға алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлығы Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілерімен белгіленеді. Сонымен қатар егер мұнысы Заңға қайшы келмесе, қоғамның жарғысына акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлықтарының қосымша тізімі енгізілуі мүмкін.

Мынаған назар аударма кеткіміз келеді: «АҚ туралы» заңының 14 және 15-баптарына сәйкес акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы, алайда солай етуге міндетті емес. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Заңдарды акционерлік қоғамдарда қолдану» Нормативтік қаулысында көрсетілгендей: «Акционердің жалпы жиналысқа қатыспауы оның өз міндеттерін бұзу деп қарастырылмайды. Осы орайда акционерді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АПК) 296-бабының ережелеріне сәйкес қоғамның істеріне ұзақ уақыт қатыспау себебіне орай белгісіз түрде жоқ деп тануға жол берілмейді».

Акционерлердің жалпы жиналысының құзырлықтары

Акционерлердің жалпы жиналысы құзырлықтарының негізгі тізімі Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 36-бабында көрсетілген. Сөйтіп,

«акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлығына келесі мәселелер жатады:

1) қоғамның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу, немесе соның жаңа редакциясын бекіту;

1-1) егер корпоративтік кодексті қабылдау қоғамның жарғысымен ескерілген болса, аталмыш кодексті, сондай-ақ соған арналған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

2) қоғамды ерікті түрде қайта құру не тарату;

3) қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту не қоғамның жайғастырылмаған жарияланған акцияларын өзгерту туралы шешім қабылдау;

3-1) қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;

4) есептеу комиссиясының сандық құрамы мен құзырлықтарының мерзімін белгілеу, соның мүшелерін сайлау және солардың құзырлықтарын мерзімінен бұрын тоқтату;

5) директорлар кеңесінің сандық құрамын, құзырлықтарының мерзімін белгілеу, соның мүшелерін сайлау және солардың құзырлықтарын мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшерін және соны төлеу шарттарын белгілеу;

6) қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекіту». «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 76-бабына сәйкес «Атқарушы орган акционерлердің жалпы жиналысына жыл сайын өзінің аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарына сәйкес жүргізілген былтырғы жылдың қаржылық есебін талқылау мен бекіту үшін ұсынады. Қаржылық есептілікпен қатар атқарушы орган акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті ұсынады. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің кезекті жалпы жиналысы өткізілетін күннен кем дегенде отыз күн бұрын алдын-ала бекітуге жатады. Қоғамның кезекті қаржылық есептілігін ақырғы түрде бекіту акционерлердің кезекті жалпы жиналысында жүргізіледі»;

Бұдан әрі Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 36-бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлығына келесі мәселелер жатады:

«8) қоғамның есептік қаржылық жыл бойынша таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендті төлеу туралы шешім қабылдау және дивидендінің қоғамның бір қарапайым акциясына қатысты өлшемін бекіту;

9) осы Заңның 22-бабының 5-тармағында ескерілген жағдайлар орын алған кезде қоғамның қарапайым және артықшылыққа ие акциялары бойынша дивидендті төлемеу туралы шешім қабылдау;

9-1) қоғам акцияларын ерікті түрде қор биржасынан есептен шығару;

10) қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға не солардың қызметіне жиынтығында қоғамға тиесілі болып отырған активтерің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын бөлігін не бөліктерін тапсыру арқылы қатысуы;

13) қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлау әдісін белгілеу және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жайғастыру туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесіне қатысты өзгертулерді бекіту (әдістемені ол құрылтай жиналысымен бекітілмеген жағдайда бекіту);

15) акционерлердің жалпы жиналысына арналған күн тәртібін бекіту;

16) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, сонымен қатар егер қоғамның жарғысында мұндай тәртіп белгіленген болса, бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;

17) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

18) осы Заң мен қоғамның Жарғысына сәйкес өздері бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған өзге мәселелер». (Алайда бұл ұлттық басқарушы холдингтің жалғыз акционерінің құзырлығын белгілеу кезінде қолданылмайды. Ұлттық басқарушы холдингтің жалғыз акционерінің құзырлығы Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңымен белгіленеді. Сонымен қатар мұның күші агромеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингге тарамайды).

Сонымен қатар, Азаматтық Кодекстің 93-бабына сәйкес (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚР АҚ»), «Акционерлік қоғам акционерлер жиналысының шешімімен қайта құрылып не таратылуы мүмкін».

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес жалпы жиналыс төмендегідей шешімдер қабылдай алады:

- қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау туралы (-бап 1);
- өздерін қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы артынан мақұлдаған жағдайда өз құрылтайшыларына АҚ-ны тіркеу шығындарын өтеп беру туралы (5-бап);

- АҚ жарғысына, сондай-ақ соған қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізуге қол қоятын тұлға туралы (9-бап);

- жарғылық капиталды құруға және дивидендтер алуға қатыспайтын бір «алтын акцияны» енгізу туралы (13-бап);

- акционерлердің қоғамның қызметі жайлы, соның ішінде қаржылық есептілігі жайлы ақпаратты алу тәртібі туралы (14-бап);

- өзі акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған жағдайда қоғамның акцияларын соның жарияланған акциялары саны мөлшерінде жайғастыру туралы (18-бап);

- қоғамның жайғастырылған акцияларының төлемақысы ретінде енгізілген мүлікті пайдалану құқығын келісілген пайдалану мерзімі өткенше алып қою туралы (21-бап);
- артықшылыққа ие акциялар бойынша дивидендтерді санамағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған деген шартпен қоғам акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы (22-бап);
- егер мұндай төлем қоғамның жарғысымен ескерілген болса, тоқсандық не жартыжылдық қорытындылар бойынша қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы. Жалпы жиналыстың тоқсандық не жартыжылдық қорытындылары бойынша қарапайым акциялар бойынша дивиденді төлеу туралы шешімінде бір қарапайым акцияға қатысты дивидендтің көлемі көрсетіледі. Жыл қорытындылары бойынша қоғамның қарапайым акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің кезекті жалпы жиналысымен қабылданады (23-бап);
- қоғамның қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленбейтіні туралы шешімді, соны шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялаумен қабылдау (23-бап);
- қоғам акцияларының қор биржасының есебінен шығуы туралы (27-бап);
- қоғамды қайта құру туралы (27-бап);
- қоғамның жарғысына нақты бір акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарын шектейтін өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы (27-бап);
- директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің не жекелеген мүшелерінің құзырлығын мерзімінен бұрын тоқтату туралы. Директорлар кеңесі мүшесінің құзырлығы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда директорлар кеңесінің жаңа мүшесі жалпы жиналысқа қатысып отырған (өкілін жіберген) акционерлердің кумулятивтік дауыс беруі арқылы сайланады, бұл жағдайда жаңадан сайланған директорлар кеңесі мүшесінің құзырлықтары тұтастай директорлар кеңесі құзырлықтарының мерзімі аяқталған кезде сонымен бір уақытта аяқталады (55-бап);
- лауазымды тұлғаның қоғамға келтірген зиянын не нұқсанын өтеу жайлы сотқа арыздану туралы (63-бап);
- мәмілелерді өзара байланысқан деп тану туралы (68-бап);
- қоғамның жарғысына өздерінің жасаған туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданып отыратын ірі мәмілелердің тізімін, сондай-ақ оларды жасасу тәртібін енгізу туралы (70-бап);
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қоғамды несиегерлермен тарату рәсімін келісе отырып және солардың бақылауымен ерікті тарату туралы (88-бап). (Жинақтаушы зейнетақы қоры жинақтаушы

зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен таратылуы мүмкін, бұл жағдайда құзырлы органның соның қолданыстағы зейнетақылық қамту туралы келісімшарттар және (не) ашық жеке зейнетақы шоттары болмаған жағдайда өзі бекіткен тәртіппен берген рұқсатқағазы болуы тиіс).

Өздері бойынша шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлығына жатқызылған мәселелерді егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгесі ескерілмесе, қоғамның өзге органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзырлығына беруге жол берілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысына АҚ-ның барлық органдары (директорлар кеңесі, атқарушы орган және т.б.) есеп береді. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жарғымен өзгесі белгіленбесе, қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге органдары қабылдаған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

«Егер мәселе бойынша шешім қабылдау Заңмен емес, өзінше осы мәселені шешу ісін директорлар кеңесіне, басқармаға не өзге органдарға тапсыру мүмкіндігі ескерілген жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығына жатқызылған болса, онда құзырлықтарды мұндай тапсыру заңды деп есептеледі. Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жарғыдан өзгесі ескерілмесе, соның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге органдары қабылдаған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы» (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы).

Сонымен қатар жекелеген қызмет түрлерін орындайтын акционерлік қоғам жиналыстарының шешім қабылдауының бірқатар ерекшеліктері бар:

- Мысалы Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» заңына сәйкес «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесінің шешімімен ғана осы баптың 1-тармағын ескерумен мәміле жасасуға болады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғаларына (тұлғаларында) ұсынылған (жайғастырылған) активтерге қатысты талап ету құқықтарынан бас тарту ісі артынша **акционерлердің жалпы жиналысын** хабардар етумен жүргізіледі (15-1-бап), сондай-ақ Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банкілік қызмет туралы» заңына сәйкес: «Банкпен ерекше қатынас арқылы байланысты болып отырған тұлғамен мәміле осы баптың 1-тармағының талаптарын ескерумен тек банктің директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Банкпен ерекше қатынас арқылы байланысты болып отырған тұлғаларға (тұлғаларда) ұсынылған (жайғастырылған) активтерге қатысты талап ету құқықтарынан бас

тарту ісі артынша **акционерлердің жалпы жиналысын** хабардар етумен жүргізіледі (40-бап).

- Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банкілік қызмет туралы» заңына сәйкес: «Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзіне республикалық мемлекеттік меншікті иелену уәкілеттігі берілген Мемлекеттік орган, не ұлттық басқарушы холдинг банктің лауазымды тұлғаларын не қызметкерлерін ауыстыру, банк активтерін оңтайландыру, жарғылық капиталды көбейту туралы және өзге мәселелерді қарастыру үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен ескерілген тәртіппен банк **акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын** шақыртады (17-2-бап).

- Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымындағы № 136-І «Қазақстан Республикасындағы зейнетақылық қамту туралы» заңына сәйкес: «Зейнеткерлік ережелер **акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілетті етілген** жинақтаушы зейнетақы қорының органымен бекітіліп, және уәкілетті органмен келісіледі (29-бап).

- **Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңына сәйкес:** «Үлестік инвестициялық қорды құру туралы шешім, егер соның жарғысында бұл мәселе басқарушы компания **акционерлерінің жалпы жиналысының** айрықша құзырлығына жатқызылмаған болса, сол қордың басқарушы компаниясының директорлар кеңесімен қабылданады» (17-бап).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңына сәйкес, инвестициялық қор үлестерінің шығарылымын мемлекеттік тіркеу ісін уәкілетті орган мыналарға негізделумен жүзеге асырады: өзінің жарғысына сәйкес басқарушы компанияның директорлар кеңесімен не **акционерлерінің жалпы жиналысымен** (барлық дауыс беруші акцияларды иеленіп отырған жалғыз акционермен) қабылданған үлестік инвестициялық қорды құру туралы шешімінің көшірмесіне; өзінің жарғысына сәйкес басқарушы компанияның директорлар кеңесімен не **акционерлерінің жалпы жиналысымен** (барлық дауыс беруші акцияларды иеленіп отырған жалғыз акционермен) бекітілген қор ережелеріне (екі данада) (20-бап).

Акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер, және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат қоғам акционерлерінің мүддесін қозғайтын ақпарат болып табылады, және қоғам бұл ақпаратты өз акционерлерінің назарына міндетті түрде жеткізіп отыруға міндетті. Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімдері сонымен қатар эмитенттің қызметіндегі құнды қағаздарды ұстаушылардың мүддесін қозғайтын өзгертулер болып табылады.²

Құрылтай жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, акционерлердің жалпы жиналыстарының күн

тәртібі мәселелері бойынша материалдар; акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылып отыратын акционерлердің тізімдері; директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары, директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде не соның жарғысымен белгіленген өзге жерде соның бүкіл қызмет ету мерзімі бойы сақтауға жатады.

Жалпы жиналысты өткізу қоғамның көптеген мәмілелерін өткізу үшін басты сәт болып табылады, мысалы, егер сотпен не қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен соны тарату және т.б. туралы шешім қабылданған болса, қоғамның акционерлердің алғашқы жалпы жиналысын өткізбейінше өзінің жайғастырылған акцияларын сатып алуға құқы болмайды. Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңына сәйкес (12-бап), мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін эмитент егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облигацияларды эмитент акционерлерінің жалпы жиналысының алдын-ала қабылданған шешімінсіз шығару мүмкін болмаса, уәкілетті органға акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын (хаттаманың үзінді көшірмесін) және өзінде облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы хабарлама жарияланған бұқаралық ақпарат құралы парағының көшірмесін ұсынуға міндетті. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңына сәйкес (30-бап), құнды қағаздардың қайталама нарығында айналымда жүрген акциялар шығарылымының күшін жою туралы шешімді уәкілетті орган акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының акционерлік қоғамды қайта құруға (осы акционерлік қоғамға өзге заңды тұлғаның қосылуы не осы акционерлік қоғамнан жаңа акционерлік қоғамның шығарылу жағдайларын санамағанда) не оның таратылуына байланысты не ҚР заңдарымен бекітілген өзге жағдайларда акциялар шығарылымының күшін жою туралы шешіміне сәйкес қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау

Жалпы жиналысты әзірлеу және оны өткізу ісіне ерекше қатаң талаптар қойылады. Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 30 қаңтарындағы № 155-ІІ Әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен акционерлердің жалпы жиналысын шақырту мен өткізу тәртібін бұзғаны үшін әкімшіліктік жауапкершілік ескерілген (елуден бастап екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл) - 194-бап; ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітілген акцияларды сатып алу тәртібін бұзғаны үшін, соның ішінде акционерлік қоғамның сол қоғамның жайғастырылған акцияларын соларды сатып алу кезіндегі акциялардың құнын белгілеу әдістемесі болмай

тұрып сатып алуы - елуден бастап жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл төлеуді тудырады (194-1-бап).

Қоғам акционерлері мен директорлар кеңесінің отырыстары мен жиналыстарын дайындау пен оны өткізуді бақылау, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды және қоғамның директорлар кеңесі отырысына арнап материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз ету, соларға қол жеткізуді қамтамасыз етуді бақылауды корпоративтік, яғни ұжымдық хатшы – акционерлік қоғамның соның директорлар кеңесінің не атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, өзін қоғамның директорлар кеңесі тағайындаған және қоғамның директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкер қамтамасыз етеді.³

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен алқалық органдарының отырыстарын шақырту, әзірлеу және өткізу тәртібі АҚ жарғысында белгіленуі тиіс.⁴

Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау

Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі «АҚ туралы» заңының 37-бабында көрсетілген. «1. Акционерлердің кезекті жалпы жиналысы директорлар кеңесімен шақыртылады.

2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы төмендегі тұлғалардың бастамасымен шақыртылады:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

Ерікті таратылу күйіндегі қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамның тарату комиссиясымен шақыртылып, әзірленіп және өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақырту жағдайлары ескерілуі мүмкін.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу ісін төмендегілер жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) өзімен жасалынған келісімшартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы.

4. Акционерлердің жалпы жиналысын шақырту, дайындау мен өткізу шығыны осы Заңмен бекітілген жағдайларды санамағанда, қоғамға жүктеледі».

Акционерлердің кезекті жалпы жиналысы қоғамның органдары Заңмен бекітілген осындай жиналысты шақырту тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның шағым-талабы бойынша, соттың шешіміне негізделумен

шақыртылып және өткізілуі мүмкін. «Соттар тұлғаның қызығушылығы болмау себебіне байланысты өтінішті қабылдаудан бас тартпауы тиіс, ол дауды шын мәнінде шешкен кезде анықталады» (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы).

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы егер қоғамның органдары соттың акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған болса, соттың қоғамның ірі акционерінің шағым-талабы бойынша қабылдаған шешімінің негізінде шақыртылып және өткізілуі мүмкін».

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасымен шақырту мен өткізудің ерекшеліктері «АҚ туралы» заңының 38-бабында берілген: «1. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талап етуі директорлар кеңесіне қоғамның атқарушы органы орналасқан жерге тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады, бұл хабарламада осындай жиналыстың күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысында былай деп белгіленген: егер «Заңмен бекітілген мерзім ішінде директорлар кеңесі ірі акционердің талап етуі бойынша кезектен тыс жалпы жиналысты шақырту туралы шешім қабылдамаған болса, онда кейінгісі сотқа қоғамға осындай міндетті жүктеу туралы өтінішін ұсынуға құқылы (Заңның 38-бабының 6-тармағы). Директорлар кеңесінің ірі акционердің кезектен тыс жалпы жиналысты шақырту туралы талабын орындаудан бас тарту туралы шешімін даулау кезінде сот істі ерекше шағым-талаптық өндіріс тәртібімен қарастырады. Заңды тұлға өз органдары арқылы құқықтарға ие болып және міндеттерді қабылдап отыратындықтан, соттың акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешімін орындау міндеті қоғам жарғысының ережелерін ескерумен соның органдарының біріне жүктелуі мүмкін».

2. Қоғамның директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуімен өткізіліп отырған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің пайымдауларына өзгертулер енгізіп және ұсынылған жиналысты өткізу тәртібін өзгертуге құқы болмайды.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ұсынылған талапқа сәйкес шақыртқан жағдайда директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген сауалдармен толықтыруға құқылы болады.

3. Егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талап ету ірі акционердің (акционерлердің) тарапынан болып отырса, онда осындай жиналысты шақыртуды талап етіп отырған акционердің (акционерлердің) есімдері (атаулары) және соған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талап етуге акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді талап етіп отырған тұлға (тұлғалар) қол қояды.

4. Директорлар кеңесі аталмыш талап етуді алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде және осындай шешімді қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талап етуді ұсынған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы не соны шақыртудан бас тарту туралы қабылдаған шешімі жайлы хабарламаны жіберуге міндетті.

5. Қоғамның директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешімі келесі жағдайларда қабылдануы мүмкін, яғни, егер:

1) осы баппен бекітілген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талап етуді ұсыну тәртібі орындалмаған болса;

2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуге арнап ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сай болмаса.

Қоғамның директорлар кеңесінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы шешімін сотта даулауға болады.

6. Егер осы Заңмен бекітілген мерзім ішінде қоғамның директорлар кеңесі ұсынылған тәртіп бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылданса, соны шақыртуды талап етіп отырған тұлға қоғамды акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу міндетін жүктеуді талап етумен сотқа жүгінуге құқылы».

Егер директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен бекітілген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болып отырған болса, директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелерін жаңадан сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға міндетті болады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері осындай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы ғана шешімді қабылдауға құқылы.

Қоғамның акционері қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне (соның ішінде) сайлауға арнап үміткерлерді ұсынып отыруға құқылы, ал ірі акционер сонымен қатар мынадай құқықтарға ие болады (соның ішінде):

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуды талап етуге не директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудан бас тартқан жағдайда соны шақырту туралы шағым-талаппен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесіне «АҚ туралы» заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға (14-бап).

Жиналысты әзірлеу кезінде ең маңыздысы акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін сауатты түрде әзірлеу. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және сонда дауыс беруге құқылы

акционерлердің тізімін қоғамның тіркеушісі қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің мәліметтеріне негізделумен әзірленеді. Аталмыш тізімді әзірлеу күнін жалпы жиналысты шақырту туралы шешім қабылдаған күннен бұрын белгілеуге болмайды. Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысып және сонда дауыс беруге құқылы болатын акционерлердің тізімін әзірлеп болғаннан кейін, сол тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі қоғамның дауыс беруші акцияларын иеліктен шығарған болса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл жағдайда акцияларға қатысты меншіктену құқығын растайтын құжаттар көрсетілуі тиіс (39-бап). Құрылтай жиналысына қатысқан құрылтайшылардың тізімі, не акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшының) не акционерлердің жалпы жиналысының (барлық дауыс беруші акцияларды иеленіп отырған акционердің) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімінде болуы тиіс.⁵

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі құрастырады және оған талқылауға ұсынылып отырған нақты пайымдалған мәселелердің үзілді-кесілді белгіленген тізімі көрсетілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер не директорлар кеңесі қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы осындай жалпы жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде он бес күн бұрын не заңдарда бекітілген тәртіппен хабардар етілген деген шартпен толықтыруы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға, және солар бойынша шешім қабылдап отыруға құқы болмайды. Күн тәртібі ретінде кең түсінікті сөздерді, соның ішінде «түрлі», «өзгесі», «басқасы» және соларға ұқсас сөздерді қолдануға тыйым салынады.

Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде өзге акционерлермен бірлесу мақсатында қоғамның тіркеушісіне жүгінуге құқы бар. Миноритарлық акционердің жүгінуі мен қоғамның тіркеушісінің ақпаратты өзге акционерлерге тарату тәртібі құнды қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі келісімшартпен белгіленеді.

Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін орны мен күні және соларды хабарлау

«Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 40-бабында былай делінген: жиналысты өткізу күні мен уақыты жиналысқа соған қатысуға құқылы тұлғалардың барынша көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан жеріндегі

елдімекенде өткізіліп отыруы тиіс. Алайда бұл бапта қайсыбір кереғарлық бар. Егер уақыты мен күні олар акционерлер үшін ыңғайлы болатындай етіп белгіленсе, Заңда бекітілген орны миноритарлық акционерлер үшін өте қолайсыз болып шығуы мүмкін, бұл оларды жалпы жиналысқа қатысу мүмкіндігінен айырады. Қазақстан аумағы бойынша үлкен ел. Бұл жағдайда атқарушы органдар көбінесе астаналарда орналасады. Атқарушы орган Алматы не Астанада тіркелген болып, ал миноритарлық акционерлердің басым бөлігі, мысалы Маңғыстауда шоғырлануы мүмкін. Миноритарлық акционерлердің өзінің жиналысқа қатысу және өз мүдделерін қорғау құқығын жүзеге асыру ықтималдығы қандай болмақ. Мажоритарлық акционерлер атқарушы органды миноритарлық акционерлердің жиналысқа қатысуға мүмкіндігі болмайтындай етіп саналы түрде тіркеп отыруы мүмкін. Корпоративтік басқару тұрғысынан алып қарағанда «акционерлердің жалпы жиналысын өткізу орны мен уақытын таңдаған кезде жиналыстың жұмысына акционерлердің түгелдей қатысып отыруына арнап барынша қолайлы жағдай жасап отыруға тырысу керек».⁶

Құрылтай жиналысын (акционерлердің жалпы жиналысын) өткізу орны мен күні эмитенттің атауы мен орналасқан жерімен қоса құрылтай жиналысының (жалғыз құрылтайшының) не акционерлердің жалпы жиналысының (барлық дауыс беруші акцияларды иеленуші акционердің) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімінде көрсетілуі тиіс.⁷

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып не соларға жіберілуі тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционердің санынан аспаса, хабарлама акционердің назарына оған жазбаша хабарландыру жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

Акционерлер алдағы уақытта жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай не аралас дауыс берген жағдайда – кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабардар етіледі.

Соттық даулар кезінде соттар акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің заңды екендігі туралы шешім қабылдау үшін осы тарауда көрсетілген барлық мәліметтерге көңіл аударып отыруы тиіс.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыртудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ бірінші жиналыс өткізілмеген жағдайда өткізілуі тиіс болатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін әзірлеу күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

б) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;

7) егер осы қоғам инвестициялық жекешелендіру қоры болып табылса не инвестициялық жекешелендіру қорын түрлендірудің нәтижесінде құрылған болса - қордың толық атауы және соған берілген лицензияның нөмірі.

Егер инвестициялық қордың Жалпы жиналысы өткізіліп отырған болса, онда Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңына сәйкес акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарландырулар басқарушы компанияға, кастодианға, тіркеушіге, қордың аудиторлық ұйымы мен уәкілетті органға Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы мен акционерлік инвестициялық қордың жарғысына сәйкес бекітілген тәртіппен жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысты материалдар

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша қоғамның атқарушы органы орналасқан жердегі материалдар жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде он күн бұрын акционерлердің танысып шығуы үшін дайын және қол жетімді болуы тиіс, ал акционердің сауалы болған жағдайда оған соның сауалын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін әзірлеу және құжаттарды жеткізу шығынын егер жарғымен өзгесі ескерілмесе, акционер алады. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажет болатындай көлемдегі ақпарат болуы тиіс.

Қоғамның органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы төмендегідей ақпарат берілуі тиіс	Акционерлердің кезекті жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдарға мыналар енгізілуі тиіс:
1) тегі, есімі, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің есімі; 2) білімі жайлы мәліметтер; 2-1) қоғамға қатысты үлесі жайлы мәліметтер; 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер; 4) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат. Акционерлердің жалпы	1) қоғамның жылдық қаржылық есебі; 2) жылдық қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық есеп; 3) директорлар кеңесінің қоғамның өткен қаржылық жыл бойынша таза табысын үлестіру тәртібі мен қоғамның бір қарапайым акциясына қатысты бір жылдағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар; 4) акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға бастамашы

<p>жиналысының күн тәртібіне қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің мүшесін жаңадан сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған үміткердің қай акционердің өкілі болып табылатыны және (не) оның қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатын-табылмайтыны көрсетілуі тиіс.</p>	<p>болған тұлғаның қалауы бойынша өзге құжаттар. Акционерлер («алтын акцияның» иеленушісі) алдағы уақытта жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай не аралас дауыс берген жағдайда – кем дегенде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабардар етілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа соған қатысуға құқылы тұлғалардың барынша көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс. Жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты және жиналысты өткізу уақыты есептеу комиссиясының жиналысқа қатысушыларды тіркеу, солардың санын есептеу және соның кворумының бар-жоғын анықтау үшін жеткілікті болатындай уақытты қамтамасыз етуі тиіс.</p>
---	--

«Қоғамның лауазымды тұлғалары солардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, сонымен қатар адастыратын ақпаратты, не қасақана жалған ақпаратты ұсынудың нәтижесінде арқалаған залалдар үшін және Заңмен бекітілген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қоғам мен акционерлердің алдында жауапкершілікте болады.

Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне негізделумен лауазымды тұлғаның қоғамға келтірген зиянын не залалдарын өтеу туралы соған қатысты шағым-талаппен сотқа жүгінуге құқылы» (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы).

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі «АҚ туралы» заңына, қоғамның жарғысы мен қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарына сәйкес не тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

Жалпы жиналысты өткізу кезеңдері:

1. Есептеу комиссиясын сайлау (бірқатар жағдайларда)

Егер акционерлердің саны жүз не одан артық адамды құрайтын болса, акционерлердің жалпы жиналысының бірінде есептеу комиссиясы сайланады. Акционерлердің жалпы жиналысының есептеу комиссиясының қызметтері қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Есептеу комиссиясы кемінде үш адамнан тұруы тиіс. Есептеу комиссиясына соның алқалық органдарының мүшелері, қоғамның атқарушы органының қызметін жалғыз өзі атқарып отырған тұлға енгізілмейді. Есептеу комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде болмаса, жиналысты өткізу уақытына арнап есептеу комиссиясын қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

Акционерлерінің саны жүзден аз болып келетін қоғамда есептеу комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Акционерлердің алғашқы жалпы жиналысында есептеу комиссиясының қызметін қоғамның тіркеушісі орындайды.

2. Келген акционерлерді (солардың өкілдерін) тіркеу. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың құрамы

Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанша есептеу комиссиясы жалпы жиналысқа қатысу үшін келген тұлғаларды тексеріп және акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді.

Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылып отырған мәселелер бойынша өзі не өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы, алайда кворумды белгілеу кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқы болмайды.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды белгілеу кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқы болмайды.

Қарапайым акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына дауысқа салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысу құқығын береді. Артықшылыққа ие акция, егер қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өзі бойынша қабылданған шешім артықшылыққа ие акцияларды иеленіп отырған акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарастырып отырған болса, акционерге қоғамды басқару құқығын береді. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеу үшін жайғастырылған артықшылыққа ие акциялардың (сатып алынғандарын санамағанда) кемінде үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі; қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта құру не тарату жайлы мәселені қарастырады. Артықшылыққа ие акциялардың меншіктенушісі болып табылатын қоғам акционері көзбе-көз тәртіппен жүргізіліп отырған акционерлердің жалпы

жиналысына қатысуға және сонда қаралып отырған мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Атап айтарлығы, Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-II «Инвестициялық қорлар туралы» заңына сәйкес: «Акционерлік инвестициялық қордың акционері акционерлердің жалпы жиналысы қорды қайта құру туралы не сол қордың жарғысына не акциялары шығарылымының анықтамалығына соның құқығын шектейтін өзгертулер енгізу туралы шешім қабылдап, акционер сол жалпы жиналысқа қатысып және аталмыш шешімді қабылдауға қарсы дауыс берген болса, бұл жағдайда акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды талап етуге құқылы (14-бап). Осылайша, Заңда инвестициялық қор акционерінің егер келешекте оған заң тарапынан қорғау қажет болса, оның өкілінсіз өзінің қатысу қажеттігі белгіленген.

«Акционерлерді тіркеу жиналыстың жұмыс басталған кезде аяқталған деп есептеледі, себебі Заңның 48-бабының 2-тармағына сәйкес келген акционерлерді (солардың өкілдерін) тіркеу жалпы жиналыс ашылғанша жүргізіледі» (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы).

Акционердің акционерлердің жалпы жиналысына сенімді өкілін жіберу арқылы қатысуы

Егер акционер жалпы жиналысқа қатыса алмай не қатысқысы келмей отырса, онда ол оған өз өкілін жібере алады. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхатқа негізделумен әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңдарына не келісімшартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге не соның мүддесін жақтап отыруға құқы бар тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және қарастырылып отырған мәселелер бойынша дауыс беру үшін сенімхат қажет етілмейді. Акционердің өкілі соның акционерлердің жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беру құзырлығын растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс. Қоғам органдарының мүшелерінің, сондай-ақ қоғамның өзге қызметкерлерінің акционерлердің жалпы жиналысында өкіл ретінде сөз сөйлеуге құқы жоқ.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қоғамның жайғастырылған (дауыс беруші) акцияларының жалпы санының он және одан артық пайызын иеленіп, пайдаланып, иелік етіп отырған акционердің ірі қатысушының мәртебесіне не өзге мәртебеге ие болуға келісімін алу көзделіп отырса, онда өздерінің акцияларының жиынтық пакеті қоғам акцияларының он және одан артық пайызын құрайтын ірі акционердің және (не) акционерлердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысында жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша сенімхатта көрсетілген акционердің (акционерлердің) шешіміне сәйкес акционердің (акционерлердің) жазбаша нұсқауы болған жағдайда ғана дауыс беруге құқылы. Акцияларының жиынтық пакеті қоғам акцияларының он

пайызынан аз мөлшерді құрайтын акционердің өкілі, және (не) акцияларының жиынтық пакеті қоғам акцияларының он пайызынан аз мөлшерді құрайтын акционерлердің өкілдері сенімхатта жалпы жиналыстың әрбір мәселесі бойынша шешімді жазбаша түрде көрсетусіз акционердің (акционерлердің) атынан әрекет етіп отыруға құқылы.

Үлестік инвестициялық қордың басқарушы компаниясы өзінің дауыс беруші акциялары сол қор активтерінің құрамына кіретін акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қор үлестерін ұстаушылардың өкілі болып табылады.⁸

Акционерлердің жалпы жиналысына өзге тұлғалардың қатысуы

Егер қоғам жарғысымен не көзбе-көз тәртіппен өткізіліп отырған акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзгесі белгіленбесе, оған шақыртусыз өзге тұлғалар қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы қоғамның жарғысымен не акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңында сонымен қатар былай деп көрсетілген: «акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысына соны басқарушы компанияның, кастодианның, тіркеуші мен аудиторлық ұйымның, сондай-ақ уәкілетті органның өкілдері қатысуға құқылы» (13-бап).

Қаржылық ұйым акционерлерінің жалпы жиналысына солардың қызметін реттеу мен қадағалау мақсатында қатысу үшін уәкілетті орган Жалпы жиналысқа қатысуға арнап өз өкілін жібереді. Өкіл өзіне жүктелген міндетті жүзеге асыру мақсатында банк акционерлерінің жалпы жиналысына акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру және өз пікірін білдіру құқығынсыз бақылаушы ретінде қатысады.⁹

3. Тиісті түрде тіркеуден өткен жиналысқа қатысушыларға материалдарды ұсыну. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды есептеу комиссиясы береді.

4. Акционерлердің жиналыстағы құқықтарын түсіндіру.

Есептеу комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысындағы акционерлердің құқықтарын жүзеге асыру мәселелерін түсіндіреді

5. Арызды ұсыну (бірқатар жағдайларда)

Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы № 126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» заңына сәйкес: «Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционер (банк – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын акционерден басқа) егер осындай акционерлерді

(қатысушыларды) тіркеу туралы ақпарат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында болмай шықса, өзінде соның акционерлерінің (қатысушыларының) осы баптың 4-тармағының бірінші бөлімінің талабын орындағаны туралы көрсетілген арызды ұсынады. Аталмыш арызды ұсынбаған акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға рұқсат етілмейді (21-бап).

Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы № 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банкілік қызмет туралы» заңына сәйкес: «Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционер егер осындай акционерлерді (қатысушыларды) тіркеу елі туралы ақпарат банкте болмай шықса, өзінде соның акционерлерінің (қатысушыларының) осы баптың 5-тармағының бірінші бөлімінің талабын орындағаны туралы көрсетілген арызды ұсынады. Аталмыш арызды ұсынбаған акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға рұқсат етілмейді». (17-бап).

Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 20 маусымындағы № 136-І «Қазақстан Республикасындағы зейнетақылық қамту» заңына сәйкес: «Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционер (банк – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын акционерден басқа) егер осындай акционерлерді (қатысушыларды) тіркеу елі туралы ақпарат зейнетақы жинақтау қорында болмай шықса, өзінде соның акционерлерінің (қатысушыларының) осы баптың 1-1-тармағының екінші бөлімінің талабын орындағаны туралы көрсетілген арызды ұсынады. Аталмыш арызды ұсынбаған акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға рұқсат етілмейді (36-бап).

6. Кворумды белгілеу.

Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу сәтіне қарсы қоғамның дауыс беруші акцияларының жиынтығында елу және одан артық пайызына ие болып отырған, жалпы жиналысқа қатысуға және сонда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер не солардың өкілдері тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарастырып және қабылдап отыруға құқылы. Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетеньдері жіберілген жағдайда аталмыш бюллетеньдермен ұсынылған және қоғамның жалпы жиналысқа қатысушылардың тіркеу сәтінде алған дауыстар кворумды белгілеу кезінде және дауыс берудің қорытындыларын әзірлеу кезінде есепке алынып отырады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру әдісімен өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысында, сонымен қатар жиналыс өткізілетін бүкіл уақыт бойы кворумның бар-жоғын есептеу комиссиясы белгілейді, ол сонымен қатар әрбір мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде кворумның бар-жоғы туралы жариялайды.

Акционерлерге сырттай дауыс беру бюллетеньдері жіберілген жағдайда осы аталмыш бюллетеньдермен ұсынылған дауыстар жалпы жиналысқа қатысушылардың тіркеу сәтіне қарсы кворумды белгілеу мен дауыс берудің қорытындыларын жасау кезінде есепке алынып отырады.

Қоғам сатып алған жайғастырылған акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу кезінде есепке алынбайды және сонда дауыс беруге қатыспайды (Заңның 27-бабының 1-тармағының 2), 3) тармақшалары, 2-тармағы, 28-баптың 2-тармағы).

7. Жалпы жиналыстың ашылуы.

Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысын, акционерлер (солардың өкілдері) түгелдей тіркеліп, хабардар етіліп және олар жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды санамағанда, жарияланған уақыттан бұрын ашуға болмайды.

8. Жалпы жиналыстың төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлау.

Егер қоғамның жарғысында өзгесі ескерілмесе, жалпы жиналыстың төрағасы (президиумы) мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс берген кезде әр акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандар санының қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.

Атқарушы органның мүшелері жиналысқа қатысып отырған акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайды санамағанда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. Төрағаның күн тәртібінің мәселесін талқылауға қатысып отыруға құқылы тұлғалардың сөз сөйлеуіне мұндай сөз сөйлеулер акционерлердің жалпы жиналысының регламентінің бұзылуына әкеп соқтыратын не бұл мәселе бойынша пікірталастар тоқтатылған жағдайларды санамағанда, соларға кедергі келтіруге құқы болмайды. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында соның төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша пікірталастарды тоқтату туралы, сондай-ақ сол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысын дауысқа салуға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шүбәсіздігі үшін жауапкершілікте болады.

9. Дауыс беру әдісін белгілеу – ашық не жасырын түрде (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің қалай өтетінін белгілейді.

10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту. Бекіту жиналысқа қатысып отырған қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының дауыс көпшілігімен жүргізіледі. Көзбе-көз түрде өткізіліп отырған

акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі оларға күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстары жайлы баяндауға міндетті. Күн тәртібіне өзгертулер мен (не) толықтырулар, егер соларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан пайыздан артық бөлігін иеленіп отырған акционерлердің (не солардың өкілдерінің) басым бөлігі дауыс берген болса, енгізіліп отыруы мүмкін. Күн тәртібі егер өзін енгізу үшін жайғастырылған артықшылыққа ие акциялардың (сатып алынғандарын санамағанда) жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берген болса, өзі бойынша шешім қабылдау артықшылыққа ие акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертіп және (не) толықтыруға болмайды.

11. Күн тәртібінің мәселелерін қарастыру, соның әрбір мәселесі бойынша шешім қабылдау.

Акционерлердің жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталу сәтінде соған қатысуға және сонда дауыс беруге құқылы, жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан артық пайызын иеленіп отырған акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер не соларды өкілдері тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарастырып және солар бойынша шешім қабылдап отыруға құқылы.

Жалпы жиналысты өткізу кезінде есептеу комиссиясы әркез кворумның бар-жоғын хабарлап отыруы тиіс, сондай-ақ ол алынған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетеньдердің санын және сондағы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша көрсетілген дауыстарды есептеп отырады; акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды, және дауыс беруді қорытындылайды; акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы әзірлейді; дауыс беру бюллетеньдері мен дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы қоғамның мұрағатына тапсырады. Есептеу комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдерде көрсетілген ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер көзбе-көз және/не сырттай (сырттай дауыс беруді өткізу арқылы) қабылданып отыруы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай пішімдегі дауыс беру бюллетеньдері акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Дауыс беру бюллетені акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысы

өткізілетін күннен кем дегенде қырық бес күн бұрын жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс берген жағдайда акционерлерінің саны бес жүз және одан асатын қоғам жарғымен белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру бюллетенін акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарламамен бірге жариялауы тиіс. Сырттай дауыс беру бюллетенінде мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыртуға бастамашы болған тұлға жайлы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетендерін ұсынудың ақырғы күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн не акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер көрсетілген болса, сайлауға арнап ұсынылып отырған кандидаттардың аты-жөндері;
- 7) өздері бойынша дауыс жүргізіліп отырған мәселелердің пайымдамасы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жақтау» «қарсы», «қалыс қалу» сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібін түсіндіру (бюллетеньді толтыру).
- 10) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер енгізілген болса, сырттай дауыс беру бюллетенінде жекелеген кандидаттарды жақтаумен берілген дауыс санын көрсетуге арналған жолдар болуы тиіс.

Қоғамның жекелеген акционерлерге дауыс беру бюллетеньдерін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижелеріне ықпал ету мақсатында жіберіп отыруға құқы болмайды.

Көпшілік компанияларды санамағанда, қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық не жекелеген мәселелері бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға тыйым салынуы мүмкін.

Егер алдында сырттай дауыс беру бюллетенін жіберген акционер өзінде аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу мен күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс санын есептеу кезінде ескерілмейді.

Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционер – өзінің жеке басын куәландыратын құжат жайлы мәліметтерді көрсетумен жеке тұлға қол қоюы тиіс. Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беру бюллетеніне соның басшысы қол қойып және ол заңды тұлғаның мөрімен бекітілуі тиіс. Акционер – жеке тұлғаның не акционердің – заңды тұлғаның басшысының қолы

қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады. Дауыстарды санау кезінде өздері бойынша акционерлер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін ұстанған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының тек біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 50-бабымен белгіленеді, дәлірек айтқанда: «1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды санамағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен ескерілген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп саны шектелген жағдайды;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс ұсынылған жағдайды.

2. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылған дауыстарды акционер директорлар кеңесінің бір мүшесіне толығымен беріп не директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат тұлғаларға үлестіріп беруі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған деп өздері үшін ең көп дауыс саны берілген кандидаттар танылады.

3. Егер көзбе-көз түрде өткізіліп отырған акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру жасырын түрде жүргізіліп отырған болса, мұндай дауыс берудің бюллетеньдері (бұдан әрі бұл мақалада – көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетеньдері) өзі бойынша дауыс беру жасырын түрде өткізіліп отырған әрбір жеке мәселе бойынша әзірленуі тиіс. Бұл жағдайда көзбе-көз дауыс беру бюллетенінде мыналар көрсетілуі тиіс:

1) мәселенің пайымдамасы не жиналыстың күн тәртібіндегі соның реттік нөмірі;

2) әрбір мәселесі бойынша «жақтау» «қарсы», «қалыс қалу» сөздерімен көрсетілген дауыс беру нұсқалары, не қоғам органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыс саны.

4. Көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетеніне өзінде акционер бюллетеньге қоғамға осы Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талабын ұсыну мақсатында өзі қол қоюды қалаған жағдайларды санамағанда, акционердің қолы қойылмайды.

Көзбе-көз жасырын дауыс беру бюллетеньдері бойынша дауыстарды санау кезінде өздері бойынша дауыс беруші бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін ұстанған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша ғана ескеріледі».

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес (Жалпы бөлімі), 95-бап «3. Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлік қоғамдардың бір-бірінің жарғылық капиталдарында өзара қатысуы әрбір жарғылық капиталдың жиырма бес пайызынан аспауы тиіс. Бір-бірінің шығарылған (төленген) жарғылық капиталына өзара қатысатын акционерлік қоғамдар басқа қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында жиырма бес пайыздан артық дауысты пайдалана алмайды».

Акционерлердің жалпы жиналысының бірқатар шешімдері қоғамның дауыс беруші акцияларының білікті көпшілігімен (инвестициялық жекешелендіру қорын түрлендірудің нәтижесінде құрылған қоғамда – жиналысқа қатысып отырған қоғамның дауыс беруші акцияларының білікті көпшілігімен) қабылданып отырады, бірқатар шешімдер қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады. Мұнысы заңнамалық актілер мен қоғамның жарғысымен белгіленеді. Мысалы, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 73-бабына сәйкес, «2. Қоғамның өзін жасасуға мүдделі болып отырған мәмілені жасасу туралы шешімі келесі жағдайларда акционерлердің жалпы жиналысында соны жасасуға мүдделі емес акционерлердің дауыс көпшілігімен қабылданады, яғни:

- 1) егер директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлға болып отырса;
- 2) директорлар кеңесінің осындай шешімді қабылдау үшін қажет болатын дауыс санының болмай отырғанына байланысты мұндай мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдай алмайтындығына орай.

3. Қоғамның келісім жасасу туралы шешімі егер оның соңында директорлар кеңесінің барлық мүшелері және қарапайым акцияларды иеленіп отырған акционерлердің барлығы мүдделі тұлғалар болып есептелінсе, акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы саны дауыс көпшілігімен қабылданады.

Бұл жағдайда акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдау үшін қажет болатын ақпарат (құжаттарды қосарлаумен) ұсынылады.

4. Қоғамның жарғысында ол өздері келісім жасасуға мүдделі болып отырған мәмілелердің жекелеген түрлерін жасасудың өзгеше тәртібі белгіленуі мүмкін».

Дауыс берудің қорытындылары бойынша есептеу комиссиясы дауыс берудің қорытындысы туралы хаттамаларды әзірлеп және соларға қол қояды. Дауыс берудің қорытындысы өзінің барысында дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады. Акционердің дауыс беруге ұсынылған мәселе бойынша ерекше пікірі орын алған жағдайда есептеу комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

12. Жиналысты жабу.

Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып және солар бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

13. Хаттаманы жүргізу

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген барлық уақыт бойы жалпы жиналыстың хаттамасы жүргізіліп отырады, ол жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде әзірленіп және қол қойылуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында келесі мәселелер көрсетілуі тиіс:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні, уақыты мен орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум) мен хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің дауысқа салынған акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауысқа салынған мәселелер, солар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер;
- 12) жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында директорлар кеңесінің сайланған мүшесінің қай акционердің кім болып табылатыны және (не) директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына төмендегі тұлғалар қол қояды:

1. акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы;
2. акционерлердің жалпы жиналысы президиумының мүшесі
3. акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы;
4. акционерлердің жалпы жиналысының есептеу комиссиясының мүшелері;
5. қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан артық пайызын иеленіп отырған және акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлер.

Осы тұлғалардың қайсыбірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда ол тұлға содан бас тарту себебін түсіндірумен, жазбаша түсініктеме ұсынумен содан бас тартуға құқылы, аталмыш түсініктеме хаттамаға қосарлауға жатады.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның соған қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда хаттамаға соның өкілі кейінгісін берілген сенімхатқа негізделумен қол қояды.

14. Акционерлерді дауыс беру қорытындылары бойынша хабардар ету.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары не сырттай дауыс берудің нәтижелері өздерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы не әр акционерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейінгі он күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі. Акционерлерді дауыс берудің қорытындылары туралы хабардар ету тәртібі қоғамның жарғысымен белгіленеді.

15. Шешімдердің күшіне енуі, шешімдерді орындау ісі акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес сонымен бекітілген мерзімдерде жүргізіледі. Алайда, кейбір жағдайларда өзге мерзімдер белгіленеді, мысалы, Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңына сәйкес, 13-бап, «Акционерлік инвестициялық қор акционерлерінің жалпы жиналысының соның акционерлерінің қор акцияларын сатып алу туралы өтінімдерін ұсынуын тудыратын шешімдері жалпы жиналыс өткізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде күшіне енеді».

Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту, сонымен бірге акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарау уақытын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Өздеріне негізделумен акционерлердің жаңа құқықтары мен/не міндеттері туындап отыратын жалпы жиналыстың ерекше шешімдері де болады, мысалы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдаржы реттеу мен қадағалау агенттігінің 2006 жылдың 12 тамызындағы № 151 «Акционерлік қоғам акционерлерінің құнды қағаздарды басымдылықпен сатып алу құқығын жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» қаулысында көрсетілгендей: қоғамның жалпы жиналысы акцияларды жарияланған акциялары саны шегінде жайғастыру (сату) туралы шешім қабылдаған жағдайда сол жалпы жиналыста акционерлер жайғастырылып отырған акцияларды басымдылықпен сату құқығынан жазбаша бас тарту құжатын ұсына алады».

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы

Егер қайсыбір себептерге байланысты Жалпы жиналыс өткізілмеген болса, онда акционерлердің жалпы жиналысы мерзімінде өткізілмеген жерде акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізіледі, ол акционерлердің бастапқы (өтпеген) жалпы жиналысын өткізу белгіленген күннен кейінгі келесі күнге тура сол күн тәртібімен тағайындалуы мүмкін.

Өтпеген жиналыстың орнына өткізіліп отырған акционерлердің қайталама жалпы жиналысы келесі шарттармен күн тәртібінің мәселелерін қарастырып және солар бойынша шешім қабылдап отыруға құқылы, яғни егер:

1) кворумның болмау себебіне орай өтпеген акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі орындалған болса;

2) соған қатысуға арнап тіркеудің аяқталу сәтіне қарсы жиынтығында қоғамның дауыс беруші акцияларының қырық және одан артық пайызын иеленіп отырған акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (не солардың өкілдері) тіркелген болса.

Акционерлерінің саны он мың және одан асатын қоғамның жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге арнап бұдан аз кворум белгіленуі мүмкін (қоғамның дауыс беруші акцияларының кем дегенде он бес пайызы).

Инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру мен қайта тіркеудің нәтижесінде құрылған қоғамдағы акционерлердің қайталама жалпы жиналысы егер соған қатысуға арнап тіркеудің аяқталу сәтіне қарсы қоғамның дауыс беруші акцияларын иеленіп отырған кем дегенде бес жүз акционер (не солардың өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарастырып және солар бойынша шешім қабылдап отыруға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.

Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы әзірлеу және соған қол қоюдан кейін хаттама өздеріне негізделумен әзірленген көзбе-көз жасырын және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (сонымен қатар жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары дауыс берудің қорытындылары туралы хаттамалармен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығын растайтын сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерін жазбаша түсіндірулермен бірге тігіледі.

Аталмыш құжаттарды атқарушы орган сақтап және олар акционерлерге солардың танысып шығуына арнап кез келген уақытта беріліп отыруы тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

Қазақстанның соттық практикасында акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерімен байланысты көптеген даулар белгілі және осыған орай осы тақырып бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылдың 28 желтоқсанындағы №8 «Акционерлік қоғамдар туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысын мысалы ретінде келтіре кеткен қажет деп санаймыз, мұндай былай делінген: «7. Акционерлердің акционерлік қоғам

органдарының корпоративтік шешімдерге жататын шешімдерін даулау туралы дау-дамайлар ерекше шағым-талаптық өндіріс ретінде ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттармен қаралады.

Акционерлік қоғам органдарының шешімдерін даулау туралы өтініш сотқа арызданушыға соның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны жайлы мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде ұсынылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін даулау туралы өтініштерді қарау кезінде мынаны ескерген жөн: акционердің заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін Заң бұзушылықтарға, өзге нормативтік құқықтық актілерді не жарғыны бұзуға мыналар жатады: акционерге («алтын акция» иегеріне) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күні туралы уақытында хабарламау (хабарламау); акционерге жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша қажетті ақпаратпен (материалдармен) танысып шығу мүмкіндігін ұсынбау; сырттай не көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді уақытында ұсынбау және т.б.

Акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудың заңмен бекітілген императивтік рәсімдерін, сонымен қатар оның алдағы уақытта өткізілетіні туралы хабарлау мен күн тәртібінің материалдарын әзірлеу мерзімдерін және кейінгілерінің қол жетімділігін бұзу Заңның 14-бабымен ескерілген акционерлердің құқықтарын бұзуға әкеп соқтырады, мұнысы акционерлердің жалпы жиналысының шешімін жарамсыз деп тануға негіздеме болуы мүмкін.

АК 178-бабына сәйкес акционерлердің өз құқықтарын қорғау туралы дауларды шешу кезінде талап етудің жалпы мерзімі қолданылады».ⁱⁱ

Қорытынды

Жоғарыда айтылып кеткендей, акционерлердің жиналысын әзірлеу мен өткізу тәртібі акционерлердің, әсіресе миноритарлық акционерлердің құқықтары қорғалуы үшін жеткілікті дәрежеде регламенттелген болуы тиіс. Алайда Заңдар мен регламенттердің орын алуының өзі егер акционерлердің өздері олар жайлы білмесе не акционерлердің жиналыстарына түрлі себептермен қатысқысы келмей отырған болса, акционерлердің құқықтарын қорғауға әкелмеуі де мүмкін. Мысалы, егер тура осы миноритарлық акционерлер жағдайды өзгерте алатынына сенімді болмаса.

Акционерлердің жалпы жиналыстардың қалай өткізіліп отыруы тиіс екендігі жайлы хабардар болу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігі өз сайтында төмендегідей үш жадынаманы жариялады:

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі туралы қысқаша жадынама;

ⁱⁱ үш жыл (автордың ескертуі)

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырлығы туралы қысқаша жадынама;

Акционерлік қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақырту тәртібі туралы қысқаша жадынама.¹⁰

Мұндай жарияланымдар мүдделі акционерлерге өз құқықтарын қорғауға себін тигізуі мүмкін.

Мүдделі емес тұлғаларға қатысты мәселе, сірә, бірде акционерлердің бірі, енді бірде екіншісі қоғамға акционерлердің жалпы жиналысы кезіндегі құқықтарын қорғауға болатынын көрсеткен сайын ұзақ уақыт бойы шешіліп отыратын болар.

Интернетте акционерлердің жалпы жиналыстары туралы ережелер мен солардың хаттамаларын жариялай бастаған кейбір акционерлік қоғамдар мақтауға тұрарлық. Әрине, мұндай жарияланымдар осы қоғамдардағы корпоративтік басқару деңгейінің орташадан жоғары екендігін көрсетеді.

Талқылауға арналған мәселелер:

1. Акционерлердің жалпы жиналысы дегеніміз не?
2. Акционерлердің жалпы жиналысының құзырлығы қандай?
3. Акционерлердің жалпы жиналысы қалай әзірленіп және қалай өткізіледі?
4. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы қай жағдайларда және қалай өткізіледі?

¹ Компанияны корпоративтік басқару жүйесіндегі корпоративтік хатшы: [Оқ.-әдіст. құрал];

И.В.Беликовтың жалпы редак.; Рес. директорлар институты. – М.: Имперіум Пресс, 2005.- С. 130

² Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңы, 102-бап

³ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы

⁴ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы, 9-бап

⁵ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңы, 11-бап

⁶ Компанияны корпоративтік басқару жүйесіндегі корпоративтік хатшы: [Оқ.-әдіст. құрал];

И.В.Беликовтың жалпы редак.; Рес. директорлар институты. – М.: Имперіум Пресс, 2005.- С. 159

⁷ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдесіндегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» заңы, 11-бап

⁸ Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 7 шілдесіндегі № 576-ІІ «Инвестициялық қорлар туралы» заңы, 40-бап

⁹ Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 4 шілдесіндегі № 474-ІІ «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы», 9, 10-1-бап

¹⁰ <http://www.afn.kz/>

5 Тарау. Директорлар кеңесінің жұмысы. Тәуелсіз директорлар.

Г. Шалғымбаева

«GALA Invest Consulting» президенті, э.ф.к.

Тиімді директорлар кеңесі тұтас акционерлік қоғамның тиімді жұмысының маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Бұл тарау осыған арналған.

Акционерлік (АҚ) қоғамды басқарудың әлемдік тәжірибесінде әдетте өзіндік басқарудың құрылымдық (өкілдік) органы (атқарушы органнан құрылым- басқарма, басқарма төрағасы- президент) – директорлар кеңесі (бақылаушы кеңес) болады.

АҚ директорлар кеңесі компанияны стратегиялық басқаруды жүзеге асыратын, менеджментті тиімді бақылайтын және акционерлер алдында жауапты болатын шешуші орган болып табылады.

Ол не үшін қажет? Барлық акционерлерде қоғамды жедел басқару үшін қажетті біліктілік пен уақыт болмайды, бұл көбінесе шығынға, ал кейде қоғамның жабылуына алып келеді. Алайда, соңында, басқарудың тиіс деңгейінде бұл шығындарды болдырмауға, тіпті біршама пайда түсіруге болатыны анықталады.

Өтпелі экономикасы бар елдердегі акционерлік қоғамдарда директорлар кеңесінің рөлі жеткілікті түрде екені анық емес. Мұның себебі меншіктің құрылымы және басты меншік иелерінің арасындағы тығыз байланыс болып табылады – директорлар кеңесінің мүшелері өздері өкіл болып табылатын бірнеше акционерлердің ғана мүдделеріне сай жұмыс істеуге бейім. Осы тұрғыдан алғанда, олардың іс-әрекеті көбінесе директор емес, менеджер қалай өзін ұстау керек дегенге сай келеді.

Бұл тарау директорлар кеңесінің жұмысына арналған. Тарауда біз келесі сұрақтарды қарастырамыз:

- Директорлар кеңесі дегеніміз не?
- Директорлар кеңесінің жұмысын заң қалай қадағалайды?
- Директорлар кеңесінің мүшелерінің сайлануы қалай ұйымдастырылады?
Олардың мүшелеріне қойылатын талаптар?
- Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын қалай ұйымдастыруға болады?
- Тәуелсіз директордың рөлі.


Директорлар кеңесі дегеніміз не?

Директорлар кеңесі өкілді орган болып табылады. Ол акционерлердің мүдделерін білдіреді. Иелік басқарудан бөлінген акционерлік қоғамда мұндай орган керек, өйткені акционерлерде көбінесе іскерлікті басқару үшін қажетті біліктіліктің болмайтындығымен қоса, көптеген акционерлер бірыңғай басқару шешімдерін

қабылдай алмайды, өздерінің құқықтары мен мүдделерін бірыңғай қорғай алмайды. Бұл үшін олар өкілді органға өздерінің өкілдерін сайлайды. Өз кезегінде директорлар кеңесі атқарушы органды сайлайды.

Басқарудың екі деңгейлі жүйесі (иелердің жалпы жиналысы + атқарушы органдар) бірнеше қатысушылары (серіктер) бар иелік етуші субъект үшін ғана тиімді, керісінше жағдайда:

- Шешім қабылдаудың жеделдігі төмендейді. Бес мыңға қарағанда бес акционерді жинау оңайырақ екені түсінікті.
- Кәсіпорынның атқарушы органдарын құру мүмкіндігіне ие бола тұрып, ірі иелердің белгілі-бір топтары компанияны басқарудан миноритарлы иелерді шеттетеді.



Сурет 1. Меншікті бөлу және басқару кезінде коммерциялық компанияларды басқару принциптері (IFC «Бірігіп басқаруға кіріспе: директорлар кеңесі» семинарының материалдарын колдана отырып дайындалған, Алматы, 31.10.2006 ж.)

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналыстарының арасындағы аралықта акционерлік қоғамды басқарудың жоғарғы органы болып табылады. Оған компания жұмысын жалпы басқарудың бөлігі жүктеледі. Ол акционерлердің құқығын қамтамасыз етуде, сонымен қатар, қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүргізуде және оның дамуында маңызды рөл ойнайды. Кеңестің акционерлердің Жалпы жиналысының қаулысын орындау, ағымдағы режимде атқарушы органның жұмысы, менеджменттің жұмысын түзету және тиімсіз жетекшілерді жұмыстан шеттету бойынша міндеттері бар.

Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысында қоғамның қаулысының ережелеріне және қоғамның ішкі нормативті құжаттар, оның ішінде,

акционерлердің Жалпы жиналысы туралы ережелеріне (регламент) сәйкес сайланады. Әлемдік тәжірибеде директорлар кеңесінің негізгі міндеті қоғамның пайда түсімін арттыру және тұрақты қаржы-экономикалық жағдайын қамтамасыз ету, сонымен қатар компанияның атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында стратегиялық саясатты құру.

Қазақстанда экономиканың осы даму деңгейінде директорлар кеңесінің негізгі міндеті менеджменттің жұмысын қадағалау болып табылады. Мұнда стратегияны дайындау міндеті тұрған жоқ: менеджмент ұсынған 3 стратегияны мұқият оқу керек. Оны түзету мүмкін, «шындыққа жанастыруы» мүмкін, қатаңдату мүмкін. Яғни, қайтадан ойлап шығару емес, түзету. Директорлар кеңесінің келесі міндеті – менеджменттің іс-әрекетін бақылау, ол кейде түрлі идеялармен тым әуестенеді, компанияның пайданы арттыру, қаржыландыру және т.б. сияқты қарапайым және түсінікті қаулылық мақсаттары бар екенін ұмытып кетеді.

АҚ директорлар кеңесінің рөлі артуда. Бұл мынаған байланысты:

- Қоғам жұмыс істейтін іскерлік ортаның қиындауы;
- Қоғамның инвестицияларға өсіп келе жатқан қажеттілігі, әсіресе дағдарыс кезінде;
- Дағдарыс кезінде бәсекелестіктің айтарлықтай артатынын есепке алғандағы өсіп келе жатқан бәсекелестік;
- Мүдделі тұлғалардың мүдделерін есепке алу қажеттілігі (акционерлер, менеджерлер және қызметкерлерден басқа).¹

Әрине, директорлар кеңесінің артықшылығы да, кемшілігі де бар. Олар – кеңестің жұмысының субъектіліктің жоғарғы деңгейінде, кеңесті құру және олардың шешім қабылдаған кезінде өздерінің мүдделерін қорғауда миноритарлық акционерлер үшін қиындықтар. Бұған қоса, директорлар кеңесінің шекарасын және компания жекешілігі мен тактикалық және жедел басқаруда тікелей қатысу арасындағы шекарасын анықтауда қиындықтар туады.

Заң директорлар кеңесінің жұмысын қалай қадағалайды?

Директорлар кеңесі қаулының ережелері және қоғамның қызметін білдіретін акционерлердің жалпы жиналысы бекітетін директорлар кеңесі туралы Ереже және бірігіп басқару туралы кодекс, этикалық кодекс және т.б. сияқты қоғамның ішкі нормативті құжаттары негізінде жұмыс істейді. Оларда кеңес мүшелерінің қоғам алдында құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі бекітіледі. Алайда, жоғарыда көрсетілген біріккен нормативті актілер сүйенген негізгі құжат «ҚР Акционерлік қоғам туралы» заңы (ары қарай «Заң») болып табылады.

Заңның 53-бабы директорлар кеңесі заң және қоғамның қаулысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының компетенциясына берілген мәселелерді шешуден басқа, қоғамның қызметіне жалпы жетекшілігін жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің міндетіне келесі мәселелері жатады (егер Заң немесе қоғамның қаулысымен бекітілмесе):

- Қоғамның жұмысының басты бағыттарын анықтау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдау;
- Салым (жүзеге асыру) туралы шешім қабылдау, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шеңберінде салынған (жүзеге асырылған) акциялардың саны, әдісі және оларды салу (жүзеге асыру) бағасы жөнінде шешім қабылдау;
- Салынған акциялар немесе басқа бағалы қағаздарды қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
- Қоғамның облигациялары мен өндірілген бағалы қағаздарды шығару шарттарын анықтау;
- Сандық құрамы, атқарушы органның құзыреттілігінің мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерінің бекітілуі, (атқарушы органның функциясын жалғыз атқаратын тұлғалар), сонымен қатар олардың құзыреттілігінің мерзімінен бұрын аяқталуы;
- Лауазымдық жалақының көлемін анықтау және еңбекті төлем шарттары және жетекшілері мен атқарушы органның (атқарушы органның функциясын жалғыз атқаратын тұлғалар) мүшелеріне үстеме ақы төлеу;
- Сандық құрамды, ішкі аудит қызметінің құзыреттілік мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерінің бекітілуі, сонымен қатар, олардың құзыреттілігінің мерзімінен бұрын аяқталуы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекті төлеу шарттары мен көлемін анықтау және ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне үстеме ақы төлеу;
- Бірлестік хатшысының құзыреттілігінің мерзімін бекіту мен анықтау, құзыреттілігінің мерзімінен бұрын аяқталуы, сонымен қатар жалақы көлемі мен бірлестік хатшысын марапаттау шарттарын анықтау;
- Аудиторлық мекемелердің, сонымен қатар бағалаушының қызметін қоғамның акцияларын төлеуге берген немесе ірі келісім-шарттың заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша төлеу көлемін анықтау;
- Қоғамның ішкі жұмысын қадағалайтын құжаттарды (қоғамның жұмысын ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттардан басқа), оның ішінде аукционды өткізу шарттары мен тәртібін және қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды бекітетін ішкі құжатты бекіту;
- Қоғамның филиалдары мен өкілеттік орындарын ашу мен жабылуы туралы шешім қабылдау және олар туралы ереже бекіту;

– Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан көбірек пайыз акцияларын (қаулы капиталына қатысу үлесі) алу жөнінде шешім қабылдау;

– Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының компетенциясына қатысты акциясының (шартты капиталға қатысу үлесі) он және одан да көп пайызы қоғамға тиселі заңды тұлғаның қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау;

– Қоғамның өзінің капиталының көлемінің он және одан да көбін құрайтын мөлшеріне міндеттеменің артуы;

– Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен келісім-шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау;

– Қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

– Ірі келісім-шартқа және қоғам қызығушылық білдірген келісім-шартқа отыру жөнінде шешім қабылдау;

– Осы заң және қоғамның қаулысымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының компетенциясына қатысы жоқ басқа сұрақтар.

Барлық жоғарыда тізіп көрсетілген сұрақтар атқарушы органның шешімі үшін беруге бомайды. Екінші жағынан, директорлар кеңесі қоғамның қаулысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне берілген сұрақтар бойынша шешім қабылдауға және акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқы жоқ.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау. Кеңес мүшелеріне қойылатын талаптар.

Әлемдік тәжірибеде директорлардың бірнеше классификациялары бар. Біріншіден, бұлар атқарушы (executive) және атқарушы емес (non-executive) директорлар. Атқарушы директор бір уақытта компанияның қызметкері болып табылады, күн сайынғы басқару процесіне тартылған. Қазақстандық Заң бойынша атқарушы директор болып атқарушы органның басшысы бола алады. Бірақ ол директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды. Атқарушы емес директор штатқа кірмейді, дегенмен, әдетте компаниямен маңызды байланыста болады. Сыртқы директор ретінде басты серіктестің өкілі, ірі жеткізуші, сатып алушы, заң кеңесшісі және т.б. бола алады. Кейде «ішкі» (inside) және «сыртқы» (outside) директор деген терминдер қолданылады.

Екіншіден, тәуелсіз директорлар және жай директор деп атап көрсетіледі. Шетел тәжірибесі тәуелсіз директордың біржақты анықтамасын бермейді, ал «тәуелсіз директор» (independent director) деген терминнің өзі барлық елдерде қолданбайды және Солтүстік Америкаға ғана тән. Еуропада, оның ішінде Англияда «атқарушы емес директор» деген түсінік қолданылады, ол «тәуелсіз директорға»

қарағанда анағұрлым кеңірек түсіндіріледі. Қазақстан тәжірибесінде директорлардың үш категориялары бар: атқарушы, атқарушы емес және тәуелсіз. Заң бойынша қазақстандық қоғамдарында тәуелсіз директорлардың үштен бір бөлігінен кем емес болуы керек.



Сурет 2. Қазақстандағы директорлар кеңесінің құрылымы. (IFC «Корпоративті басқаруға кіріспе: директорлар кеңесі» семинарының материалдары негізге алынған, Алматы, 31.10.2006 ж.)

Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысында АҚ ішкі нормативті құжаттары, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Қаулы (Регламент) мен қаулы ережесіне сәйкес сайланады.

Директорлар кеңесінің саны маңызды мәселе болып табылады. Олардың саны үштен кем болмауға тиіс. Егер олар аз болса, олар жалпы алғанда оларда кеңестің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін жеткілікті құзыреттілік жинағы бола ма екен? Егер олар көп болса, пікірдің әртүрлілігінің кесірінен шешім қабылдауда қиындықтар тууы мүмкін. Оған қоса, директорлар кеңесінің отырысын өткізу қиынға соғады, өйткені кеңестің мүшелері әдетте жұмысбасты адамдар. Кеңес отырысында қажетті кворум жиналмау мүмкіндігі туады. Кеңестің санына әсер етеді:

- Компания жұмысының қиындығы;
- Шешімді талап ететін сұрақтардың саны мен қиындығы;
- Акционерлік капиталдың құрылымы (шашыраңқы, шоғырланған);

- Кеңесті қамтамасыз етуге арналған шығындар (марапаттау, көлік шығындары және отырысты өткізу, ұйымдастыру).¹

Заң бойынша директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі белгіленген. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асады. Акционер өзіне тиселі акциялар бойынша дауысты бір үміткерге немесе бірнеше директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер арасында үлестіруге құқылы. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Егер бір немесе одан да көп директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер бірдей дауыс жинаса, онда бұл үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелері бола алады:

- Акционерлер;
- Акционер немесе акционерлердің мүдделерін білдіретін тұлғалар
- Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделерін өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға. Мұндай тұлғалардың саны директорлар кеңесінің елу пайызынан аспауы керек.

Бірқатар шектеулер бар:

- Атқарушы органның мүшелері, оның жетекшісінен басқа директорлар кеңесіне сайлана алмайды;
- Атқарушы органның жетекшісі директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- Директорлар кеңесінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.
- Директорлар кеңесінің санының үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
- Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңымен және қоғамның қаулысымен бекітіледі.

Кеңестің мүшелерін сайлау және атқарушы органның мүшелерін тағайындау процесі тіпті бекіту кумулятивті дауыс беру арқылы өтсе де миноритарлы акционерлердің мүдделерін есептеу қажеттілігін әрдайым ескере бермейді.

Қазақстандағы ортақ анағұрлым тән ағымдардың ішінен атап көрсету қажет:

- кеңестің құрамы көбінесе әлі шектен тыс өкілдігі бар мемлекеттен басқа меншіктің құрылымын білдіреді;

-кеңес басқарушыларды тәуелсіз бақылау функциясын атқарады. Сыртқы тәуелсіз директорларға қатысты заңмен бекітілген талаптар (әлде олар тым шашыраңқы жазылған) жоқ. Формалды түрде сыртқы директорлар бар, алайда олар шынында компания немесе бақылаушы меншік иелерімен байланысты тұлғаларды білдіреді;

¹ Ресей директорлар институтының «Корпоративтік директор» семинарының материалдарынан алынған, сәуір 2003 ж. <http://www.rid.ru/>

- кейбір сыртқы директорлар саяси тұрғыдан сайланады және парламенттік сайлаудан кейін өзгереді;

- директорлар кеңесі төрағасы мен атқарушы директор арасында өспелі бөлінушілік байқалады, алайда бұл бөлінушілік өзінің табиғаты бойынша әлі формалды болып саналады.

- көптеген кеңестерде маманданған комитет жоқ. Оған қоса, кеңестер компанияның, компанияның стратегиясын дайындау және менеджментке тиімді бақылау жасау кезінде көмек көрсете алатын тәуелсіз мамандарға сирек жүгінеді.

Көптеген қазақстандық АҚ директорлар кеңесі формалды түрде құрылған қоғамды басқару орган саналады, заң бойынша да, қаулы бойынша да ол құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын талап

Көбінесе акционерлер директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерді «ол менің досым, және мен оған сенемін» немесе «мен оны басқа компаниядағы жұмысы бойынша білемін» деген принциптерді жетекшілікке ала отырып бекітеді. Мұндай үміткерлер компанияның қызметі саласында компетентті бола бермейді, олар осы саладағы нарық ерекшеліктерін білмейді, ал кейде тіпті ортанқол басшы болады, тіпті кейде қоғамды болашақта нашар қаржы нәтижелеріне алып келеді.

Акционерлері директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға басқаша көзқараспен қарайтын жағдайда директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеуге әсер ететін факторлар:

- Компания стратегиясы;
- Компанияның іскерлігінің масштабы мен қиындығы;
- Компания жұмыс істейтін сала ерекшелігі;
- Компания жұмыс істейтін нарықтардың жағдайы;
- Компанияның даму кезеңдері;
- Компаниядағы директорлар кеңесінің түрлері болып табылады.¹

Директорлар кеңесі туралы ережелердегі директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын білікті талаптарды қарастыра отыра, қоғам компанияны басқаруда біліксіз адамдардың қатысуымен байланысты қауіпті, яғни, қоғамда осындай басқарудың салдары болып табылатын қауіптің тууын азайтады.

Мұндай білікті талаптар:

- Компанияның қызметі саласында жоғары білімнің несесе ғылыми атақтың болуы;

¹ Ресей директорлар институтының «Корпоративтік директор» семинарының материалдарынан алынған, сәуір 2003 ж. <http://www.rid.ru/>

- Осы саладағы жұмыс өтілі белгілі бір жылдан кем болмауы керек;
- Басқару жұмысында тәжірибенің және орта және үлкен еңбек ұжымына жетекшілік етуде тәжірибенің болуы;
- Іскерлік байланыстар.

Директорлар кеңесінің маңызды мінездемесі болып оның жеке репутациясы болып табылады.

Сонымен қатар, олар топта жұмыс істегілері келетін және қолынан келетін адамдар болуы керек. Тек өздеріне ғана құлақ асатын «жұлдыздар» жиналысынан жұмыс кеңесі шыға қоюы екіталай. Маңызды талап іскерлік этикасының принциптерін сақтау болып табылады.

Тағы бір фактор құпиялылықты сақтауға даяр болу. Кеңестің жұмысы – қоғамдық емес орта. Кеңес мүшелерінде де, меншік иелерінде де мысалы үшін кеңес отырысынан кейін құпия ақпарат ашық түрде жарияланбайтынына сенім болуы тиіс. Атап өткіміз келетін соңғы талап – кеңестегі жұмыс үшін жеткілікті уақыттың болуы.

Әрине, жоғарыда келтірілген директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын қасиет пен талаптар тізімі толық емес. Бірақ еске алатын бір жайт, көрсетілген қасиеттерге сай келетін адамды табу айтарлықтай қиын. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер барлығына бір мезетте емес, белгілі бір қасиет жиынтығына ие болуы тиіс.

Тәуелсіз директорлардың сайлауына қатысты айтатын болсақ, отандық бірігу тәжірибесінде қабылданған тәуелсіз директорларға талаптар жалпы әлемдік стандарттарға сай. Жекелей алғанда, 2004-жылы Экономикалық қатынас пен даму мекемесінің мүше елдері қабылдаған «ЭСДМ бірігу басқарудың принциптерінің» VI.E.1B бөлімде директорлар кеңесіне негізгі талаптар бар, оған сүйенсек, барлық директорлар талқыға салынған сұрақтар бойынша **тәуелсіз әділетті талдауларды** білдіруге тиіс. Тәуелсіз директорлардың болуының өзі маңызды болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын қалай ұйымдастыру керек?

Әлемдік тәжірибеде кеңестің функциялары мен өкілеттігі осы салада икемділігін қамтамасыз ету үшін заңнамада толыққанды сипатталмайды. Кеңестің шынында да жұмыс істеу, ықпал етушілігі, тиімділігі оның мүшелері мен компанияның атқарушы органының сапалылығына көбірек тәуелді.

Бәлкім, директорлар кеңесін шартты түрде қоғамды басқаруға тартылу деңгейіне байланысты бірнеше типтерге (1-сурет) бөлуге болады.

Қаулы әдетте, атқарушы орган қабылдаған маңызды іскерлік шешімдер және қысқа және ұзақ-мерзімді іскерлік стратегиясы кеңес арқылы бекітілуі үшін директорлар кеңесінің міндеттерін кеңейтеді.

Кесте 3. Директорлар кеңесінің түрлері

Түрлері	Түрлер сипаттамасы
Қадғалаушы	Кеңес мүшелері акционерлерге адал және акционерлердің меншігі мен құқығын сақтаудың кепілдемесі болады.
Кеңес беруші	Менеджментке мінездеме береді және атқарушы органға қолдау көрсетеді, мажоритарлы акционерлерге кеңес береді.
Бекітуші	Менеджменттің шешімін бекітеді
Басқарушы	Атқарушы органның жедел жұмысына кіріседі. Басқаруда тәжірибесі жоқ менеджерлерге көмектеседі.
Жетекші	Қоғам үшін стратегиялық шешім дайындайды.
Формалды	Сайланған, өйткені Заңның талаптары бар

Директорлар кеңесінің түрлерін және оның белсенділік деңгейін анықтайтын факторлар:

- Кеңес құрамындағы ірі акционерлердің өкілдіктерінің деңгейі;
- Кеңестің атқарушы органының қабілеттілігі мен тәжірибесіне сенімділігі;
- Компанияның жұмысының нәтижелері;
- Компанияның іскерлігінің көлемі мен қиындығы;
- Компания жұмыс істейтін салалар сипаттамасы;
- Компанияның өмір сүру кезеңдері (жұмыстың басталуы, өсуі, саналылық, стагнация және т.б.)
- Ірі ұжымдық оқиғалар (қайта құру, бірігу, жұтылу, ірі келісім-шарт.).ⁱ

Қазақстандық тәжірибеде іс жүзінде жұмыс істейтін директорлар кеңесін де, оның формалды түрін де кездестіруге болады. Көбінесе, мажоритарлы акционер немесе жалғыз акционер АҚ өз беттерінше бсқарады және директорлар кеңесінен қажеттілікті көрмейді. Бірақ заң олардан осындай органның болуын талап етеді. .

ⁱ Ресей директорлар институтының «Корпоративтік директор» семинарының материалдарынан алынған , сәуір 2003 ж. <http://www.rid.ru/>



3 Сурет. Директорлар кеңесінің рөлі

Директорлар кеңесінің отырысы заңның 58-бабы бойынша қадағаланады. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум қоғамның қаулысымен анықталады, бірақ директорлар кеңесінің санының жартысынан кем болмауы керек. Қоғамдық компанияның директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес мөлшерде тәуелсіз директорлар болуы керек.

Директорлар кеңесінің жалпы саны қаулымен анықталған кворумға жетпеген жағдайда директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы отырысын өткізуге міндетті. Қалған директорлар кеңесінің мүшелері осындай акционерлердің кезектен тыс жалпы отырысын өткізуге құқылы.

Директорлар кеңесінің әр мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар кеңесінің шешімі басқа жағдай заңмен және қоғамның қаулысымен қарастырылмаған жағдайда отырысқа қатысқан директорлар кеңесінің мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Қоғамның қаулысы дауыстар тең болған жағдайда директорлар кеңесінің төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғалардың дауысы шешуші болатыны қарастырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның қаулысы және (немесе) қоғамның ішкі құжаттары арқылы директорлар кеңесінің қарауына қойған сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру арқылы директорлар кеңесінің шешім қабылдауының мүмкіндігі және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі қарастырылуы мүмкін.

Іштей тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған директорлар кеңесінің шешімі протоколға енгізіледі, ол отырыс өткізілген үш күн ішінде отырыста төрағалық еткен тұлға мен директорлар кеңесінің хатшысы құрап, қолдарын қоюлары тиіс және келесі мәліметтер болу керек:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың күні, уақыты және өткізілген орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған сұрақтар және олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

Белгілі-бір жағдайда директорлар кеңесі стратегиялық және шешуші функцияларды шеше алатын және қоғамды басқару міндетін Басқарма төрағасымен (Президент, Директор) бірге бөлетін басқарудың өте тиімді органы бола алады.

Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін арттыруға септігін тигізеді:

1. Директорлар кеңесінің құрамына белгілі-бір білікті талапқа сай келетін үміткерлерді сайлау;
2. Қоғамның штаттық кестесіне лауазымға сәйкестік аттестациясынан өткен, директорлар кеңесінің өткізілуі мен жұмысы бойынша ұйымдастырушылық функцияларын атқаратын бірлестік хатшысының лауазымын енгізу;
3. Директорлар кеңесінің мүшелерін олардың өкілеттілігінің мерзімі кезінде материалдық жағынан ынталандыру;
4. Басқарма төрағасының (Президент, Директор), директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы жиналысы жоғары деңгейлі менеджерлердің компетенцияларын нақты бөлуі және олардың бір-бірінен тәуелсіздігі;
5. Директорлар кеңесінің мүшелері арасындағы, сондай-ақ директорлар кеңесі мен жоғары деңгейлі менеджерлер арасындағы даулы жағдайларды толыққанды дайындалған шешу тәртібінің болуы.
6. Кеңестің комитеттерінің жұмысын ұйымдастыру.

Жоғарыда аталып көрсетілген директорлар кеңесінің жұмысын жетілдіру механизмдерін енгізу үшін қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы туралы қаулыны, төмендегі жағдайларды ескеруге тиіс директорлар кеңесі туралы қаулыны бекіту керек:

1. *Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын білікті талаптар (жоғары қара).*

2. *Директорлар кеңесінің отырысын шақыру мен өткізу бойынша корпоративтік хатшының қызметін нақтылау.*

Ұжымдық хатшы - директорлар кеңесінің немесе басқарманың мүшесі болып табылмайтын директорлар кеңесіне есеп беруші қызметкер.

Тәжірибеде директорлар кеңесі кейбір директорлар кеңесінің мүшелері отырыстың өткізілетін жері мен уақыты туралы ескерту алмағаны немесе оларға белгілі-бір шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат берілмегендігіне байланысты өздерінің отырыстарын өткізе алмайтын және қоғамға экономикалық тұрғыдан маңызды шешімдер қабылдай алмайтын жағдайлар жиі туындайды. Бұл директорлар кеңесінің төрағасының директорлар кеңесінің барлық мүшелерін тауып, отырыстың уақыты мен өткізу орны туралы ескертуге әрдайым уақыты бола бермейді, өйткені директорлар кеңесінің кейбір мүшелері басқа мекемелердегі жұмыстары үшін өздерінің тұрақты жұмыс орнында болмаулары мүмкін.

Көбінесе директорлар кеңесінің мүшелерінің бірлесу құқықтары және оны біздің елімізде қолдану тәжірибесі саласында қажетті заңнамалық білімдері жоқ. Бұл кәсіпорынның директорлар кеңесінің отырысын шақырып, өткізу және шешім қабылдау процесінде заң бұзушылыққа әкеп соғады.

Оған қоса, директорлар кеңесінің протоколы заң талаптарын бұза отырып құралған, бұл директорлар кеңесінің шешімдерін дұрыс емес деп мойындауға алып келеді. Бұл құралды рейдерлер жиі ұжымдық шайқас өткізу үшін қолданылады, оның нәтижесінде қоғамды және оның активтерін басқаруда акционерлер (қатысушылар) бақылауынан айырылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды корпоративтік хатшы шешуі керек, оның міндеттеріне мыналар кіреді:

- Директорлар кеңесінің мүшелерінің жүрген жерін бақылау, оларды отырыстың уақыты және өткізу орны туралы ескерту;
- Директорлар кеңесінің мүшелеріне белгілі-бір шешім қабылдау үшін қажетті материалдар мен ақпарат беру;
- Отырыстың өткізілу уақытында күші бар заңға сәйкес директорлар кеңесінің отырысының протоколын жүргізу.

Корпоративтік хатшының осындай құқықтары мен міндеттері ұжымдық хатшы туралы қаулыда, оның лауазымдық нұсқауында, еңбек шартында, АҚ басқа құжаттарында қарастырылуы керек.

Корпоративтік хатшы өз жұмысының шеңберінде акционерлер мен директорлар кеңесінің жалпы жиналыс отырыстарының дайындығы мен өткізілуін қадағалайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындаумен қамтамасыз етеді, оларға қол жетімділігімен қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді.

Корпоративтік хатшы ұжымдық саясат пен ұжымдық процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы акционерлер мен басқарудың басқа органдары арасындағы және акционерлер арасындағы қарым-қатынаста компаниядағы дау-дамай жағдайларын шешуді қамтамасыз етуге тиіс.

Корпоративтік хатшы сәйкес органдардың акционерлердің арыздарын дұрыс қарауларын мен акционерлердің құқықтарының бұзылуымен байланысты дау-дамайдың шешілуін қамтамасыз етеді. Органдардың және бөлімшелердің осындай өтініштерін уақтылы қарауын бақылау Ұжымдық хатшыға жүктеледі.

Тағайындау, Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігінің уақытынан бұрын аяқталуы, сонымен қатар, ұжымдық хатшыны марапаттау шарттары мен лауазымдық жалақысының көлемін анықтау директорлар кеңесінің міндетіне кіреді.

3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалды түрде сыйақы беру тәртібі және мөлшері

Директорлар кеңесінің мүшелеріне материалды түрде сыйақы беру жөнінде шешімді акционерлер қабылдайды, сондықтан қазақстандық тәжірибеде көптеген қоғамдарда директорлар кеңесінің мүшелері мүлдем сыйақы алмайды немесе қоғамның жұмысының нәтижелеріне қарамастан нақты ақша көлемінде алады.

Осындай жағдайда директорлар кеңесінің мүшелерінің қоғамды басқаруға (олар директорлар кеңесінің отырыстарына құр босқа уақыт өткізу деп келмейді, қоғамда пайда болған проблемаларға бойлағылары келмейді, осы проблемалардың алдын-алу бойынша стратегиялы және тактикалық шешім қабылдауға ынталы емес, қоғамның кірісінің арттыруға тырыспайды) ешқандай ынталары жоқ, өйткені олар бұл үшін ештеңе алмайды немесе нақты ақшалай жалақыларын алады және жұмыстың нәтижесіне қарамастан бір тиын да артық алмайды.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, егер директорлар кеңесінің мүшелерінің кіріс деңгейі:

- Директорлар кеңесінің мүшелері қатысқан отырыс санына (директорлардың кеңесі туралы ережеде директорлар кеңесінің отырысының жоспар-кестесін қарастыру керек);
- Белгілі-бір уақыт ішінде қоғамның қол жеткізген кіріс санына;
- Шығынның болмауына;
- Талас тудырған шешімдердің болмауына,

тәуелді болса, онда директорлар кеңесінің мүшелері қоғамды басқаруға, артынан қоғамның пайда түсіруіне материалды қызығушылық пайда болады. Әлемдік тәжірибеде директорлар кеңесінің мүшелерін марапаттаудың көптеген құралдары қолданылады, марапаттауды тұтас алғанда қоғамның немесе жеке

алғанда кеңестің жұмысының нәтижелеріне байланыстырылады. Олардың кейбіреулері мыналар:

- Қоғамның акциясына опцион ұсыну;
- Бекітілген өтемақыға қоса кеңес отырыстарына қатысу үшін, комитеттегі жұмысы үшін қосымша төлем;
- Марапаттауды қоғамның жұмысының іргелі экономикалық көрсеткіштеріне теліп қою- таза кіріске, нарық үлесін кеңейтуге және т.б.
- сақтандыру;
- зейнетақымен қамтамасыз ету.¹

4. Компанияның директорлар кеңесінің мүшелерінің құзыретінің тізімін анықтау.

Отандық заңнама негізінде директорлардың кеңесінің құзыретін қадағалайды, алайда бұл құзыреттің кейбіреуі қаулы арқылы ортақ жиналысқа берілуі мүмкін және керісінше, ортақ жиналыстың кейбір құзыреті қаулы арқылы директорлар кеңесінің шешіміне берілуі мүмкін.

Тәжірибеде қоғамның қаулысында бірдей мәселе бойынша шешім әр түрлі басқару органының міндетіне жатқызылатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл көптеген қоғамдардың тіркеу кезінде негізге типті қаулыны алады да, олардың қызмет шарттары үшін қажетті түрде «өсіре» бастайды, бірақ олар осындай «өсіру» нәтижесінде пайда болатын қарама-қайшылыққа көңіл аудармайды.

Осыдан шығатыны, бірдей шешімді қабылдау акционерлердің жалпы жиналысына да, директорлар кеңесіне де қатыстырылуы мүмкін. Осындай шешімдерді қабылдау қажеттілігі кезінде, белгілі-бір шешімді қабылдау кімнің міндетіне кіретіні жайлы сұрақ туындайды.

Осылайша, қоғамды тиімдірек басқару үшін, АҚ органдарының құзыретін нақты бөлу керек, ол қоғамның өз қаулысында да, директорлар кеңесі туралы ережеде де, қоғамның жалпы жиналыстары туралы ережеде, АҚ басқа құжаттарында көрсетілуі керек.

5. Даулы жағдайды шешу әдістері

Тәжірибеде директорлар кеңесі жақтап және қарсы берген дауыстардың тепе-теңдігінен белгілі-бір шешімді қабылдай алмайтын жағдайлар кездеседі. Бұл сұрақ бойынша заңның императивті нормалары жоқ, тек қоғамның қаулысына сәйкес төрағаның дауыс шешуші маңызға ие болатыны туралы жазылған.

¹ Ресей директорлар институтының «Бірлестік директоры» семинарының материалдары қолданған, сәуір 2003 ж. <http://www.rid.ru/>

Бірдей сұрақтардың шешімі басқарудың түрлі органдарының міндетіне кіруі мүмкін, бұл қоғамның түрлі басқару органдарының құзыреттілік шиеленісіне әкеп соғады.

Директорлар кеңесінің көптеген мүшелері даулы жағдайда директорлар кеңесінің мүшелерінің отырысын әдейі елемеулері мүмкін, осылайша, кворум жоқ деген сылтаумен өткізілуіне кедергі келтіреді, бұл қоғамның қызметінің тоқтауына алып келеді немесе қоғам үшін өте маңызды шешімдердің қабылдануын айтарлықтай қиындатады.

Осылайша, «даулы жағдайды шешу әдістері» деген бөлімде келесіні қарастырған жөн:

- дауыстар тең болған кезде директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешуші дауысы;
- директорлар кеңесінің отырысында үш реттен көп рет кворум болмаған жағдайда, қоғамның директорлар кеңесі қоғамның директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдауға тиіс.

Бұл ережелер қоғамның қаулысында өз бейнесін табу керек.

Даулы жағдайларды жедел әрі сәтті шешу үшін бұл даудың барлық қатысушылары «ойын ережесін» ертерек білгендері жөн.

Қоғамның басқару органдарының құзыретінің дауын шешу туралы ішкі ережені дайындап, бекіткен дұрыс.

Мұндай ережелерде:

- басқару органдарының дауын анықтау;
- даудың маңыздылығының құжатта бекіту рәсімі;
- пайда болған дау туралы ақпарат жинауға құқы бар лауазымды тұлға (ұжымдық хатшыны ұсынамыз);
- дауды шешу үшін ұсыным дайындау бойынша арнайы комиссия құру тәртібі әрі жұмысы;
- пайда болған дауды шешуге өкілеттігі бар қоғамның басқару органы
- даудың барлық қатысушыларының өкілетті органның шешіміне мойынсұнуға міндеттерін бекіту болу керек.

6. Директорлардың кеңесінің комитеттерін ұйымдастыру

Директорлар кеңесінде кеңес пен қоғамның жеке бағыттарымен байланысты сұрақты шешетін комитеттер құрылады. Комитеттер тұрақты болуы мүмкін әрі нақты міндеттер астында пайда болуы мүмкін. Бұл комитеттер:

- Аудит бойынша комитет;
- Стратегия бойынша комитет;
- Тағайындау және марапаттау бойынша комитет;

- Бірлестік дауларын қадағалайтын комитет;
- Қосылу мен бірігу комитеті;
- Қауіпті басқару комитеті;
- Ірі келісім бойынша комитет;
- Инвесторлармен және қоғаммен байланыс комитеті ;ⁱ
- Экология, еңбек қауіпсіздігі және денсаулық комитеті;
- Этика бойынша комитет;
- Ұжымдық басқару комитеті.

Анықтамалар, қандай комитетті құру жөнінде, олар қалай жұмыс істеу керектігі, комитет туралы ережелерді құрау директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігін айтарлықтай жақсартады. Бірлесіп басқарудың принциптері аудит, тағайындау, марапаттау бойынша да комитет құруды ұсынады.

Қазақстанда келесі комитеттерді құру мысалдары бар:

- Аудит бойынша комитет;
- Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті;
- Тағайындау мен марапаттау бойынша комитет
- Тәуекел комитеті;
- Ұжымдық басқару комитеті;
- Несиелік комитет.ⁱⁱ

Қазіргі экономикалық жағдайда директорлар кеңесіне бақылау мәселесі көбінесе келесідей шешіледі. Басты төреші нарық болып есептелінеді – егер компания ешқандай нәтиже көрсетпесе, ал басқару дұрыс ұйымдастырылмаса, нарық компанияны оның бағасын төмендету арқылы жазалайды. Директорлар кеңесінің мүшелерінің беделі мұндай жағдайда зардап шегетіні хақ: болашақта олар өкздерінің жұмыстары арқылы белгілі-бір компанияның бағасын көтергенін көрсете алмайды.

Директорлар кеңесінің әр мүшесі, әдетте бір акционерді немесе акционерлердің топтарын білдіреді, олардың өзіндік күн тәртібі болуы мүмкін. Ондай директорға қандай қадам жасау керектігі жөнінде «бұйрық» беріледі. Акционердің өзі ұсынған директорлар кеңесінің мүшесі оның мүддесін қалай қорғайтынына, оның қалауына сәйкес қанша шешім қабылдағанына қатысты пікір бақылаушы фактор болып табылады. Директорлар кеңесінің мүшелерінің сәттілігінің немесе сәтсіздігінің үшінші маңызды көрсеткіші олар мен менеджмент арасында тұрақты даудың болмауымен байланысты. Тұрақты түрде шайқас ашпай, конструктивті түрде

ⁱ Ресей директорлар институтының «Бірлестік директоры» семинарның материалдарынан алынған, сәуір 2003 ж. <http://www.rid.ru/>

ⁱⁱ IFC «Бірлесіп басқаруға кіріспе: директорлар кеңесі» семинарының материалдарынан алынған, Алматы, 31.10.2006 ж.

компанияны дамыту қабілеті өте маңызды. Нарық компанияда айқын немесе латентті дау бар-жоғы туралы мұқият қадағалайды.

Директорлар кеңесі мен оның мүшелерінің жұмысының тиімділігін жиі бағалап отырған жөн. Баға бере алатын жалғыз адамдар-акционерлер. Бірақ әдістемелік тұрғысынан қалай баға беруді жүргізуге болады? Ұсынымдар көп емес. Бізге Қазақстанда директорлар кеңесі бағалау әдістемесін дайындамағаны мәлім. Ресей директорлар институты ¹ осындай әдістемені дайындады. Ол өзін-өзі бағалау мен кеңес мүшелерінің өзара бағалауына негізделген.

Заң қоғамдық және басқа да қоғамдарда (қоғамның ішкі құжаты қарастырылған қоғамдық және басқа да сұрақтар бойынша кадрлардың стратегиялық жоспарлау және ішкі аудитті марапаттау) директорлар кеңесінің комитеттерін құру бойынша талаптарды бекітеді. Директорлардың кеңес комитеттері нақты бір комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар директорлар кеңесінің мүшелері мен мамандардан тұрады. Директорлар кеңесінің жұмысы мен құру тәртібі, сонымен қатар, сандық құрамы директорлар кеңесі бекіткен қоғамның ішкі құжаты арқылы бекітіледі.

Тәуелсіз директорлар және оның рөлі

Тәуелсіз директор - мемлекетке, компанияның менеджментіне және компанияның ірі акционеріне тәуелді емес, компанияның директорлар кеңесінің мүшесі.

Тәуелсіз директордың позициясы алғаш рет жиырмасыншы ғасырдың 80-90 жылдарында Ұлыбритания мен АҚШ-та мысал үшін газет магнаты Роберт Максвел сияқты әйгілі корпорациялардың дау-дамай туғызған бірнеше тоқыраулардан кейін пайда болды. Қаржылық бақытсыздықтың орын алу себебі менеджменттің бұрыс әрекеттері мен директорлар кеңесінің мүшелерінің сыбайлас жемқорлығы. Ірі инвесторлар - тұрғындардың ақшаларын тартқан пайлық, инвестициялық, трастолық және басқа да қорлар мен компаниялар компанияның басты бақылаушы органына тәуелсіз директорларды енгізуді ұсынды. Олардың міндет шеңберіне ДК шешімдерінің тұрақты сыртқы мониторингтау және оларды орындау және акционерлердің барлық топтарының мүдделерін сақтау кірді. АҚШ та қаржы дауының соңғы толқыны басталғаннан кейін директорлар кеңесі арасында тәуелсіз директорлар жартысынан аз болмау керек-бұл міндетті талап болды. Бұл стандартты орындамайтын компанияны қаржы қорындағы операцияларға кіргізбеуге болушы еді. Шыны керек, бұл ережелер Enron-ды шулы жабылудан және менеджменттің өз қызметін асыра пайдаланғанынан құтқара алмады.

Тәуелсіз директорлардың кезеңі

¹ <http://www.rid.ru/>

«Тәуелсіз» директорларды енгізуге объективті қажеттілік ағылшын-американдық тәжірибеде «меншіктік» және «басқару» түсініктерінің бөлінуімен байланысты пайда болды. Ағылшын-американдық моделдегі тәуелсіз директор – көптеген миноритарлық акционерлер мен қоғамды менеджменттен қорғаудың ерекше құралы болып табылады.

Ішкі директорларға(inside directors) қарама-қайшылық тудыруға тиіс сыртқы тәуелсіз директорлардың рөлі (outside directors) өтпелі экономикада нашар түсіндіріледі. Жақсы жағдайда сыртқы директорлар корпорацияның «сыртқы кебетін» қамтамасыз етуге шақырылады. Бұл өте қиын мәселе болып табылады, өйткені кеңестің тәуелсіздігі меншіктік шоғырланған компаниялар үшін өте маңызды, өтпелі экономикасы бар елдерге тән.

Ресейде тәуелсіз директорлардың рөлі алғаш рет РАО ЕЭС айқын көрінеді, онда бірінші тәуелсіз директор Иван Лазерко 1999-жылы Анатолий Чубайстың миноритарлық акционерлерінің мүдделерін қорғады. Бір жылдан кейін өзінің Борис Федоров пен Иван Тырышкин атты екі жаңа серіктерінің көмегімен сот процесінсіз және автоматшыларсыз Анатолий Борисовичке оның жөнсіз екенін дәлелдей алды. Гажап. Ғылыми емес, бірақ дәлелденген.

Бірақ мұндай жағдайлар қоғамға сирек жария етіледі, тәуелсіз директорлар кеңестің құрамына дау-дамайдың алдын алып, ақырын, шу шығармай келіссөз жүргізу үшін енгізіледі. Олардың «ұрыстың үсті» деген ұстанымы делдал ретінде дауласқан тараптардың кездесіп, мәмілеге келулеріне мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар қабылданған шешімдерге қатысты оның бейтараптылығын, объективтілігін білдіреді. Тәуелсіз директордың «тәуелсіз» деген қасиетінен оның негізгі міндеттері мен компания үшін «пайдалылығы» туындайды. «Тәуелсіз директор» деген түсініктің өзі «қарсы жақтан» деген әдіспен анықталады. Жекеше алғанда, тәуелсіз директор:

- Компанияның қызметкері болып табылмайды (штатқа кірмейді);
- Оның жақын туыстары компанияның негізгі қызметкері болып табылмайды;
- Компанияның қызметіне материалдық мүддесі жоқ (мысалы үшін, жабдықтаушы, ірі сатып алушы болып табылмайды);
- Компаниядан тек директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өзінің міндеттерін орындағаны үшін алатын сыйақысынан басқа, сыйақы алмайды; (мысалы үшін, компанияның кеңесшісі болып табылмайды).

Дерек: Enron (соңғы он жылдықта ең ірі күйреу) 17 директорының ішінен тек екеуі ғана «ішкі» болды, ал қалған 15 директор формалды түрде «тәуелсіз» деген мәртебелері болды. Анығы, «тәуелсіздік» деген түсінікке анықтама беру өте қиын. Директордың тәуелсіздігі неден, кімнен? Зерттеушілердің көбі директорлардың тәуелсіздігін белгілі-бір жағдайдың контекстіне байланысты қарастыру керек деген пікірмен келіседі: тәуелсіздік деген мүлдем болмайды, тек директор компанияның

мүддесі үшін оны өзіне қалай елестетініне, немесе өзінің мүддесі үшін немесе басқа тұлғалардың мүддесі үшін әрекет ететініне байланысты жағдайлар болады.

Тәуелсіздік концепциясы осылайша, жағдай тәуелсіздігімен байланысты болады. Қызығы, бұл концепция өңделген және жиі қолданылатын институтпен тоғысады: директордың компанияның мүддесі үшін қызмет ету міндеті немесе фидуциарлық міндеті (fiduciary duty). Директор өзінің фидуциарлық міндетіне сай компанияға қатысты белгілі-бір дәрежеде адал болу керек және компанияның мүддесінің тиселі түрде қамын ойлау керек (duty of care). Егер акционерлер директор өзінің фидуциарлық міндеттерін бұзды деп санаса, олардың сотқа жүгінуіне болады, осындай арыздар тәжірибеде кездеседі.

Тәуелсіз директор дегеніміз кім?

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, тәуелсіз директор – ол компанияға мүліктік қатынасы жоқ, компанияның басқаруына қатысатын, оның жабдықтаушыларымен және тұтынушыларымен байланысы жоқ директор кеңесінің мүшесі.

Акционерлік қоғамға тәуелсіз директорлар не үшін керек, олардың қандай пайдасы бар?

Біріншіден, осы институтты енгізе отырып, қоғам нарыққа ХХІ ғасырдың іскерлік қатынасының ережелері бойынша ойнағысы келетіні, іскерліктің басқа деңгейге, «жоғарғы лигаға» көшкені туралы белгі береді. Байқаулар көрсеткендей, инвесторлар жақсы бірлесіп басқаруы бар қоғамдардың акциялары үшін жоғарырақ баға беруге даяр. Тәуелсіз директорларсыз халықаралық нарық капиталына шығуға болмайды, өйткені ірі шетелдік қорларда сәйкес және айтарлықтай қатаң ережелер бар. Оған қоса, отандық қор да эмитенттерге ұқсас талаптарды орнатты. Өкінішке қарай, бұл жағдайға сыртқы ұқсастықтар шын мәнінде бірлесіп басқарудың жақсарғанын білдірмейді. Нағыз жүзді жасыратын бет-перде ретінде тәуелсіз директорлардың институтын қолдануға талпыныстарды түсінуге болады, сонымен қатар отандық кәсіпкерліктің дәстүрін де.

Екіншіден, акционерлер (оның ішінде ірі акция пакетін иеленушілер) тәжірибе жүзінде мықты және еңбекке қабілетті директорлар кеңесінің болуы қоғамды басқаруға қосымша парасаттық қорларды тартудың арқасында бәсекелестер үшін артықшылық болып табылатынын түсінеді. Қоғамды басқаруды және атқарушы органдардың қызметіне бақылудың тиімділігін арттыру үшін кәсіби пікір қалыптастыру қабілеті- тәуелсіз директорлардан міне, осыны күтеді.

Даулы мәселелерді шешу кезінде бұл тұлғалардан акция иелерінің қатарын толтыруларын емес, шындықты жақтауларын күтетіні қиындық туғызады. Бұл жерде бірінші орынға адамның кәсіби-іскерлігі емес, адамгершілік- ар-ұят қасиеттері және атағы қойылады. Мұндай тәжірибе — тұтас алғанда экономика

мен қоғамның мүдделері үшін сәйкес мемлекеттік нормативті актілермен қолдалуы және қорғалуы тиіс.

Негізінде, «нормативті» тәуелсіздік, яғни, акционерлік қоғаммен мүлікті қатынаста болмауы және кәсіби пікірлердің тәуелсіздігі сәйкес келуі керек. Бірақ, тәжірибе жүзінде «абсолютті тәуелсіздіктің» болмайтынын қайталаймыз. Басшылық органдарға үміткерлерді нақты тұлғалар ұсынады. Директорлар кеңесіне мүшеліктен басқа, оның тәуелсіз мүшелері көбінесе отандық және әлемдік нарықтың ірі компанияларында жұмыс істейді, осылайша сол тараптың ықпалында болуға бейім. Кеңес мүшелері алатын сыйақы (көбінесе өте қомақты) тәуелсіздікпен байланыспайды. Сол себепті де адамның **атағы** мен **адамгершілік-этикалық** қасиеттері өте маңызды.

Тәуелсіз директорлар институтының заманауи экономикалық қатынастардың көптеген элементтерінің бірі екенін атап өткен жөн. Көп жағдайда оның тиімділігі шаруашылық субъектілердің бірлескен заңнама, сот жүйесі және бухгалтерлік есептің стандарттары сияқты басқа сыртқы шарттарының дамуымен байланысты.

Акционерлер бірінші кезекте тәуелсіз директордың сыртқы функцияларды атқарғанын, яғни, инвесторларға компанияның ішіндегі жағдай жөнінде ақпарат беруін қалайды, ал менеджмент тәуелсіз директорлардың басты міндеті компанияның дамуына қатысуы, оған жаңа, тиімді идеяларды енгізу деп түсінеді. Идеалды түрде тәуелсіз директор ірі контрагентпен, компанияның агентімен байланысты болмауы керек және өз қызметінде саяси мақсаттарды көздемеуі керек.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі ең алдымен, менеджменттен тәуелсіз, бұл өте маңызды. Екінші жағынан, акционерлерде тәуелділік бар, өйткені директорларды акционерлер сайлайды, оларды білдіреді. Бірақ көбі, оның ішінде кеңестердің қызметтегі мүшелері түсінбейтін бір жағдай бар. Сайлау өткізіліп, директорлар кеңесі құрылғаннан кейін директорлар кеңесінің мүшелері тек қана өздерінің «қорғаушыларын» немесе өздеріне дауыс бергендердің ғана емес, барлық акционерлердің мүдделерін қорғау керек. Тәуелсіз директор компанияның барлық иелерінің алдында өзінің шешімдері үшін жауапты болады.

Идеалды директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі – тек менеджменттен тәуелсіз тұлға ғана емес. Ол кез-келген белгілі акционерлерден тәуелді болмайды. Меншік иелері мен менеджерлер бірдей адамдар болған жағдайда компаниядағы биліктің классикалық бөлуге қол жеткізу әлі алда болады. Кейбір отандық компанияларда билеу мен басқаруды бөлу жүзеге асырылды, ал басқалары мұны әлі қолға алған жоқ.

Тәуелсіз директорларды таңдаудың маңызды белгісі – атақ болып табылады. Атақ дегеніміз абстрактілі түсінік емес, ол көптеген параметрлерден құралады. Анықтама бойынша, зор атағы бар адам көп жетістікке қол жеткізді, көп жағдайда

ұзақ уақыт бойы өзінің кәсібилігін паш етті. Басқа аспект: өлшеулі заттардан басқа (мысалы, директор бұрын жұмыс істеген компанияның капиталдандыруының өсуі) атақ өлшеуге болмайтын құбылыстармен байланысты: моралдық қасиеттер, тәртіп, реноме.

Тәуелсіз директор не істейді?

Компанияны – кірісті, ал адамдарды – шыншыл қылады. Құдай іспеттес- жеке басына еш қатысы жоқ. Жеке мүддесінен толық тәуелсіздік. Ерте кездері қайырымдылық және оқу мекемелерінің жанашырлары мен түрлі қорлар мен банктердегі маңызды тұлғалар болған сияқты компанияның айқындылығы мен адалдығының тірі кепілі. Алғашында тәуелсіз директорлар миноритарлық акционерлердің мүдделерінің өкілі болды. Кейін меншік иелері өздерінің компанияларындағы бухгалтерияның нағыз айқындылығына және топ-менеджменттің әрекетінен кепіл жоқ екенін түсінді. Тәуелсіз директорлар енді барлық акционерлердің мүдделерін білдіреді.

Тәуелсіз директордың мәртебесінің директорлар кеңесінің қалған мүшелерінен ерекше айырмашылығы қоғамның қызметінің стратегиялық сұрақтары бойынша тәуелсіз және әділ пікір білдіруі және мүдделердің дауын шешуде белсенді қатысу болып табылады. Негізінде, **тәуелсіз директор** – ағымдағы қызметінен қашық болғандықтан, пікіріне ештеңе ықпал етпейтін және компаниямен тікелей және жанама байланыстары жоқ директор.

Мүдделер дауы контекстінде тәуелсіз директордың қызметінің міндеттері

Тәуелсіз директордың қызметінің **мақсаттары мен міндеттері** миноритарлық, мажоритарлық акционерлер немесе менеджерлер сияқты түрлі топтардың **мүдделері тұрғысынан** айырмашылығы бар.

Миноритарлық акционерлердің мүдделерінің қорғаушысы

Көптеген ұсақ акция пакеттерінің иелері **тәуелсіз директор олардың мүдделерін қорғап**, олардың жағдайларына кері әсер тигізуі мүмкін шешімдерге тосқауыл қояды деп үміттенеді. Тәжірибе жүзінде миноритарлық акционерлердің мүдделерін бұзатын шешімдерге ықпал ету қазақстандық заңға сәйкес бірауыз қолдауды талап ететін ірі келісімнің орын алмауына алып келеді.

Мажоритарлы акционерлер үшін кеңесші

Тәуелсіз директор акциялардың ірі пакеттерінің иелерінің мүдделеріне қауіп төндірмейді: ол – кәсіби маман және сұрақтарды талқылауға **тәуелсіз және шын**

баға береді. Бұған қоса, тәуелсіз директордің компанияның атқарушы директорлармен салыстырғанда маңызды артықшылығы бар: бір компанияның шеңберінен шығатын көзқарасы болғандықтан, оның белгілі-бір мәселені **шешудің анағұрлым көбірек түрлі нұсқаларын ұсынуға** жағдайы бар. Директорлар кеңесінде тәуелсіз директорлардың болуы компанияның имиджін жалпы жақсартуға және батыстық үлгіге жақын бірлесіп басқару стилі бар ашық компанияның имиджін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Акционерлер мен менеджерлер арасындағы делдал

Акционерлер мен менеджерлер арасындағы мүдделердің мүмкін шиеленісунің пайда болуының мүмкіндігін алдын ала отырып, тәуелсіз директорлар компанияның кадр саясатына ықпал ету, білікті мамандарды тартуға көмектесу, басты жетекші лауазымдарға үміткерлерді іріктеудің айқын принциптерімен қамтамасыз ету, сонымен қатар, олардың қызметінің тиімділігін бағалау тәртібін анықтау мүмкіндігіне ие болады.

Компанияда тәуелсіз директорлардың институтын қалай қолдануға болады?

Компанияның неге даяр екендігіне байланысты, корпоративті басқару кодексін ұстанудың екі нұсқасы мүмкін:

- 1) Қор биржасына бағалы қағаздарды шығару үшін **формалды сәйкестілік**;
- 2) Бизнесі жүргізудің **тиімділігін арттыру** үшін кодексті қолдану.

Нұсқа 1. Компания бірлесіп басқаруды ұйымдастыруда **формалды тәсілді** қолданады. Бұл жағдайда әйгілі тәуелсіз директор тек бизнестің **имиджін жақсартта** алады. Директорлар кеңесі жиі жиналмайды, қабылданған шешімдерді автоматты түрде бекітеді және тұтас алғанда жиналу міндетін атқарады. Сондықтан іскерлік әлемде әйгілі маман мен кеңесшіні тәуелсіз директор ретінде шақырса, оның әйгілі аты бизнестің тұрақтылығы мен жоғары атағына кепіл болады. Нәтижесінде, тәуелсіз директордың міндеті жеке сұрақтар бойынша кеңес берумен тоғысады.

Нұсқа 2. Компания айқынсыздық пен қауіптермен ұшыраса отырып тез өседі. Бұл жағдайда директорлар кеңесі шешуші әрекеттердің барлық нұсқаларын қарастыра отырып, компанияның даму стратегиясын анықтайтын **нағыз атқарушы орган** болып табылады. Тәуелсіз директор ретінде нақты бір саладағы тәжірибелі маманды шақырған дұрыс. Жоғары деңгейлі маман болғандықтан ол талқыланатын мәселелерді тәуелсіз бағалауға негізделген шын

талқылау арқылы барлық маңызды сұрақтарды талқылауға **тәжірибе жүзінде қатыса алады.**

Бұл жағдайда отандық эмитенттер үшін жаңалық болып табылатын, бірақ ұзақ уақыттан бері шетелдік корпорациялар сәтті қолданып келе жатқан тәуелсіз директорларды шақыру бірлесіп басқару жүйесінің маңызды элементі болады және түрлі топтардың мүдделерінің қақтығысын қадағалаудың тиімді құралы болып табылады.

Қазақстандағы тәуелсіз директорлар: қолдау мен қарсы болу

Директорлар кеңесінің институты **акцияның ұсақ пакеттерінің иелерінің капиталындағы жоғары үлесін** болжайтын бағалы қағаздар нарығының ағылшын-саксондық моделінен өсіп шықты (нәтижесінде меншік иесі мен менеджерлердің міндеттерін бөлу жүзеге асады). Қазақстанда дәстүрлі түрде **ірі меншік иесінің моделі** қалыптасады, бұл кезде менеджерлер компанияның акционерлері бола алады. Меншіктің бұл құрылымы ірі акционерлердің директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз мүшелерді қосуға құлықсыздығын алдын ала анықтады.

Бұған қоса шетелдік практиктер мен мамандар болып табылатын тәуелсіз директорларды шақыру отандық компаниялардың имиджін отандық қор нарығын инвестиция салу үшін маңызды алаң деп санайтын шетелдік инвесторлар алдында жақсартады. Тәуелсіз директор өзінің міндеттерін дұрыс атқарған жағдайда мүдделердің бірлескен шиеленесуін алдын алудың және объективті түрде шешудің кепілі болады.

Қазақстан үшін компанияның қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету, ақпаратты жариялау мен бірлесіп басқарудың кодексін қолдану өзекті сұрақтар болып табылады. Аталған практиктер әлі нашар дамыған, сондықтан тәуелсіз директорларды шақыратын компаниялар өте аз.

Нағыз тәуелсіз директорды жалдаудың алты себептері

- Тәуелсіз директор компанияның барлық акционерлерінің мүддесін сақтауды қадағалайды;
- Компанияның айқындылығы мен жариялылығы артады;
- Кеңесте тәжірибелі директорлар отырған компаниялардың акциялары үшін инвесторлар үштен бірін көбірек төлеуге даяр;
- Шетелдік ойыншылардың алдында компанияның мәртебесі жақсарады;

- Тәуелсіз директорлардың байланысы көптеген есіктерді ашуға қабілетті;
- Тәуелсіз директор — беделді кеңесші.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлар сайланатын компаниялардың саны тұрақты түрде өсіп келетінін атап өткен маңызды. Алайда директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың сандық құрамы жөніндегі сұрақ тек қана акционерлердің жиналысында шешіледі.

Компанияның қызметіне тәуелсіз директорлардың ықпал етуі туралы сұрақтарды қарастыра отырып, мұндай ықпалдың үш түрін бөлуге болады. Бірінші Кеңеске 1-2 тәуелсіз директорлар кіреді. Бұл деңгейде компанияның айқындылығы, акционерлердің барлық топтарының мүдделері артады. Екінші деңгей- директорлар кеңесінің төрттен бір немесе одан көбірек бөлігі тәуелсіз болған жағдайда бизнес-шешімдер, бірлескен саясат және стратегияға ықпал ету мүмкін. Үшінші деңгей – директорлар кеңесінің көпшілігі тәуелсіз. Бұл ықпал деңгейінің кері жағы да бар – қабылданған шешімдердің салдары үшін тәуелсіз директорлардың максималды жауапкершілігі.

Тәуелсіз директорлардың институтын мән-мағынасыз деп санайтын скептиктер біз атап өткен мысалды алға тартады, Enron американдық компаниясының активтері компанияның кеңесінде көптеген тәуелсіз директорлардың болғанына қарамастан қолды болған. Бірақ бұл орын алған оқиға тәуелсіз директордың мәртебесіне еш қатысы жоқ.

Resmi Group директорлар кеңесінің төрағасы Қайрат Мәжібаев «ТМД елдерінің тәуелсіз директорларының бірінші саммитінде» атап көрсеткендей, тәуелсіз директорлар капиталдардың белгілі-бір нарығына қол жеткізу үшін ғана емес, институттық инвесторлар бағалау үшін де керек. Ол: «Тәуелсіз директорлар компанияның стратегиялық міндеттерін орындауға экспертиза енгізу үшін керек. Бұл компанияны басқарудың тиімділігіне әсер етеді. Демек, компания тұрақты, анағұрлым тиімдірек бола түседі, егер ол қоғамдық болмаса да, бұл кез-келген жағдайда оның нарықтық бағасына әсер етеді»-деп атап айтты.

А.Жамаловтың пікірі бойынша, басты кемшілік ҚР заңында тәуелсіз директорлардың міндеттері мен құқықтары жазылмаған. Сондықтан, егер құқық жоқ болса, міндетер мен жауапкершілік те жоқ. Оның пікірі бойынша тәуелсіз директорлар компанияда не үшін жауап беретіні және олардың құзыреттілігінің қандай екені айқын емес. Сондықтан мәжіліс депутаты тәуелсіз директордың міндеттерін заңды түрде анықтауды ұсынады.¹

Қорытынды

Директорлар кеңесін сайлау және жұмыстың ұйымдастырылуы акционерлердің меншіктерін, құқықтарын, және мүдделерін қорғаудың маңызды факторы болып табылады.

Компанияның жұмысында директорлардың рөлі артып келеді. Қазақстанда директорлар кеңесінде жұмыс тәжірибесі және жақсы атағы бар адамдар тобы қалыптасты. Директорлар кеңесінің мүшелерінің кәсіби деңгейі екі-үш жыл бұрынғы деңгейге қарағанда жоғарырақ. Акционерлер директорлар кеңесіне «маңызды тұлғаларды» шақырғылары келмейді, барлығы кеңес қызметіне шын мәніндегі кәсіби үлес қосқанын көргілері келеді.

Тәуелсіз директорлардың рөлі де артып келеді. Қазіргі таңда тәуелсіз өкілді ұсынуға миноритарлы акционерлер ғана емес, компаниялар да, олардың бақылаушы және стратегиялық акционерлері де мүдделі. Бұл компаниялардың директорлар кеңесіне тәуелсіз директорларды қосудан пайда сезінгендігімен байланысты, инвестициялық тартымдылығы мен капитализацияның өсуінен көрініс тапты.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Директорлар кеңесі дегеніміз не?
2. Директорлар кеңесінің негізгі міндеттері қандай? Олар қалай реттеледі?
3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптар қандай?
4. Директорлар кеңесінің мүшелерінің сайлауы қалай жүргізіледі?
5. Директорлар кеңесінің құрылымы қандай?
6. Директорлар кеңесінің қандай түрлері болуы мүмкін? Олар неге тәуелді?
7. Директорлар кеңесінің жұмысының тиімділігіне не ықпал етеді?
8. Директорлар кеңесі туралы ережеде нені көрсету керек?
9. Тәуелсіз директор дегеніміз кім? Директорлар кеңесіндегі оның рөлі қандай?

¹ Қ. Мәжібаев «ТМД елдерінің тәуелсіз директорлар саммиті» 27.11.2007

6 тарау. Дивидендтер төлеу және дивидендтер саясаты

С.А.Филин
Іскерлік әкімшілігі докторы

Біз бұл тарауда акционерлік қоғамның дивидендті, яғни үлеспайданы қалай төлейтіні, оны төлеудің қандай жолдары барын, іс жүзінде Қазақстанда үлеспайда қалай төленетіні туралы айтамыз.

Заң анықтамасы мен талаптары

Анықтама

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының анықтамалары мен талаптарынан бастаймыз.

Акционердің өз акцияларының табысы ретінде акционерлік қоғам арқылы төлейтін табысы Заң бойынша дивиденд, үлеспайда деп анықталады.

Мұның ішінде, 1 бапта акцияның – акционерлік қоғам шығаратын құнды қағаз екені, ол акционерлік қоғамды басқаруға қатысу құқығын куәландыратын, ол бойынша табыс табатын, қоғамды таратқан жағдайда мүліктің белгілі бір бөлігін алуға куәлік беретін құнды қағаз екені көрсетілген. Бұл акционердің акциясы болса не компания акциясынан акциясы болса, оның үлеспайдаға құқығы бар деген сөз.

Дивидендтер – акция бойынша төленетін табыс; пайлық инвестициялық қордың пай бойынша төлейтін, қор компаниясын басқарушының оларды сатып алғандағы пай бойынша табысын есептемегендегі табысы; құрылтайшылар мен қатысушылар арасындағы заңды тұлға бөлетін таза табыстың бір бөлігі; заңды тұлғаның кәсіпорын таратқандағы мүлік бөлінісінен түсетін табысы, сондай-ақ құрылтайшылар мен қатысушылардың жарғылық капиталға салымы ретіндегі мүлігінен басқа, заңды тұлғаға қатысқан үлесін алғандағы табысы.¹

Заңның 14-бабы акцияның екі түрін анықтайды:

1. Акцияның жай түрі акционерге дауысқа салынған барлық мәселелерді шешуге дауыс беруге құқық беретін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, қоғамның таза табысынан үлеспайда алуға, Қазақстан Республикасы Заңнамасында белгіленген қоғам жойылғандағы тәртіппен оның мүлігінен бір бөлік алуға құқық береді.

¹ Заңға қатысты барлық сілтеме 2007 жылғы 7 тамызға дейінгі жасалған мына мәтіндегі өзгерістерге сай беріліп отыр: Акционерлік қоғамдар туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 48 б. Басқа да сілтемелер 01.09.2008 ж. дейінгі заңнамалық актілерге негізделген.

2. Акционерлер – айырықша құқықты акция иелері жай акция иелеріне қарағанда үлеспайданы қоғам жарғысымен бекітілген, алдын ала анықталған кепілді көлемде алуда, осы Заңнамада белгіленген қоғам жойылғандағы тәртіппен оның мүлігінен бір бөлік алуда басым құқықтарға ие;

Айырықша құқықты акция иелері неге басымдыққа ие?

Мәселе мұндай акцияның акционерлерге, кейбір жағдайларда болмаса, қоғамды басқаруға құқық бермеуінде. Ондай жағдайлардың бірі – артықшылығы бар акция бойынша үлеспайда оны төлеуге белгіленген күннен кейінгі үш ай ішінде толық көлемде төленбеген жағдай болып табылады.

Дивидендтер төлеу бойынша Заң талаптары

Заңның 35-бабына сай акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында табыс көлемі қоғамның жай бір акциясына есептеле отырып анықталады.

Заңның 53-бабына сай, егер қоғамның жарғысы мен Заң аясында басқаша белгіленбесе, директорлар кеңесінің ерекше құзырына – жай акциялар бойынша үлеспайда төлеу туралы шешімді қабылдау, есеп беретін қаржылық жылға төленетін үлеспайданы қоспағандағы бір жай акцияға үлеспайда көлемін анықтау жатады.

36-бапқа сай, жай акциялар бойынша дивидендтер (үлеспайда) төлеу туралы шешімді қабылдау, жыл қорытындысы бойынша қоғамның бір жай акциясына есептелген үлеспайда көлемін бекіту; **Заңның 22-бабының 5-тарауында** көрсетілген жағдай бола қалғанда қоғамның жай және ерекше акциялары бойынша үлеспайда төлеу туралы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына кіреді.

Директорлар кеңесі үлеспайда төлеу туралы және бір жай акцияға үлеспайда көлемі туралы шешімді қабылдайды, ал акционерлердің жалпы жиналысы бұл шешімді бекітеді.

36 және 53-баптар арасындағы белгілі бір қарама-қайшылықты көруге болады, яғни үлеспайда төлеу туралы шешімді директорлар кеңесінің және акционерлер жиналысының қабылдайтыны туралы екеуінде де жазылған.

Мұндай қарама-қайшылықты үлеспайданы және олардың бір жай акцияға есептелген көлемі туралы шешімді қабылдау тәртібін қоғам жарғысында анық көрсету арқылы шешуге болады. Заңның 23-бабында жоғарыдағы қарама-қайшылықты шешуге кейбір жеңілдіктер беретін төмендегі қағидалар бар:

«Тоқсан немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша қоғамның жай акциясының үлеспайдасын төлеу, егер ол қоғам жарғысында көрсетілген болса, директорлар кеңесі шешімімен жасала береді. Қоғамның жай акциясының жыл қорытындысы бойынша үлеспайдасын төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.»

Ерекше басымдығы бар акциялар туралы Заңның 24-бабында төмендегіше анықтама береді: «Қоғамның ерекше басымдығы бар акциялары бойынша үлеспайдасын төлеу осы Заңның 22-бабындағы 5-тарауында көрсетілген жағдайлары болмаса, қоғам органдарының шешімін талап етпейді.

Дивидендтерді төлеудің мерзімділігі, үлеспайданың бір ерекше басымдығы бар акцияға есептелген көлемі қоғам жарғысымен белгіленеді. Ерекше басымдығы бар акцияға қоса есептелетін үлеспайда көлемі дәл осы кезеңге жай акцияға қоса есептелетін үлеспайда көлемінен аз болмауы тиіс.

Дивидендтерді төлеу тәртібін Заң анықтайды. Қоғамның ерекше басымдығы бар акцияларының үлеспайдалары түгел төленіп болмай тұрып, оның жай акцияларының үлеспайдаларының төлемі жасалмайды.

Ерекше басымдығы бар акциялардың үлеспайдасының кепілді көлемі - белгіленді немесе мәнінің көпке қолжетімділігіне орай және тұрақтылық жағдайындағы қандай да бір көрсеткішке салыстырмалы түрде индекстеумен белгіленді.

Акцияның әрбір категориясы бойынша төлеудің формасы мен көлемі , аралық (тоқсандық, жартыжылдық) үлеспайдаларды төлеу туралы шешімді Директорлар кеңесі егер Қоғам жарғысында басқаша бекітілмесе, жай көпшілік дауыспен қабылдайды.

Ерекше басымдығы бар акцияларға арналған үлеспайда көлемі, жай акциялар бойынша үлеспайда көлемін анықтау тәртібі, ерекше басымдығы бар акцияларға және жай акцияларға үлеспайда төлеу тәртібі туралы қоғамда Дивиденд саясаты сияқты құжатта айтылуы тиістігін айту қажет. Бұл құжат әлеуетті инвесторлардың қоғамнан не күтуге болатынына бағыт алуына жол ашып, шешім қабылдауына көмектеседі. Әрине, сөз жоқ, Қоғамның үлеспайда саясаты – ашық құжат.

22 бап. Қоғам акциялары бойынша дивиденд (үлеспайда)

1. Қоғам акциялары бойынша үлеспайдалар тек төмендегі жағдайда үлеспайданы төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында қоғам акцияларының жай көпшілік дауысымен қабылданған жағдайында, ерекше басымдығы бар акциялардың үлеспайдасын қоспағанда, ақшамен немесе құнды қағаздармен төленеді.

2. Қоғам акцияларының үлеспайдаларын төлеу мерзімділігі қоғам жарғысымен және (немесе) акциялардың шығарылу проспектілерімен анықталады...

...4. Қоғамның өзі сатып алмаған немесе орналастырмаған акцияларына үлеспайдалар есептелмейді, төленбейді.

5. Қоғамның жай және ерекше басымдығы бар акцияларына үлеспайда төлеу төмендегі жағдайларда жүргізілмейді:

1) меншік капиталының жетімсіз /теріс/ жағдайында немесе қоғамның меншік капиталының көлемі оның акцияларының үлеспайдаларын төлеу нәтижесінде жетімсіз /теріс/ болып қалса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасындағы банкроттық туралы тұжырымдарға сай мүмкіндігі жоғын, төлеу қабілеті жоғын білдірсе немесе қоғамда жоғарыда айтылған себептер акциялары бойынша үлеспайда төлеу нәтижесінде болса;

3) егер сот немесе акционерлік қоғамның жалпы жиналысы оны жою туралы шешім қабылдаса.

6. Акционер қоғамның қарыздарының мерзіміне қарамастан алынбаған үлеспайдаларды төлеуін талап етуге құқылы...

...7. Ұйымдастырылған-құқықтық формадағы акционерлік қоғам ретінде жасалған коммерциялық емес ұйымдар, өз акциялары бойынша үлеспайда төлемейді, есептемейді.

Дивиденд мөлшері туралы шешім шығару үшін Директорлар кеңесі күн тәртібіне акциялардың барлық категориялары бойынша жылдық үлеспайда жариялау туралы, белгілі бір категориялардың акциялары, барлық немесе тек белгілі бір категориялар бойынша үлеспайда жариялау туралы жеке мәселе қояды. Бұл жағдайда қабылданған шешімді акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы көрсетеді.

Барлық орналастырылған акциялар бойынша үлеспайда төлеу туралы шешім (хабарландыру) қоғамның міндеті емес, құқығы екенін ескеру керек. Егер қоғам шешім қабылдамаса, тіпті қоғамның Жарғысында акцияның барлық немесе бір түрінен үлеспайда көлемі кесіп көрсетілсе де, акция егелерінің оны төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

Дивиденд төлеу көздері

Дивиденд төлеу көздері ретінде: есеп беру кезеңінің таза пайдасы, өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасы және сол мақсат үшін құрылған арнайы қорлар (соңғысы ерекше басымдығы бар акциялар табысы жетпегенде немесе қоғам шығынға отырған жағдайда үлеспайда төлеуге пайдаланады).

Сондықтан теориялық кәсіпорын ағымдағы кезеңнің пайдасынан асып түсетін көлемдегі үлеспайда жалпы сомасын есепті төлеп отыра алады. Дегенмен базалық болып ағымдағы кезеңнің таза пайдасын бөлу варианты болып табылады.

Кез келген кәсіпорынның таза пайдасының шамасы өзгерістерге түсіп тұрады, тіпті кейде кәсіпорын шығынмен жұмыс істеуі де мүмкін.

Дивиденд төлеу міндетін орындау әдістері мен тәсілдері

Дивиденд төлеу міндетін орындау әдісін , орнын Заң анықтамайды. Бұл сұрақтар қоғам Жарғысында немесе үлеспайда төлеу туралы (хабарландыру) шешімде шешіледі. Қоғамның үлеспайда саясатында үлеспайда төлейтін әдісі мен орнын көрсетуге ұсыныс етуге болады.

Үлеспайда төлеу бойынша міндетті орындау орны мен тәсілі анықталмаса, Азаматтық кодекстің (АК) жалпы ережесі қолданылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 281-бабының талаптарына сай үлеспайда төлеудің міндетті орындары болып саналады:

- міндет пайда болған кездегі кредитордың тұрағы, мекен-жайы;
- егер кредитор-заңды тұлға болса, оның міндеттеме алған сәттегі тұрағы;
- егер кредитор міндетін орындау кезінде мекенін ауыстырса, оны қарыз төлеушіге (қоғамға) білдірсе – кредитордың жаңа мекен-жайы; кредитор есебіне міндетті орындау мекені өзгеруіне байланысты кететін шығынды шығыны жазыла отырып үлеспайда төлеу міндеті ақшамен төлеуге жатады. Хабарланған үлеспайда алу акционердің қоғамға қатысты мүліктік құқығының бір бөлігін талап ету құқығы болып табылады.

Дивиденд алу құқығын қорғаудың соттасу формасы

Қоғамның үлеспайда төлеу бойынша міндетін орындамауы қолданыстағы Заңды бұзу ретінде қаралуы тиіс, оған азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты шара қолданылады, бұзылған құқықты қорғау бойынша шұғыл шара қолдануды талап етеді.

Үлеспайда алуға акционерлердің құқығын қорғаудың соттасу формасы дегеніміз қарызы бар тұлғаны (қоғамды) міндетін орындауға күштеу туралы сотқа кредитор пайдасына (акционер) өзгенің қаржысын құқық бұза отырып ұстағаны үшін пайыз өндіріп беру туралы шағым беру;

«Акционерлік қоғам туралы» Заңның 22-бабының 6-тармағындағы «Үлеспайда белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда , акционерге үлеспайда және өсімақысының негізгі сомасы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қайта қаржыландыру оның ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін - ақшалай міндетті не оның белгілі бөлігін орындайтын күнінде төленеді».

Қоғам үлеспайда ақшалай міндетте төлейтіндіктен, қарыз иесі (қоғам) оны ақшалай төлеуге міндеттенеді, ақша төлем құралы, қарыз төлейтін зат. Өсім ақы, бұл жерде, ол азаматтық-құқықтық жауапкершілікті орындамағаны үшін немесе ақшалай міндетін дұрыс орындамағаны үшін қолданылатын шара болып табылады.

ҚР Қаржы мекемелерімен қаржы нарығын бақылау және жүйелеу бойынша агенттігінің сайтында акционерлік қоғамдар акционерлеріне арналған акция бойынша үлеспайда төлеу мен есептеу мәселелері бойынша ескертпе бар: Ескертпеде Заңның осыған сай ережелері қысқаша келтірілген.

Дивиденд саясаты

«Акционерлік қоғам туралы» Заңда үлеспайда төлеу туралы шешімді кім қабылдап, үлеспайда қалай төленетіні туралы анық жазылады. Десе де Заң үлеспайда мөлшерін, оны төлеу мерзімін, төлейтін орны мен т.б. басқа сұрақтарды анықтай алмайды, анықтамайды. Бұл мәселе қоғам Жарғысында не үлеспайда саясатында айтылып, ашылуы тиіс. Қазақстан қоғамы қабылдаған үлеспайда саясатының нақты үлгісі интернетте көрсетілген. Бірақ расында ол көп емес, онда ашып көрсетілуге тиісті көп мәселенің орны бос тұр.

Тарихтан аздап үзінді

«Үлеспайда саясаты» (dividend policy) деген ұғым бәрімізге белгілі себептермен бізге өткен ғасырдың 90-жылдарының бірінші жартысында АҚШ экономикалық ғылымының қаржылық менеджменті теориясы негізін қалаушы элементтермен келді. Осы категорияның дамуы мен қалыптасуы тап осы елде 1956 жылы Д.Линтнердің жарияланған зерттеулерінен басталады. Онда 1947-1953 ж.ж. аралығындағы 28 америкалық компанияның үлеспайда төлеуі туралы айтылады. Оның нәтижесінде зерттелген кәсіпорынның салыстырмалы түрде тұрақты табысының бір бөлігін үлеспайда төлеуге бағыттауының заңдылықтары белгілі болды.

Корпорация қаржысын басқару теориясында жекелеген татымды тауарлар бар: акционерлік қоғамдағы табысты бөлу және үлеспайда саясатының қалыптасуы.

Дивиденд саясаты – АҚ табыс пайдалану саласындағы саясаты

Дивиденд саясатын АҚ мақсатына орай директор кеңесі қалыптастырады, табыс үлесін анықтайды, ол:

- Акционерлерге үлеспайда түрінде төленеді;
- Бөлінбеген пайда түрінде қалады;
- Қайта инвестицияланады.

Үлеспайда саясаты, капитал құрылымын басқару сияқты, кәсіпорын акциясы құнына біршама (кәдімгідей) әсер етеді. Үлеспайда саясаты дегеніміз акционерлердің ақшалай табысы, ол деген өздері акциясына ақшасын салған кәсіпорынының табысты жұмыс істеп жатқанын білдіреді. Үлеспайда саясаты таңдауға теориялық тұрғысынан қараса ол екі маңызды сұрақты шешуді жобалайды:

- Үлеспайда саясаты шамасы акционер байлығын тұтас тығының өзгерісіне қалай әсер етеді?
- Оның тиімді көлемі қандай болуы мүмкін?

Үлеспайда саясаты тиімді таңдау процесінде екі негізгі мақсат бар:

а) акционерлердің барлық дәулетін үлеспайда есебінен максимизациялау немесе акцияның нарықтық құны есебінен;

б) кәсіпорын қызметін жеткілікті қаржыландыру – қайта инвестициялау;

Үлеспайда саясатының негізгі сұрақтары төмендегі болып табылады:

- Акционерлер арасында үлеспайда түрінде табыстың қандай үлесі бөлінуге тиісті?
- Компанияға үлеспайда тұрақты өсуіне демеу жасауында (абсолютті не салыстырмалы көрсеткіштерде) мағына бар ма немесе демеу дұрыс па?

Директорлар кеңесі үлеспайда саясаты мен үлеспайда төлеу мәселесінде төмендегі мақсаттарды алға қояды:

- Акционерлер мен инвесторларға үлеспайданың неге мұндай көлемі ұсынылатынын түсіндіру;
- Үлеспайда саясаты мен үлеспайда көлеміне әсер ететін факторларды талқылап, анықтау;
- Үлеспайда көлемінің альтернативтерін талқылау;


Компанияның өз акционерлеріне төлейтін **үлеспайда көлеміне** төмендегі факторлар әсер етуі мүмкін:

- **Ақшалай қаражаттың болуы:** үлеспайда төлеудің компанияны жою жағдайына әсері барын ескеру қажет. Егер компанияда бухгалтерлік табыс болса – бұл оның есебінде үлеспайда төлейтін нақты ақша бар деген сөз емес.
- **Меншікті табыс болуы:** Заңға сай үлеспайда формасында бөлуге болатын табыстың бар-жоғын ескеру қажет.
- **Нарықтық күту:** Құнды қағаздар нарығы (компания хабарлауға тиісті) үлеспайда қатысты белгілі бір күту жағдайында бола алады. Бұл үмітті орындай алмау - нарық сенімін жоғалтуға алып келуі мүмкін., акция құнының төмендеуіне де соғуы мүмкін. Бұл акционерлердің өз акцияларын тұтастай сатуына алып келеді.
- **Нарыққа дабыл:** Компания нарыққа өз болашағына сенімділігін көрсеткісі келуі мүмкін, сөйтіп күткеннен жоғары үлеспайда хабарлауы мүмкін.

Дивиденд саясаты бойынша шешім

Компания табысының қандай бөлігі акционерлерге үлеспайда формасында төленетіндігі туралы шешім қабылдарда ескеретін бірнеше негізгі фактор бар.

Үлеспайда саясаты компанияның жалпы қаржылық міндеттерінің бірі сол акционерлердің байлығын көбейтуге бағытталады. Бұл кез-келген үлеспайда саясаты бойынша қабылданатын шешім акционерге ең тиімді деген жобаға негізделуі тиісті дегенді білдіреді. (1-сурет)




4 сурет. Компанияның үлеспайда саясатының акционерлердің байлығына әсері

Дивиденд компания ішінде пайдалану акционерлерге тиімдірек болғандықтан бұл алынған табыстан максимум үлеспайда төлеуді білдірмейді. Үлеспайда өз акцияларын биржаға салғысы келетін компаниялар үшін ақпараттық құндылығымен де үлкен маңызға ие.

Мұндай жағдайда саясат әлеуетті акционерлерге қандай пайда тауып, оны қалай ала алатынын білдіреді.

Осының нәтижесінде үлеспайда саясатын жасау директорлар кеңесі үшін маңызды міндет, ал орындаушы органдар толығымен, қаржы басқарушысы ішінара оның кеңесінде шешуші рөлде.



2-сурет. Дивиденд саясатын жасаудағы директорлар кеңесінің жұмысы

Үлеспайда мөлшерін анықтаудың бірнеше теориясы бар.

1. Қалдық принципі бойынша үлеспайда есептеу теориясын – Франко Модильяни мен Мертон Миллер жасаған. Теория бойынша –бұл таңдалған үлеспайда саясаты кәсіпорынның нарықтық құнын да, ағымдағы және перспективадағы кезеңде де меншік иесінің дәулетіне еш әсер етпейді (тәуелсіздік теориясы). Өйткені ол көрсеткіштер бөлінетін емес, табыстың қалыптасатын сомасына тәуелді. Сондықтан үлеспайда саясаты бәрінен бұрын табыстың негізгі бөлігінің неғұрлым тиімді инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталуының алдын алуы тиіс, ал кәдімгі акционерлерге қалдық принципімен төленуі тиіс.

2.

3. Маңыздылық теориясы – М.Гордон мен Д.Линтер жасаған.

“Аспандағы тырнадан қолдағы шымшық артық” дегендей тап осы уақыттағы үлеспайда формасында төленетін ағымдағы табыстың әр бірлігі өте қымбат; өйткені болашаққа деп қойған тәуекел деген табыстан гөрі бұл қатерсіз. Табысты капиталдандырғаннан гөрі осы теориядан үлеспайда максимумдау тиімді саналады. Бұл теория қарсыластары, үлеспайда түрінде алынған табыс көбіне өзінің не аналогтық компания акцияларына қайта инвестицияланады. Ал, бұл қатер факторын үлеспайда саясатының пайдасына аргумент ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейді. Бірнеше жыл нарық жайын бақылау үлеспайда компания акцияларын жалпы бағалауға расында әсер ететініне куәландырды. Компаниялардың өсіп бара жатқан үлеспайда табыс өсімі төмендесе де төлей беруі олардың үлеспайда маңызын бекіте түседі. Бұл әсіресе үлеспайда төлеуден қордың жұқаланатыны сондай компания қорды орнына келтіруі үшін сыртқы қымбат негіздерден займ алуға мәжбүр.¹

3. Үлеспайда минимизациялау теориясы немесе (**“салықты артығырақ көру теориясы ”**). Бұл теорияға сәйкес үлеспайда тиімділігі саясаты меншік иесінің ағымдағы және әлі таппаған табысы бойынша төлеген салығын минимизациялау критеріімен анықталады. Алдағы уақытта алынатын табыстан гөрі үлеспайда түріндегі ағымдағы табыстан салық алу қай кезде жоғары алынатын болғандықтан (ақша құнының уақытпен, капиталданатын табысқа салық жеңілдігі, т.б.с.с. факторларды есептегенде) үлеспайда саясаты үлеспайда төлемін минимизациялауды қамтамасыз ету керек, ал соған орай меншік иелерінің бірлескен табысына жоғары салықтың қорғаныс алу үшін табысты капиталдауды максимизациялау керек. Десе де табыс деңгейі төмен ұсақ акционерлердің көбіне үлеспайданың бұл саясатының осы жолы жарамсыз, бұлар үлеспайда формасында ағымда болуын қажетсінеді. (Бұл ондай компаниялардың акцияларына сұраныс көлемін азайтады, осыдан барып бұл акциялардың бағаланатын нарықтық құнына сұраныс көлемі азаяды).³

4. Үлеспайданың дабыл беру теориясы (немесе **"дабылдау теориясы", “ ассиметриялық ақпарат теориясы“**).

Бұл теория ағымдағы нақты акционерлердің нарықтық құнының негізгі моделі және базис элементі ретінде оған төленетін үлеспайда мөлшері пайдалануына негізделеді. Төленетін үлеспайда деңгейінің өсуі нақты акционерлердің бағаланатын нарықтық құнының автоматты түрде өсуін анықтайды, ал оларды жүзеге асыру акционерге қосымша табыс әкеледі. Оның үстіне , жоғары үлеспайда төлеу компанияның өрлеуінен хабар береді, алдағы уақытта пайдасының татымды өсуін күттіреді. Бұл теориялар нарықтық қордың жоғары дәрежедегі «мөлдірлігінен» ажырамас байланыста, бұл жөнінде тез

¹ «Корпоративті директор» Ресей директорлар институтының «Корпоративті директор» семинарынан материалдар –2003 ж. сәуір (<http://www.rid.ru>)

алынған ақпарат акциялардың нарықтық құнының тербелісіне татымды әсер етеді.⁴

4. Үлеспайда саясатының акционерлер құрамына сай келу теориясы (немесе «клиентура теориясы»)

Бұл теорияға сай компания үлеспайда саясатын – көптеген акционерлердің үміті мен менталитетіне сай келетін етіп жүргізуі тиіс. Егер акционерлердің негізгі құрамы (акционерлік компаниялар «клиентурасы») ағымдағы табысты артық көрсе, үлеспайда саясаты ағымдағы пайда бағытының басым жағы қолданыс мақсатына негізделген болуы тиіс. Керісінше, егер акционерлер құрамының негізі өздерінің алда тұрған табыстарының ұлғайғанын артық көрсе, онда үлеспайда саясаты пайданы капитал етуге басымдық беруге (пайданы бөлу кезінде) негізделіп жүргізілуі тиіс. Акционерлердің үлеспайда саясатының бұл түрімен де келіспейтіндері - өз капиталдарын өзге компаниялардың акцияларына қайта инвестициялайды, соның нәтижесінде «клиентура» құрамы біртекті болады. 5,6.

Таблица 4. Дивиденд саясатын қалыптастыруға келудің үш негізгі жолы

1. Консервативті келу	а) үлеспайда төлеудің қалдықты саясаты; б) қалыпты мөлшердегі үлеспайда төлеу саясаты;
2. Компромиссті келу (орынды)	а) белгілі бір кезеңдегі қосымшасымен минимальды қалыпты мөлшердегі үлеспайда төлеудің саясаты (экстра үлеспайдалар саясаты »); б) компанияның өсуі үшін және акционерлер мүддесіне сай баланс сақтау саясаты.
3. өктемдік жолымен келу	а) пайдаға қатысты бірқалыпты деңгейде үлеспайда төлеу саясаты. б) үлеспайда төлеудің үнемі өсу саясаты; в) максимальды мүмкін үлеспайда есептеу саясаты;

Қоғамдағы үлеспайда саясатының өзі (үлеспайда мөлшерімен ғана емес) бірқатар фактілермен анықталады.

Дивиденд саясатын анықтайтын факторлар.¹

• **Инвестициялық мүмкіндіктер** Үлеспайда саясаты таза қаржылық шешім болса, фирманың шамасы келетін жақсы инвестициялық жобалар саны үлеспайда төлеу деңгейін анықтайтын басты фактор болып табылады. Егер ондай мүмкіндік көп болса, онда төлеу коэффициенті төмен болады. Ал егер ондай мүмкіндік аз болса ол жоғары болады. Бастапқы кезеңде не компаниялардың қарқынды өсу кезеңінде таза пайданың бәрін не көп бөлігін қайта инвестициялау практикасына жиі жүгінеді.

• **Бөлінбеген пайда құнымен салыстырғандағы заем капиталы құны.** Егер фирма ішінде жақсы инвестициялық мүмкіндік болса Сіз бөлінбеген пайда және заем капиталы бағасына сай қарауға тиіссіз. Егер қаржы фирма ішілік мүмкіндіктерді инвестициялық қаржыландыру үшін бөлінгеннен ұсталуы тиістігін ескерсек, онда акционерлер үшін алынбаған үлеспайда альтернативті құны болуы тиіс.

• **инвестициялық мүмкіндіктер пайда болуының мерзімі.** Мерзім бойынша бөлудің маңызы өте зор. Егер осы кезде мүмкіндік болмаса, ол біршама уақыт не кезеңнен соң пайда болмақ. Үлеспайданы қазір төлеу тиімді деп санаған жөн, сонда акционерлер қаржы қалдығын компанияда белгісіз нәтиже мен болашақ мүмкіндіктерді күтуге қалдырмай қаржысын өз бетінше тиімді қолдана алмақ.

• **жою мүмкіндігі.** Ақшалай үлеспайда егер кәсіпорынның есепшотында төлеуге жететін ақша не ақшаға айналдыратын ақша баламасы болса төленеді. Теориялық тұрғыда кәсіпорын үлеспайда төлеу үшін несие алуына болады, бірақ ол барлық кезде мүмкін бола бермейді, оның үстіне оның қосымша шығыны тағы бар. Сондықтан кәсіпорын табысты болуы мүмкін, бірақ нақты ақшалай қаржысы болмауынан үлеспайда төлеуге дайын болмауы мүмкін.

• **кредит төлеу мүмкіндігі.** Компанияның жойылуы туралы сараптағанда оның заем алу мүмкіндігін ескеріңіз. Заем алудың қосымша мүмкіндігі болуынан сіз жойылуын бағалағанда шешімді сәл жұмсарта аласыз, сіз одан да жақсы шешім қабылдай аласыз: компанияның ішінде инвестициялау үшін қаржы ұстау не оны сырттан алу.

• **Ақша құнсыздануы (инфляция).** Ақша құнсыздану кезеңінде бастапқы құн бойынша есептеу компанияның пайда операциясын көтереді. Бұл активтерді пайдалануды төлеу оның бастапқы құнына негізделеді және ол активті пайдаланумен келген шығынды төмендетеді. Бұл пайда бөлігі компания ішінде қалуы тиістілігін білдіреді. Ол капиталды өзінің физикалық және қаржылық деңгейіне сай сақтауды қамтамасыз ету үшін керек. Осы пайдадан үлеспайда

¹ «Корпоративті директор» Ресей директорлар институтының «Корпоративті директор» семинарынан материалдар –2003 ж. сәуір (<http://www.rid.ru>)

төлеу компанияның капиталын бөлікке бөлу делінеді. Ақша құнының жоғары екені кезінде бұл тіпті өткір тұрған мәселе болады.

- **заңмен қойылған шектеу.** Заңға сай үлеспайда тек ағымдағы немесе бөлінбеген пайдадан төленуі мүмкін. Егер оны жабатын жеткілікті табыс болмаса оны төлемесе де болады. Кейде тіпті үлеспайда деңгейінің өсуіне заңмен шектеу де қоюға болады. Бұл шектеулер міндеттелмесе де, ұсыныс түрінде болса да сақталуы шарт. Көптеген елдерде заңмен екі схеманың біріне рұқсат етілген: үлеспайда төлеуге есепті кезеңнің пайдасы мен өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасы, болмаса пайда мен эмиссиялық табыс.

Қазақстан Заңында үлеспайда төлеуге қатысты төмендегіше шектеулер бар:

- өз капиталының мөлшері теріс мәнде болса, не өз меншік капиталының мөлшері үлеспайда төлеуден теріс болып қалса;
- егер қоғамның төлеу мүмкіндігі болмаса, не қабілетінен айырылса...
- егер сот не акционерлік қоғамның жалпы жиналысы шешімімен оны жою туралы шешім қабылданса.

- **өндірісті кеңейтуге байланысты шектеу.** Көптеген кәсіпорындар, әсіресе жана орнап жатқанда, өндірістің қуатын мақсатты түрде кеңейту үшін қаржы көзін іздеу мәселесіне кез болады. Өндірісінің көлемін жоғары екіпінмен өрістеткен кәсіпорындарға қосымша керек заттар алуға керек болғаны сияқты, салыстырмалы түрде екіпін аса жоғары емес кәсіпорындарға да материалдық-техникалық базасын жаңалауға қаржылық ресурстың қосымша көзі керек болады. Мұндай жағдайларда үлеспайда төлеуді шектеу практикасы көп қолданылады.

- **Ссуда туралы келісім шарттағы шектеу.** Ссуда беру туралы көптеген келісімдер оны алу кезінде үлеспайда төлеуді шектеуі, болмаса тоқтата тұруы мүмкін. Бұл келісімдерді үлеспайда саясаты туралы шешім қабылдамай тұрып қарап алу қажет. Үлеспайда төлеуге не оның мөлшерін көбейтуге ссуда берушінің келісімі жиі талап етілетін жай.

- **Акционерлердің қалауы.** Үлеспайда саясаты негізінде бәріне белгілі қаржылық басқарудың түйінді ұстанымы – акционерлердің біріккен табысын максимизациялау ұстанымы жатыр. Оның мерзімі өткен кезеңдегі шамасы алынған үлеспайда мен акцияның курстық өскен құнын қоса отырып анықталады. Сондықтан, акционерлер мен кәсіпорын директоры үлеспайданың тиімді мөлшерін анықтау барысында үлеспайда мөлшерінің тұтас алғандағы кәсіпорын бағасына әсерін бағалауға міндетті. Бұл жерде кәсіпорын бағасы деген көбіне акцияның нарықтық бағасымен белгіленеді, ол көптеген факторларға тәуелді: тауар мен қызмет нарығындағы компанияның жалпы қаржылық жағдайына, төленетін үлеспайда мөлшеріне, оның өсу қарқынына, т.б.с.с. Мүмкіндігінше, акционерлердің капитал өсімінен түскен табысты емес, ағымдағы пайданы артық көретінін ескеру қажет. Осыған байланысты капитал өсімінен түскен табысқа салынатын салықтың табыс салығынан артықшылығы сарапталуы тиіс.

- **Акционерлер тарапынан бақылау.** Үлеспайданың жоғары мөлшерінде тағы да қосымша акционерлік капитал алу қажеттігі тууы мүмкін, ал ол капитал концентрациясының кішіреюіне әкеледі, акционерлердің компанияға бақылауын төмендетеді. Бір жағынан, үлеспайда төмен болса, капитал құрылымы тиімсіз болуы мүмкін, компания ірілерге жұтылу қатерінде тұрады, бұл тағы да акционерлер бақылауын жоғалтуына әкеп соғады.

- **Бірқалыпты тұрақтылық.** Бұл өзі көп назар аударатын фактор. Үлеспайда инвестор мен нарық жағынан сенімді ұстап тұруға маңызды роль атқарады. Тәжірибеде барлық уақытта тұрақты ағымды үлеспайдасы бар фирмалар нарықта үлеспайда ағыны тұрақсыз фирмалардан гөрі жоғары бағаланады. Көптеген фирмалар түсірген пайдасының аздығына қарамастан, үлеспайда сақталуын не көбеюін сұрап тұратын фирмалар акционерлер мен компаниялар үлеспайдасы ағынының тұрақтылығына (не өсіп келе жатқан) үлкен мән беруінің мәні осында.

- **Жарнама-қаржылық (ақпараттық) сипаттағы шектеу.** Нарық жағдайында компанияның үлеспайда саясаты туралы ақпаратты сараптамашылар, менеджерлер, брокерлер, т.б. мұқият қарап отырады. Үлеспайыз төлеудегі үзіліс, сол компанияның ісіндегі кез-келген теріс ауытқуларды практиктер акцияларының нарықтық бағасын төмендетуге алып келеді. Сондықтан кәсіпорындар көбіне үлеспайда саясатын жеткілікті тұрақты қалыпта, деңгейде ұстайды. Конъюнктура мүмкіндігіне қараймастан, үлеспайда саясатының бірқалыпты дәрежесі көптеген мұндайды көрмеген акционерлер үшін бұл кәсіпорынның табысты қызметінің өзіндік индикаторы ретінде қызмететеді.

- **Жағдайға байланысты шектеу.** Мысалы, компанияның алдындағы кезеңдегі не ... кезеңінде шығынға бату жағдайының болуы.

Дивиденд мөлшерін анықтау әдістері

Үлеспайда мөлшерін анықтаудың бірнеше жолдары бар:

Пайданы тұрақты түрде пайызды бөлу әдісі

Таза пайда үлеспайда төлеуге ерекше акциялар мен кәдімгі жай акция иелерінің қолы жететін пайда бойынша бөлінеді. Соңғысы, өз кезегінде, акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен үлеспайда төлеуге кәдімгі акциялар бойынша және бөліске түспеген пайдадан бөлінеді.

Үлеспайда саясатын сипаттайтын негізгі аналитикалық көрсеткіш – «үлеспайдадан шығу» коэффициенті болып табылады. Ол деген қарапайым акциялар бойынша үлеспайданың қарапайым акция иелерінің қолы жететін (бір акцияға есептелетін) пайдаға қатынасы. Яғни егер кәсіпорын жылды шығынмен аяқтаса, үлеспайда тіпті төленбеуі мүмкін деген сөз.

- ***Белгіленген үлеспайда төлеу әдісі***

Акцияның курстық құнының өзгеріп отыруына қарамастан үзіліссіз біршама мерзім бойы мөлшері өзгеріссіз акцияға үлеспайлданы жүйелі төлеу. Егер фирма табысты дамыса, бірнеше жыл қатарынан акцияға табыс бірқалыпты белгілі бір деңгейден жоғарыласа, үлеспайда мөлшері жоғарылайды.

- ***«экстра» үлеспайда төлеу әдісі***

Компания жүйелі түрде белгіленген үлеспайданы төлеп тұрады, бірақ белгілі бір кезеңдерде акционерлерге (табысты қызметіне орай), сыйақы сынды, бір реттік, жүйелі үлеспайда есептелетін экстра үлеспайда төленеді.

- ***Үлеспайданы акциямен төлеу әдісі***

Үлеспайданы, акционерлердің жазбаша келісімімен, қоғамның құнды қағазымен төленуі мүмкін. Үлеспайданы бұлай төлеу варианты акционерлердің жалпы жиналысында қабылдануы тиіс. Акционерлер ақша орнына қосымша акционерлік пакет алады. Мысалы, компанияда қолма қол ақша болмауы мүмкін, қаржылық жағдайы онша тұрақты болмауы мүмкін. Акционерді ренжітпеу үшін компания директоры үлеспайданы қосымша акциямен төлеуге ұсыныс жасауы мүмкін. Мұндай саясат нарықта қоғам акцияларының құны үнемі өсу жағдайында қабылдануы мүмкін. Егер мұндай акционерлерге қолма қол ақша керек болса, ол өз акцияларының белгілі бір бөлігін сата салады. Егер сатпаса оның байлығы акция құны өсуіне пропорциональды түрде өсе береді. Жойылу туралы мәселесі жоқ компаниялардың бәрі үнемі үлеспайда акцияларын төлеуді компанияда өз үлесін көбейтуді мақсат еткен акционерге ұсынады.

Үлеспайданы акциямен төлеудің артықшылықтары:

- Ақшалай қаржы компанияда қалады;
- Олар да ақшалай үлеспайда сияқты ақпараттық құндылыққа ие;
- Егер жойылу мүмкіндігі шектеулі болса, үлеспайданы акциямен төлеу үлеспайда ағынын үйреншікті қалыпты деңгейде ұстауға көмектеседі, ал ол компанияның нарықтағы мәртебесін сақтайды;
- Олар айналымдағы акция санын көбейтеді, сонымен акцияның іске асуын жақсартады;
- Олар компаниядағы акция пакетін көбейтуге құштар акционерлер үшін тиімді, өйткені брокер , т.б. шығынсыз; егер үлеспайда түрінде алған қолма қол ақша нарық арқылы компанияда қайта инвестицияланса.²

Акция курсы жүйелеу

Қаржылық менеджментте жоғарыда келтірілген әдістемелерден басқа да курс құнын жасанды жолмен жүйелеудің кейбір жолдары жасалған. Олар кейде төленетін үлеспайданың мөлшеріне әсер етеді.

- ***Акцияны ұсақтау әдісі (тармақтау не сплита)***

Акцияны ұсақтау деген (сондай-ақ жеңілдікпен шығарылған деп те аталады) үлеспайданы акциямен төлегенмен ұқсас, бірақ әдетте ол үлеспайданы ақшамен төлеуге қосымша жүргізіледі. Акцияны ұсақтау не жеңілдікпен шығарылған акция компаниядағы инвесторлар акциясы пакетінің жалпы құндылығын өзгертпейді. Акциялардың нарықтық құны жаңа акциялар шығарылуы есепті автоматты түрде түзетіледі. Әрбір акционер акциялардың жалпы көлемінен өз акциясының бұрынғы көлемін сақтайды, өйткені әрбір акционер өзіндегі акция пакетіне пропорциональды түрде қосымша акциялар пакетін алады.

Акцияны ұсақтауды әдетте ісі жүріп тұрған компаниялар жасайды, олардың акцияларының уақыт өте келе құны жоғарылап отырады. Ондай компаниялар өз акцияларының өте жоғары бағаға шығып кетуіне жол бермеуге тырысады, өйткені ол оның жойылуына алып келуі мүмкін (кейбір осы тектес жағдайларда құны төмен акциялар жойылу мүмкіндігі жоғары). Бұл операцияны жасауға шешім қабылдаған соң акциялардың нарықтық құнына байланысты, ұсақтаудың тиімді масштабы анықталады: мысалы, екі жаңа акция бір ескі акцияға, үш жаңа акция бір ескі акцияға, т.б. Валюта тепе – теңдігі, меншік капиталының құрылымы мұндай кезде өзгермейді, тек кәдімгі акциялар саны көбейеді.

Акцияны ұсақтаудың негізгі артықшылықтары:

- Жағымды ақпараттық мазмұны, бұл әдетте акция құнының потенциалды өсуінің көрсеткіші ретінде қаралады.

- Акциялар көптеп шығарылғандықтан оларды іске жарату да оңайлау болмақ, бұрынғы акционерлердің акция пакеттерінің құндылығына әсерінсіз бағасы төмендейді. Көптеген акциялар «іске асырудың тиімді шегі» дегенді иеленген, ол шектің ішінде олардың айналымы жоғары, ал акция құнын осы шекте ұстауға акцияны ұсақтау пайдаланылды.

- Акционерлерге бұл тез пайда әкелмесе де, ұзақ уақыт бойы олар өз акцияларының іске асуын жоғарылатады. Осы себепті де, адамдар ылғи ештеңе бермей-ақ бірдеңе алғанды сүйетіндіктен, анда-сандағы жеңілдікпен шығарылғандары аса танымал.


- ***Акцияны консолидациялау әдісі***

Бірнеше ескі акциялар бір жаңа акцияға кез-келген пропорцияда ауыстырылады. Бұл кезде үлеспайдалар акция құнының өзгеруіне

пропорциональды түрде өзгеруі мүмкін, яғни акция консолидациясы принципінде компания активіндегі акционерлердің әрбірінің үлесіне әсер етпейді. Бірақ бір жалпы теріс әсері бар –жаңа құнды қағаздар шығаруға қосымша шығын кетеді.

Акцияны сатып алу әдісі

Негізгі себеп – компанияның баланстағы құндылығы оншама көріне бермейтін активтерді көрсету арқылы активтерінің жалпы шамасын көбейтіп көрсетуден жалтару ниеті.



5 сурет. Дивиденд төлеу формалары.

Қазақстанда үлеспайда төлеулер

Қазақстандық көптеген АҚ-дың капиталы **шоғырландырылған**, яғни оларда мажоритарлы акционерлер көп болып келеді деген сөз, үлеспайда төлеу мен олардың мөлшері туралы шешім-көбіне осы мажоритарлы акционерлер мүддесі үшін қабылданатын шешімдер туралы айтуға болады. Бұл жағдай Қазақстанда клиентура теориясы жұмыс істейді деген ойға алып келеді (жоғарыны қараңыз). Көбіне алынған табысты қайта инвестициялау туралы шешім қабылданады. Яғни миноритарлы акционерлер ештеңе алмайды немесе аз алады. Осы нақтылықты түсіне отырып, мажоритарлы акционерлер үлеспайда басқа қоғамнан пайда алудың тәсілін біледі. Біздің мажоритарлы акционерлер меншікпен бөлісуге дайын емес, экономикадағы ақшаның көптігінен және шетел несиесіне қол жеткізудің жеңілдігінен соңғы кезге дейін әлеуетті инвесторлар мен миноритарлы акционерлер үшін имидж жасау қиын емес еді. Сондықтан олар үлеспайда төлемеді. Ағымдағы қаржылық дағдарыс жағдайында бұл жайт өзгеруі мүмкін.

Үлеспайда саясатын анықтауда нақты практиканы сараптау үшін біз Қазақстан компанияларының нақты үлеспайда саясатын қараған дұрыс деп шештік. Үлеспайда саясаты акционерлер не әлеуетті инвесторлар үшін жазылатынын ескеріп, біз үлеспайда саясаты Интернетте болуы тиіс деп шештік. Дегенмен біз тек екі үлеспайда саясатын таптық. Бұл деген , Қазақстан компанияларының үлеспайда саясаты Интернетте жоқ деген сөз емес, бірақ оларды табу да оңай болмады. Тек бірқатар компаниялардың корпоративті тәртібі кодексінде үлеспайда саясатына сілтеме табылды. Үлеспайда саясаты табылған екі компания Қазақстан Қаржы Биржасының листингінде бар, бұл ол компаниялардың акциясын кез келген инвестор ала алады деген сөз. Ал компания инвестор тартуға құлықты.

Қарау үшін бірінші АҚ «Разведка Добыча «КазМунайГаз» компаниясының үлеспайда саясатын алдық. Компания сайтында төмендегі мәтін жарияланған:

Дивиденд саясаты

РД КМГ өзінің МСФО ұзартылған шоттары бойынша салық төлегеннен кейінгі табысынан 15% сомасында үлеспайда жай және басымдығы бар акциялар бойынша төлеуге қатысты үлеспайда саясатын орнықтырды. Компания өзіне үлеспайда саясатын уақыт өте келе қайта қарау құқын қалдырды.

Жоғарыда көрсетілген даталар дәлдігіне кепілдік беруге қанша алдын ала шара қолданғанымызға қарамастан олар өзгеруі мүмкін, бұл жерде АҚ «Разведка Добыча «КазМунайГаз» («Компания») не оның акционерлерінің бірі, директорлар, басшылар, қызметкерлер не кеңесшілер уәде беруге, кепілдік бруге –жоғарыда аталған датаның дәлдігіне, осылай жауапкершіліктен босайды.

Компания да, оның акционерлерінің бірі, директорлар, басшылар, қызметкерлер не кеңесшілер жауапты емес, өзіне міндет алуға, тікелей не жанама, нақты көріністегі не ойдағы, келісілген,заңмен белгіленген,не басқаша, қатысты жоғарыда көрсетілген мерзім , кез келген жоғарыда көрсетілген мерзімге байланысты шығынға жауапты емес.

Одан басқа , Компания өз қалауынша жоғарыда көрсетілген мерзімнің кез келгенін өзгерту құқығын өзіне қалдырады.8. Көрсетілген үлеспайда сараптамасы, компанияның пайданы үнемі пайызбен бөлу әдістемесін ұстанатынын көрсетеді. Компания пайданың аз бөлігін төлейді, мажоритарлы акционердің күтімін ұстанатын сияқты. Мәтіннен әлеуетті инвесторларға үлеспайда саясаты тұрақтылығын күтіп қажеті жоғын анық көруге болады, бұл кейбіреулерде осы компанияға қаржы құюға бола ма деген күдік тууы да мүмкін. Мәтінде стилистикалық қате де бар, мұны әлеуетті инвесторлар ескермеушілік деп қарауы да мүмкін. Осының бәрі компания инвестиция тартуға мүдделі емес деген әсер қалдырады.

Десе де, 2006-2007 ж. үлеспайда төлеу ақпараты компания оны төлейтінін, үлеспайда мөлшері 2007 ж. өскенін көрсетеді, ал бұл ақпарат инвесторлар тартуы мүмкін.

Интернеттен тапқан екінші үлеспайда саясаты – АҚ «Қазақтелекомның» үлеспайда саясаты. Бұл үлеспайда саясатының үзіндісі төменде келтіріліп отыр.

Дивиденд есептеу, мөлшерін анықтау тәртібі.

3.1. Қоғам есептейтін үлеспайда көлемі нормативті есепке ала отырып анықталады. Таза табысы (қорытынды пайда) Қоғамның оның консолидарлы қаржылық есебі негізінде анықталады, оны МСФО сай жасайды.

3.2. Қолданыстағы заңға сай және Қоғам жарғысына сай Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның өткен қаржылық жылының таза табысының бөліну тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген бір жылғы үлеспайда көлемі туралы ұсыныс дайындап жатыр.

3.3. Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның өткен қаржылық жыл және бір жылғы үлеспайда мөлшері туралы таза табысын бөлу туралы ұсыныс дайындауда үлеспайда төлеуге бағытталатын сома таза табыстың 17,5 % кем болмауы тиіс деген ұстанымда болады.

3.4. Қоғамның үлеспайда жай және ерекше акциялар бойынша тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, не жыл қорытындысында төлеу мүмкіндігі туралы мәселе қолданыстағы Заңмен жүйеленеді. Бұл мәселені Қоғам басқармасы қоғам акциялары бойынша үлеспайда мөлшері көрсеткіші болжауымен алынған қаржылық нәтижеге сүйеніп қарау үстінде.

3.5. Қоғамның директорлар кеңесі ,Қоғамның басқармасы ұсынысы негізінде таза табыстың бөлінуінің негізгі бағытын (қорытынды пайда) қарау үстінде, сондай-ақ үлеспайда төлеуге бағытталған таза табыс (қ.п.) үлесі бойынша ұсынысты қалыптастырады.

3.6. Қоғамның директорлар кеңесі қалыптастырған Қоғамның бір жай акциясының есептелген жылдық үлеспайда мөлшері мен өткен қаржылық жылға қоғам таза табысының бөліну тәртібі туралы ұсыныс акционерлердің жалпы жиналысының қарауына жіберіледі.

3.7. Үлеспайда мөлшері туралы кесімді шешім қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімімен орнықтырылады.³



6 сурет. Компанияның мажоритарлы акционер ҰК ҚазМұнайГазбен қарым-қатынасы ⁴

АҚ «Қазақтелеком» үлеспайда саясаты мәтінінің сараптамасы жалпы оның «Акционерлік қоғам туралы» Заң қағидаларының әртүрін бірге жинап, үлеспайда мөлшерінің таза табысқа қатысты фиксациясы болмаса, АҚ үлеспайда саясаты туралы акционерге қосымша ақпарат бермейді. Интернеттен біз тапқан әртүрлі АҚ корпоративті басқару кодексіндегі үлеспайда саясаты туралы еске түсірулер негізінде «Акционерлік қоғам туралы» Заңнан үзінділер. Бұл деген Қазақстандағы АҚ үлеспайда саясатын акционерлер тартумен оны сақтауға пайдалануға дайын емес деген сөз.

Қорытынды:

- Дивиденд саясаты акционерлердің байлығын максимизациялауда компанияның қаржы міндеттерінің жалпы көрінісінде қаралуға тиісті. Бұл барлық уақытта максимальды үлеспайда төлеу деген сөз емес, өйткені үлеспайда үшін компанияның өз ішінде пайдалы қолданыс көзі табылуы мүмкін. Үлеспайда саясаты үлкен маңызға ие, өйткені ол капитал құрылымына компанияны қаржыландыруға әсер етеді. Ал акционерлік компаниялар жағдайында ақпараттық құндылықтарға да әсер етеді.

- Дивиденд хабарлау үшін, АҚ оны жабатын жеткілікті не бөлінбеген пайда, не ағымдағы пайда болуы керек. Ал үлеспайда төлеуге қолма қол ақша керек. Сондықтан үлеспайда саясатын шешуде оның жойылу мүмкіндігін, сондай-ақ ссуда алу мүмкіндігін бірге ойластыру керек.

- Тәжірибеге сүйенсек, үлеспайда ағыны тұрақтылығы аз АҚ қарағанда, үлеспайда ағыны тұрақты АҚ нарықта жоғары бағаланады.

• Үлеспайда саясатын жүзеге асыру мен қалыптастыру әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған:

- Меншік иесі пайдасын ағымдағы тұтынуы мен оның болашақ өсуі арасындағы белгілі бір қатынасты орнықтыру;

- Акционердің меншігін максимизациялау;
- акцияның курстық құнын көтеру;
- үлеспайда төлеудің қалыптылығы;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының қалыптылығы туралы хабарлама;
- қатысушылардың бәріне бірдей тиімді төлеу формасын (қолма қол ақшамен, акциямен, акционерлік қоғам мүлкімен) , сондай-ақ үлеспайда төлеу мерзімі мен кезеңдерін анықтау;

• Қазақстан АҚ үлеспайда саясатын жасамайды, оны жарияламайды. Оның себебі жариялау маңызын түсінбеуден не инвестор тартуға мүдделі болмаудан. Немесе қаржыландыратын өзге көздердің жеткілікті болуынан.

• Жасалған үлеспайда саясаты сапасы не олар туралы корпоративті құжаттарда айтылу аз күйінде қалып отыр. Бұл оны жасаушылардың , осы құжаттың мазмұны мен ролін түсінбеуге байланысты деген дұрыс болар.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Үлеспайда деген не?
2. Жай және ерекше акциялар бойынша үлеспайда төлеудің айырмасы неде?
3. Үлеспайда төлеу туралы «Акционерлік қоғам туралы» Заңының талаптары қандай?
4. Үлеспайда төлеу көздері не?
5. Үлеспайда саясаты деген не ?
6. Үлеспайда саясатының мақсаттары мен міндеттері қандай?
7. Компания төлейтін үлеспайда мөлшеріне не әсер етеді?
8. Үлеспайда мөлшерін анықтаудың қандай теориялары бар?
9. Компанияның үлеспайда саясатын қандай факторлар анықтайды?
10. Үлеспайда мөлшерін анықтаудың қандай әдістемелері бар?
11. Қазақстан АҚ үлеспайда қалай төленеді ?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

¹ «Салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі 12.06.2001 жылғы нұсқасы, 01.01.2008 жылғы өзгерістерімен. – 10 бет, т.1, т.6.

² www.vzfei.ru/zip-docs/platforms/fm/lekc_tfinm3.doc

³ http://portal.telecom.kz/portal/page/portal/ext/telecom/080_invest/dividend_pol

⁴ http://www.kmgcp.kz/rus/the_company/corporate_governance/relationship_with_nc_kmg/

7 тарау. Ақпараттың ашықтығы және айқындығы

А.В. Копытин
Іскерлік әкімшілігі докторы

Кіріспе

Көбіне ірі корпорациялар акционерлік қоғам түрінде құрылады, ол келесі төрт бизнестің корпоративтік түрлерімен сипатталады: корпорацияның заңды тұлға ретіндегі дербестігі; әр акционердің шектеулі жауапкершілігі; басқа тұлғаларға корпорацияның орталықтандырылған басқармасының акционерлеріне жататын акцияларды беру мүмкіншілігі. Коммерциялық кәсіпорынның акционерлік түрінің артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де кездеседі. **Кәсіпорынның акционерлік түрінің аса маңызды артықшылығы – оның капитал нарығына қол жетімділігі болып табылады.**

Акционерлік компаниялар инвесторлар үшін акциялар және облигациялар шығару жолымен қор іздестіруге қабілетті. Атап айтқанда, осындай капиталға қол жеткізген өздерінің кәсіпорындарына қосымша қорды тарту есебімен өсіп, кеңеюі үшін кәсіпкерлер Microsoft-та – Билл Гейтс және Apple-да – Стив Джобс өз компанияларын акционер етуге мүмкіншілік тудырды. **Капитал нарығындағы экспансия үшін талап етілетін қаржыларды жинауға компания акцияларын инвесторларға сатады.**

Акционерлер акционерлік компаниялардың иелері болып табылады. Бұл акционерлер фирмадағы туындаған барлық пайданы пайдалана алады, алайда олар егер фирма банкротқа ұшыраса өздерінің инвестицияларын жоғалта алады. Бұл процесстің екі артықшылығы бар. Біріншіден, кез келген адам компанияға инвестиция салып, өзінің жағдайын ұзақ мерзімге жақсартып алады. Екіншіден, кәсіпорын әлеуетімен өндірісті кеңейту арқылы капитал ала алады, онда ол экономикалық пайданы кеңейтіп, жұмыс орындарын құрып, мемлекеттік бюджетке салықтың түсуін қамтамасыз етеді. Корпорация, егер банкротқа ұшырауына немесе басқа фирмамен қосылуына байланысты жабылмаса, шексіз мерзімге құрылады. Корпорация иелері акция құнының шегінде шектеулі қаржылық жауапкершілікте болады. Сонымен қатар, корпоративтік меншік, әдетте

жойылушы, биржадағы акция түрінде компанияға үлесті сатып алуға немесе сатуға болады.

Корпорация қызметінде белсенді және мүдделі тараптар болып облигациялар алатын инвесторлар табылады. Облигацияның акциядан негізгі ерекшелігі сонда, облигация – қарыз беретін құнды қағаз, яғни облигация алған инвесторлар компания қаржысын белгілі шартпен қарызға береді.

Бұл шарт әдетте шұғыл, яғни дәл келісілген мерзімге және төлемге облигацияны инвестициялау болып табылады

Компанияның облигациясын алған инвестор компания пайда тапты ма немесе зиян шекті ме оған қарамастан облигациялар бойынша табыстың пайызын алуға үміткер болады. Облигациялар алған инвесторлар мұнда тәртіп бойынша өз салымдарын жоғалтудан акция сатып алған инвесторларға қарағанда жақсы қорғалған. Оған компания банкротқа ұшыраған кезде акционерлердің зиянын қайтарудан бұрын, басқа кредит берушілермен бірге өз қаржысын қайтаруға талап етуге құқылы облигация иелері бекітілген заң нормалары арқылы қол жеткізген. Акционерлер, егер компания банкротқа ұшыраса акцияға салған өз салымдарын толығымен жоғалтады.

Корпорацияның акцияларын және облигацияларын алған инвесторлардың қажетті шарты – корпорация қызметінің барлық қолданыстағы тараптарының ақпаратқа еркін қол жетімділігінің қолда екендігі сөзсіз.

Корпорацияның қаржы қызметінің қорытындысы қандай, кім оны басқарады, корпорация ішінде қандай маңызды стратегиялық және шұғыл шешімді шешуге қандай тәсіл қолдануы туралы білмей бірде бір парасатты инвестор осындай компанияның құнды қағазын алмайды.

Осы себептен барлық корпорациялар өз қызметінде қаржылық, қаржылық емес аспектілер туралы ақпараттарды ашады. «Стейкхолдерлер» деп аталатын түрлі ынта білдіруші тараптардың болған жағдайында корпорация ақпаратты ашқан кезде басымды қызығушылықтарын және барлық негізгі стейкхолдерлерді күтуді ескеруі қажет. Мұнда корпорация қажетті ақпаратты дайындап ғана қоймай, барлық стейкхолдерлер үшін түсінікті және ақпараттарды дайындау мен ашу процессін жүргізеді, яғни корпорация айқын таза болуы керек. Компанияның айқын тазалығы және оның акция мен облигация шығару түріндегі қажетті капиталды тарту қабілеттілігі арасында тікелей заңдылық қалыптасқан- **инвесторлар үшін компания ішіндегі есептерді дайындау, оның мазмұны және шешім**

қабылдау процесі түсінікті және ашық болғандықтан инвесторлар осы компанияның құнды қағазына қаржы салуға келіседі.

Корпорация басқармасының құрылымы мен стейкхолдердің мүдделері

Корпорация қызметі туралы ақпараттың ашылу әдістері мен тәсілдерін қарамас бұрын, ең алдымен біріншіден, шешім қабылдау үшін аса маңызды қандай ақпарат болатынын, екіншіден, стейкхолдердің қай тобына қандай ақпарат керек екенін анықтау қажет.

Корпорация, немесе акционерлік қоғам, бұл компания өзі жүргізетін бизнестің өзінің меншік иелері/акционерлерінің пайдалана алуы үшін құрылып, жұмыс істейді. Акционерлік қоғамда өз акционерлері капиталының өсіміне қол жеткізу үшін корпорация бизнесімен басқарманы қамтамасыз етуге құрылған заңмен бекітілген басқару органы бар. Көптеген елдердегі сияқты, Қазақстанда да қолданылатын басқару органдарының стандарттық үлгісі басқарманың жоғарғы органы – акционерлердің жиналысы болып табылады деп шамалайды. Ірі фирмалардың қор биржасында, ашық рыноктарында сатылатын акцияларға акционерлердің едәуір саны, кейде бірнеше жүз немесе мыңдап қатысқанынан, осы акционерлер корпорация басшылығының қызметіне күнделікті бақылау мен мониторинг жүргізе алмайды.

Осы себептен акционерлік қоғамдарда акционерлер жиналысы мен компания құрылымдарының басшылары арасында аралық- **Директорлар кеңесі** құрылады.

Оның негізгі міндеттерінің бірі болып қызметтің маңызды тараптары туралы өз акционерлерін корпорация басшыларының дер кезінде немесе толық ақпараттандыруына бақылау жасау болып табылады.

Қаржы және қаржылыққа жатпайтын ақпараттарға қажетті қол жеткізбей акционерлер дұрыс шешім қабылдай алмайды, сонымен акцияға салған ақшаларын жоғалтуы мүмкін. Сондай-ақ корпорация облигациясына өз қаржыларын салған инвесторлар басшылықтан алған ақпараттар негізінде облигацияларды сату немесе сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Сонымен қатар, мүдделері бір салада сәйкес келіп, екіншісінде екіге бөлінетін корпоративтік қатынастарға қатысушылардың түрлі топтары пайда болады. Мүдделердің ортақтығы әдеттегі жағдайда корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары өздерімен байланысты компания

қызметінің пайда түсіруімен және жұмыс істеу тұрақтылығымен қорытындыланады.

Корпоративтік қатынастарға қатысушылардың негізгі топтарының мүдделерін қорыта отырып, олардың арасындағы төмендегі маңызды ерекшеліктерді айтуға болады:

- Корпорация басшылығы/Менеджерлер:

- Олардың компаниясы акциясының дивиденттеріне немесе акция курстарына тіркелген кепілденген еңбек ақы мен қосымша төлемдер түрінде өздерінің сыйақыларын алады.

- Ынта білдіруші, ең алдымен өз жағдайының беріктігін, компанияның тұрақтылығы мен болжанбаған жағдайлардағы қауіпсіздікті төмендетеді (мысалы, компания қызметін қаржыландырудың артықшылығы сыртқы қарызға емес, бөлінбеген пайда есебінен). Компанияны дамыту стратегиясын жасап, іске асыру процесінде, тәртіп бойынша тәуекел мен пайда арасындағы ұзақ мерзімді мықты балансты қалыптастыруға бейім.

- Жұмыс істейтін компаниясына өзінің негізгі күшін шоғырландырады.

- Директорлар кеңесі ұсынған акционерлерге байланысты және компанияда жұмыс істеуге өзінің келісімін ұзартуға мүдделі.

- Компания қызметіне қызығушылық білдірген топтардың үлкен санымен тікелей өзара әрекет ететін (компания қызметкерлері, несие берушілер, тұтынушылар, жабдықтаушылар, аймақтық және жергілікті билік органды мен т.б.) және олардың мүддесін сол немесе басқа деңгейде еске алуға мәжбүр.

- Компания құны және қызметінің тиімділігін арттыру міндеттерімен байланысты емес немесе оларға қайшы келетін бірқатар факторлардың әсерінде болады (компания мөлшерінің ұлғаюуына ұмтылу, корпоративтік беделін, жеке мәртебесін арттыру құралы ретінде оның қайырымдылық қызметін кеңейту және т.б.)

- Акционерлік меншік иелері (акционерлер/инвесторлар):

- Компания пайдасынан дивиденттер түрінде ғана компанияға түскен түсімнен шығындарды алып тастағаннан кейін, сондай-ақ олардың баға кесуінің жоғары деңгейі жағдайында акцияларды сату есебінен қалғаннан кейін компаниядан пайда алады. Тиісінше компанияның мол пайдасына және оның акциясының жоғары курсына мүдделілер:

- Жоғарғы тәуекелге баратындар: 1) алынбаған түсімдер, егер компания қызметі сол немесе басқа себептермен пайда түсірмесе; 2) банкротқа ұшыраған жағдайда компания несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін ғана, өтемақы алады.

- Үлкен тәуекелмен бірге жүретін компанияның мол пайда табуға әкелетін шешімдерді қолдауға бейімділігі.

- Тәртіп бойынша өз инвестициясын бірнеше компания арасында әртараптандырады, сондықтан инвестиция бір нақты компанияда жалғыз табыс көзі болып (немесе тіпті басты) табылмайды.

- Компания менеджментіне екі жолмен әсер етуге мүмкіндігі бар:

1) компания менеджменті қызметін қолдамау немесе қолдау және директорлар кеңесінің құрамын немесе басқа құрамын сайлау арқылы акционерлердің жиналысын өткізу кезінде; 2) оларға қатысты акцияларды сату жолымен, сонымен қатар қолданыстағы достастықтағы емес менеджментке акционерлердің компанияларды жою мүмкіншілігіне жол беріп, акция курсына әсер ету.

• Несие берушілер (соның ішінде корпоративтік облигациялардың иелері):

- Компания мен олардың арасындағы келісімде белгіленген деңгейде пайда алады. Тиісінше, ең алдымен берілген қаржыны қайтару кепілі мен компанияның тұрақтылығына ынта білдірген. Жоғары тәуекелмен байланысты, мол пайданы қамтамасыз ететін шешімді қолдауға бейімделмеген.

- Компанияның үлкен сандары арасында өз салымын әртараптандырады;

• Компанияның қызметкерлері/жұмыскерлері:

- Ең алдымен оларға негізгі табыс көзі болып табылатын өздерінің жұмыс орнын сақтау және компанияның тұрақтылығына мүдделі болу

- Менеджментпен өзара тікелей әрекет ету оған байланысты, тәртіп бойынша оған әсер етуге өте шектелген мүмкіншілігі бар;

• Компания контрагенттері (оның өнімдерін тұрақты сатып алушылар, жабдықтаушылар мен т.б.):

- Компанияның тұрақтылығына, оның төлем қабілетіне және бизнестің ерекше саласындағы қызметінің тоқталмауына мүдделі;

- Менеджментпен өзара тікелей әрекеті;

• Мемлекет:

- Ең алдымен компанияның тұрақтылығына, оның салық төлеу қабілетіне, жұмыс орнын құруға, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға мүдделі.

- Менеджментпен тікелей өзара әрекеті;

- Компания қызметіне жергілікті салық арқылы әсер етуі мүмкін;

Қатысушылардың корпоративтік қатынастары өзара әртүрлі әрекет ететінін байқағандай және олардың мүмкіншіліктерінің сәйкес келмеу

саласы тым ерекше болғандықтан корпорациядан ашық ақпарат түрінде олардың мұқтаждықтарын жіктеуге болады

Төменде көрсетілген кестеде келтірілген шешімдерді қабылдау үшін стейкхолдерге қажетті ақпараттардың құрылымдық түрлері:

1-кесте. Стейкхолдерлер және корпорация туралы оларға қажетті ақпарат.

Стейкхолдер топтары	Стейкхолдердің ерекше тобына корпорациядан қажетті ақпараттар түрі					
	Қаржы есептілігі	Меншік құрылымы	Директорлар Кеңесінің құрамы	Басшылық қа сый беру	Корпоративтік басқару кодексінің болуы	Корпорацияның әлеуметтік жауапкершілігі
Инвесторлар	X	X	X	X	X	X
Менеджерлер	X	X	X	X		
Несие берушілер	X	X	X			
Қызметкерлер	X		X	X		X
Серіктестер	X		X			
Мемлекет	X	X			X	X

Кестеден байқалғандай, акционерлер/инвесторлар корпорация қызметі туралы шұғыл және дұрыс ақпараттың үлкен көлеміне мұқтаж.

Демек, олар ақпаратты ашу жөніндегі компания менеджменті мен Директорлар кеңесі мүшелерінің әрекетіне әсер ететін аса белсенді топтармен жұмыс істеуі керек.

Осындай әсер етудің қорытындысы болып «Ақпаратты ашу жөніндегі компания саясаты» құжаты саналады. Бұл құжат, қай ақпарат қандай мөлшерде және тәртіпте, стейкхолдердің қай тобына және қандай тәсілмен беріледі, соны анықтайды.

Ашуға жататын қаржы ақпараты

Алдыңғы бөлімдегі кестеде түрлі стейкхолдер топтарының шешім қабылдауы үшін қажетті ақпараттар түрлерінің жүйелі тізімі келтірілген. **Барлық стейкхолдерлер үшін қажетті ақпараттардың аса маңызды түрлеріне пайда мен шығын туралы есеп, ақша қаражатының**

айналымы мен балансы туралы есеп - тұрақты жарияланатын қаржы есептерінде болатын корпорацияның қаржы жағдайы туралы ақпарат жатады.

Осы 3 қаржы құжаттарындағы ақпараттарды талдай отырып, корпорация жеткілікті пайда түсірді ме, оның ішінде басқа өзінің бәсекелестерімен салыстыру бойынша өзінің міндеті бойынша дер кезінде есептесе ала ма және корпорацияға жататын активтерді менеджерлер/басшылар қаншалықты тиімді басқаратынын жеткілікті белгілеу қажет.

Ұлттық экономиканы жаһандандыру жағдайында бір тараптан ірі корпорацияларының ұлттық тиістілігін анықтау қиын, мысалы, «Ниссан» жапон компаниясы акцияларының бақылау пакеті француздық «Реноға» тиісті немесе «Қазақмыс» компаниясын қазақстандық деп айтуға бола ма, оның басты офісі Лондон қаласында орналасқан, ал басқа жағынан қарағанда, корпорация басқа елдердің инвесторларының қаржыландыруына мәжбүр, мысалы Лондон қор биржасына капиталды тарту мақсатымен акциялардың көп бөлігін орналастыруды Ұлыбританиядан тысқары жерлерде негізгі бизнесі бар компаниялар жүзеге асырады, бірінғай қаржы «тілінің» қолда болуы ерекше маңызға ие болады.

Басқа сөзбен айтқанда, капиталды тарту мүмкіншілігін іздеуші барлық әлемнің корпорациялары қаржы есебін олардың ұлттық тиістілігіне байланыссыз кредит берушілермен және инвесторларға түсінікті форматта және түрде қаржы есебін дайындау қажет.

Корпорация ішіндегі қаржылық есепті бухгалтерлік қызмет дайындайды, яғни көптеген елдердің компаниялары қабылдауы тиіс қаржы есептерін дайындауда бірінғайланған немесе біртұтас бухгалтерлік ережесін құру қажеттілігі туындады.

Осы мақсаттар үшін 1973 жылы халықаралық орган құрылды, оның мақсаты бухгалтерлік есептің бірінғай стандарттарын жасап, алға жүру болып табылады. 2003 жылы бұл орган қаржы есептемесін дайындау бойынша стандарттарды жасап, қолдануға ұсыныс білдіретін, қаржы есептемесінің халықаралық стандарты бойынша Кеңесті ұйымдастырған. Қазақстанда осы стандарт бойынша 2003 жылдан бастап қаржы және банкі мекемелері есеп жүргізсе, 2008 жылдың қаңтар айынан шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қоспағанда басқа барлық мекемелер жүргізеді. Сонымен Қазақстан компанияларының бухгалтерлері дайындайтын 3 негізгі қаржы құжаты әлемнің басқа елдерінің

инвесторлары мен несие берушілері үшін жеңіл оқылатын және түсінікті болуы тиіс.

Алайда, инвесторлар қаржы есептемелеріндегі мәліметтерге сене ала ма? Қаншалықты дұрыс есептелгені, мысалы, пайда және зиян шегуі туралы есепте компания қалай зиян шекпей пайда тапқан?

Берілген баланстағы компания жылжымалы мүліктің көбіне ие екендігіне және өзінің міндетін жабу үшін жеткілікті қаражаты барлығы туралы мәліметке сенуе бола ма?

Компания барлық ықтимал инвесторлар мен кредиторларды өзінің кәсіпорнына шақыра алады, сатып алушылармен кездесу өткізеді, өнімдер үлгілерін жібере алады және т.б. Қаржының белгілі бір мерзімде қажет болуынан шешімді тез қабылдайтын инвесторларға, тіпті компанияның өзіне осы керек пе?!

Шарасыз жағдайда осыны шешу үшін компания дайындаған есептердің дұрыстығын инвесторлар үшін куәландыруды бекітетін және инвесторлар мен кредиторлар сенім білдіретін арнайы мекемелердің қолда болуы қажет.

Мұндай мекемелер аудиторлық компаниялар болып табылады, олардың негізгі бизнесі 3 қаржы есептемелерін дайындаған компаниялардың дұрыстығын тексергенде жасалады. Осыған қарамастан әлемнің әр елінде аудиторлық компанияның үлкен бөлігі бар, олардың қызметі әдетте заңмен және кәсіби қоғамдастықпен реттеледі, өз қызметінің көлемі бойынша төрт аудиторлық компанияға бөлінеді- Ernst & Young, Deloitte & Touche, PricewaterhouseCoopers, KPMG.

Тәртіп бойынша, компания халықаралық нарықтан капиталды тарту мақсатымен облигациялар және акциялар шығарады, қаржы есептерінде тұрған мәліметтердің дұрыстығын дәлелдеу үшін осы төрт аудиторлық фирмаға баруға болады. Өз кезегінде, инвесторлар, ең алдымен компанияның есептілігін талдағанша, оның аудитор компаниясымен куәландырылған ба, атап айтқанда қайсысымен, соған көңіл бөлуі керек. **Осы себептен көптеген елдердің заңдық деңгейінде корпорация олардың қаржы есептерінің аудиторы кім екенін және қанша мерзімде болатыны туралы мәліметті ашу талаптарын белгіледі.**

Аудиторлық компаниялар және өздері жалдаған аудиторларға төлейтін олардың тұтынушылары – корпорациялар арасындағы даудамайларды болдырмау үшін бірқатар елдердің заңы көптеген жылдар бойы бір аудиторлық компания қызметін пайдалана алатын компаниямен арадағы жылдарды барынша азайтады.

Enron энергетикалық компаниясы банкротқа ұшыраған ерекше жағдайда аудитор компаниясы мен оның тұтынушысы-корпорация арасындағы бейресми тығыз қатынасын белгілеу жағымсыз үлгі болып табылады.

Arthur Andersen аудитор компаниясы Enron қаржы есептеріне аудит жүргізіп қана қоймай, осы корпорацияға басқа да кеңесші қызметтер көрсетеді, сонымен қатар, оның бұрынғы басшылары Enron Директорлар кеңесінің құрамына енген.

Сонымен қатар, Arthur Andersen корпорацияның қызметін дұрыстап талдай алмады, ол өз кезегінде сол операциялардың қаржы есептерінде белгіленбей кейіннен ірі энергетикалық компания Enronды банкротқа ұшыратты

Дау-дамай туғызған тексеріс қорытындысы Arthur Andersen өзінің таралуына әкеп соқты, өйткені инвесторлар мен кредиторлар осы аудитор фирмасы жүргізген қаржы есептері мәліметтеріне сенбеді, ал тұтынушы-корпорациялар өздерінің қаржы есептерін тексеру үшін өздерінің абыройын жоғалтқан аудиторларды шақырудан бас тартты.

Корпорациялардың қаржы есептерін дұрыс жасағанына сапалы баға беру үшін аудиторлар:

1. корпорацияның ішкі аудит жүйесінің сапасына баға беру үшін корпорацияның қызметкерлерімен және менеджерлерімен кездесу;

2. өздеріне тауарлар қалдығы сияқты, корпорация активтеріне түгендеу мен тексеруді жүргізу;

3. бухгалтерлік есепті жүргізудің дұрыстығына іріктемелі қайта тексеру жүргізу;

4. қарыздар мен борыштар көлемінде корпорация сатып алушыларынан және жабдықтаушылардан дәлелдеме алу;

5. корпорация басқармасының пайда түсірімділігін, төлем қабылетін және тиімділігін бағалайтын қаржы коэффициенті есебімен корпорация есептеріне қаржылық талдау жүргізуге міндетті;

Аудиторлар тексерісті толығымен аяқтаған соң, олар арнайы тәуелсіз аудиторлық есепті дайындауы қажет, ол акционерлік компанияның барлық инвесторлары, кредиторлары және стейкхолдерлері үшін қол жетімді болып табылады.

Ақпаратты ашу талаптары көптеген дамыған және дамушы елдердің заң актілері сияқты Қазақстанның да заңдарымен реттелетін міндетті шарт болып табылады.

Құнды қағазды сату немесе сатып алу туралы инвесторлардың шешімін қабылдауы үшін қажетті ақпараттарды ашуға заң бойынша талап етілетін

көлемі үнемі ұлғайып тұрады.¹ Бұл шешімді қабылдау дамыған мемлекеттер сияқты дамушы мемлекеттер үшін де әділетті. Мысалы, Қазақстанда акциясы Қазақстан қор биржасының (KASE) ресми листингіне енетін акционерлер компаниясы тоқсан сайын биржаға өздерінің қаржылық есептерін тапсырады, жыл қорытындысы бойынша оларды аудиторлық тексеріспен куәландырады. Мұнда бұл қаржылық есептер ашық сипатта болады және биржаның ресми веб-сайтынан алғаннан кейін бірден басылымға шығады.¹⁵ Сондай-ақ Қазақстанның құнды қағаз нарығы туралы заңда құнды қағаздың компания-эмитенті барлық стейкхолдерлер алдында төмендегідей ақпараттарды ашуға міндетті:

- Эмиссиялық құнды қағаз шығарылымының аңдатпасы;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган ұсынған есептердің шығарылымы;
- Қаржы есептілігіне енгізілгендері;
- Қазақстан Республикасының заңдылықтарына немесе сауда-саттық ұйымдастырушылардың ішкі құжаттарына немесе осы эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес ашуға жататын басқа да ақпараттарды (егер осы құнды қағаздар сауда-саттық ұйымдастырушыларының тізіміне енгізілсе)²

Құнды қағаздар нарығының дамушы елдерінің ішінде аса маңызды ақпараттардың нақты ашылуын талап ететін жаңа енгізулер 2002 жылы АҚШ Сарбани-Оксли заңының қабылдауы болды. (*Sarbanes-Oxley Act of 2002*).

Осы заң актісі инвесторлар үшін (акционерлік компания) корпорация менеджерлері әрекетінің аса таза болуына бағытталған. Атап айтқанда бұл заң төмендегілерді талап етті:

- *Аудиторлар жүргізген қаржы есептеріне түзетулер енгізу мен теңгерімнен тысқары міндеттемелерді ашу.* Бұрында корпорация өзінің қаржы есебін жариялаған кезде баланс, пайда және шығындар туралы есептерін, қаржы айналымы туралы есептердің бәрін тек ғана басылған аудиторлық есептерде куәландырылған. Жаңа талаптардың енгізілуіне байланысты, компания аудиторлар тексерген қаржы есептерін ғана жариялап қоймай, аудиторлардың есепке қандай түзетулер мен енгізулер енгізгені көрсетіледі. Сонымен, егер аудитор компаниясы қаржы есептеріне едәуір түзету енгізсе, онда компанияның бухгалтерлік қызметі кұзырлы емес немесе компания қаржы есебін әдейі бұрмалағанын

¹⁵ www.kase.kz

инвестор дәл нақты біледі. Екі жағдайда да, ақылды инвестор осындай компанияның құнды қағазын алудан бас тартады немесе өзінің тәуекелінің өтемақысы ретінде олардан үлкен қаржы талап етеді.

Компаниянің меншіктегі капиталымен/акциясымен кез келген операция жасау туралы есепті құнды қағаз бойынша Мемлекеттік комиссияға компания басшылығының 2 күнге дейін тапсыру мерзімі төмендетіледі. Бұл жаңалық компания басшыларының «инсайдерлік» келісім жасауға мүмкіншіліктерінің аз болуы үшін қажет. Инсайдерлік деп басқа инвесторларға жеткіліксіз ақпараттардың құпиялығына қол жеткізетін тұлғалардың құнды қағаздармен (акциялармен және облигациялармен) келісім жасауын айтады. Компания басшылығы, егер басқа инвесторларға қарағанда ақпаратпен ерте танысса, мысалы, компанияның пайданы көп тапқаны немесе зиянға батқаны туралы ақпаратты елден бұрын біліп басқаларға жария болғанша компанияның құнды қағазын сату немесе сатып алу мүмкіндігін пайдаланады. Құнды қағаз бойынша Мемлекеттік комиссияны 2 күннің ішінде шұғыл ақпараттау қажеттілігі корпорация басшылары/менеджерлерінің жеке пайдасын алуы үшін қол жеткізген инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланады.

-акционерлік меншік түріндегі компаниялар/корпорациялар өздерінің басшыларына үйлер мен пәтерлер сатып алуға несиелер беруден басқа несиелер мен қарыздар бере алады. Осы талап компания басшыларының компания қаржысын өзінің жеке мақсатына пайдалану мүмкіншілігін шектейді, оның ішінде компания несиесін оның құнды қағазын сатып алуға инсайдерлік мәміле жасау үшін пайдаланбайды.

-Корпорацияның Директорлар кеңесі тарапынан басшы жұмысына қадағалау сапасын арттыру және ішкі қаржы бақылауын күшейту. Осы заң нормаларын енгізу корпорацияға қаржы есептерін дайындайтын қызметтерді және осы есептің дұрыстығын тексеретін, яғни ішкі аудиттің жеке қызметін енгізді.

-корпорацияның жоғарғы басшылығы үшін этика кодексін енгізу. Сонымен корпорация басшылығы акционерлердің қабылдаған этика кодексін бұзса, ол тек жұмыстан босатылып қана қоймайды, басқа компаниядағы осыған ұқсас лауазымға орналасуға мүмкіндігі болмайды.

- Кеңестің аудит бойынша комитетіне енетін Директорлар кеңесінің мүшесі өз тәжірибесі бойынша міндетті түрде қаржыгер болуы керек. Бұл талап басқарушы ғана емес бақылаушы орган ретінде Директорлар кеңесінің ролін арттырады.³

Ашылуға жатпайтын қаржылық емес ақпарат

Стейкхолдердің дұрыс ақпаратына бірінші кезекте қол жеткізу маңыздылығына қарамастан, сондай-ақ акционерлік қоғам қызметі туралы қаржылыққа жатпайтын ақпаратқа қол жеткізу қажет.

Мұнда компания басшысының ауысуы туралы дер кезіндегі мәлімет, кейде инвестор үшін жарияланған тоқсандық қаржы есебінен маңызды болады.

Директорлар кеңесінің ролі мен құрамы, сондай-ақ компанияда корпоративтік басқару кодексінің болуы, меншік құрылымына жататын ашылуы тиіс копорация туралы маңызды қаржылық емес ақпарат жатады.

Акционерлік қоғамды басқарудың жоғары органы акционерлер жиналысы болып табылады, онда шешім бір акция - бір дауыс қағидасы бойынша қабылданады, миноритарлық акция пакетін алған инвесторлар негізгі мажоритарлық, меншік иелерінің келісімінсіз шешім қабылдай алмайды.

Осы себептен корпорация, олардың негізгі акционерлері кім болып табылатындығы, сол туралы ақпаратты ашуы тиіс. «А» листингіндегі Қазақстан қор биржасындағы акциясы бағаланатын Қазақстан компаниясы (KASE) қарапайым немесе кәдімгі акцияларды шығаратын жалпы санының 5% асатын акциялар пакетінің иесі туралы ақпараттарды ашуға міндетті. Акциялардың ірі пакеттерінің иелері туралы ақпараттар, мысалы, Нью-Йорк қор биржасында бағаланады, осы биржаның сайтынан немесе жалпыға қол жетімді Интернет www.yahoo.com порталы арқылы «Қаржы» бөлімінен алуға болады.

Теория мен практикада, егер онда бір немесе бірнеше ірі акционерлер болса немесе, егер керісінше компанияның әрқайсысы ірі пакет акциясына ие көп инвесторлардың қатарына жатса, компанияның қаншалықты тиімді жұмыс істейтіні туралы біріңғай пікір болмайды. Жалпы, мажоритарлық және миноритарлық акция пакеттерінің қатынас құрылымы елден елге ерекше ауысады және корпоративтік басқару моделіне байланысты.

Ағылшы-американ модельдері бар елдерде меншіктік корпоративтік басқару көп жайыла таралған, континенталдық еуропалық (неміс) елдердегі меншіктік корпоративтік басқару шоғырланған.⁴

АҚШ-тың ірі компанияларында компания акциясының 50%-нан астамын ұстаған блоктары жоқ. Ал, Германияда жекелеген компаниялардың 5% -нан төмені 9,5% блокта болады. Мұнда 38% блок компанияның 75% астам акциясынан тұрады. Акцияның барлық

блоктарының жартысынан көбі бақылау пакеттері болып табылады, 14% акция блоктары-оқшауланған пакеттер болып саналады.

2 кесте. Компания акцияларына ие болуды шоғырландыру

АҚШ пен Германияны салыстыру

Акция блогының көлемі (бір блоктағы компанияның барлық акцияларының пайызы)	Түрлі көлемдегі акциялардың жекелеген блоктарына бөлу	
	АҚШ	Германия
0,0–4,9%	95,0%	9,5%
5,0–9,9%	3,5%	7,8%
10,0–24,9%	1,4%	17,8%
25,0–49,9%	0,1%	13,9%
50,0–74,9%	–	12,9%
75% +	–	38,1%
Акциялар блоктары мен компаниялар саны	250 ірі компаниялардан барлығы 5925 блоктар	650 ірі компаниялардан барлығы 821 блок

Негізгі көздері: Jurgens U., Rupp J. (2002). The German System of Corporate Governance. Characteristics and Changes. Berlin.

Корпоративтік қатынастардың барлық қатысушыларын бір мезгілде және толық қанағаттандыру ресурстардың шектелуіне байланысты мүмкін емес. Басымдылықтарды қою қажет. Мұнда нақты психологиялық, саяси және экономикалық факторлар ескеріледі. Атап айтқанда, қолданыстағы корпоративтік қатынастардың, корпоративтік меншік жүйесінің жағдайын ескеру маңызды. Ресей және Қазақстан корпоративтік меншік жүйесінің американдықтардан айырмашылығы (көптеген құнды қағаздарға иелердің арасында бытыраңқы) тым шоғырланған, құнды қағаздар корпорация тағдырын анықтайтын шамалы ірі инвесторлардың қолында жиналған. Мұндай шоғырланудың жағымды және жағымсыз жағыда бар (құқықтарын теріс пайдаланады). **Орташа үлкен капиталмен инвестицияланған ірі акционерлер көп жағдайда шаруашылық қоғамы қызметінің табыстылығына мүдделі**

Сондықтан көптеген жеке шашылған акционерлерге қарағанда менеджерлер қызметіне бақылау жасауға, қоғамдық басқару белсенділігі

жоғары . Соңғы нәтижесінде ір акционерлердің басқару мен бақылаудағы белсенділігі барлық басқа ынта білдіруші тұлғалардың игілігіне айналуы мүмкін.

Басқа жағынан қарағанда шағын акционерлердің мүддесінің үстем болу моделі арнайы мамандандырылған қаржы мекемелері арқылы (брокерлік фирмалар, инвестициялық банктер, үлеспұлдық инвестициялық қорлар және т.б.) тұрғындардың 60% инвестициямен қамтамасыз етілген дамыған нарықта айналым, қор нарығының дамуы мен компанияның «тазалығын» қамтамасыз ету үшін маңызды.

Толығымен, меншіктің құрылымы мен ірі акция пакеттерінің иелері туралы ақпаратты ашу корпоративтік қатынастардың барлық қатысушылары мүдделерінің (құқықтарын) балансын қамтамасыз ету мен меншікті сақтау құқығына (инвесторлар құқығы, акционерлер құқығы) кепілдік беруден және қосымша қорғаудан тұрады.

Мұның ерекшелігі сонда, дамушы нарыққа жататын Қазақстанның корпоративтік басқаруы акционерлердің (миноритарлық) меншік құқығының заңсыз өзгеруінің алдын алуына кез келген уақытта қабылетті еместігін тәжірибе көрсетті. Мұндай жағдай сыртқы миноритарлық акционерлердің акцияларын ажырату жолымен көбіне басқа акционерлердің меншігіне тартып алу үшін, банкроттық заң туралы және басқа да корпоративті заңдардың меншік иелері (акционерлер) қолданады.

Стейкхолдерлер алдында ашу қажет корпорация қызметінің басқа аспектісі болып Директорлар кеңесінің рөлі мен құрамы табылады. Ашудың маңыздылығы корпорация басқару құрылымында Директорлар кеңесінің басты рөлі болып саналса, сондай жауапты рольді оның мүшелері де атқара алады.

Жалпы Директорлар кеңесі келесі бес негізгі қызметті атқарады:

1. корпорацияның жоғарғы басшыларын жалдауы, баға беруі және жұмыстан босатуы мүмкін;
2. негізгі операциялық ұсыныс бойынша дауысқа салады (мысалы, компанияның жаңа капитал шығындары жобаларын алуы немесе инвестициялау)
3. негізгі қаржы шешімі бойынша дауысқа салады (мысалы, облигациялар мен акциялар шығару, акцияларды қайтадан сатып алу және т.б.);

4. корпорация қызметінің түрлі аспектілері бойынша жоғары басшылыққа кеңес береді;
5. корпорация қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпаратты акционерлердің дұрыс және дер кезінде алуын қамтамасыз ету

Жоғарыда келтірілген қызметтерді орындаған кезде директорлар акционерлер мүдделерін басшылыққа алады. Алайда, практикада маңызды проблемалар кездеседі, акционерлер мүдделеріне қарап, директорлардың өз міндеттерін орындауға кедергі жасайды. Осы проблемаларға жататындар: Жоғары басшыларға тәуелді Директорлар кеңесі; корпорация менеджерлері; өз міндеттерін дұрыс орындау үшін қажетті білімі мен тәжірибесі және уақыты жоқ директорлардың өздері, сонымен қатар бірқатар директорлар өз қызметтерін барын салып орындауға ұмтылмайды.

Осы себептер бойынша инвесторлар мен кредиторлар ақпараттарға қолдары жетуі тиіс, кім Директорлар кеңесінің құрамына кіреді, бұл адамның тәжірибесі қандай, бұрынғы жұмысында қаншалықты табысты болды, қандай мерзімнен бастап ол Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Кеңес құрамы туралы алатын тұрақты ақпараттар негізінде акционерлер мен инвесторлар бұл органның қаншалықты дұрыс екенін және корпорация басшылығы/менеджментіне тәуелді болмай акционерлер игілігіне басымды жұмыс істеуге қабілетті.

Жоғарыда айтылғандай инвестордың компаниядан алатын құжатының бірі болып Корпоративтік басқару кодексі табылады. Корпорацияның Кодексті қабылдауы шығарылған құнды қағаздың сапасына инвесторлардың сенімін арттырмайды, басқа ақпараттарды ашумен қатар, компания ішінде қандай маңызды шешім қабылданатынын қосымша айту қажет болып табылады.

Компанияның корпоративтік түрдегі Кодексті қабылдаудың басты мақсаты акционерлік қоғамдағы адал мінез нормаларының дамуы табылады, оған акционерлердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғау, акционерлерге адал қарым-қатынас жасау, қабылдаған шешімнің ашықтығы, қоғам мен акционерлердің директорлар кеңесінің мүшелері мен басқа да лауазымды тұлғалардың кәсіби және этикалық жауапкершіліктерін қамтамасыз ету, іскер этика нормаларының бәрін қамтитын жүйесін дамыту және ақпараттық ашықтығын кеңейту жатады.

Атап айтқанда «Қазақстандық қор биржасына ұсыныспен енгізілетін ақша шығарушы және олардың құнды қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда» ақша шығаратын құрылтай құжаттарында құнды қағаздың иесінің құқығын

шектейтін немесе қысым жасайтын норма болмауы керек, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару эмитенті кодексінің болуы міндетті екені белгіленеді.

Акционерлік компанияның Кодекс ережесін сақтауға ақпаратты ашу стандартын енгізу арқылы оның тәжірибесі корпоративтік тәртіпте Кодекс талабына қаншалықты сәйкес келетінін ынталандыру.

Кодексті сақтау туралы жыл сайынғы есеп акционерлердің жалпы жиналысында дайындалып, акционерлерге ұсынылатын жылдық есепке енгізілуі тиіс. Акционерлерге Кодексті сақтау туралы жыл сайынғы берілетін есеп Кодекс ережесінің пайдаланылуын белгілейтін акционерлер немесе директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Осы шаралардың бәрі Кодекс талаптарын сақтайтын акционерлік компанияларды ынталандыруға бағытталған. Инвесторларға келетін болсақ, олар үшін компанияның корпоративтік тәртіп стандарттары мен принциптерін сақтау тиісті корпорациялардың акцияларын сату немесе алу туралы пайымдалған шешімді қабылдау негізгі факторлар ретінде шығады.

Ірі корпорациялар меншікке (акционерлерге) жатады, алайда жоғарғы басшылармен бақыланады (меншік иелерінің жалдаған менеджерлері). Осындай бөлулер қарапайым проблеманы тудырады Неге жалданған басшылар меншік иелерін қамқорлыққа алуы тиіс? Басшылар меншік есебінен көбіне өз пайдасын табу үшін басымды жағдайды қоюы мүмкін. Егер меншік иелері менеджерлер тәртібін тиімді бақылауға алмаса, онда олар ерте ме кеш пе корпорация активіне қызмет көрсетуі үшін, ең алдымен өз мүддесі үшін пайдаланады. Мұнда менеджер өз әрекетімен акционерлерге ғана зиян келтіріп қоймайды, басқа топтар стейкхолдерлерге-кредиторларға, сатып алушыларға, жабдықтаушыларға және қызметкерлерге тіпті өзіне де залалы тиеді.

Жалданған менеджерлердің осындай әрекеттерін болдырмау әдістерінің бірі болып, басқа стейкхолдерлердің мүддесі үшін жұмыс істеуге, оларға атқарған жұмыстарына дұрыс ақшалай қаржы төлеу табылады. Осы өтемақының құрылымы бірқатар елдердің заңдылықтары бойынша ақпаратты ашуға міндетті болып табылады.

Егер акционерлер мен басқа да стейкхолдерлер корпорацияның жоғарғы басшыларына бонустар, еңбек ақыларын төлеу жүйесі мен деңгейін білсе, онда ол біріншіден, «мысалы акция курсының өзгеруі және менеджерлер алатын төлемдерді салыстыру) менеджерлер әрекетінің тиімділігін бағалауға қосымша бақылау қояды, екіншіден стейкхолдерларға емес, тек өзіне жұмыс істеу менеджерлер үшін қосымша ұстайтын фактор болып табылады.

Қазақстанда атқарушы органға сыйақы туралы ақпарат құпия болып қалуда. Сондықтан «Қазақтелеком» АҚ жоғарғы басшыларының сыйақылары туралы дау-дамай болғаны белгілі.

Кейінгі жылдары көптеген ірі корпорациялардың жекелеген топтағы адамдардың өмірі және қоршаған ортамен қосылуы бірқатар мемлекеттің салыстырмалы роліне айналды, мемлекетке жататын қорлар ұсынған инвесторлардың көбі корпорациядан әлеуметтік және экологиялық есептерді дайындауды талап етеді.

Өз кезегінде, әлеуметтік мақсатына қол жеткізуге ұмтылған корпорация өз беделін жоғарлатып және де олардың қызметі туралы жағымды пікірлердің болуы, сатуды жоғарлатуға, жұмысқа аса дарынды мамандарды жалдауға, мемлекеттік рұқсаттар мен лицензиялар алуға, процесті жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, корпорацияның қаржылыққа жатпайтын қызметі туралы ақпаратты ашқан кезде Экономикалық Үлгімен және Дамыту жөніндегі ұйымдармен анықталған корпоративтік басқару тиімділігі қағидасын бетке ұстайды (ОЭСР):

- *адалдық*: инвесторлар олардың меншіктерін айырудан адал қорғайтынына сенімді болуы керек;

- *айқындығы*: кәсіпорын өзінің қаржылық жағдайы туралы дұрыс және толық ақпаратты дер кезінде ашуы керек.

- *есептілігі*: кәсіпорын менеджерлері меншік иелеріне немесе Директорлар Кеңесінің мүшелеріне және аудиторларға есеп беруі тиіс.

- *жауапкершілік*: кәсіпорын заңы мен қоғамның этикалық нормаларын сақтауы тиіс.⁵

Ашылатын ақпараттарды тарату әдістері

Корпоративтік басқару тиімділігі, көбінесе акционерлер, инвесторлар және басқа ынта білдіруші тұлғалар үшін компания туралы ақпаратты қанша ашық көрсете білгеніне байланысты. Инвесторлар қаржысын тартатын қазіргі заманғы корпорация өз бизнесінің барынша ақпараттық ашықтығы мен шынайлығына ұмтылады. Ақпаратты аса тиімді ашу түрлеріне тәжірибеде көрсетілгендей төмендегілер жатады:

1. компания сайтына қажетті материалдарды орналастыру, олар:

- Директорлар кеңесінің мүшелері мен компанияның жоғарғы менеджерлері және олардың өмірбаяндық мәліметтері туралы ақпарат;

- компанияның ұйымдық құрылымы және негізі бөлімшелері мен бизнес құрылымдары туралы мәлімет;
- негізгі акционерлер және олардың капиталдағы үлестері туралы ақпарат;
- қаржылық есептілік және талдамалы қаржылық мәлімет;
- компания тарихы;
- ағымдағы жаңалықтар;
- жарғы және компанияның бірқатар ішкі құжаттары;
- директорлар кеңесінің мәжілістері туралы ақпарат.

2. жылдық есепті жариялау;

3. тоқсандық есептерді және маңызды фактілер туралы хабарламаларды шығару;

4. жарнамалық-ақпараттық материалдарды жариялау;

5. инвесторлар мен талдаушылар үшін роуд-шоу, баспасөз конференцияларын өткізу жөнінде жұртшылықпен байланысы бойынша басқарма жұмысы туралы ақпарат;

Көптеген компаниялар өндіріс және тұтыну мөлшері туралы мәліметті ашып, анықтығының жаңа деңгейіне шығуда. Мысалы, «Норильский никель» компаниясы айқындықтың жаңа деңгейіне шықты және платина тобындағы қымбат металдарды шығару және тұтыну туралы мәлімет береді.

Егер инвесторларға әсер ететін Қазақстан компаниялары туралы, олардың қаржы және қаржылыққа жатпайтын қызметтері туралы Интернетке ұсынылған ақпараттарына баға беретін болсақ, олар өте аз. Бұл компаниялардың инвесторлар тартуға қызығушылығы жоқ немесе ақпараттың ашылуы мен айқындығы болып табылатын мұндай құралды жақсы түсінбейді.

Инвесторлардың назарына корпорация туралы нақты ақпаратты ашу мен жеткізу тәсілінің бірі (инвесторлар қаржысын тартуға ынта білдірген корпорациялар үшін қажетті әрекет) құнды қағаздармен жұмыс істейтін арнайы мамандандырылған мекемелерге бару болып табылады. Мұндай мекемелерге инвестициялық банктер, құнды қағаздар нарығында жұмыс істейтін аналитиктер мен рейтингтік агенттіктер жатады.

Инвестициялық-банк қызметі корпорацияға жаңа борыштық міндеттер мен акция эмиссиясын жасауға көмектеседі. Компания құнды қағаздың бірқатар түрлерін шығарады. Банк компанияға оның жағдайына байланысты капиталды тартатын сомаға (акциялар, облигациялар және т.б.) құнды қағаздардың оңтайлы үлгісіне қатысты кеңестер береді.

Инвесторлар-акционерлерге құнды қағаздарды сату процесі бірінші кезекте құнды қағазды тіркеуге байланысты және құнды қағаздар мен компания туралы ақпараттан тұратын алдын ала жоспар енгізеді.

Ол, мысалы, компанияның қаржылық жағдайын толық, оның коммерциялық қызметін, басқару командасының тәжірибесін, сондай-ақ бұл қаржы қалай қолданылады соны жазуына болады, банк құнды қағаздар эмиссиясына ынта білдірген инвесторлар үшін соңғы жоспар болып таратылады. Бұл ақпарат инвесторларға кәсіпорын жағдайы мен эмиссияның құнды қағаздарын алу туралы шешім қабылдауға жәрдемдеседі. Басқаша айтқанда, инвестициялық банктер ақпараттың маңызды және акционерлік компанияның бақылау көзі болып табылады ⁶.

Банкирдің ұсынысы мен жоспары инвесторларға компания туралы ақпарат тапсырады. Ұсыныс- бұл эмиссияны сату мен қызығушылық тудыру үшін банкирлер қабылдайтын маркетингтік компания. Олар зейнеткерлік және үлестік қорлар сияқты ірі институттық инвесторларға бару және негізгі іскер және қаржылық орталықтар бойынша сапарлар ұйымдастырады.

Жеке инвесторларға сату үшін инвестициялық банктер өзінің брокерлік операцияларын пайдаланады. Компания-эмитент туралы ақпарат, әсіресе компания жаңа болған кезде маңызды. Компания IPO аясында алғаш рет өзінің акцияларын ұсынады (алғашқы ашық акцияны орналастыру), бұл компания тәртіп бойынша инвесторларға таныс емес. **Инвестициялық банктер жинаған ақпарат фирмалар туралы жалғыз тәуелсіз мәлімет көзі болуы мүмкін. Сондықтан инвесторлар оңтайлы инвестициялық шешімді қабылдауға банк компанияға қатысты барлық ақпараттарды ашады деп күтеді.**

Акционерлердің меншігінің әділ баға бойынша бағалануының кепілдік механизмнің бірі – тәжірибеге тәуелсіз талдау агентінің/бағалаушысы тартылады. Компанияның кредит беру қабылетін бағалау үшін кредиттік мекемелер фирманың қаржы жағдайын, бизнес-жоспарларын және стратегиясымен танысатын қаржы талдаушыларын жалдайды. Бұл талдаушылар компанияның жарияланған қаржылық есептерімен тиянақты түрде танысады. Олардың зерттеулеріне көмектесу үшін талданатын компания агенттікке үлкен орта үшін арналмаған, сонымен қатар кінәрат қоятын ақпараттарды бере алады. **Компания арнайы ақпараттарды ашуға міндетті емес, алайда оны жиі жасайды. Олар шығаратын құнды қағаздың инвесторлар мен кредиторлардың салған қаржыларының сенімді және табысты тәсілмен сақталатындығы агенттікті сендіру үшін жасалады.**

Тексеру жүргізген кезде талдаушылар көбіне бағаланатын компанияның президентіне және басқа басшыларына тікелей мәселелермен баруға құқылы.

Кредиттік-рейтингтік агенттік ықтимал жабдықтаушылар үшін облигацияларды бағалайды. Инвесторларды, ең алдымен осы кредиттік-рейтингтік агенттіктердің көңіл аударатын заты ретінде облигациялармен байланысты тәуекел ойландырады. Облигация қауіпсіздігінің деңгейі белгіленген табыс инвестицияларын кім таңдайды соларға өте маңызды. Облигациядан, оны ұстаушы егер, облигация қызметінің мерзімі бойы және облигацияны жабу жөніндегі негізгі қарыз төленген кезде барынша табысқа ие болады.

Корпоративтік облигация қауіпсіздік бағасынан өтеді, нәтижесінде фирмаға рейтинг беріледі. Бұл рейтинг инвесторларға облигация тәуекелінің мөлшері туралы ақпараттайды.

Рейтингтік агенттіктер жариялаған стандартты рейтингтер облигацияға қатысты корпорацияның төлем қабылетіне ғана баға береді және акцияға салу сенімділігі мен пайдасын бағалайтын, стандарттанған есептерді құруда мұқтаждық пайда болатын, кейде акцияға салынған тұрақты табыстарды жеткілікті тарату компания қабылетіне қатысты ешқандай ақпарат бермейді.

Жоғарыда келтірілген себептер бойынша түрлі индекстер пайда болды, олардың ішінде FTSEGood¹⁶ корпоративтік жауапкершіліктің әлемдік стандартына сәйкес компанияның табысы бағаланады және инвесторларды тарту мақсатымен енгізілген. Оны енгізу мақсаты корпоративтік басқару сапасының көрсеткіші бойынша ғана акция бағасымен жасалады, яғни бұл индекс бірқатар корпорациялардың акцияларына салынған салымдардың сенімділігі мен сақталуын анықтайды.

Индекс 2004 жылы желтоқсанда енгізілген, бағаны 2005 жылдың сәуірінде жарияланды. Индекс АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Еуропа елдері үшін енгізілген, яғни еуро аумақтар мен дамыған елдер үшін. Компания көрсеткіштердің кең спектрі бойынша бағаланады: 61—американ компаниялары үшін, 55—қалған барлығы үшін. Негізінен американ компаниялары үшін қосымша көрсеткіштер штаттарға байланысты ерекшеліктері бар монополияға қарсы заңдылықтар туралы ережеге қатысты.

Корпоративтік басқару сапасын бағалайтын индекстер көрсеткіштердің сегіз негізгі топтарын енгізеді, бұл 1) директорлар кеңесі,

¹⁶ www.ftse.com

2) аудит; 3) жарғы және компанияның жарғылық нормативтері; 4) қосылуы туралы ереже; 5) компания директорлары кеңесінің жоғарғы басшылығына және мүшелеріне сыйақы беру; 6) дамушы факторлар; 7) меншік құқығы; 8) директорлардың білім деңгейі. Өз кезегінде әр топқа төмендегі баға көрсеткіштері бөлінген:

1. Директорлар Кеңесі:

- директорлар кеңесі мүшелерінің көбі тәуелсіз болуы керек;
- лауазымға тағайындау және сыйлық беру жөніндегі директорлар кеңесінің комитеті толығымен тәуелсіз директорлардан тұрады;
- атқарушы менеджер/басшының екі компаниядан артық басқаруына болмайды (акционерлік меншік түрі);
- бұрынғы атқарушы менеджер/басшылар Директорлар кеңесінің мүшесі болмауы тиіс.

2. Аудит:

- директорлар кеңесінің аудиті бойынша комитет толығымен тәуелсіз тұлғалардан тұруы керек;
- Кеңесші қызмет көрсетуге төлем аудит қызметіне қарағанда төмен болуы тиіс

3. Компания жарғысы және жарғылық нормативтері:

- Кез келген жарғылық ереже арнайы мәжілісті шақыруға уәкілетті акционер қабылдауы тиіс.

4. Қосылуы туралы ереже:

- Компанияның жарғылық ережесі мәжбүрлеп бақылауға ауысу немесе меншік құқығынан тәуелсіз болуына мүмкіндік бере ме?

5. Компания директорлары кеңесінің жоғарғы басшылығына және мүшелеріне сыйақы беру:

- Барлық альтернативті варианттармен дұрыс түрде сыйақы әдісі мен тәсілдері салыстырылды ма;
- жұмысқа қабылдағаннан кейін Акционерлер сыйақы төлеу әдістері мен тәсілдерін бекіту қажет пе;
- атқарушы менеджерлер мен басшылар сыйақының бөлігін акция түрінде қабылдай ала ма

6. Дамушы факторлар:

- директорлар кеңесі мүшелерінің зейнеткерлікке шығу жасы;
- атқарушы менеджерлер мен басшылар үшін құзырлығын беру тәртібі жоспарының болуы.

7. Меншік құқығы:

- директорлар кеңесінің мүшелері компания акциясына ие ме ?

8. Директорлардың білім деңгейі:

- Директорлар кеңесінің мүшелері мен атқарушы менеджерлер/ басшылардың білім деңгейін анықтау

Компания жалпы бағаны алмас бұрын түрлі даулы мәселелер талқыланады. Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі мен құрылымы аса маңызды көрсеткіштер болып қаралады және жалпы бағаның- 44% алады, содан кейін құқық және акционерлердің құқықтарын қорғау-21%; аудит процессі кезіндегі тәуелсіздік пен тұтастығы-17%; атқарушы менеджерлер мен директорлар кеңесінің мүшелері- 9%;

Талдаушы компаниялар мен инвесторлардың жалпы пікірі жаңа индекстің пайда болуы басқару сапасын арттырады және табысты басқару тәжірибесін алуға компанияның мәртебесін көтереді.

Сонымен қатар, 2007 жылғы 1-қазанда алғаш рет тарихта Қазақстанның корпоративтік секторында «Разведка Добыча «КазМунайГаз» АҚ корпоративтік басқару сапасына рейтинг берілді. «Разведка Добыча «КазМунайГаз» АҚ АҚ РКУ-5 деңгейінде (РКУ) корпоративтік басқару рейтингін беру туралы Standard & Poor's хабарлады Мұнда, Жалпы РКУ КМГ РД 1-ден (төменгі) 10-ға дейін (жоғарғы) баға градацияларымен халықаралық шкала бойынша талдаудың бес компоненті бойынша баға қорытындысы табылады:

- Меншік құрылымы мен сыртқы әсері-5
 - акционерлер құқығы мен қаржылық ынта білдіруші тұлғалармен қатынасы- 6;
 - Қаржылық айқындығы, ақпарат пен аудитті ашу—5
 - Директорлар Кеңесінің тиімділігі мен құрамы-5;
- Standard & Poor's пікірі бойынша КМГ РД корпоративтік басқару тәжірибесінің басты жағымды элементтері болып төмендегілер жатады:

-Өсу үшін аса маңызды саяси қолдау мен мүмкіндіктер РД КМГ камтамасыз ететін аналық компаниялардың дұрыс қарым қатынасы;

- Акция тіркеушісінің тәуелсіздігі;
- IPO нәтижесінде болған корпоративтік басқару жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілген, Директорлар кеңесінің сегіз мүшесінің үшеуі тәуелсіз болып табылады; халықаралық компанияларда көп жылдық жұмыс тәжірибесімен және қызметтің түрлі салаларында жоғары біліктілікке ие.
- Директорлар Кеңесінің тиімділігі үш комитеттің жұмысымен қолдау табады (аудит, сыйақы беру және тағайындау бойынша);
- Ынта білдірушілермен жасалатын барлық келісімдер тәуелсіз директорлардың көп даусымен бекітуге жатады;
- Компания Жарғысында көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысының қосымша құзыреті (бекітілген заңмен құзырлықтармен салыстыру бойынша). Инвестициялық меморандумдарда көрсетілген барлық алынған акциялар акционерлердің жалпы жиналысында миноритаридің көпшілік даусымен бекітуге жатады;
- Дивиденттік саясаттың ресімделген құжатының болуы. Дивиденттер барлық акционерлерге бір күнде төлейді,
- Қаржылық есептің Халықаралық стандарты бойынша жылдық аудиторлық ұластырылған қаржы есебін, сондай-ақ аудитордың шолуымен МСФО бойынша тоқсандық есепті дайындау;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің арасындағы тілдік және мәдени ерекшеліктерді еске ала отырып, акционерлер, Директорлар кеңесі мен компания менеджменті арасындағы өзара әрекетті қалыптастырған корпоративтік хатшының тиімді жұмысы;
- Директорлар мен жоғары басшылық мүшелері үшін сыйақы жүйесі РД КМГ жасау және енгізу:

Сондай-ақ РД КМГ компанияның корпоративтік басқару рейтингінде бірқатар маңызды кемшіліктер байқалады.

- Директорлар кеңесінде аналық компаниялар өкілдері басым;
- Ішкі бақылау және басқару жүйесі тәуекелмен жаңа дами бастады;
- Ақпаратты ашу деңгейі бірқалыпты;
- МСФО бойынша қаржылық есептің ескертуінде маңызды ақпарат жоқ, атап айтқанда ынта білдірушілермен ірі мәмілелерге қатысушылар туралы мәлімет, осы келісімдердің компанияның операциялық және күрделі шығынына тигізер әсері туралы мәлімет,

әлеуметтік және экологиялық саясатты толық беру , сонымен қатар тәуекелге талдау жүргізу;

- Аналық компаниялар ынтасы бойынша Директорлар кеңесі белгілеген жоғарғы басшылық мүшелерінің сыйақы беруінің үлестік салмағы.

Сонымен, Компанияның стейкхолдерлерін толық, шұғыл және дұрыс барынша ақпараттау мақсатында ақпаратты ашу бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет, арнайы мамандандырылған мекемелер арқылы аса тиімді таратумен жүруі міндетті.

Ақпаратты инвесторларға және басқа стейкхолдерлерге шұғыл беру қажеттілігі құнды қағаздармен инсайдерлік сауда үшін мүмкіншіліктердің төмендеу маңыздылығымен ерекшеленеді. Инсайдерлік ақпаратқа құнды қағаздың нарықтық барынша әсер етуі, компания қызметі туралы, оның құнды қағаздары мен олармен келісім-шарт жасасу туралы ақпараттар жатады. Компанияда инсайдерлік ақпараттың айналымын реттеудің болмауы компания қызметіне дұрыс әсер етпейтін, оған қолы жететін тұлғалардың бұл ақпаратты дұрыс қолданбауы тиіс.

Осы себептен инсайдерлік сауда заң жүзінде және корпорация деңгейінде жауапты болады. 2009 жылдың басында Ресей Федерациясында заң қабылданды (инсайдерлік), осыған сәйкес құнды қағаздар нарығында келісім жасау үшін қызметтік ақпарат пайдаланғанға айыппұл салынады. Құжатта қызметтік ақпаратқа қолы жететін тұлға ретінде компания басшылығы, бақылаушы кеңестер мен директорлар кеңесінің мүшелері бола алады. Осындай тәртіп бұзушылықты жауапкершілікке тарту жылға созылады.

Құнды қағаздар нарығының дамыған елдерінде инсайдерлік сауда қылмыстық жаза болып табылады және басқа біреудің меншігін тонаумен теңгеріліп, ұзақ мерзімге түрмеге жабылады.

Егер Қазақстан туралы айтатын болсақ, Қазақстан компаниясының акционерлерді тартуы және ұстап қалу құралы ретінде ықтимал инвесторлармен және акционерлер берілген ақпаратты әлі де болса нашар пайдаланылады.

Биржадағы листингіде берілген компаниялар өздерінің сайттарында компанияның ақпараттық қауіпсіздігі үшін зиянсыз басуға болатын барлық ақпараттарын жарияламайды. 2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысы мен қаржыландыру көзін еліміздің ішінен іздеу осы жағдайды таяу арада өзгертетіні сөзсіз.

Талқылауға қойылатын сұрақтар:

1. Акционерлік қоғамға шынайылық пен ақпаратты ашу неге керек?
2. Стейкхолдерлердің негізгі топтарын ақпараттаудағы айырмашылығы неде?
3. Стейкхолдерлердің түрлі топтарына қандай ақпарат ашу керек?
4. Ақпаратты ашу әдістері қандай?

¹ Robert A. Monks, Nell Minow. Corporate Governnace – Blackwell Publishers, 3rd edition, 2003, 584 p.

² «Бағалы қағаздар туралы» ҚР Заңы 02.07.2003 №461-2

³ Kenneth A. Kim, John K. Notsinger. Corporate Governance – Pearson Education Inc., 2007, 164 p.

⁴ И.В.Беликов, Г.Н.Константинов, В.И.Шейн «Корпоративтік басқару: ресейлік модель. – М.: Дело, 2005.

⁵ Корпоративті басқару қағидалары ОЭСР. – ОЭСР, 1999.

⁶ Kenneth A. Kim, John K. Notsinger. Corporate Governance – Pearson Education Inc., 2007, 164 p.

⁸ «Акционерлік қоғам туралы». ҚР Заңы

8 тарау. Акционерлік қоғам қызметіне бақылау

Т. Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы,
Құқықтық тәуекелдер бойынша маман (LLM)

Кәсіпкерлік қызметте акционерлік қоғам маңызды роль атқаратынын ескере отырып және бұл әдетте жеткілікті түрде ірі компаниялар, олар өз қызметін атқару үшін қаржы табу мақсатында акциялар шығарып, басқа да құнды қағаздар шығарады. Олардың ісіне ерекше бақылау қойылған. АҚ қызметіне қойылған бақылауды шартты түрде екі түрге бөледі: ішкі және сыртқы.

Ішкі бақылау

Ішкі бақылау жасауға қатысушылар және /немесе сенімді тұлға, болмаса уәкілетті қатысушылар, акционерлердің жалпы жиналысы және басқа да ол тұлғаларға уәкілетті адамдар жүргізеді. Қоғамды бақылау деген –қоғамның не заңды тұлғаның шығарған шешімін анықтау мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңынан (бұдан әрі «Заң») қоғам қызметіне бақылау жасайтын келесі ішкі тұлғаларды бөліп қарауға болады:

- «12) корпоративтік хатшы...;¹⁷
- 15) қоғам тіркеушісі...;
- 16) лауазымды тұлға...;
- 17) миноритарлы акционер...;
- 20) тәуелсіз директор...;
- 22) уәкілетті орган...;
- 23) ірі акционер...»

Егер акционерлердің құқығын қараса, оларда төмендегі бақылау функцияларын бөліп қарауға болады (Заңның 14-бабы):

«1) қоғамды басқаруға, осы Заң және қоғам Жарғысы аясында қаралған тәртіппен қатысу;

3) қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есебімен қоғам жарғысы не акционерлердің жалпы жиналысы анықтаған тәртіп бойынша танысуға;

¹⁷ Анықтама глоссариде (ред. ескертпесі)

4) қоғам тіркеушісінен көшірме алуға немесе құнды қағаздарға меншік құқы барын растайтын номинальды ұстаушы алуға;

5) қоғам акционерлердің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлауға кандидатура ұсынуына;

6) қоғам органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулау;

7) қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныспен өтінім жасауға, өтінім қоғамға түскен мерзімнен 30 күн ішінде дәлелді жауап алуға»;

Ірі акционерлердің тағы да мынадай құқы бар:

1) акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс шақырылуын не директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы теріс жауап бергенде оның шақырылуын талап етіп сотқа беруге;

2) осы Заңға сай директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуге ұсыныс беруге;

3) директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;

4) Аудиторлық ұйымдардан өз есебінен қоғамға аудит өткізуді талап етуге».

Әрине, мұнда бақылау деген сөз жоқ, дегенмен жоғарыдағы құқықты пайдалана отырып, акционер қоғам қызметін бақылай алады.

АҚ жоғары органы - қоғам қызметін бақылайтын, өз шешімінің орындалуын, директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметін бақылайтын жалпы жиналыс болып табылады.

Ал, егер акционерлер құрамына мемлекеттік орган кірсе – мемлекеттік акциялар пакетін иеленіп, пайдалануға құқы бар; ҚР Заңына сай акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне кіретін – мемлекет мүддесін алып жүретін - онда ҚР үкіметі мемлекеттік акциялар пакетін пайдаланып, иелік етуші мемлекеттік органдар бойынша сұрақтар тізімі беріледі, акционерлердің жалпы жиналысы мемлекетті ҚР Үкіметін не /немесе мемлекет меншігіне нұсқау беруге құзіретті мемлекеттік органды қатыстыра отырып, қабылдауға ұсынылған жоба шешіміне жазбаша келісімді алдын ала беруге міндетті.

Бақылау акцияларының пакеті мемлекеттік немесе ұлттық басқарушы холдингке жататын қоғамның директорлар кеңесі (Ұлттық компания оған кірмейді) атқарушы органдар ұсынуы бойынша қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің орташа– жедел жоспарын бекітеді, оның орындалуын бақылайды. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қоғамның жылдық

қаржылық есебі бекітіледі, акционерлердің қоғам ісіне және оның лауазымды адамдарына қарым-қатынасы мәселесі қаралып, қарау қорытындысы бекітіледі.

Компанияны директорлар кеңесі де бақылайды.

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпанындағы №290 «Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қызметін бақылау және тиімді басқаруды ұйымдастыру бойынша шаралар туралы» қаулысына сай мемлекет тарапынан Кейбір акционерлік қоғамдар қызметін бақылау және тиімді басқаруды республикалық және мемлекеттік кәсіпорындардың бақылау тиімділігін арттыру мақсатында, ҚР Үкіметі иелік құқы бар, мемлекеттік акциялар пакетін пайдаланатын кейбір акционерлік қоғам немесе мемлекеттік басқару органы болып есептелетін кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға (әрі қарай-РМК) белгіленген заң тәртібінде өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуді және мемлекеттік органдарға (әрі қарай құзіретті орган), бекітті. Және төмендегі міндетті қамтамасыз етуші ұйымдардың бірқатарының Жарғысына қосымша енгізуді бекітті:

1. Қоғамның директорлар кеңесін бекіту (мемлекеттік басқару органы – РМК үшін) .

- Ұйымның орталық аппаратының штат қызметкерлерін;
- ұйымның есеп саясатын;

2) Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының ұйым атынан (мемлекеттік басқару органы –РМК үшін) қорытындысы;

- Ұйымның (қаржылық шаруашылық қызметі жоспары) орташа жедел даму жоспарының орындалуы, қызмет нәтижесі ұйымның бірінші жетекшісінің жауапкершілігі мен оны материалды ынталандыруға тікелей байланысты. Ұйымның бірінші басшысымен контракт;
- Жылдық аудитті өткізуге аудиторлық ұйымдармен келісім шарт;

3) Ұйымда ішкі аудиттің жеке құрылымдық бөлімі барлығы, оның жетекшісі қоғамның директорлар кеңесі төрағасы келісімімен тағайындалатыны (мемлекеттік басқару органы –РМК үшін);

4) Ұйымда ҚР Заңына және ҚР Заңына қарсы келмейтін қаржылық есеп пен аудиттің халықаралық стандарттарына сай жыл сайын мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған, уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, міндетті аудит өткізу кәсіби талаптарына сай, қаржылық жыл қорытындысы бойынша аудиторлық ұйымдардың Халықаралық бухгалтерлер федерациясындағы

Аудиторлық практиканың халықаралық комитетінен ҚР ресми жариялауға жазбаша рұқсаты бар жыл сайынғы аудитты өткізу;

5) Таралымы 30 мың данадан асатын Қазақстан көпшілік ақпарат құралдарында, ҚР Қаржы министрлігі бекіткен жылдық және тоқсандық қаржылық есеп беру формасы бойынша жылдық жарияланымды мезгілінде жасайтын (аудиторлық ұйым растаған);

б) ұйым жетекшісінің шетелге іссапарды уәкілетті органмен келісуін;

7) қоғам директорлар кеңесі төрағасы (мемлекеттік басқару органы –РМК үшін) Қазақстан Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы ақпаратын Қазақстан Қаржы министрлігі бекіткен формада, оның еншілес ұйымдарының, жеке ашып көрсетілген, тәуелді ұйымдардың, өз қатысуының үлесін есептеу және актив қатысушыларының қаржылық есебінің көрінісін, ұйымдастыру құқықтық формаларының қандай болуына қарамастан міндетін, осы қызметкерлердің шығыны мен табысын, сондай-ақ топтастырылған өсімді қорытындысымен төмендегі мерзімде беріп тұратын:

- 1-тоқсан қорытындысы бойынша, жарты жылда, 9 айға –есеп беру кезеңінен кейінгі екінші айдың 1 күнінен кешіктірмей;

- жылдық соңғы есеп берудің 4– айының 1 күнінен қалдырмай;

8) ұйымның бірінші жетекшісі қоғамның директорлар кеңесі жарты жылдық есеп беруі (мемлекеттік басқару органы –РМК үшін) еншілес, тәуелді, бірлесе бақылауын ұйымдастыруды басқару туралы, сондай-ақ еншілес, тәуелді, бірге бақылайтын ұйымдардың қаржы шаруашылығы нәтижелерінің негізгі ұйым қызметі көрсеткіштеріне әсері туралы;

9) ұйымның бірінші жетекшісі қоғамның директорлар кеңесі жылдық есебін (мемлекеттік басқару органы –РМК үшін) ұйым дамуының орташа жылдық жоспарын жүзеге асыру туралы. 2001 жылғы 6 наурыздағы №79-1 «Акционерлік қоғам қызметін республикалық көлік-коммуникация кешені мемлекеттік кәсіпорындарын (ұлттық компания) бақылау және тиімді басқару», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпанындағы № 290 «Кейбір акционерлік қоғам мен республикалық мемлекеттік кәсіпорынның (ұлттық компаниялардың) қызметін бақылау және тиімді ұйымдастыру шаралары туралы» Қаулысын орындау үшін республикалық мемлекеттік кәсіпорын мен акционерлік қоғамның бірінші басшыларына арналған қосымшасында көрсетілуіне орай, аталған ұйымдардың

Жарғысына заң аясында белгіленгендей, қосымша немесе өзгерістер енгізу үшін:

1. Қоғамның директорлар Кеңесі бекітуін (уәкілетті орган РМК үшін):

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ұлттық компаниялардың орташа жеделдікпен даму жоспарына негізделген, алыс-беріс лимиті енгізілген, ұйымның жыл сайынғы бизнес жоспары;
- Орталық аппарат бойынша шығыны бөлінген, демеушілік қаржысы (әлеуметтік шығын) есептелген ұйым бюджеті;
- Ұйымның орталық аппаратының қызмет штаты;
- Ұйымның есеп саясаты;

2. ұйымның бірінші басшысының жыл сайынғы бизнес жоспары мен қоғамның директорлар кеңесі алдындағы ұйым бюджетінің жүзеге асырылуы туралы тоқсан сайынғы есепті жүзеге асыру (уәкілетті органмен);

3. ұйым атынан (РМК үшін- уәкілетті органмен) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының қорытындысы;

- Ұлттық компаниялардың дамуының орташа жедел жоспарының және бизнес жоспарының, ұйым бюджетінің – орындалуының нәтижесіне жауапты ұйымдардың бірінші басшысы және материалдық ынталандыруға тікелей тәуелділігінің алдын алатын, ұйымның бірінші жетекшісімен контракт;
- Жыл сайынғы аудитті аудиторлық ұйымдармен өткізуге келісім-шарттар;

4. ұйымда ішкі аудиттің жеке құрылымдық бөлімшелерінің болуы, басшысы қоғам директорлар Кеңесінің төрағасының келісімімен тағайындалады (РМК үшін уәкілетті органмен);

3. ҚР Қаржы министрлігі бекіткен тізім бойынша ұйымдарда аудиторлық ұйымдармен Қазақстан және халықаралық стандарттарға сай бухгалтерлік есеп пен аудитті қаржылық жыл қорытындысы бойынша жыл біткен соң 90 күннен кешікпей жыл сайынғы аудитті өткізу;

4. Белгілі форма бойынша жасалған, ҚР Қаржы министрлігі бекіткен, жылдық және тоқсандық қаржы есебін (аудиторлық ұйым растаған) таралымы 10 мыңнан асатын қазақстандық көпшілік ақпарат құралдарына уақытылы жариялау;

5. Несиелік рейтингін, несие рейтингі агенттігінің кемінде бірінде, ҚР Қаржы министрлігі бекіткен тізім бойынша, жыл сайынғы растауды жасау;

6. Ұйым басшыларының шетелге іссапарларына уәкілетті органның келісімін алу;

7. Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (уәкілетті орган - РМК үшін) ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы тоқсандық, жылдық

ақпараттарын ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей беруі.

АҚ басқару органы директорлар кеңесі болып табылады, ол атқару органы – алқалы органды бақылайды немесе аты қоғам Жарғысымен анықталатын, атқару органының қызметін атқаратын тұлғаны бақылайды.

Директорлар кеңесі қоғам қызметіне осы Заң және қоғам Жарғысында көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысы шешетін мәселелерден басқасына жалпы жетекшілік жасайды және:

- Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекітеді;
- атқару органының құрамының санын, уәкілеттік мерзімін, оның мүшелері мен жетекшісін сайлауды (сонымен бірге атқару органы қызметін де атқаратын тұлға) және олардың уәкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтауын анықтайды;
- атқару органының мүшелері мен басшысының (сонымен бірге атқару органы қызметін де атқаратын тұлға) лауазымдық жалақысының мөлшері мен еңбегін, сыйақы төлеу шарттарын анықтайды;
- ішкі аудит қызметі құрамының санын, уәкілеттігінің мерзімін, оның мүшелері мен басшысын тағайындауды сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуын, ішкі аудит қызметі жұмыс тәртібін, еңбек ақы мөлшері мен оны төлеу шартын, ішкі аудит қызметкерлеріне сыйақы берілу мәселесін анықтайды;
- Корпоративті хатшыны тағайындап, оның өкілетті мерзімін және өкілетті мерзімінің уақытынан бұрын тоқтатылуын белгілейді, сондай-ақ корпоративті хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін және оған тиесілі сыйақы шарттарын анықтайды;
- Аудиторлық ұйым қызметі мөлшерін төлеуді, сондай ақ мүлікті нарықтық құны бойынша бағалаушыны анықтайды, мүлік-қоғам акцияларының төлеміне берілген яғни ірі іскерлік келісім заты.
- Қоғамның ішкі қызметін жүйелейтін құжаттарды (атқару органының қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарынан басқасын) бекітеді, оның ішінде қоғамның бағалы қағазын жаздыру мен аукциондар өткізу тәртібін, шартын жасайтын ішкі құжаттар;
- Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін ашу мен жабу туралы шешім қабылдайды, олар туралы ережені бекітеді.

Демек, директорлар кеңесі жоғарыда келтірілген мәселелерді бақылайды, және де бағалы қағазбен байланысты барлық істерді, АҚ ірі іс мәмілелерінің бәрін бақылайды.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2001 жылдың 26 наурызындағы N 96-І «Республикалық мемлекеттік көлік коммуникациясы кешені кәсіпорындары және акционерлік қоғамдардың (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне берілген акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету мен оны пайдалану құқығы) қызметін бақылау мен оны тиімді басқару туралы» бұйрығы

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен кейбір акционерлік қоғамдардың қызметін бақылау мен тиімді басқаруды ұйымдастыру мақсатында акционерлік қоғамдардың және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшыларына (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне берілген акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету мен оны пайдалану құқығы) қосымшаға сай, аталған ұйымдардың жарғысына қолданыстағы заң тәртібімен өзгерістер және , немесе толықтырулар жасалса, ол төмендегі істерді қамтамасыз ететінін көрсетті :

1) қоғамның директорлар кеңесі бекітеді (уәкілетті орган - РМК үшін):

- Жыл сайынғы бизнес-жоспарлар;
- Орталық аппарат шығыны мен қажетіне қаржы бөлетін, демеушілік көмек ретінде (әлеуметтік шығындар) ұйымдар бюджеті ; ұйымның есеп саясатын;

2) қоғамның директорлар кеңесі алдында ұйымның бірінші басшысының беретін ұйымның бюджеті мен жыл сайынғы бизнес жоспарды жүзеге асыруы туралы тоқсан сайынғы есебі (уәкілетті орган - РМК үшін):

3) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (уәкілетті орган - РМК үшін) ұйымның бюджеті мен жыл сайынғы бизнес жоспарды орындау нәтижесіне байланысты берілетін материалдық ынталандыру мен ұйымның бірінші жетекшісінің жауапкершілігі арасындағы тікелей байланысты қарастыратын ұйым атынан ұйымның бірінші жетекшісімен контракт жасауы;

4) Ұйым басшыларының шетелге іссапарларына уәкілетті органның келісімін алу;

5) қоғамның директорлар кеңесі төрағасының (бірінші басшы - РМК үшін) ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы тоқсандық, жылдық ақпараттарын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне беруі.

АҚ ағымдағы қызметтеріне басшылықты атқару органдары жүргізеді. Атқару органдары алқалы не жеке болуы мүмкін. Атқару органы қоғам қызметінің ҚР заңнамалық актілеріне және қоғам жарғысына енбеген, қоғамның лауазымды тұлғаларының және басқа да органдардың құзіретіне жатпайтын кез келген

мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы. Сондықтан істің орындалуын да бақылайды.

Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін (Заңның 61-бабы). Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

Бұдан басқа, қоғамның барлық лауазым иелері қоғам қызметі туралы ақпаратты беру мен оны жария етуді Қазақстан Республикасы заңы талаптарына сай бақылайды.

Сыртқы бақылау

Қоғамды сыртынан бақылау деп жылдық қаржылық есеп берудің міндетті сыртқы аудитін жыл сайынғы өткізуді айтады. Қоғам аудиті ірі акционердің аудиторлық ұйымды өздігінен анықтау құқығы бар, өз есебінен, талап етуімен немесе атқарушы орган қоғам есебінен, директорлар кеңесі бастамасымен жүргізілуі мүмкін. Аудит ірі акционер талап етуімен өткен жағдайда қоғам аудиторлық ұйымдардың сұратқан қажетті құжаттарын (материалдар) түгел көрсетуге міндетті. Егер қоғамның атқарушы органы қоғамда аудит өткізуден бас тартса – аудит кез келген, оны өткізуге құлықты тұлға талабымен сот шешімі бойынша белгіленуі мүмкін.

Қазақстанда қаржылық ұйымдар жұмысын жүйелеу бәрінен басым жүргізіледі. АҚ-ны сырттай бақылау 2003 жылдың 4 шілдесіндегі № 474 – II «Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды бақылау және мемлекеттік жүйелеу туралы» бұйрығына сай жүргізіледі, қаржылық ұйымдар және қаржы нарығын бақылау мен жүйелеуді мемлекеттік жүзеге асырылуына байланысты қоғамдық қатынастар жүйелейді. Қаржылық ұйымдар және қаржы нарығын бақылау жұмысын мемлекеттік жүйелеудің мақсаты:

- 1) қаржылық нарықтың және қаржылық ұйымдардың қаржылық қалыпты жағдайын қамтамасыз ету, қаржылық жүйеге бүтіндей сенімді қолдау;
- 2) тұтынушыға қаржылық қызметтің мүддесін қажетті деңгейде қамтамасыз ету;
- 3) қаржылық ұйымдар қызметі үшін қаржы нарығында таза бәсекелестікке бағытталған тең жағдай жасау;

Мемлекеттік жүйелеу, қаржы нарығы бақылауы, қаржы ұйымдарының принциптері деген:

- 1) ресурстар мен жүйелеу құралдарын тиімді пайдалану;
- 2) қаржы ұйымдарының қызметінің ашық көрінісі және қаржылық бақылау;
- 3) тәуекелге негізделген қаржы ұйымдарын басқаруды ынталандыру;
- 4) тұтынушыға қаржылық қызмет көрсетуде мүддесін қорғау үшін көрсетілетін қызмет пен жаңа қаржылық құралдар көмегін дамыту – кешенді шаралар, сонымен қатар қазіргі заманғы технологияларды қаржылық нарықта пайдалану;
- 5) қаржы ұйымдары органдарының жауапкершілігі.

Қаржы ұйымдары қаржы нарығын бақылау, мемлекеттік жүйелеу міндеттері:

- 1) қаржы ұйымдары қызметі стандарттарын орнықтыру, қаржы ұйымдарын корпоративті басқаруды жақсарту үшін стимул жасау;
- 2) қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатындағы қаржы ұйымдарындағы және қаржы нарығының мониторингі;
- 3) қаржы бірқалыптылығын сақтау мақсатында қаржы нарығындағы қатерге бейім бақылау ресурстарына тоқталу;
- 4) қазіргі заманғы технология енгізуді ынталандыру, қаржы ұйымдары қызметі туралы тұтынушыларға ақпарат жетімділігін, толықтылығын қамтамасыз ету.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік бақылау және жүйелеу туралы Қазақстан Республикасы Заңы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді, нағыз Заң мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан бекіткен халықаралық шартта бұл Заңға қарағанда басқаша айтылса, онда халықаралық шарт Ережелері қолданылады.

Қаржы ұйымдарының қаржылық бірқалыпты тұрақты қызметін және қаржылық қызметті тұтынушылар мүддесін қорғауды қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдар пруденциальдық нормативтер – экономикалық шектеулерді енгізеді.

Қазақстан Республикасы Заңнамалық актілерінде көрсетілген жағдайда, нығайтылған (біріктірілген) негізде сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді және пруденциальдық нормативтерді орнықтыруға уәкілетті органның құқығы бар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президенті бекітетін, тікелей Қазақстан Республикасы Президентіне бағынып, есеп беретін, уәкілетті орган

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын бақылау мен жүйелеу бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігі (әрі қарай-Агенттік) болып табылады.

Агенттік міндеттері:

- 1) Қаржылық қызметті тұтынушылардың заңды құқығы мен мүддесін бұзуға жол бермеуге арналған шараларды жүзеге асыру;
- 2) таза бәсекелестік принципінде қаржы ұйымдарының жұмыс істеуіне дұрыс (тең) жағдай жасау;
- 3) қаржы ұйымдарының қызметін бақылайтын және жүйелейтін әдістер мен стандарттар деңгейін жоғарылату; олардың алған міндеттемелерін толық, мезгілінде жасауына жағдай жасау;
- 4) ҚР Заңның актілерінде көрсетілген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

Агенттік қаржы ұйымдарында және оларға теңестірілген тұлғаларға, оның ішінде аудиторлық ұйымдарды жұмысқа тарта отырып, төмендегі мақсатта тексеріс жүргізуге құқылы:

- 1) қаржы ұйымдарының және оларға теңестірілгендердің қаржы жағдайын анықтауға;
- 2) қаржы ұйымдарының және оларға теңестірілген тұлғалардың басқару құрылымы мен шешім қабылдау жұмыстарын ҚР Заңына сай анықтау;
- 3) қаржы ұйымдарының теңестірілген тұлғаларын анықтау;
- 4) Қаржы қызметін тұтынушылардың құқығы бұзылуының алдын алу;
- 5) Қаржы құралдарын шығару және қаржылық қызмет көрсету бойынша өкілетті еместігін анықтау, алдын алу;

Агенттік қаржы ұйымдарының ҚР Заңының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруда заңсыз табылған табысты (жою) легализациялауға қарсы әрекет жасалуының, бекіту жөнінде терроризмді қаржыландыруға, қаржылық мониторингке жататын ақшамен не басқа да мүлікпен операциялар туралы ақпаратты сақтауға және біреуге беруге, ҚР Заңына сай ішкі бақылау ұйымдарындағы жүзеге бақылау жүргізеді.

Агенттік бағалы қағаз нарығы субъектілерінің қызметін бақылау мен жүйелеуді жүзеге асыру мақсатында (ал, акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды тек АҚ шығаратыны біздің есімізде):

- 1) қаржы нарығының активтерін бағалы қағаздармен мойындайды;
- 2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаз шығарылымдарын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, шығару қорытындысы туралы есепті және акцияларды орналастыруды, облигацияларды жабуды, бағалы қағазды

шығарудың күшін жоюды бекітеді, қарайды; мемлекеттік бағалы қағазға ұлттық идентификациялық нөмір береді;

3) бағалы қағаз шығарылу тәртібін, шартын анықтау, орналастыру мен айналдыру, бағалы қағазды өтеу (оның ішінде туынды бағалы қағаз да бар) тәртібін, шартын анықтау, мемлекеттік бағалы қағазға ұлттық идентификациялық нөмір беру тәртібін анықтау;

4) бағалы қағаз шығаруды мемлекеттік тіркеу тәртібі және оларды өтеу мен орналастырудың қорытындысы туралы есепті қарау, сондай-ақ оны жою жағдайы мен тәртібін анықтайды.

5) бағалы қағаз, туынды бағалы қағаз айналымы мен оны орналастыруды жаңалау, тоқтату тәртібі мен шарты анықталады.

6) Бағалы қағаз нарығында қызмет ету үшін бағалы қағаздың мемлекеттік тіркеуін, лицензия мен рұқсат алу жұмыстарын жүргізеді.

7) бағалы қағаз нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібі мен шартын жасайды, оның ішінде сол тәртіп пен шартқа талап та бар.

8) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын, ұйымның инвестициялық қызметін жүргізу тәртібін жасап, орнықтырады.

9) бағалы қағаз сатуды ұйымдастырушылар өзін-өзі жүйелейтін ұйымдардың қызметін жүзеге асыру тәртібін орнықтырады.

10) бағалы қағаз құнын пайдалануға бақылау жасайды, оның ішінде туынды бағалы қағаз да бар, бағалы қағаз нарығындағы инсайдерлік ақпарат не заңмен қорғалатын банктік, коммерциялық, қызметтік, т.б. ақпаратты пайдаланып іс келісуді бақылайды.

11) ҚР Заңына сай инвестициялық қордың жұмыс істеуін бақылап, жүйелейді.

12) Арнайы қаржылық компанияларды жою мен ерікті түрде қайта жасақтауға рұқсат алу тәртібін анықтайды;

13) бағалы қағаз нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелі үшін басқару жүйесі бойынша талаптарды бекітеді;

14) ҚР Заңнама актілеріне сай өзге де функцияларды орындайды.

Сондай-ақ спецификасы (сақтандыру, банк қызметі, зейнетақы қоры, т.б.) бойынша барлық қаржы ұйымдарын бақылау ерекшеліктері Заңмен анықталады.

Бағалы қағаз нарығында, бағалы қағаз эмитентінде, несие бюросында, банктің жою комиссиясында, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорларында қызмет ететін заңды тұлғаны, оларға теңестірілген тұлғаны, қаржы ұйымдарын тексеруді өткізу және ұйым тәртібі ерекшеліктерін Заңның 13-бабы анықтайды.

Баптарға сай:

«1. Бағалы қағаз нарығында, бағалы қағаз эмитентінде, несие бюросында, банктің жою комиссиясында, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорларында (әрі қарай –ұйым) қызмет ететін заңды тұлғаны, оларға теңестірілген тұлғаны, қаржы ұйымдарының қызметін тексеру уәкілетті органмен өз бетінше не өзге мемлекеттік орган, не ұйымды тартумен өткізіледі.

2. Уәкілетті орган ұйымның қызметкерлерінің жекелеген сұраулары бойынша таңдап не кешенді, тексеруді жоспарлы және жоспардан тыс өткізеді. Жоспарлы тексеріс жылына бір рет, одан жиі емес, уәкілетті орган тексерісі жоспарына сай жүзеге асырылады.

Жоспардан тыс тексеру жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органның ұсынысымен, сондай-ақ уәкілетті органдар бақылау және қадағалау жасағанда, ҚР Заңының талаптары бұзылған жағдайда жасалады.

Жоспардан тыс тексеру төмендегі түрлерге бөлінеді:

1) сұраныс бойынша- ҚР Заңының талаптары бұзылғаны туралы ақпарат заңды түрде хабарлама, арыз, өтініш, сұраныс, т.б. түрде түсуіне байланысты тексеріс.

2) біріккен түрде-бірнеше мемлекеттік орган біріккен актімен белгілеп тексереді, не бір мемлекеттік орган актіде тексеріске өзге мемлекеттік органның қатысушыларды көрсетуімен тексереді;

3) қарсы тексеріс - ҚР Заңының аясында белгіленген құзіретте үшінші адамға қатысты болатын тексеріс, мына жағдайда, егер тексеріс үстінде уәкілетті органға жүретін операция туралы қосымша ақпарат керек болса, тексерілетін объектіге байланысты шартты жүзеге асыру не өзге қарым-қатынас туралы ақпарат керек болса жүргізілетін тексеріс.

4) рейдтік – бір уақытта бірнеше ұйым қызметін тексеретін жайт, олардың ҚР Заңының жекелеген талаптарын орындау мәселесі бойынша .

5) бақылау тексерісі -өткен тексерісте белгілі болған тәртіп бұзушылықты жою мақсатында өткізіледі.

3. Уәкілетті орган ұйымды алдағы тексеріс туралы жазбаша хабардар етеді. Уәкілетті органның хабарламасында алдағы тексеріске керек құжаттар тізімі, ол тізімді тексерілетін ұйым тексеріс алдында тексеруші қызметкерлерге көрсетуге міндетті.

Хабарламаның екі данасы ұйымға беріледі, оның біреуі ұйымның алғаны туралы белгімен уәкілетті органға қайта беріледі. Тексеріс алдын-ала хабарламасыз да жүруі мүмкін.

4. Ұйым тексеріс басталған күннің ертеңінен қалмай тексеруші топтың басшысының атына не тексеруші уәкілетті орган қызметкеріне төмендегі деректері бар хатты көрсетеді:

1) Тексерісті өткізуге жауапты басшы туралы, сондай-ақ тексеріс нәтижесі бойынша қорытынды есеп немесе аралық есеппен танысып, қол қоюға жауапты адам туралы, не оның орнындағы тұлға туралы;

2) Қажетті құжаттарды дайындауға тексеруші (мәліметтер) қызметкерлерге оны уақытында беруге, тексеретін қызметкерлерден аралық есепті алуға жауапты ұйым маманы туралы;

5. Уәкілетті орган қажет болса тексеру уақытын соза алады, ол туралы ұйымға жазбаша хабарлама жіберіледі.

Хабарламаның екі данасын ұйым алды деген белгімен уәкілетті органға қайтарылады.

6. Ұйым уәкілетті органның тексеруге берген тапсырмасында көрсетілген сұрақтарға тексеруші қызметкерлерге көмек көрсетуге міндетті. Сондай-ақ, кез келген лауазым иесі қызметкерлерінен сұрақ-жауап алуға, тексеріске керекті ақпаратқа қол жеткізу үшін кез-келген мүмкіндікті жасауға міндетті.

7. Ұйым тексеруші қызметкерлерді жұмыс орны мен жабдықталған оргтехникалармен, қала аралық байланыспен, жұмыс орнына кіруге рұқсатпен (оның ішінде мейрам, демалыс күндеріне де – ұйым келісімімен) қамтамасыз етеді.

Ұйым жұмысына қатысты ақпарат алуға, оның ішінді автоматтанған жүйе мен деректер базасына, тек қызметкерлерге қажетті құжаттардың көшірмесін алуға мүмкіндік береді; және тексерістің мезгілінде бітуіне жағдай жасайды.

8. Уәкілетті органның тексеретін қызметкері аралық есеп жасауы мүмкін, онымен танысу үшін ұйымға береді.

Аралық есеп екі данада жасалады, оған тексеруші топ жетекшілері не орындаушы, немесе уәкілетті органның тексеретін қызметкері қол қойып, ұйымға беріледі.

9. Аралық есепті алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ұйым, аралық есептің бір данасын басшы (не орынбасары) қолын қойып, не ұйымда тексеруді жүргізуге жауапты болған басшының қолы қойылып, қайтарылады.

Егер аралық есеп мазмұнына ескерту болса – жазбаша қарсылығын білдіреді. Аралық есепте айтылған қорытынды алдын ала пікір, ол кейін үшінші тұлға тексеріс нәтижесіндегі ұйымнан алған қарсылық пен қосымша ақпараттарды есепке ала отырып жасалатын қорытынды есепте қайта қаралуы мүмкін.

10. Ұйым, тексеруші қызметкерлерден сұраныс түскен күні, не сұраныста көрсетілген мерзімде тексеріс нәтижесі туралы аралық және қорытынды есепке қосуға қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде олардың көшірмесін беруге міндетті. Тексеруші топтың жетекшісі ұйым басшысына жазбаша сұраныс жасайды, көрсетілген мерзімде орындалуы тиіс.

11. Уәкілетті органның тексеретін қызметкерлері тексеріс жасау барысында ұйымнан алған құжаттардың сақталуы мен олардағы ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуге тиіс.

12. Тексеріс біткеннен кейін отыз күнтізбелік күн ішінде тексеріс нәтижесі туралы қорытынды есептің екі данасы тексерістің нақты жетекшісінің қолы қойылған, ұйымның бірінші басшысы атына жіберіледі.

Уәкілетті орган қажет болса, тексеріс нәтижесі туралы қорытынды есеп жасалу мерзімін соза алады.

Жоспардан тыс тексеріс жасаған жағдайда, уәкілетті органның тексеретін қызметкерлері қолы қойылған тексеріс нәтижесі туралы есептің екі данасы (не оның орнындағы тұлға) тексеріс жүргізуге жауапты ұйымдағы жетекшіге, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беріледі – бұл жерде Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, яғни коммерциялық не заңмен қорғалатын құпияны, мәліметтерді жариялауға қойылатын талаптарды сақтай отырып жіберіледі.

13. Ұйымда тексеріс өткізуге жауапты жетекші не ұйым басшысы (орынбасары) тексеріс нәтижесі туралы аралық не қорытынды есептің бірінші данасын қабылдайды. Есептің екінші данасының әр бетіне бұрыштама қойылады, соңғы бетіне алған датаны лауазымын көрсетіп, аты-жөнін жазып тексеріс нәтижесі туралы аралық не қорытынды есепті алған күннің ертесінен қалдырмай, уәкілетті органға жібереді. Тексеріс нәтижесі, оның ішінде тексерістің аралық және қорытынды есептегі нәтижесі туралы мазмұн беріле отырып, осы ұйымның атынан оның атқарушы не ұйымның басқару органдарына мәлімет етіледі.

14. Ұйымның тексеріс нәтижесі бойынша, қарсылығы болса аралық есепті алған соң, екі жұмыс күні ішінде, тек тексеріс қорытындысы туралы қорытынды есепті алған соң отыз күнтізбелік күн ішінде қарсылықтарын уәкілетті органның тексеруші қызметкерлеріне не уәкілетті органға жазбаша түрде білдіреді.

15. Тексеріс нәтижесі туралы қорытынды есепте жазылған ұйымды тексерудің нәтижесі уәкілетті орган басшысының не орынбасарының, уәкілетті орган бөлімшелері жетекшілерінің, не орынбасарының төрағалығымен мәжілісте тексеріс болған ұйым басшысын шақыра отырып, тексеру тобы жетекшісі алдында қаралуы мүмкін.

16. Мәжіліс нәтижесі мәжіліс төрағасы қол қойған хаттамамен жазылады, қол қойылған бес күнтізбелік күн ішінде ұйым жетекшісіне танысуға жіберіледі, қарсылық болған жағдайда ұйым мәжіліс хаттамасын алғаннан соңғы үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға жазбаша түрде тапсырылады. Хаттаманы ұйым қарсылығымен уәкілетті орган келіспеген жағдайда, уәкілетті орган басшысы не оның орынбасары кесімді шешім қабылдайды.

17. Тексеріс нәтижесі уәкілетті органға таза өз функцияларын орындау мақсатында пайдалануға жатады.

18. Тексеріс нәтижесі туралы қорытынды есепті ұйым өзінің қаржылық мүмкіндігін көрсету, нақтылау мақсатында, тағы басқа істерде, жарнамада пайдалануына болмайды, Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген жағдайдан басқа, сондай-ақ уәкілетті органның келісімінсіз үшінші тұлғаға беруге болмайды.

19. Ұйымның уәкілетті органға көрсеткен қаржылық, не басқа да есеп құжаттарында тексеріс нәтижесі туралы қорытынды есептегіден айырма болса – ұйым уәкілетті органның көрсетуімен өз есебін қорытынды есеп нәтижесіне сай етеді, оны өткен есеп беру мерзімімен жасайды.

20. Ұйым уәкілетті орган белгілеген мерзімде тексерісте көзге түскен кемшілік, тәртіп бұзуды жою бойынша іске жауапты орындармен, алға қойған іс-шаралар жоспарын келісім жасау үшін көрсетеді. Ұйым жоспардағы іс-шараларды уәкілетті органмен келіскен соң, кемшіліктерді жою туралы істеген ісі есебін, не жоспардағы міндеттеген іс-шараларды орындамау себептері туралы түсінікті уәкілетті органға береді.

21. Ұйым тексеруші топтың талабында көрсетілген құжат пен ақпаратты мерзімінде беруге қарсылық білдірген жағдайда және осы баптың 7 және 10-ны тармағының шартын орындамаса, оның кесірінен тексерісті белгіленген мерзімде жүргізу мүмкіндігі болмаса, тексеріс осы тексеріс тобы басшысының уәкілетті орган, не оның орынбасарына жазбаша хабарлама жасағаннан кейінгі шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

22. Уәкілетті орган қызметкеріне ұйым жұмыстарын тексеру үстінде алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады.

23. Тексеріс жүргізетін тұлға тексеріс жұмыстарын жүргізу барысында белгілі болған мәліметтердің Қазақстан Республикасы Заңына сай, қорғалатын құпияның құрамына кіретін мәліметтердің таралмауына жауапты.

Сондай-ақ, Заңның 14-бабына сай, уәкілетті орган қаржы ұйымдары мен қаржы нарығын қадағалау, жүйелеу функциясында өзіне жүктелетін жұмысты мезгілінде, сапалы орындау мақсатында, осы заң талаптарын орындауда, уәкілетті органның мемлекеттік органдарын, жеке және заңды тұлғалардан қайтарымсыз ақпарат алуға құқылы.

Ол ақпарат өзінің қадағалау функциясын орындауға қажет, алынған мәлімет жария етуге жатпайды. Уәкілетті орган қызметкерлері өздерінің қадағалау қызметін атқару барысында алған мәліметтерінің жария болмауына жауапты, ол мәліметтер қызметтік, коммерциялық және банктік немесе басқа да Қазақстан Республикасы Заңына сай қорғалатын құпияға жатады.

Агенттік өзге мемлекеттердің қаржы ұйымы мен қаржы нарығын қадағалау, жүйелеуді іске асыратын мемлекеттік органдармен біріге жұмыс істейді. Және де қадағалау қызметіне қажетті ақпаратпен алмасуға құқылы.

2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бағалы қағаздар нарығының тиімді, ашық, қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында, инвесторлар құқығын қорғау, бағалы қағаз ұстаушылардың құқығын қорғау, бағалы қағаз нарығына

қатысушылардың конкуренциясы таза болуы мақсатында бағалы қағаз нарығы үшін қадағалау мен жүйелеу тәртібін анықтайды.

Агенттік:

- мемлекеттік емес бағалы қағаздарды өтеу, айналымда ұстау, шығарудың шарты, туынды бағалы қағаз және оның мемлекеттік тіркелуі, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаз, туынды бағалы қағазды өтеу мен оны орналастырудың қорытынды есептерін қарау; сондай-ақ оны жоюдың, оның ішінде Қазақстан Республикасы аумағында шығарылып, орналастырылатын халықаралық ұйымдар мен Қазақстан Республикасы резидент емес эмиссиялық бағалы қағазды мемлекеттік тіркеу;
- эмиссиялық бағалы қағаз тіркеуін, лицензия тіркеуін және бағалы қағаздың нарықта қызмет етуіне рұқсат алуды жүргізеді;
- мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаз, туынды бағалы қағазды орналастыруды жаңалайды және тоқтатады; мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздың , туынды бағалы қағаздың шығуын тоқтатады;
- лицензиаттардың қаржылық тұрақтылығының (нормативтерін), критерийлерін не өзге де көрсеткіштерді, пруденциальды нормативтер түрін орнықтырады;
- орталық депозитарлар мен лицензиаттардың есеп беру тәртібін және есеп беру формасын анықтайды; орталық депозитарлар мен лицензиаттардың, эмитенттердің қызметін қадағалайды; өз құзыреті шамасында олардың қызметіне тексеріс жүргізеді.
- Бағалы қағаз нарығындағы субъектілерге орындалуға міндетті түзету шаралары туралы ұйғарым қабылдап жібереді. Ол белгілі болған кемшілікті белгіленген мерзімде жоюға бағытталады;
- Бағалы қағаз эмитенттеріне жарғыдағы Қазақстан Республикасы Заңына қайшылықтарды орындалуға міндетті етіп, алып тастауы туралы ұйғарым жіберіледі.
- Бағалы қағаз ұстаушылардың заңды мүддесі мен құқығын қорғау мақсатында сотқа шағымдануға құқылы;
- Қазақстан Республикасы Заңына сай бағалы қағаз нарығын мемлекеттік реттеудің басқа да құзыреті мен функцияларын жасайды.

Бағалы қағаз нарығының субъектісін пруденциальды нормативтерді басқа да міндетті түрде сақталуы тиіс норма мен лимиттерді, кемшіліктерді уәкілетті орган нормативтік құқықтық актілерін бұзуды, құқық бұзу әрекеті көрінсе, немесе бағалы қағаз нарығының субъектісінің қызметкерлері мен лауазым иелерімен әрекетсіздігін ашқан

жағдайда уәкілетті орган осы бағалы қағаз нарығының субъектісіне төмендегі шектеу әрекетінің бірін қолдануға құқы бар;

1. көзге түскен кемшілікті белгіленген мерзімде жоюға жазбаша ескертуді міндетті түрде орындау үшін беруге;
2. Акционерлерге бағалы қағаз нарығының субъектісінің басшы қызметкерлерін жұмыстан шығару туралы мәселе қоюға;
3. хат міндеттеме талап етуге;
4. бағалы қағаз нарығының субъектісімен жазбаша келісім жасауға, шектеулер шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Уәкілетті органның бағалы қағаз нарығының субъектісіне, оған бұрын шара қолданған – қолданылмағанына қарамастан санкция қолдануға құқылы.

Санкция ретінде уәкілетті орган төмендегі шараларды қолдануға құқылы:

1. Қазақстан Республикасы Заңында көрсетілген тәртіппен айыппұлды салып, оны өндіруге;
2. лицензияның қызметін тоқтатуға;
3. лицензиясын алып қоюға;
4. бағалы қағаз нарығының субъектісінің басшы қызметкері орнына қызметкер тағайындауға уәкілетті органның келісімін сұрауға;

Эмиссиялық бағалы қағаз эмитентке инвесторларды шексіз инвесторлар ортасында орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаз эмитентке бақылау жасау мақсатында кез-келген қызығушы тұлғаға төмендегі ақпаратты ашып, таныстыруға міндетті:

- 1) Эмиссиялық бағалы қағаз шығару проспектісіндегі мазмұнды;
 - 1-1) Акционерлік қоғамның бағалы қағазға жазылу мен аукциондарды өткізу тәртібі шартын белгілейтін ішкі құжаттың мазмұнымен;
- 2) Қазақстан Республикасы Заңына сай уәкілетті органға берілетін есептің мазмұнын;
- 3) қаржылық есепке енген мазмұнмен;
- 4) Қазақстан Республикасы Заңына сай немесе сауданы ұйымдастырудың ішкі құжаттарына сай (егер осы құнды қағаз сауда ұйымының тізіміне енсе) немесе осы эмитенттің ішкі құжаттарына сай ашылуға тиісті басқа да ақпараттарды;

Эмитент эмиссиялық бағалы қағаз айналымы кезеңінде уәкілетті орган мен бағалы қағаз ұстаушылары алдында олардың мүддесіне қатысы бар өз қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетуге міндетті.

Эмитент қызметіндегі бағалы қағаз ұстаушылар мүддесіне әсері бар өзгерістерге төмендегі:

1. Эмитент органының құрамының өзгеруі;
2. Эмитенттің дауысқа түсетін акцияларының (үлес) 10, не одан көп пайызын иеленетін акционерлердің құрамы өзгеруі;
3. эмитенттің оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастырылуы не оның жойылуы;
4. эмитент мүлігін тұтқындау;
5. эмитентті лицензиясынан айыру не алып қою, не тоқтатып қою;
6. эмитенттің (қатысушылардың) акцияларының жалпы жиналысының шешімі;
7. сондай ұйымның әрқайсысында эмитент 10, не одан да көп пайыз акциясы (үлес, пай) бар ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер;

Тізімде өзгеріс болған мезеттен 15 күнтізбелік күн ішінде эмитент уәкілетті органға ақпарат беруге міндетті.

Уәкілетті орган атқаруы тиісті қызметтің уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, Заңның 107-бабына сай, уәкілетті орган өз құзіретінің шеңберінде эмитенттен не лицензиаттан, өзін-өзі жүйелейтін ұйымнан қажетті ақпаратты алуға құқылы (оның ішінде бағалы қағаз нарығында қызметтің, коммерциялық құпиясы да бар). ҚР Заңнамалық актілерінде арнайы қарастырылған жағынан басқа, алынған мәліметтер жария етуге жатпайды.

«Бағалы қағаз нарығы туралы» Заңның 108-бабына сай, Агенттік ҚР Заңнамалық актілеріне сай бағалы қағаз нарығында лицензиясыз кәсіби қызметпен айналысып жүрген заңды тұлға және өзін өзі жүйелейтін ұйым, орталық депозитария, лицензиаттар мен эмитенттердің қызметін тексеруге құқылы.

3. Тексеруге негіз болып табылады:

- 1) инвесторлар мәлімдеуі;
- 2) бағалы қағаз ұстаушылардың мәлімдеуі;
- 3) өзін-өзі жүйелейтін ұйымдар мен бағалы қағаз нарығына қатысушы кәсібилердің мәлімдеуі;
- 4) Тексеру жүргізу туралы не тексеруге уәкілетті орган қызметкері қатысуы туралы алдын ала тергеу не анықтау органдарының немесе сот анықтамасы, не прокурордың қаулысы;
- 5) эмиссиялық бағалы қағаз шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент көрсеткен құжаттарды қарау барысында уәкілетті органның құжаттар мен мәліметтерден тапқан сәйкеспейтін ақпарат; эмиссиялық бағалы қағазды

- өтеу мен оларды орналастыру қорытындысы туралы есепті қарау мен бекіту;
- 6) лицензиаттар қызметі туралы есепті қарау процесінде уәкілетті орган ашқан сәйкессіздік;
 - 7) бағалы қағаз нарығында қызметтік құпия не коммерциялық құпиясы бар мәліметтерді пайдаланатын құралдармен эмиссиялық бағалы қағаз іс мәмілесін жасау туралы мәліметтің болуы;
 - 8) бағалы қағаз нарығындағы субъектілердің ҚР Заңын бұзудың басқа да фактілерінің уәкілетті органға белгілі болуы;

4. Осы баптың 3-тармағында қаралғаннан басқа жағдайлардың бәрінде, күнтізбелік жылда бір рет, өз бастамасымен бағалы қағаз нарығындағы субъектілерін тексеруге уәкілетті органның құқығы бар».

Агенттік эмитентті өзінің бақылау функцияларын орындау үшін эмиссиялық бағалы қағазды өтеу мен айналдыру, орналастыру процесінде төмендегі мәселелер бойынша («Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 110 бабы) тексеріс жүргізуге құқылы:

- 1) эмитент органы қабылдаған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру мен шығару туралы шешімнің **опциондар** қорытындысының ҚР Заңына және эмитент Жарғысына сай келуі;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаз шығарудың проспектісіне сай бағалы қағаз ұстаушылар алдындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаз бойынша табыс төлеуі және басқа да міндеттерін орындауы;
- 3) мемлекеттік тіркеу үшін эмиссиялық бағалы қағаз шығарудың және оларды өтеу мен орналастыру қорытындысы туралы құжаттарды көрсету;
- 4) бағалы қағаз ұстаушылар мен уәкілетті орган оның қызметінің өзгеруі туралы ақпаратты көрсетуі туралы талаптың орындалуы;
- 5) Ірі істі келісуде, мүдделі іске келісуде ҚР Заңы талаптарын орындауды сақтау;
- 6) Эмитент жойылғанда, ерікті қайта құру жағдайында, шығарылым жойылғанда алғашқы инвестицияны қайтаруда бағалы қағаз ұстаушылар құқы мен мүддесінің қорғалуы;
- 7) Эмитент қызметі туралы мәліметтерді көпшілік ақпарат құралдарында жариялау.

Агенттік өзінің бақылау функцияларын жасауда («Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 111-бабы) лицензиатты «төмендегі мәселелер бойынша» тексеруге құқылы:

- 1) Бағалы қағаз нарығында жасаған қызметінің ҚР Заңына, өзін-өзі жүйелейтін ұйым мен лицензиаттың ішкі құжатына сай келуі;

- 2) Лицензияланатын қызмет түрін жасауда клиенттер мүддесі мен құқығы қорғалуы;
- 3) Лицензиялардың қаржылық тұрақтылық (нормативтері) критерийлері, не өзге де көрсеткіштері және пруденциальды нормативтерінің сақталуы;
- 4) Ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе жою;
- 5) Ерікті түрде лицензияны қайтаруға байланысты лицензияның қызметінің тоқтауы;

Өзін өзі жүйелейтін ұйымдарда бақылау функцияларын орындауға («Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 112-бабы) Агенттіктің құқығы бар:

- 1) «өзін өзі жүйелейтін ұйым туралы, сондай ақ оның мүшелерінің қызметі туралы ақпарат беруді талап етуге;
- 2) өзін өзі жүйелейтін ұйымға орындауға міндетті алдын ала жазылған талап бағыттауға, оның орындалуы туралы есепті талап етуге; »

Осының бәрінен басқа, АҚ жыл сайын көпшілік ақпарат құралдарында капиталындағы барлық өзгерістерін көрсететін жылдық бухгалтерлік баланс, есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, пайда мен залал туралы уәкілетті органдар белгілеген мерзімде есеп беруді жариялауға міндетті; Қоғам басқа да қаржылық есебін қосымша жариялауға құқылы.

Экономикалық жағдайды сараптау, ақша несие статистикасын қалыптастыру мақсатында ҚР Ұлттық Банкі өз құзыреті шамасында бағалы қағаз нарығындағы субъектілерінен қажетті ақпарат алуға құқылы.

Осы Заңмен белгіленген, хабарланған акция шығарылымын тіркеу мерзімінің сақталуын бақылау мақсатында, әділет органдары оның сұрауы бойынша ұйымдастыру құқықты формасындағы тіркелген акционерлік қоғамның заңды тұлғасы туралы ақпаратты уәкілетті органға береді.

Жоғарыда айтылғандардан, Қазақстандағы АҚ қызметі сырттан да, іштен де жеткілікті бақыланатыны көрінеді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. АҚ қызметін бақылаудың қандай түрін білесіз? Бақылаудың әр түрінің негізгі мазмұнының мәні неде?
2. АҚ ішкі бақылауды кім жасай алады?
3. Акционерлердің қандай бақылау функциялары бар?
4. АҚ мемлекет қатысуымен бақылаудың қандай ерекшеліктері бар?
5. Директорлар кеңесі АҚ жұмысын қалай бақылайды?
6. АҚ сыртқы бақылауын қалай және кім бақылайды?
7. АҚ мемлекеттік бақылаудың қандай міндеттері бар?

8. Қаржы ұйымдарын және қаржы нарығын қадағалау, жүйелеудің ҚР Агенттігінің қандай міндеттері бар?
9. Ұйым қызметін жоспарлы, жоспарсыз тексеру деген не? Жоспарсыз тексерудің қандай түрлері болуы мүмкін?
10. Кемшілік, тәртіп бұзушылықтар анықталған жағдайларда уәкілетті орган қандай іс әрекет, шаралар не санкциялар қолдануы мүмкін?
11. Эмитент қандай ақпараттарды ашуға міндетті?
12. Агенттік тексеру жүргізу үшін не негіз бола алады?
13. Агенттік қандай мәселелер бойынша тексеру жүргізуге құқылы?

9 тарау. Акционерлік қоғамның экономикалық қауіпсіздігі және рейдерлік.

Г.В. Косолапов
ҚР БҒМ Экономика
институтының
докторанты, э.ғ.к.,
доцент

Рейдерлік- жекешелендіру кезеңінде де, қазіргі уақытта да Қазақстанда өз бизнесін сақтау мен меншіктік құқығына өту кезеңіне елеулі ықпал жасайтын факторлардың бірі. Сонымен бірге, іскерлік баспасөзде өткен жылдарда негізінен ірі, табысты кәсіпорындар нысанаға алынып жүрсе, қазіргі кезеңде рейдерлер орта және кіші бизнесті кәсіпорындарға қызығушылық көрсетіп жүргендері туралы айтылып жатыр. Сонымен қатар, «қара рейдерліктің» басым болып тұрғаны белгілі, яғни мемлекеттік шенеуліктердің сыбайлас жемқорлығының заң бұзушылығы арқылы іске асырылады. Сондықтан, қазіргі жағдайда тек бизнесінді құрып қана қоймай, сонымен қатар бизнесінді сақтай да білуің керек.

Қазақстанның қазіргі экономикасында бизнесті қалай сақтап қалуға болады? Экономикалық қауіпсіздікпен қалай қамтамасыз етуге болады? Беріліп отырған жұмыс осы мәселені зерттеуге арналды.

2006 жылдың маусымында «Руханият» Республикалық партиясының тең төрағасы, «Валют-Транзит» Банктік топтың президенті Андрей Беляев еліміздің Президентіне рейдерлікке қарсы заңды қабылдауды бастауына жасаған ұсынысында Қазақстанда өзгенің бизнесін күшпен, зорлықпен тартып алу, яғни рейдерлік мәселесінің қаншалықты өткір екендігін атап көрсетеді. 2006 жылдың 22-29 маусымында «Комсомольская правда Казахстан» газетіне берген сұхбатында: «... Қазақстанда бизнесті күшпен тартып алу тәжірибесі қарқынды өріс алып келеді. Бизнесін жоғалтып алудан ешкім сақтанбаған, себебі рейдерлер акциялармен астыртын қулық-сұмдық жасайтын нарық қорында әрекет жасауды үйреніп алған, сонымен қатар, олар сот және билік құрылымдарымен байланысын пайдаланады. Бұл кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайды, қалыпты бизнес негізін бұзады. Рейдерлердің әрекетінен бірнеше қазақстандық ірі кәсіпорындар мен банкілер зардап шекті. Біздің банкті зорлықпен тартып алу әрекеті болған. Рейдерлікте өзінің жасалған технологиясы бар. Бірақ, негізгі мәселе - ол біздің заңнама мәселесі болып тұр. Рейдерлік технологиялар, негізінен, билік ресурстарының сыбайлас жемқорлығының қатысуынсыз жасалмайды».

Әдетте, кәсіпорынды тартып алу мемлекеттік органдардың тексеруін жиілетіп, соттың әділетсіз шешімдері шығарылып, КАҚ-да кәсіпорынды қаралайтын арнайы мақалалар басылып шығарудан басталады. Кәсіпорын қызметіне барынша қолайсыз көп жағдайлар жасалады. Осындай аса мықты қысымнан кейін нағыз меншік иесі не өтеуін беріп құтылады, не болмаса, бизнесін арзан бағамен беруге мәжбүр болады.

2006 жылдың 11 тамызындағы «Республика» газетінің №16 санында Төлеген Асқаров «Банкирам было не до Канар»/1/ мақаласында қарағандылық «Валют-Транзит Банкі» қожалары мен алматылық рейдерлер соттағы өзара талап арыздарын қайтартып, уақытша келісім жасасқаны туралы атап өтті. Сонымен қатар, мақалада Мемлекет басшысының Қауіпсіздік кеңесінің сыбайлас жемқорлықпен күресуінің арнайы топ мүшелерімен өткізген жаздағы бір мәжілісінде рейдерлік тақырыбын қозғағаны туралы айтып өтеді. Осы мәжілісте Мемлекет басшысы: « Ең алдымен, соңғы кезде құқық қорғау органдары мен басқа да билік органдарындағы сыбайлас жемқорлықпен байланысы арқасында меншікті тартып алу да белсенді пайдаланып жүрген рейдерлікке де қатысты» деп, сыбайлас жемқорлық туралы айрықша басып айтты. Сонымен бірге, мақалада 03.08.2006 жыл жағдайында биржалық ақпаратқа сәйкес, «Валют-Транзит Банкінде»-банкінің 32,41%, 28% және 9% акцияларын иеленген ірі акционерлерінің алмасуы болғаны туралы көрсетіледі. Ірі акционерлер тізімінен бұрынғы, «соңғы» иесі - Андрей Беляев жоғалып кетті.

«Курсив» газетінің № 33 24.06.2006 жылғы санының 4-бетінде Санжар Әмірқанов «Қазақша рейдерлік» /2/ мақаласында бір жағынан, Алматы қаласының әкімшілігі, Алматы қаласының СЭҚ, «Кар Сити» сауда базары мен екінші жағынан, «Баян -Ауыл» сауда базары кәсіпкерлері арасындағы бір жарым жылға созылған қарсыласуына келіп тынған рейдерліктің басқа мысалын келтіреді. Мақалада: «Базарды рейдерлік тартып алу әрекеті екі кезеңмен болды. Бірінші кезеңде үнемі сатып алушылары бар дайын бизнесті тартып алу көзделді, бірақ операция сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, екінші кезең басталды. Екінші кезеңнің мақсаты осы базар орналасқан 6 га жерді тартып алу болды» деп көрсетілді.

«Қазақстандағы бизнесті күштеп билеп алудың Ресейдегі рейдерліктен едәуір айырмашылығы бар. Егер Ресейде бизнесті бизнес билеп алса, ал Қазақстанда беделді қызметпен айналысатын шенеуніктер негізгі рейдерлер болып табылады».

«Осыған орай, аналитиктер «қара» рейдерлік қызметін тек ықпалы бар сот жүйесі ғана тоқтата алады деп есептейді, өкінішке орай, қазіргі кезде сот жүйесі көбіне

басып алушылар мен «экономикада отырған» сыбайлас шенеуніктердің сүйікті құралы болып отыр.

«Сыбайлас шенеуніктердің қолдауымен болып отырған рейдерлік бүгінгі күнде қазақстандық экономикаға төніп тұрған қатерлі қауіпке айналып отыр. Осыдан келіп отырған шығындар миллиардтаған доллармен есептеледі, ал басып алушылардың табысы, тіпті есірткі сатушылардың табысынан да артық болады».

/2/ Соңғы тезис «қара» рейдерлікке қызығушылықты мейлінше толық түсіндіреді.

«Қара рейдерлік» туралы мысалдарды отандық басқа баспасөз беттерінен табуға болады.

Бірақ, екінші жағынан, компанияларды жою -бизнестің дамуына, активтердің бірігуіне, бәсекелесу қабілеттілігін жоғарылатуда халықаралық тәжірибеде кең қолданылатын тәсіл. Осы мәселенің бірнеше аспектісіне толық тоқтала кетейік.

Қазіргі заманғы бизнес өзінің көтерілу тәсілінің бірі ретінде өзінің немесе қосылған салалардағы басқа компаниялардың қосылуы мен билеп алуын және иеленген компаниялардың соңғы интеграцияланған активтерін пайдаланады.

Қосылу мен жойылу, әдетте, компания акцияларының бақылау пакетіне (қатысу бөлігі) ие болуының көмегімен, мақсатпен болады. Осы орайда айта кету керек, достықпен билеп алуды көбіне қосылу деп атайды, бірақ бұл ұғым сондай дұрыс келмейді.

Шартты түрде билеп алу тәсілін отандық жағдайда корпоративтік және корпоративтік емес деп бөлуге болады.

Күшпен билеп алудың корпоративтік, ұжымдық тәсілі заңнама мен корпоративтік және азаматтық заңнамада кездесетін әртүрлі айла мен қарама-қайшылықты пайдалануға негізделеді.

Күшпен билеп алудың корпоративтік емес тәсілі компанияның бизнес-процесіне қысымның қай түрін болса да пайдаланып және негізгі акционерлерге әкімшілік ресурстар, сыбайлас жемқорлықтың схемалары, басқа да механизмдерді пайдалану арқылы компанияның акционерлерінің қарсылығына тойтарыс беріп және акцияларды қажетті адамдарға беруді мәжбүр етеді.

Корпоративтік емес күшпен билеп алу әкімшілік және күш прессингін шексіз пайдалануды түспалдайды. Билеп алудың осы тәсіліне қарсы заңдық қорғау жүйесін салу өте қиын. Күшпен билеп алудың осы тәсілін «қара рейдерлікке» жатқызуға болады.

Қуынымды қамтамасыз ету туралы соттың әртүрлі анықтамаларын пайдалану арқылы компаниядағы басқаруды тартып алу күшпен билеп алудың ең жайылған тәсілі болып табылады. Қазақстандық заңнаманың кемшіліктері акционерлердің қорланған құқықтарын қалпына келтіру туралы қуыным талаптарын қамтамасыз ету санатында компанияның орындаушы органын өзгертуге, не сол органға өз міндеттерін орындауға тыйым салуға, немесе одан да өзгеше нәрселер жасауға мүмкіндік береді..

Акционерлердің құқығы, компаниядағы басқару органдарын сайлау мен келісім жасауға заңнама талаптарын бұзу осы анықтамаға материалдық негіз бола алады. Осындай тәртіп бұзушылықтың болуы көптеген акционерлік қоғамдарға тән. Әрі қарай, соттың шешімі негізінде жаңа директор өзінің міндеттерін орындауға кіріседі. Көбіне сот орындаушыларының көмегімен ғана орындалады.

Осыған орай, негізгі мақсат - қаржы ағымын бақылау белгіленді. Қалғаны – акционерлер құрамын өзгерту мен блоктаушыға дейін қолда бар акция пакеттерін жеткізу, содан кейін бақылаушы пакетті де жеткізу – дипломатия мен техника мәселесі. Мұны біз жоғарыда келтірген мысалдардан да көрдік. Әртүрлі мемлекеттік бақылаушы органдар жағынан компания басшылары мен бизнес барысына қысым жасалады. Компанияны тәулік бойы әртүрлі тексеруші органдар басып алады. Соңында, меншік иесі/компанияның менеджменті мемлекеттік органдардың осындай «көңіл бөлуінен кейін» келіссөзге отырады. Көбіне осындай келіссөзден кейін компанияда белгілі атағы бар жаңа ірі акционер пайда болады.

Осыған орай, «қара рейдерлік» меншікті бөлудің 90-шы жылдардың соңындағы сияқты, қазіргі кездегі басталған кезекті меншікті бөлудің негізгі аспабы болып отыр. Корпоративтік емес күштеп тартып алу жалпы Қазақстан

экономикасы мен жүргізіліп жатқан реформаларға елеулі залалын тигізіп отыр. Акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық үлгісіндегі компаниялар күштеп билеп алуға ұшырайды. Сондықтан, 90-шы жылдардың соңындағы «көгілдір фишкілер» бағдарламасының тоқтап қалуы және Қазақстан қор нарығының барынша дамымауы, акционерлік қоғамдардың ашылғысының келмейтін себептері қазақстандық бизнестің «қара рейдерліктен» заңды түрде сақтана алмайтыны және оның кең таралуында деп есептейміз.

1997 жылы «көгілдір фишкілер» бағдарламасы жарияланған кезде, бағдарламаға өздерінің қатысқысы келетіні туралы хабарлаған көптеген компаниялар, яғни өздері туралы ақпаратты ашып қойған компаниялар, «рейдерлердің» шабуылына түсіп, көп жағдайда бұл осыдан кейін меншік иелерінің ауысуына әкеп соқтырды. Осы жағдайды естерінде сақтап, көптеген акционерлік қоғамдардың меншік иесі/менеджмент өзінің меншігін жоғалтып алу қаупі болғандықтан, қор нарығына шыққысы келмейді. Нәтижесінде республикадағы үш мыңға жуық тіркелген АҚ-ның тек жүзге тарта акционерлік қоғамы қор нарығының белсенді қатысушылары болып табылады.

«Қара рейдерлермен» жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекет заңнамадағы кездесетін кемшіліктерді жоюы керек, сот жұмысын жақсартып және экономикалық қауіпсіздік саласында сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуі қолға алу керек. Екінші жағынан, бизнес заңды, ұйымдастырушылық, экономикалық, қаржылық аспектілерден тұратын өзінің экономикалық қауіпсіздігімен шындап айналысуы керек.

Күштеп билеп алу мүмкіндігі жоғары осал компания топтарының жалпы қатеріне мыналар жатады /3/:

1. Жеке меншік құрылымы. Бірнеше ірі акционерлері бар (үлесі 10-20% акция мен одан жоғары) компанияда акционерлердің біреуі кірісті басқа ортақтастармен бөліскісі келмей, компанияны бақылауды жеке өзі алғысы келетін жағдайлар болады. 50:50 ара қатынастағы дауысы бар компанияда шешім қабылдауда үлкен қатерлер болады.

2. Компаниядағы «менеджмент-акционерлер» мен «орындаушы-бақылаушы органдар» желісі бойынша ішкі қайшылықтың болуы. Егер компаниядағы негізгі акционер мен орындаушы органдар (Басқарма, Президент, Директор) арасында қарама-қайшылық болатын болса, онда бұл қатерлі билеп алуды сәтті өткізуге жағдай жасайды.

3. Ұйымдастырушылық-құқықтық форма. Күшпен жаулап алуға акционерлік қоғам формасы жақсы жағдай жасайды, себебі шектеулі жауапкершілігі бар серіктестіктің қатысушысына қарағанда акционердің құқығы көп. Заңнама акционерлік қоғамға ЖШС-ға қарағанда акционерлерге аса ашық болуын міндеттейді.

4. Табыстылық. Өте жоғары көрсеткіштер немесе өсу потенциалының жоғарылығы, қаржылық сәттілік, компанияның әкімшілік ресурсы –күшпен жаулап алу үшін компания-нысанасын анықтауға арналған барлық факторлар болып табылады.

Осындай қауіп-қатердің болу дабылы болып өзінің заңды акционерлік құқығын жүргізгісі және оны мойындатқысы келетін, сонымен қатар компания мен оның акционерлерінің әр шешімімен заңды түрде таласатын өте агрессивті миноритарлы акционердің пайда болуы. Әдетте миноритарлық акционерлердің құқығын сақтауға талпынбайтын компаниялардың ірі акционерлері осыған себеп болады.

5. Құқықтық бедерсіздік пен көптеген қазақстандық компаниялардың әкімшілік ресурстарына үміті. Берілген факторлар күштеп билеп алу аспаптарын қолдануды жеңілдетеді және осындай билеп алу жағдайында отандық компаниялардың қорғауға дайындығының жоқтығының белгілері болып табылады.

Бірақ қырғызстандық компаниялардың тәжірибесі әкімшілік ресурстар артық тұрақсыз ештеме жоқтығын көрсетті. Сондықтан әкімшілік ресурстармен қоса компанияны қорғау үшін заңдық ресурстарды құру өте маңызды.

6. Компания құнын дұрыс бағаламау мен әлсіз менеджмент. Әлсіз менеджмент кесірінен жасырын өсу потенциалы және әрі қарай даму келешегі іске аспаған компаниялар - күшпен билеп алуға ыңғайлы нысана болып табылады. Осыдан қорғану бизнес потенциалын уақытылы бағалау мен осы потенциалдың орындалуын қамтамасыз ететін менеджментті деңгейге жеткізу.

Менеджментті осы потенциалдың орындалуын қамтамасыз ететін деңгейге келтіру мен бизнес потенциалын уақытылы бағалау осыдан сақтайды.

Отандық акционерлік қоғамдар күшпен билеп алу жағдайында өздерінің заң түрінде дайын еместігін жоғарыда келтірілген қорытынды арқылы көрсетті.

Отандық компаниялардың әлсіз жақтары мыналар: басқарушы органдардың құзыретін талдауды жеткіліксіз реттейтін құрылтай құжаттарының тыңғылықты қарастырылмауы, атап айтқанда, Директорлар кеңесін сайлау мен акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сияқты маңызды шаралар. Нәтижесінде Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті қатар келуі мүмкін, Директорлар кеңесін сайлауда, ірі келісім жасаған кезде, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуде, компанияның акцияларымен келісім жасағанда заңнама бұзылады.

Холдинг компанияларында басты холдинг компаниясы көбіне бір мезгілде меншік орталығы, басқару орталығы мен кіріс орталығы болады. Холдинг компаниясының осындай құрылымы компания бойынша агрессордың шабылуына қолайлы жағдай жасайды, күшпен басып алу әрекеті болған жағдайда тиімділігін азайтады.

Көптеген отандық компаниялардың қалыптасқан меншік құрылымы дұшпандық басып алу әрекетінен қорғануда біршама проблеманы құрайды, мысалы, өздерінің компаниядағы мүшелігін басқа коммерциялық қызметпен бірге алып жүре отырып, акционерлер ретінде басқа заңды тұлғалар сөйлеген кезде. Олар компаниядағы өздерінің акция пакеттеріне үлкен қауіп төндіреді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы отандық компаниялардың өздерінің экономикалық қауіпсіздікке деген көзқарасын қайтадан қарауға және өз бизнесін сақтап қалу үшін көптеген шараларды жете зерттеудің орынды екені туралы айтады.

Ең алдымен, дұшпандық басып алу әрекетіне қарсы тұра алатын, компанияны заңды түрде қорғайтын жүйені құру керек. «Егер бизнес қожасы рейдерлік тартып алу нәтижесінде бизнесінен айрылып қалса, ол өз бизнесін қорғауға тиісті көңіл бөлмеген деп санаймын. Мұндай кәсіпкерлер ерте ме, кеш пе, бизнесін жоғалтатыны хақ» - деп санайды, ҚР Тәуелсіз кәсіпкерлер ассоциациясының президенті Талғат Ақуов.

Істі дұшпандық басып алу әрекетінен сақтай алатын бірнеше шараларды қарастырайық:

- Кәсіпорынның тарихына заңгерлер талдау жасай отырып, құқықтық жағынан барлық әлсіз жақтарын тауып және оны жою;
- Компанияның тіркеу құжаттарының жағдайын үнемі бақылауда алу;
- Акционерлердің қабылдауынсыз ірі келісімдер жасауға тыйым салудың болуы және бас директордың барлық өкілеттілігі анық тіркеп жазылған компанияның Жарғысының түбегейлі қарастырылуы;
- Барлық келісімдердің заңды түрде сауатты рәсімделуі;
- арнайы құрылған жаңа заңды тұлға арқылы мүлік қайтадан рәсімдеуден өткізіліп, «өзіне өзі» мүлікті жалға беру тәсілі арқылы активтердің қызықтырушылығын төмендету;
- жылжымайтын мүлікті достық банкісінен алған несиені қамтамасыз ету құралы ретінде пайдалану. Кепілден айыру тек кепіл алушының келісімімен жасалады;
- компанияға қызығушылық туғаны туралы ақпаратты уақытылы алу үшін әкімшілік ресурстарын пайдалану;

Компанияны билеп алу мүмкіндігінен сақтайтын құрал ретінде тартып алуға тартымсыз ететін әртүрлі шаралар қолданылады: тартып алу үшін өтететін сауданың басталуына дейін «нысана» құнды активтерін сатып жіберу; сауданың табысты өту жағдайында тартып алушы компаниядан акцияларын өте төмен бағамен акционерлерге сатып алуға опциондар (құқықтыр) шығару және т.б.

Атап өтілген шаралар жергілікті түрде болады және стратегиялық жоспарда мәселені шешпейді. Қазіргі бизнес теориясы билеп алу мен қосылудың күрделі себебі ретінде менеджерлердің бизнеспен бағаны құру және онымен (бағамен) басқару мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінуінде деп санайды. Т. Коупленд пен оның серіктес авторлары /4/-те 1980-ші жылдары АҚШ-ты баурап алған дұшпандық тартып алу толқынының, 1990-шы жылдардағы жапондық нарықтың қиялының жарылуы және т.б. себептерінің бірі менеджерлердің бизнес бағасын құру мен басқаруды елемеушілігінен деп көрсетеді. АҚШ-да 1980-ші жылдардың соңында бизнестің жалпылай дұшпандықпен тартып алуға айналған бірлескен бақылау мен басқару нарығына деген наразылығы тек уақытша ғана осы нарықтың белсенділігінің мейлінше төмендеуіне әкеп соқтырды.

90-шы жылдардың соңында қосылу мен билеп алу нарығы қайтадан гүлденді. Бірақ енді көптеген келісімдер достық нышанмен жасалды. Бизнес (компания) құнының акционерлерге қаншалықты маңызды екенін түсінген менеджерлер және басып алушылардың шабуылын күтпей-ақ осы мәселені өз беттерінше шешті.

Қорытынды

1. «Қара рейдерлік» жағдайы мемлекеттің белсенді араласуын, ең алдымен, заңнамадағы жою мен билеп алу, сыбайластық жемқорлық схемасын бұзудағы кемістіктерді жоюды талап етеді. Екінші жағынан, бизнес қаржылық, экономикалық, ұйымдастырушылық, заңдық аспектілерін шешу арқылы берілген жұмыстың ұсынымын ескере отырып, өзінің экономикалық қауіпсіздігіне шындап көңіл аударуы керек.

2. Корпоративтік басқару мен бақылау нарығына негіз болған қосылу мен билеп алу механизмі – қазіргі заманғы бәсекелескен экономиканың объективті ақиқаты, компанияның менеджмент сапасын үнемі бақылап отыратын Қазақстан да соның ішінде.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Рейдерлік деген не?
2. Қазақстандағы рейдерліктің ерекшелігі қандай?
3. Күштеп тартып алудың корпоративті тәсілінің корпоративті еместен айырмашылығы қандай?
4. Күштеп тартып алу мүмкіндігі жоғары болатын компанияның өте осал жерлерін анықтайтын жалпы қауіп-қатерге не жатады?
5. Күштен тартып алудан бизнесті қалай сақтауға болады?

Қолданылған әдебиеттер:

1. Т.Асқаров «Банкирам было не до Канар» Республика. № 16 11.08.2006. 9 бет
2. С.Әмірханов. Қазақша рейдерлік// Курсив. № 33 24.06.2006. 4 бет
3. А.Сарымсақов, А.Болғауов «Сіздің бизнеске заңдық қорғау»// Business Lunch. № 16. 2005 9-11 бет
4. Коупленд Т, Колер Т, Мурир Д. Компания құны: бағалау мен басқару. Ағылш.аударм. М.: «Олимп-Бизнес». 1999 576 бет.

10 Тарау. Сыбайлас жемқорлық және оның бизнеске әскері

Т.Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы,
Құқықтық тәуекелдер бойынша маман (LLM)

«Мен сіздердің қылмыстарыңыздың көп екенін,
күнеларыңыздың қандай ауыр екенін білемін.
Сіздер түзу жүргенді қысымға аласыздар,
пара аласыздар, сот төрелігін іздеген
кедейді қақпадан әрі қуасыздар».
Инжіл. Киелі өсиет.

Сыбайлас жемқорлық - (лат. «conruptio») параға сатып алу,
саяси және қоғамдық қайраткерлердің мемлекеттік
шенеуніктер мен лауазым иелерінің жеке
басының баюы мақсатында
параға сатылуы.

БҰҰ анықтамалық құжатында сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес туралы: «Сыбайлас жемқорлық - жеке бастың пайдасы мақсатында мемлекеттік билікті пайдалану» делінген. 1999 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 44-қарарында «Ұйымдасқан қылмыспен күрестегі халықаралық ынтымақтастықта» тап осы алаяқтардың «қара» бизнесін, пысықтарының, әлемнің қазіргі жекелеген мемлекеттерінің мәртебелі топтарының «іскерлік» қарым-қатынастары сыбайлас жемқорлықтың жазылмаған заңдарына негізделеді. Ассамблеяда сыбайлас жемқорлық- жеке, не топтың пайда табуы үшін қызмет жағдайын пайдалануы, мемлекеттік қызметкерлердің өз қызметін пайдаланып, заңсыз пайда табуы».

Сыбайлас жемқорлық бойынша Еуропа кеңесінің аралық тәртіп сақтау тобы анықтамасында: сыбайлас жемқорлық-жеке не мемлекеттік секторда белгілі бір міндет орындау тапсырылған тұлғаның парақорлығы және жеке қызметкер, тәуелсіз агент мәртебесі бойынша жүктелетін міндетін бұзуға алып келетін кез-келген басқа қимыл, іс әрекет, немесе басқа да өзіне не басқаға заңсыз кез-келген пайда табу мақсатында. Басқа дегеніміз – пара берушілер.

Сыбайлас жемқорлыққа тән белгілер төмендегі шарттар:

- Заң бұзатын не қоғамның жазылмаған нормаларын бұзатын шешім қабылдауы;
- Екі жақ та өзара келісіммен қимылдайды;
- Екі жақ та заңсыз басымдыққа ие болып, пайда табады.
- Екі жақ та өз әрекетін жасыруға тырысады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде болған, ол әлемнің барлық елдерінде саяси дамуға тәуелсіз, әртүрлі масштабта болады. Бұл әрекет туралы ежелгі шығыс өркениетінің барлық орталықтарында - Мысыр, Месопотамия, Иудей, Индия, Қытай елдерінің діни, мемлекеттік басқару өнері

туралы шығармаларында ескеріліп, кездесіп отырады. Тарихқа белгілі аймақта заңмен шектеу қою ТМД аумағында III Иван заманында болды. Ал, оның немересі Иван Грозный пара алуда шектен шығуға жаза ретінде тұңғыш рет өлім жазасын белгіледі. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына, жалпы бизнес қызметіне, оның ішінде АҚ қызметіне қалай әсер ететінін көрейік. Сыбайлас жемқорлықтың салдары болады. Олар мыналар:

- Экономикалық
- әлеуметтік
- саяси

Бұл салдарларды толығырақ ашып көрелік:

Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық салдары:

Бұларға:

1. Көлеңкелі экономиканың гүлденуі.
2. нарықтың бәсекелестік механизмі бұзылуы;
3. бюджет қаржысын тиімсіз пайдалану,
4. баға көтерілуі;
5. билікке сенім жоғалуы;
6. үкіметтік емес ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың кең өріс алуы;

1. **Көлеңкелі экономиканың кеңеюі** салық түсімінің азаюы мен бюджет әлсіреуіне әкеледі. Мемлекет экономиканы басқарудың қаржылық **тетігін** жоғалтады.
2. **Нарықтың бәсекелестік механизмінің бұзылуы** – бәсекеге қабілетті ұтпайды, пара ала алғаны ұтады, тиімді жеке меншік иелерінің пайда болуы баяулайды. Бұл нарықтың тиімділігін төмендетуге әкеледі, ал бүтіндей алғанда нарықтың бәсекелестік идеясының беделін түсіреді. Инвестициялық климат бұзылады, өндіріс қарқыны төмендеуі мәселесі шешілмейді, негізгі қор жаңаруы төмендейді.
3. Мемлекеттік тапсырыс пен несиені бөлуде **бюджет қаржысын тиімсіз пайдалану** мемлекеттің өз азаматтары мен бизнесіне көрсететін әлеуметтік қызметі мен **игілігінің** көлемі мен сапасының төмендеуіне әкеледі.
4. Бағаның көтерілуі –сыбайлас жемқорлықпен ілесіп келетін шығынның салдары болып табылады. Қорытындысында тұтынушы зардап шегеді.
5. **Нарыққа қатысушының бүтіндей алғанда билікке сенімін жоғалтуы** – биліктің адал ойын, ережесін сақтап, орнықтыру мүмкіндігіне сенімі жоғалуынан пайда болады.
6. **Үкіметтік емес, пайда түсірмейтін қоғамдық ұйымдарда сыбайлас жемқорлықтың етек алуы** олардың жұмыстарының тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Олар өз қатысушылары мен азаматтарының құқықтарын жақсы қорғай алмайды.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік салдары

Ол салдарлар төмендегідей:

1. бюджеттік дағдарыс
2. мүліктік теңсіздік
3. құқық беделін түсіру
4. ұйымдасқан қылмыс
5. әлеуметтік күйзеліс

1. Бюджеттік дағдарыс – төленген салық сомасының азаюының салдарынан, қаржыны қоғамдық даму жолына бағыттамаудан, бұдан биліктің әлеуметтік мәселелерді шешу қабілеті төмендейді.
2. Мүліктік теңсіздік – сыбайлас жемқорлықпен сөз байласушы екі жақ бюджет ақшасы есебінен пайда табады, немесе өздерінің өзгелерде жоқ артық мүмкіндігін пайдаланады. Сыбайлас жемқорлықпен қаржыны азғана олигарх топтарының пайдасына үлестірілуіне мүмкіндік жасайды, бұл елдің тұрмысы нашар бөлігінің есебінен жүреді.
3. Құқықтың беделін түсіру – Заңды бұзудан шығады, тұрғындар да, бизнестегілер де – бәрі, оған ерік берілгенін біледі. Құқық – мемлекет өмірін жүйелеудің негізгі құралы болудан қалады.
4. Ұйымдасқан қылмыс – құқық қорғаушы органдардың **сыбайлас жемқорлыққа** былғануының салдары, т.с.с.
5. Жоғарыда аталғандардың салдарынан әлеуметтік күйзеліс күшейеді, ол мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен экономикасында көрініс табады.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары:

Мұндай салдарға жатады:

1. Саясат мақсатының ығысуы не орыны ауысуы.
 2. Билікке сенімнің азаюы.
 3. Саяси бәсекелестіктің төмендеуі.
 4. Демократия құлауының қатері.
 5. Ел беделінің құлдырауы және оның оқшаулануы.
-
1. Саясаткерлер мен саясаттың мақсатының өзгеруі барлық социумды қамтамасыз ету **мақсатынан** олигархтық топтың гүлденуіне мән беруінен туады.
 2. Биліктің сыбайлас жемқорлықты орнына қоюға әлі келмеуі, не оған ынталы болмауы билікке сенімді азайтады. Билік қоғамнан алыстап, жат тартады. Бизнестегілер де, азаматтар да туындаған мәселелерді заңсыз жолдармен, әдістермен шеуге тырысады.
 3. Саяси бәсекелестіктің төмендеуі – саясаткерлердің сайланбауынан туындайды. Олар өкілетті органдардағы орынды өзіне «сатып алады». Мұның бәрі сайлаушылардың мүддесі саяси қайраткерлер үшін маңызды болмауына алып келеді.
 4. Демократия – бұл, ең алдымен, билікті заң шығарушыға, атқарушыға, сот билігіне бөлу. Сыбайлас жемқорлық биліктің бұл бұтақтарының іс жүзінде жымдасып кетуіне әкеледі, демократия әлсіреп, жоғалады.
 5. Әлемдік қоғамдастықтың бағалауы бойынша, сыбайлас жемқорлықтың үш салдарынан оған төмен баға беріледі. Ел мәртебесі әлемдік аренада төмендеп, саяси және экономикалық оқшаулану қаупі ұлғаяды.

Нақты бір кәсіпорын жағдайына келсек жабдықтаушылар да өнімін, кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың кесірінен өзінің өнімі мен қызметіне бағаны өсіруге мәжбүр болады, ол осылай параға жеткілікті ақша өндіреді. Екінші жағынан, олар да өз керегін алуға мәжбүр, бұларға да жоғары бағамен өткізеді, оларда да бұл іске пара араласқан. Бұл шетелдік жабдықтаушылармен салыстырғанда бәсекелестіктің

төмендеуіне әкеледі, өйткені олар өз өнімдерін сыбайлас жемқорлық өте аз елде өндірген.

Қазақстанның ДСҰ-ға енуі, тауар әкелуде кеден кедергісі алынуы өз өніміне сыбайлас жемқорлар үшін баға көтерген кәсіпорындарды банкроттыққа әкелуі мүмкін. Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік-экономикалық даму процесін тежейтінін, нарықтық экономиканы құруды, инвестиция тартуды әлсіретіп, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететінін, ел дамуының болашағына елеулі қатер төндіретінін мойындайды. Сондықтан Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу саласында халықаралық ынтымақтастық дамуда. Шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметі, құқық қорғау органдарымен, халықаралық үкіметтік емес ұйымдарын сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі бойынша ынтымақтастықты, өзара әрекет етуді нығайту, жолға қою жұмыстары жасалуда. 2004 жылдың 14 желтоқсанында экономикалық бірігіп әрекет ету және даму ұйымы (ОЭСР) кеңесу тобының бір дауысты шешімімен ҚР Стамбулдың сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша іс әрекет жоспарына енгізілді. Біздің мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы саясатын халықаралық ұйымдары мен көпшілік өкілдері оң бағалады, сондай-ақ республиканың халықаралық ынтымақтастыққа ұмтылысы да өз бағасын алды. Стамбулдың сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша іс-әрекет жоспарына 2005 жылдың 20-21 қазанында Париж қаласында кеңесу тобы кездесуі болды, онда Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі бойынша институциональдық база және құқықтық заң шығару туралы ақпарат берілді. Қазіргі таңда ҚР «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілігі туралы» (Страсбург, 1999 жыл 27 қаңтар), «Қылмыстық жолмен табылған табысты жою, ашу, алу, кәмпескелеу туралы» (Страсбург, 1990 жыл 8 қараша), БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы (2003 жылдың 31 қазаны) халықаралық конвенцияларына қосылуы бойынша жұмыс жалғасуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске байланысты бірқатар конвенцияларға қол қойылды:

- ҚР Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасында ұйымдастырылған қылмысқа қарсы, есірткі заттарының заңсыз айналымына, оларды шығаруға пайдаланылатын прекурсорлар мен химиялық заттар, ақыл естен айыратын заттар, терроризммен және қылмыстың басқа түрлеріне де қарсы күрес туралы ынтымақтастық туралы келісім (Рим қаласы, 2009 жыл 5 қараша).
- ҚР Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы келісім (Астана қаласы, 2009 жыл 6 қазан).
- Тәуелсіз Мемлекеттер Ынтымақтастығы Үкіметі басшысы кеңесінің «Тәуелсіз Мемлекеттер Ынтымақтастығына қатысушы мемлекеттердің салықтық (қаржылық) зерттеу органдарының басшылығының Координациялық кеңесінің қызметі туралы» шешімі (Ялта, 20 қараша 2009 жыл).
- **Әріптестік** және ынтымақтастық туралы бір жағынан ҚР , екінші жағынан Еуропалық қауымдастық және олардың мүше мемлекеттері арасындағы келісім (Брюссель қаласы, 23 қаңтар 1995 жыл)
- Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім (Ашхабад. 17 ақпан 1994 жыл).

- ҚР Үкіметі мен Словакия Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмыс, терроризм, есірткі заттарының заңсыз айналымына, оларды шығаруға пайдаланылатын прекурсорлар мен химиялық заттар, ақыл естен айыратын заттар, қылмыстың басқа түрлеріне де қарсы күрес туралы ынтымақтастық келісім. (Братислав, 21 қараша 2007 жыл).
- ҚР Үкіметі мен Хорватия Республикасының Үкіметі арасындағы расталуға әрекет ұйымдасқан қылмыс, терроризм, есірткі заттарының заңсыз айналымына, оларды шығаруға пайдаланылатын прекурсорлар мен химиялық заттар, ақыл естен айыратын заттар, қылмыстың басқа түрлеріне де қарсы күрес туралы ынтымақтастық келісім. (Астана, 5 шілде 2007 жыл).
- ҚР Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмыс, терроризм, есірткі заттарының заңсыз айналымына, оларды шығаруға пайдаланылатын прекурсорлар мен химиялық заттар, ақыл естен айыратын заттар, қылмыстың басқа түрлеріне де қарсы күрес туралы ынтымақтастық келісім. (Каир, 12 наурыз 2007 жыл)., т.с.с.

2010 жылдың наурызында ҚР 2009 жылдың 28 тамызындағы №191-IV «Терроризмді қаржыландыру және заңсыз жолмен келген табысты жария етуге қарсы әрекет ету туралы» Заңы уәкілетті органдардың және басқа да мемлекеттік органдардың заңсыз жолмен келген табысты жария етуге қарсы әрекет саласында субъектілердің қаржылық мониторингіне құқықтық қатынас, заңсыз алынған табысты жариялауға қарсы әрекеттерді жүргізетін құқықтық негізді салып береді. Бұл Заңда «сыбайлас жемқорлық» сөзі қолданылмайды, бірақ сөз кез-келген заңсыз келген табыс туралы. Қазақстанның 2010 жылдың шілдесінде Кедендік Одаққа енгенін ескерсек, Кедендік Одақ (Қазақстан сол Одаққа енген) комиссиясы 2010 жылдың 16 сәуірінде № 234 «Қылмыстық жолмен келген табысты жария етуге қарсы әрекеті және кедендік одақ аумағына алып кіруде және кедендік одақ аумағынан қолма-қол ақшалай қаражаты мен ақшаға балама құралдарын алып шығуда терроризмді қаржыландыруға қарсы халықаралық шарт жобасы туралы» (Мәскеу қаласы) шешім қабылданды. Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының Қылмыстық істер бойынша алқа төрағасы, Қазақстан Журналистері одағының Б.Қаратаев атындағы сыйлығының иегері Есберген Алауханов «Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары деген ұғым» мақаласында: «Криминалист – ғалымдар жемқорлықтың арасында үш түрі ерекшеленеді. Ең қауіптісі мемлекеттік органдарда лауазымы бар саяси тұлғаның қалыптасқан рулық, туыстық қарым-қатынас үшін заңға қарсы келуі. Тағы бір түрі – лауазым иелерінің сыйақы үшін заңсыздыққа, қылмыстық әрекетке барып, пара алуына негізделеді». Үшіншісі лауазым иелерін қылмыстық әрекетке мақсатты түрде тартып, екі жақтың біріне аса жақсы жағдай жасауы. Сыбайлас жемқорлықтың бұл формасы ұйымдасқан қылмыспен тығыз байланысты. Пара беруден басқа, лауазым иелеріне қатысты қорқыту, арандату жолы да бар. Сыбайлас жемқорлықтың үшінші формасы қылмыстық іске тарту болып табылады, оны төмендегідей түрде сипаттауға болады: милицияның бір қызметкеріне арнайы ақпаратқа – жүз мың теңге айырбасқа ұсынылады. Қарсылық танытса оның отбасы мүшелерін қатты жазалайтынын, олардың әдеттері мен талғамдарын, нені жақсы көретінін терең білетінін көрсетеді. Бұл адам қылмыскерге қарсы келді, жүректілік танытты. Көрсетілген, қолданылған механизм ұйымдасқан

қылмыспен байланысты. Бұдан басқа бопсалау мен пара алудан басқа, мүқият әзірленген арандату қолданылады. Мысалы, бұрынғы құқық қорғау органдарының басшыларының бірінің ұлын оның әлсіз жерлерін ұзақ зерттеп, оны ең лас, жаман іске тартады, содан соң әкесіне бірнеше «сыпайы» өтінішпен хабарласады. Бұл адамдар әдетте қылмыстық қауымдастықтың қорғаныс функциясын орындайды.» – деп жазылған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес төмендегі негіздерде жасалады:

1. Бәрінің сот және заң алдында теңдігіне;
2. Мемлекеттік органдардың қызметінің анық құқықтық регламентін, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін;
3. Жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесіне қатысты мәселелерді

шешу шараларын, кадр жұмысы, мемлекеттік аппарат құрылымын жетілдіру;

4. әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, мемлекеттік ұйымдастыру, басқару жүйесінің, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқығын қорғау артықшылықтары;

5. Мемлекеттің міндеттерін орындауға өкілетті және оларға теңестірілген, лауазым иелерінің еркіндігі мен құқығын шектеу мүмкіндігін мойындау,

6. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқы мен заңды мүдделерін орынына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың залалды салдарының алдын алу, жою;

7. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықпен күресте әрекет ететін азаматтардың жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8. Мемлекеттің функцияларын орындауға өкілетті және оларға теңестірілген, лауазым иелерінің мемлекеттік құқығын, заңды мүддесін қорғау, ол тұлғаларға еңбек ақы тағайындау (ақша баламасындағы) және аталған тұлғалардың жеке басы мен отбасы мүшелерінің лайықты өмірін қамтамасыз ететін жеңілдіктер жасау;

9. **мұндай қызметтегі жеке және заңды тұлға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік жүйелеу өкілеттігіне өкілдік беруге және оны бақылауға болмайтындығы**

10. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстың алдын алу, жолын кесу, ашу анықтау мақсатындағы шұғыл іздестіру және басқа да қызметтерді жасауға, сондай-ақ заңмен бекітілген тәртіп бойынша құқық бұзу арқылы жиған ақша, не басқа да мүлікті жариялауға жол бермеу мақсатындағы қаржылық бақылаудың арнайы шараларын қолдану;

11. Заңмен бекітілген лауазымдық міндеттемесі бар лауазымдық қызметі болған жағдайдан басқа, шаруашылық субъектілері басқару органындағы ақы төленетін лауазым, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мемлекеттік тұлғалардың бірқатарына тиым салуды бекіту;

Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты лауазым иелерін қылмыстық жауапкершілік заңын дұрыс қолдана білуі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетеді, қоғамның мемлекетке, оның институттарына деген сенімін арттырады; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметімен тікелей айналысатын құқық қорғау органдарының және соттардың жұмысының тиімділігін арттырады. (2001 жылдың 13 желтоқсанындағы №18 «Соттардың сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарау тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативті қаулысы). Аталған

категория бойынша істерді соттың қарау қызметіндегі бар кемшіліктерді жою, оны одан әрі жетілдіру мақсатында, ҚР Жоғарғы Сотының пленарлық мәжілісі қаулы етеді:

1. **Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстардың азаматтардың, ұйым, қоғам, мемлекеттердің Заңмен қорғалатын құқы мен мүдделеріне аса көп зиян келтіретіндіктен, бұл категориядағы істерді мезгілінде әрі дұрыс қарау олардың құқығының қорғалуын нақты қамтамасыз етудің маңызды шарттары екеніне Соттардың назарын аудару;**

2. **Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс деп өзіне өзге тұлға мүддесі үшін, өзінің қызметтегі өкілеттігін пайдаланып, біле тұрып жасалған, қылмыстық жазаланатын іске барған лауазым иесінің қылмысын айтады; жеке не заңды тұлғаның құқық бұзу жолымен (сый не басымдықты) лауазым иесі пара беріп, біле тұрып жазаланатын қылмыстық іске барса, мұны да сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмысқа жатқызады.**

3. **Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс субъектісіне мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қарулы күштер жіне басқа да республиканың әскери құрылым, сондай-ақ мемлекеттік жауапты қызметтегі тұлғалар жатады. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс субъектісі қатарына көрсетілген лауазым иелеріне пара беру үшін құқық бұза отырып, оларға мүлік не басым зат беруші жеке тұлғалар да жататынын Соттар ескергені жөн.**

4. **Лауазымды тұлға деп, ҚК 307-бабының ескертпесіне сай, тұрақты не уақытша не арнайы өкілеттікпен билік өкілдігі функцияларын атқарушы, не мемлекеттік органда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ ҚР Қарулы Күштерінде, республиканың ббасқа да әскери және әскери құрылымдарында ұйымдастыру-реттеу және әкімшілік-шаруашылық функцияларын орындайтын тұлғалар танылады. Мемлекеттік жауапты орын лауазым иесі деп ҚР Конституциясы бекітетін, мемлекеттік орган өкілеттігін, мемлекет функцияларын орындауға, оған тең деп, мемлекеттік қызмет туралы Заңға сай мемлекеттік қызметкерлердің саяси лауазымы айтылады.**

6. **Соттар ұйымдастыру-реттеу функциясы деген лауазым иесі ұжым жетекшісі, кадр қою, таңдауды жасап, еңбек тәртібін қолдап, ұжым алдына қойған міндеттерді орындап, т,б, екенін ескеруі тиіс. Лауазым иелерінің әкімшілік шаруашылық функциялары мемлекет мүлігіне өкімдік етіп, басқарып, оның сақталуы мен жүзеге асыру; мемлекеттік органда не жергілікті өзін өзі басқару органдарына қатысты мекемелер мен әскери құрылымдарда сол операцияларды бақылауды қамтамасыз ету; Соттар лауазым иесі өзінің қызмет орнына қарай бір мезгілде ұйымдастыру, өкімдік ету және әкімшілік шаруашылық өкілеттікке ие болу мүмкіндігін ескеруі тиіс.**

7. **Мүліктік артықшылық не басымдық алу деп қылмыс субъектісіне қатысты тұлғаның мүмкін қызметтің бәріне қайтарымсыз төлеуі, басқаша айтқанда заңсыз жеңілдіктер пайдалану, меншікке, құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүргізуге, санаторийге не туристік жолдама, жол жүру билетін жеңілдікпен, несие алуды т.б. айтады.**

8. **Соттарға ҚК 311-бабының 2-ескертуіне сай, егер сыйлық құны екі айлық есеп көрсеткішінен аспаса, егер заңды әрекетке (әрекетсіздігіне) алдын ала келісім болмаса, сыйлық ретінде мүліктік құқығы болса бірінші рет, лауазым иесі**

қылмыстың маңыздылығына қарай тәртіптік жазаға жатқызылады, қылмысқа жатқызылмайды.

9. **Сыбайлас** жемқорлыққа байланысты қылмысты лауазым иесі жасаса, оны өзгеден бөлек қарайды. Мұнда **сыбайлас** жемқорлыққа байланысты қылмыстың мақсаты лауазым иесі біле тұра заңсыз әрекет етуінде, өз қызмет жағдайын біреудің мүддесіне пайдалануында, бұл жерде әрекет лауазым иесінің өзгеден мүліктік не одан басқа пайда табу арқылы заңсыз өзіне де, өзгеге де басымдық беруінде.

11. **Сыбайлас** жемқорлыққа байланысты аса қауіпті қылмысты лауазым иесінің бұл қылмысты топпен не күш көрсетіп, сондай-ақ ұйымдастырылған қылмыстық топтың, не қылмыстық қоғамдардың заңға қайшы мүддесін материалдық құндылық т.б. басымдыққа ие болу мақсатында қанағаттандыру үшін жасауы болып табылады.

12. Заңға сай, сыбайлас жемқорлық туралы фактіні хабарлаушы не сыбайлас жемқорлықпен күресуге басқаша әрекет етуші мемлекет қорғауында болады. Сондықтан соттар мүлік не т.б. материалдық құндылық т.б. басымдық беруші тұлға егер оны лауазым иесін күшпен алса, егер ол тұлға органға олардың жасағандарын пара алу туралы қылмыстық іс қозғауға құқылы органға өз еркімен хабарласа онда ол тұлға қылмыстық жазадан босатылады.

16. Заң бұзу жолымен тұлғаның қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен тапқан байлығы, заңсыз мүлігі айналымға жатқызылып, заңсыз қызметтердің құны мемлекет табысы ретінде іздетіп, алынады. Соттар бұл мәселені ҚР 51-бабы талаптарын сақтау арқылы, мұндай тұлғаларға мүлігін кәмпескелеу түрінде қосымша жаза қолдануды талдау керек.

ҚР «Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 ж. 10 желтоқсанындағы Кодекске (Салық кодексі) сай, ҚР Парламентінің депутаттары, соттар, сондай ақ ҚР Конституциясының «ҚР сайлауы туралы» Заңына сай, ҚР қылмыстық атқару кодексі және ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңына сай декларация көрсету туралы міндет жүктелген тұлғалар ҚР аумағында, одан сырт жерде тұратын, салық төлеу объектісі болып табылатын табыстар және мүлігі туралы декларация береді.

ҚР 2007 жылдың 15 мамырындағы №251-III Еңбек Кодексіне сай, қызметкер сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзған жағдайда, сот актісіне сай жұмыс беруші бастамасымен жасалған еңбек шарты бұл қызметкермен бұдан әрі еңбек шарты бұзылуы мүмкін (54-бап). 2001 жылдың 31 қаңтардағы №155- II ҚР әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің «Әкімшілік сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзу» атты 30 тарауы бар, ол бойынша төмендегі құқық бұзушылықтар жазалануы тиіс:

- Мемлекеттік лауазымға, мемлекеттік не оған теңестірілген функцияларды орындайтын лауазымға кандидат тұлғалар, өзінің және әйелінің мүлігі, табысы, т.б. басқа да сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңмен қаралған мәліметтері туралы декларацияны біліп тұрып бермесе, не толық емес болса, не анық емес етіп берсе (532-бап);

- Мемлекеттік лауазым иелері өзінің және әйелінің мүлігі, басқа да сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңмен қаралған мәліметтері туралы декларацияны біліп тұрып бермесе, не уақытында бермесе, болмаса толық бермесе, анық емес мәліметпен берсе (532-бап);

- Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сый, ақы не жеңілдікпен қызмет көрсетсе, бұл істе қылмыстық жаза қолданатын белгілері болмаса (533-бап);

- мемлекеттік қызмет орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғаларға, егер ол әрекет (не әрекетсіздік) қызметтік өкілеттігіне кірсе, осы қызметті орындаған тұлғаға заңсыз материалдық сый, ақы біреу арқылы не өзі мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғалардың алуы, егер жасалған істе қылмыстық жаза қолдану белгілері болмаса (533-1 бап);

- мемлекеттік қызмет орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғаларға заңды тұлғалар заңсыз материалдық сый, ақы не жеңілдікпен қызмет көрсетсе, бұл істе қылмыстық жаза қолданатын белгілері болмаса (534- бап) (мемлекеттік қызмет орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғаларға заңды не жеке тұлғалар заңсыз материалдық сый, ақы не жеңілдікпен қызметті көрсетсе, мемлекеттік қызмет орындауға өкілетті не оған теңестірілген тұлғалар оны күшпен талап ету арқылы алса, егер осы заңды не жеке тұлғалар өз еркімен он күн ішінде болған жайды құзырлы органдарға білдірсе, бұл заңды, не жеке тұлғалар жауапкершілікке тартылмайды);

- Заңмен бекітілген өз функцияларынан бөлек мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының кәсіпкерлікпен айналысуы және материалдық құнды зат алу не басымдық, бекітілген қаржыландыру көзінен басқа (535-бап) алуы;

- Лауазымын ҚР Президенті анықтайтын, мемлекеттік органдардың басшылары, не жауапты хатшылары өз құзіретіндегі шараны сыбайлас жемқорлықпен заң бұзған кінәлі өзінің қол астындағы қызметіне қолданбаса немесе көрсетілген шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңын бұза отырып қолданылса, немесе салық органдарына кінәлінің тұрақты мекені туралы дұрыс ақпарат бермеген жағдайда (537-бап); Мемлекеттік органның, мекеме, кәсіпорын басшыларының немесе ұлттық компаниялардың, ұлттық холдинг басқармасы, ұлттық даму институттарының, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарының басшыларының жұмысқа бұрын сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс істегендерді алуы; Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс деп осы Кодекстің 176 бабының үшінші бөлімі г) тармағы, 177-бабының үшінші бөлімі г) тармағы, 192-бабының екінші бөлімі в) тармағы, 193-бабының үшінші бөлімі а) тармағы, 209-бабының үшінші бөлімі а) тармағы, 307-бабымен, 308-бабының төртінші бөлімі в) тармағы, 310-315 баптарында, 380 бабымен қаралатын қылмыстар айтылады, егер ол қылмыскер мүлік не оған қатысты басымдықты алса. Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғаға не оған теңестірілген тұлғаларға жеке өзіне біреу арқылы пара беру, лауазымды тұлғаларға пара беру, пара беру айқын заңсыз әрекет істегені үшін қылмысты дегенге тең, мемлекеттік жауапты лауазым иесіне пара беру қылмыстық жазасы бар іс (312-бап), сондай-ақ пара беруде делдалдық, яғни пара беруші мен алушы арқасындағы келісімге жету мен оны іске асыруда пара алып беруді мәміле.....(313-бап). ҚР Қылмыстық Кодексінің 349-бабына ерекше көңіл бөлу қажет, ол бойынша қылмыстық іс деп саналады: «Коммерциялық пара беруге арандату, яғни коммерциялық не басқа да ұйым басқару функцияларын орындаушы тұлғаға қылмыс жасалғанының дәлелін қолдан жасау не бопсалау мақсатында оның келісімінсіз ақша, мүлік, басқа да нәрселерді (басымдық) алып беруге ұмтылу»; «Сыбайлас жемқорлық қылмысына арандату,

яғни мұнда да сол әрекет, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғаға, не оған теңестірілген тұлғаларға қатысты жоғарыдағыдай әрекет істеу»;

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар блогы әзірленген, ол бәрінен бұрын 1998 жылдың 2 шілдесіндегі № 267-І «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», ол азаматтардың еркіндігі мен құқығын қорғауға бағытталған, ҚР Ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық салдарынан туатын қауіп қатерден қорғауға, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын, басқа да мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғаға не оған теңестірілген тұлғаларды, қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзуды ашуда, жолын кесу, табу, ескерту жұмыстарын жасайды; Оның салдарын жойып, кінәлілерді жауапқа тартады, сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі ұстанымдарын анықтайды. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзу түрін белгілеп, жауапкершілік шартын, сондай-ақ ол демократиялық бастаманы кеңейтуге бағытталған, мемлекетті басқаруда бақылау мен жариялылықты кеңейтуге, елдің мемлекетке, оның құрылымдарына сенімін нығайтуға, компетентті мамандардың мемлекеттік қызметке келуін ынталандыру, мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғалардың параға берілмеу шартын жасау.

Бұл Заң сыбайлас жемқорлық деген ұғымды түсіндіреді. «Сыбайлас жемқорлық деп Заңда мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлға, не оған теңестірілген тұлғалардың өзінің қызметтік құзіретін пайдаланып, оған байланысты мүмкіндіктерді пайдаланып, мүлік не басқа да пайданы өзі не біреулер арқылы, Заңда қаралмаған, бұл тұлғаларды құқық жолына қарсы жеке не заңды тұлғалардың пайда ұсынуы пара алумен тең». Қазақстанда 2006-2010 жылдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, (бағдарлама 1995 жылдан бері бар) ол Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық дамуын жүзеге асыруға бағытталған, ҚР 1998 жылдың 2 шілдесіндегі «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы, ҚР 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси модернизацияны жеделдету жолында» 10.25 тармағын. ҚР 2003 жылдың 5 қыркүйегіндегі Қаулысымен бекітілген) ҚР Үкіметінің 2003-2006 жылдарына арналған бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша іс шаралар жоспарын жүзеге асыруға бағытталған.

Бұл бағдарлама еңбек, қаржы ресурстарының тепетендігін сақтау, іс шаралардың қайталануын болдырмау мақсатында «ҚР 2005-2010 жылдарындағы көлеңкелі экономиканың көлемін азайту бойынша экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының негізгі бағыты» және «ҚР 2005-2007 жылдарындағы экономика саласы құқық бұзушылықпен күрес» бағдарламаларымен құрылымдастырылған. «2001-2005 жылдарындағы сыбайлас жемқорлықпен күреске арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысында қол жеткен табыс, оң нәтижелермен бірге шешілмеген мәселелер де бар.

Біріншіден, Құқықтық босандықтар мен заңнамалық актілердегі біршама көп шығарып салма нормалар мемлекеттік органның жекелеген лауазым иелеріне негізсіз кең құзірет береді. Бірінші кезекте толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек, оған Жер кодексі, ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Лицензиялау туралы» т.б. рұқсат беруді регламенттеу, нормативті құқықтық актілер жатады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес саласын жүйелейтін халықаралық келісім шарттар, нормативті құқықтық актілерді әрі қарай унификация жасау керек.

Екіншіден, әкімшілік шараларды әсіресе салық және кеден ережелерін одан әрі жұмсарту. Сыбайлас жемқорлық деңгейін түсіру үшін олар анық, түсінікті, қарапайым, яғни бәріне белгілі болуы тиіс. Ақпарат пен құжаттарға қойылатын талаптарды азайтып, өте төмендету керек. Әкімшілік істерін жетілдіру лауазым иелері мен клиенттердің жеке байланысын шектейді, сондай-ақ есеп беру мен санкциялардың орныққан формасын азайтады.

Үшіншіден, адам ресурстарын басқару тиімділігі жетімсіз. Әкімшілік сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық сот тәжірибесін сараптау кінәлілердің негізі мемлекеттік қызметкерлердің төменгі сатысындағылар екенін көрсетеді. Олардың еңбекақы деңгейі және әлеуметтік қорғалмауы сыбайлас жемқорлыққа экономикалық баспалдақ, негіз болып отыр. Бұл мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндерге жоғары кәсіби талап қоюға мүмкіндік беретін шаралар кешенін енгізу керегін айтады; сондай-ақ еңбек ақы жүйесін енгізу, мемлекеттік қызметкерлердің іскерлік қабілетін, кәсіби біліктілігін объективті, дұрыс бағалап қызметте жоғарылату;

Төртіншіден, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың шығу себебінің мониторингі жоқ. Сыбайлас жемқорлық механизмі мен факторларының ізін кесу қажеттігі, оның деңгейі мен құрылымын бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін талдау оны енгізуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда ішкі бақылау жүйесін енгізу үшін негіз жоғарыда айтылған бағалау болып табылады.

Бесіншіден, соңғы жылдардағы тәжірибе азаматтық қоғамда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселесінде белсенділік пен хабардар болудың қажетті деңгейі жоғын көрсетеді. Осыған байланысты, азаматтық қоғам институтының осы бағдарламаны жүзеге асыруда қатысуының механизмі талап етіледі. Сыбайлас жемқорлықпен күрес барысында қоғамды хабардар етудің көпке жетімді, тиімді шараларын енгізу де маңызды.

Алтыншыдан, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында халықаралық ынтымақтастық деңгейі төмен. Осыған байланысты, құқық қорғау органдарының ҚР сыбайлас жемқорлықпен күрес және заңсыз табылған қаржы легализациясына қарсы әрекеттің негізін қалаған халықаралық конвенцияға халықаралық ынтымақтастығы формаларын кеңейту қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажет:

- Ұйымдарға электронды мемлекеттік қызмет жолын енгізу жолымен азаматтарға қызмет көрсетудің мерзімін қысқартып, сапасын жақсарту. Мемлекеттік электронды деректер базасына енуді қамтамасыз ету.
- Қабылданған сот шешімдерінің мезгілінде орындалуының айқындығына әсер ететін іс-шара енгізу;
- Бюджеттің орындалуы мен әзірленуінің ашықтығын қамтамасыз ететін әкімшілік және құқықтық механизмдерді дамыту, сондай-ақ мемлекеттік қаражатты пайдалану мен бөлу туралы ақпаратқа ұйымдар мен азаматтардың енуін қамтамасыз ету.
- Азаматтық қоғам институттарының арнайы рұқсат ететін функцияларының бірқатарының жүйелілігін қамтамасыз ету;
- Жеке кәсіпкерліктің субъектілерін тексеру, өткізуде құқықтық регламентацияның анықтығын қамтамасыз ету.

- Мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуінің ережелерін әзірлеу.
- Мемлекеттік қызметтің мүддесінің жанжалы мен сыбайлас жемқорлық көрінісін болдырмау үшін жергілікті атқару органдарында және орталық мемлекеттік органдарында ішкі бақылау жүйесін жасау;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңның сақталуы үшін құқықтық мәдениет және құқықтық сана қалыптастыру іс-шараларын жүзеге асыру;
- Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің нәтижесі туралы ақпарат беріп, хабарландырып отыру.

Алайда осы қабылданған шараларға қарамастан «көбіне сыбайлас жемқорлыққа сонымен күресуі тиіс орындар барып отыр. 2008 жылы істі болған 692 тұлғаның сот шешімі күшіне енгізілгені, ПМ – 99 қызметкері, кеден – 29, әділет органының – 28, сот орындаушылары – 21, қаржы полициясының органдары – 15, прокуратура органдарының – 4, сот қызметкерлері – 3». (ҚР Бас прокуратурасының кеңейтілген алқа отырысында Елбасының сөйлеген сөзінен, 2008 жылғы 25 қаңтар)

«Қаржы полициясы деректері бойынша, 2007 жылы мемлекеттік сатып алу саласында 133 сыбайлас жемқорлық қылмысы тіркелген, ал үстіміздегі жылдың 10 айы бойынша осыған ұқсас қылмыстық жаза қолданылуы тиіс іс 76 % өсті, 235 фактіні құрап отыр. Кеңес төрағасы осылай деп хабарлады. Одан басқа сыбайлас жемқорлық бойынша 114 қылмыстық іс сотқа жіберілді, 25 адам жауапқа тартылды». (2008 жылы мемлекеттік тапсырыс саласында сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс саны 76% өсті. О.Абдыкаримов.)

Жеке зерттеулер бойынша, «ШҚО «моральды адамгершілік» тұрғысынан азғындаудан» бірінші орынды сот қызметкерлері алып отыр. Мұнда әр фемида қызметкері орташа есеппен әрбір «дұрыс» шешімі үшін 9372 доллар алады. Екінші орынды оңтүстік облысының білім және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері алады. Олар тіпті ПМ қызметкерлерін шаң қаптырып кетті. Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының жол полициясын тіпті дәрігерлер мен оқытушыларды қуып жете алмады. Тұтастай алғанда елде жеті аймақ сыбайлас жемқорлыққа толы болып отыр: Алматы қаласы, Ақмола, ШҚО, СҚО, ОҚО, Жамбыл, Павлодар облыстары. Қарағанды көшбастаушы тізімде жоқ, алайда ол да құралдақан емес. Ол сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткіштері бар келесі аймақтар тобына енеді. Ал, Павлодар облысы өзін сыбайлас жемқорлықпен күресуде ең тиімсіз етіп көрсетті. Пара алушылардың ішінде алдыңғы сапты бермейтіндер орта буындағы шенеуніктер. «Білім және қорғаныс» ҚБ халыққа сауалнама жүргізу нәтижесінде жинаған жауабының қорытындысы бойынша пара алушылардың тізімінде бірінші орын – дәрігерлер деген топтамға келеді. Әсіресе Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстары, Алматының медициналық ұйымдары ерекше көзге түскен. Екінші орында - жол полициясы. Үшінші орында- білім мекемелері. Паракорлардың сайранында бәріне орын табылыпты – университет мұғалімдері, соттар. Қазақстан халқының сұралғанының $\frac{2}{3}$ өздерінің аса маңызды мәселелерін тиімді ері тез шешудің лауазым иелеріне пара беруге тікелей тәуелділігін айтқан.

- Сыбайлас жемқорлық бәрінен бұрын жеті аймақта көбірек кездеседі: Алматы, Ақмола, ШҚО, СҚО, ОҚО, Жамбыл, Павлодар облыстары, - дейді Нина Еркаева. - Қарағанды көшбастаушы тізімде жоқ, алайда ол да құралақан емес. Ол сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткіші жайлаған келесі топтағы

аймаққа жатады. «Нұр Отан» партиясының қарағандылық филиалынан тек биыл ғана сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін 7 мүшесі шығарылды. Олардың ішінде аудан әкімі, екі елді мекен басшысы, сондай-ақ ұйымдар басшылары бар.»

Қоғамдық бірлестіктердің тағы бір қызықты бақылауы мынадай: Нарықтағы тұрмыстық сыбайлас жемқорлықта қызмет ететін, оны «тудырушы» тойымсыздар:

1. Соттар (орташа парасы -2092,1 доллар).
2. Жер телімдерін алып, рәсімдеуге көмектесуші шенеуніктер –(≈1319,8 доллар)
3. Мемлекеттік қызметкер, қызметте жоғарылауға, лауазым алуға көмектескен – (≈1049,4доллар)
4. Әскери комиссариат қызметкерлері – (≈819,6 доллар)
5. Тұрғын үй рәсімдеп, алуға көмектескен шенеуніктер – (≈764,2 доллар)

Ең бай соттар ≈орташа парасы 3000 доллардан асатын – ШҚО, СҚО, Астана, Алматы қ. Ең «қымбат» пара – жер алу, оны рәсімдеу де –Алматы облысында тіркелген, орташа ≈2121,4 доллар; Лауазым алу, қызметте ілгерілеу Астанада (орташа 4656,4доллар).Әскери комиссариаттың сыбайлас жемқорлықтағы қызметі бәрінен ШҚО қымбат (3307,7доллар). Тұрғын үй рәсімдеп, алуға көмектескен шенеуніктерге ең көп төлегендер Маңғыстау облысында (3772,5доллар). Есептеулерге сенсек, бір реттік сыбайлас жемқорлықтағы қызмет соңғы жылы республика бойынша 547,5 доллар шамасында. Ағымдағы тоқсанда бұл көрсеткіш Қызылорда облысында жоғары, бір реттік сыбайлас жемқорлықтағы қызмет 1607 доллар тұрады. Жоғары деңгейдегі пара беру ШҚО облысында (1411доллар), Астанада (937 доллар).

Параның орташа көлемінен, сыбайлас жемқорлық қарқынынан соңғы жылдағы пара берушілердің орташа шығыны 2190 доллар. Бұл көрсеткіш бойынша Қызылорда көш басында (орташа жылдық сыбайлас жемқорлық жарнасы 6751,1 доллар).

Көшбасындағы топқа ШҚО кіреді – (6067,7 доллар), Астана (≈ 5154,6 доллар).

Зерттелген 16 аймақтың 6 ғана сыбайлас жемқорлық - әлеуметтік қатер деген пікірді ұстануы өкінішті. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті әлсіреу үстінде. Бұл «соғыста» әзірге сыбайлас жемқорлық жеңіп тұрған сынайлы.

Қазақстанның оңтүстігі кез келген мәселені «шешуімен» қай кезден аты шыққан өлке. Нәтижесінде, елде сыбайлас жемқорлықпен күрес кампаниясы басталғанда Оңтүстік Қазақстан паракорлар мен тізеге салушылардың ұсталған саны бойынша көшбасшы үштікке енді. Ол сонда қалды, ара арасында бірінші орында көрініп қалады. Бұл аймақтың тұрғындарының 75% мемлекет қызметкерлерімен контактіге түсуді пара беру деп ұғады. Олар оған сенімді. Бұл жылдың жаңалығы мемлекеттік қызметкерлер мен полиция бірінші орынды оқытушыларға берді. Бірақ Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстан политологтары мен әлеуметтік зерттеушілері қауымдастығының жылдың ІІІ тоқсанында өткізген әлеуметтік мониторингі нәтижесіне сай, ел ең сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан полиция мен қаржы полициясы деген сенімде. Олардың ізінде кеденшілер мен салық жинаушылар. Одан әрі соттар, денсаулық сақтау мекемелері,прокуратура, лицензия беретін органдар. Ең соңғы сегізінші орында ЦОН тұр. Бұл саладағы құрылым туралы сұралғандардың 54-62,9% сыбайлас жемқорлықтың ең қауіптісі санайды.Облыстар ішінде аса айырма жоқ,

тек қалалықтар айтылғандарға әскерді, ауылдықтар әскер мен әкімдікті қосады. Қаржы полициясы мен ҰҚК сыбайлас жемқорлықты ұстаумен айналысуда. Биылғы ашылған қылмыстық істер саны былтырғыдан 50% көп...» (Қарағандыдан Айнұр Балакешованың, Шымкенттен Юрий Елисеевтің, Өскеменнен Иван Петровтың, Петропавлдан Зэуре Жұмалиеваның, Тараздан Ирина Кимнің, Павлодардан Гүлнұр Мұқажанованың материалдары бойынша).

«Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық қызметінің көлемі 156 млрд. теңгені құрайды» бұл туралы 2008 жылдың қарашасында ХДП «НұрОтанның» Алматы қалалық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы форумында ҚазҰУ заң факультеті кафедрасының меңгерушісі, «НұрОтанның» саяси кеңес мүшесі Есберген Алауханов мәлім етті.

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті бөлімінің жетекші маманы : «Сыбайлас жемқорлық азаматтардың құқығын жүзеге асыруға кедергі» және «Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлықпен күресте қоғамның қызметі ерекше. Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыс азаматтардың құқығын аяққа таптайды, мемлекет пен адамның мүддесіне үлкен зиян келтіреді. Оны бірден жеңу мүмкін емес, алға ұмтылу керек-ақ. Бұл жағдайдың аса қауіпті, маңызды, ойланарлық екені , онымен күрестің қаншалықты қиындығы мемлекеттің оның **тамыр тартпауы үшін жасаған қадамынан байқауға болады.** Елбасының «Қазақстан әлеуметтік, экономикалық және саяси модернизациялаудың жеделдетілген жолында» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында, Жалпыұлттық жоспарды орындау аясында «Бір терезе» принципі бойынша Халыққа қызмет етудің орталығы ашылды. Халыққа қызмет етудің орталығының басты міндеті елге құжаттар рәсімдеу мен оны беруде сапалы қызмет көрсету үшін кезектер мен әкімшілік кедергілерін жою. Қазіргі таңда ҚР Әділет министрінің 12.10.2007 жылғы №288 Бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сай АХАЖ органдары халыққа азаматтық хал актілерін тіркеу бойынша, нақты алғанда туу, қайтыс болу, неке бұзу, аты-жөні, әкесінің атын ауыстыру, сондай-ақ халыққа азаматтық хал актілерін тіркеу қызметінің барлық түрлері бойынша қайта куәлік беру бойынша қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, Үкімет қаулысымен анықталған , Халыққа қызмет етудің орталығы азаматтық-хал актілерін тіркеу бойынша құжаттар әзірлеуді альтернативті түрде жүргізеді; бұл деген халық бұл істі АХАЖ органдарында да жасай алады деген сөз. Анығында Халыққа қызмет етудің орталығы жұмыс істей бастағалы АХАЖ органдары мамандарының кабинеттеріне кезек айтарлықтай сиреген, олардың кез келген арызбен жұмыс істеуге, оған сай құжаттарды дайындауға уақыты мол; бұрынғыдай арыз қабылдап, оның қажетті құжаттарын табуға көп уақыт жұмсамайтын болды. Оның үстіне Халыққа қызмет етудің орталығы жұмыс істей бастауы мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзудың жолын кесті».

«Алайда, сыбайлас жемқорлық – терең құбылыс, оны белінен бір сызып, жою оңай емес. Сыбайлас жемқорлық – экономикалық заңдардың еркін қимылын айтарлықтай шектейді, елдің әлем қауымдастығы алдындағы беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестициясын тартуға басты кедергі болып табылады. Таза, әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ығыстырылады, өйткені сыбайлас жемқорлық ондай бизнесті **рентабелді** емес етеді. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік органдарында аса қауіпті. Бұл жағдайда билік монополиясы симбиозы туындайды, шешім қабылдауда мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттігі шектеусіз болып, қатаң тәртіппен құқықтық есеп беру, шенеуніктерге бақылау

болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесінің бәрін бұзады, мемлекеттік биліктің, мемлекеттік қызметтің абыройын түсіруге ықпал етеді. Ол сондай-ақ экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өрбуіне алып келеді ». (Өзімізден бастаймыз, №42 (16428) 06.03.2008ж. Ербол Мусин, Алматы қаласы, Әуезов ауданы прокурорының көмекшісі).

2019 жылдың маусымы мен 2010 жылдың маусымы аралығында сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты 400 нормативті құқықтық актілер қабылданды. Жекелеген мамандардың айтқанына сенсек оң нәтижесі бар. Астана қаласы СҚ бақылау ведомстволық басқармасының бас маманы Р.Р.Чукалова ханымның айтуынша «Егер 2008 жылы Астана қаласының Арнайы есеп және құқықтық статистика бойынша комитетінің статистикалық деректеріне сай, Астана қ. СҚ қызметкерлерінің жасаған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы саны 5 , ал 2009жылы жасалғаны 1, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс 2008 жылы 1 , ал 2009 жылы 0». Алайда, автор мен көптеген кәсіпкерлер пікірінше, сыбайлас жемқорлық тоқтаған жоқ, тек түрін өзгертті, ал онымен күрес тек жаңа басталды, өйткені оның өсуі де, өшуі де тек кәсіпкерлерге байланысты. Егер әркім өз орнында пара беруді тоқтатса, оны біреудің алуы да мүмкін болмай қалады. Тап осы мәдениетті біз өзіміздің кәсіпкерлерге сіңіруіміз керек, Президент тап осы істі жүзеге асыруға шақырды.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Сыбайлас жемқорлық деген не?
2. Сыбайлас жемқорлықтың белгілері қандай?
3. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына қалай әсер етеді?
4. Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік салдарлары қандай?
5. Сыбайлас жемқорлықтың саяси салдарлары қандай?
6. Сыбайлас жемқорлық нақты бір кәсіпорынға қалай әсер етеді?
7. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша қандай заңнамалық актілер қызмет етеді?
8. Сыбайлас жемқорлықпен күрес негізінде не жатыр?
9. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша қандай мәселелер бар? Ол мәселелерді шешуде не істеу керек?

11 Тарау. Компания мәдениеті және оның корпоративті басқарумен байланысы.

С.А. Филин,
Іскерлік әкімшілігі докторы

Адамдар бұқаралық насихаттауға өздерін мәжбүрлейтін көзқарастарға соңында өздері сене бастайды.

К.А.Гельвеций

«Корпоративті мәдениет» термині – бизнес – пән мұғалімдерінің, басқару мамандықтарында оқитын студенттердің және басшылардың аузынан жиі айтылатын сөз. Термин танымал бола бастады, тек оның соңында келесідей мән жатыр. Өзімнің тренингтерімде мен осы тақырыпқа жиі назар аударамын. Және мен оны «Мәдениет деген не?» деген сұрақтан бастаймын. Егер де білімді оқырман бірден жауапты құрастыра алатын болса, онда ол кісінің алдында басымды иемін. Қанағаттандыратын анықтаманы бере алатын адам өте сирек кездеседі. Оның үстіне біз өз «мәдениетімізбен» мақтанамыз. Алайда біз «мәдениетке» анықтама бере алмасақ, ұйымдастырылған мәдениет және ол қалай «жұмыс істейтіні» туралы әңгіме қозғай аламыз ба. Сонымен, алдымен анықтамалардан бастайық.

А. Кребер және К.Клакхон жеткілікті көлемді анықтама береді:

«Мәдениет эксплицитті және имплицитті шамалардан тұрады, ол белгілердің көмегімен меңгерілетін және ортаға байланысты мінез – құлықтарды анықтайды; ол бір топ адамдардың іс - әрекеті нәтижесінде пайда болады, соның ішінде оның амалдарға айналуы да жатады. Мәдениеттің мазмұнды өзегін дәстүрлі тарихи қалыптасқан және ерекше идеялар құрайды, соның ішінде ерекше құндылық белгіленген идеялар. Мәдени жүйелер бір жағынан адамдар іс - әрекетінің нәтижесі ретінде, ал екінші жағынан – оны реттеушілері ретінде қарастырылуы мүмкін».¹

Шынымен де анықтама көлемді, алайда оны қарапайым деп айта алмайсың.

Г. Ховштед мәдениетті «адамдардың бір дәрежесін екіншілерінен ажырататын ойларды біріктіріп бағдарламалау» ретінде анықтайды. Осы анықтамада негізгі түйін – ұжымдық бағдарламалау.² Бұл анықтама анағұрлым қарапайым және түсінікті. Тек бағдарламалаушылар кімдер деген бір ғана сұрақ қою қажет. Мәдениеттің субъектілері және мәдениеттің объектілері бар екендігі туралы сөз қозғау әбден ықтимал.

А.И. Пригожин мәдениетті адамзатпен жинақталған ең құнды нәрсені білдіретін ең жалпы түсінік ретінде анықтайды, басқаша айтқанда адамдар өздері құнды деп санайтындар: материалдық, рухани, әлеуметтік құндылықтар.³

Тағы да бір анықтаманы әлемет тану пәні бойынша Халықаралық Бизнес Академиясында (Алматы) профессор Гуревичтің дәрісінде естідім: «Мәдениет – бұл біздің түйсіктерімізді шектейтін жүйе». Сірә, мен осы анықтамамен де келісемін.

Корпоративті мәдениет деген не?

Бұл термин сөзге көптеген анықтамалар болады. Олардың бірнешеуін келтірейік.

Ұйым, мекеме мәдениеті ұйым мүшелерімен ажыратылатын нанымдар және күтімдер кешені ретінде ұсынылады. Бұл нанымдар және күтімдер мөлшерлерді қалыптастырады, олар маңызды дәрежеде жеке тұлғалардың және топтардың ұйымдарда мінез-құлығын анықтайды.⁴

Мәдениет – бұл жалпыға бірдей ұйым ішінде тіршілік ететін қатынас пен құндылықтың салыстырмалы тұрақты нанымдары.⁵

Қазіргі заманның кәсіпорындарына назар аударайық. Өмірдің барлық жағдайларына қызметтік, өнеркәсіптік, техникалық және өзге де ережелерді қазір жазып шығу мүмкін бе? Кадр қызметінің кез келген ойлау қабілеті дұрыс жетекшісі және қызметкері бұл сұраққа «Жоқ!» деп жауап береді. Одан аздай жұмысшылар класы баяу, бірақ дұрыс бағытта кәсіби операторлар класымен, тобымен ауыстырылып жатыр, бұл адамдар анағұрлым немесе одан төмен күрделі техниканы басқарады және қызметтік тағайындауларының шеңберінде өз бетінше шешім қабылдау құқығына ие. Ал олар өздері шешім қабылайтын болса, осыдан ережелерде барлығы бар деуге болмайды.

Сіз қалай ойлайсыз, ереже болмаған жағдайда корпоративтік директор, басшы, қызметкер шешім қабылдағанда неге бағдар жасайды? Дұрыс – олар өзінің біліміне және тәжірибесіне жүгінеді. Тек соған ғана ма? Істі жүзеге асыру амалдарының бірнешеуін қызметкер біледі деген ықтималдылық өте жоғары, және белгілі амалдар арасында біреуін таңдау осы қызметкердің **құндылық жүйесімен**, яғни мәдениетімен анықталады. Осы жағдайда – ұйымдастырушылықпен.

Әрі қарай болатын техникалық және ұйымдастырушылық даму келесілерге алып келеді, қызметкерлердің қызмет ережелерін анықтау анағұрлым күрделене түседі, қызметкерлерде мәселелер мен тапсырмаларды шешудің мүмкін болатын нұсқалары көбейе түседі, өз бетінше шешім қабылдау құзыреттіліктері мен мүмкіндіктері көбейеді. Яғни басшылық құралы ретінде ұйымдастырушылық мәдениет рөлі қызметкерлердің өнеркәсіптік әрекеттерімен өседі. Осыдан, ол қалай жұмыс жасайтынын талқылаудың үлкен мән-мағынасы бар.

Сонымен, егер мәдениет – бұл қоғам құндылықтарының жүйесі болса, онда ұйымдастырушылық мәдениет – ұйым құндылықтарының жүйесі болып табылады. Алайда бұл құндылықтар басшылықпен жарияланған құндылықтар емес. Бұл ұйым қызметкерлері нақты бағалайтын құндылықтар.

Бас жетекшінің ақиқат рөлі ұйымның құндылықты ұстанымдарын басқарудан тұрады.

Т. Питерс, Р. Уотерман

Егер мәдениет қызметкерлердің мінез-құлығын анықтаса, онда құндылық жүйесін басқару мәні бар. Осылайша, акционер және директорлар кеңесі мүшесі рөлдерінің бірі – мәдени ұйымды басқару болып табылады. Бірақ қандай болмасын нәрсені тиімді басқару үшін ол қалай жұмыс жасайтынын түсіну керек.

Жолын қушылық және міндеттемелер.

Корпоративті, ұжымдық басқару теориясында ағылшын термині «commitment» жиі кездеседі. Ол жолын ұстаушылық, көзқарастар дегенді білдіреді. Ұжымдық басқару контекстінде термин сөз бірлескен басқару ұстанымдарын акционерлік қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің, жетекшілерінің, қызметкерлерінің жол ұстаушылығын білдіреді, олар акционерлер құқықтарын және олардың мүдделерін сақтау ұстанымдары болып табылады. Жолын ұстаушылық – бұл ішкі наным, ішкі құндылықтар жүйесі. Ол өздігінен пайда болмайды, оны бұйрықтармен немесе жарлықтармен дағдыландыруға болмайды. Жолын ұстаушылық дәйектілікпен құндылық жүйесінің құралдарын қалыптастыруда және дамытуда, яғни бірлескен мәдениетте көрінеді.

Осылайша, акционерлер ұжымдық мәдениетті қалыптастырған жөн, ал директорлар және басқарушылар бірлескен мәдениетті қалыптастыруға міндетті. Сонымен бірге директорлар және басқарушылардың өздері белгілі бірлескен мәдениеттің тасымалдаушылары болу керек, ол акционерлердің мүдделері есебіне келтірілу керек және директорлар мен басшылар осы мәдениетті өздерінің қол астындағы бағыныштыларына көрсету керек. Осы жағдайда қосымша акционерлердің мүдделері сақталатын кепіл пайда болады.

Енді мәдениет (құндылықтар жүйесі) қалай жұмыс жасайтынын және оның көмегімен жетекшілердің және қызметкерлердің өндірістік мінез – құлығын қалай басқаруға болатынын қарастырып өтейік. Ол үшін ұйымдастырушылық мәдениетінің элементтерін анықтап алайық. Сонымен бірге А.И. Пригожин сәйкес бізді тек менеджмент және мекемеде қызметкердің мінез – құлығын өзгертетін элементтер ғана қызықтырады.⁶

Ұжымдық мәдениет теорияларының бірі – мәдениеттің жоғары және төменгі деңгейлерінің элементтері бар деп айтады.⁷ Егер автормен ұсынылған элемент теорияларын біршама толықтырса, онда келесілер алынады.

Жоғары деңгей элементтеріне келесілер жатады:

- мекеме тапсырмасы;
- мекеменің негізгі құндылықтары;
- фирмалық белгілері (мекеменің атауы, жалауы, логотип, фирмалық белгісі, таным белгісі, тауарлық маркалары және т.б.);
- буын сөздер және ұрандар, әнұран;
- компанияның мақсаттары мен тапсырмалары;

Төменгі деңгей элементтеріне келесілер жатады:

- имандылық (әдеп), қағидалар;
- салттар, әдеп – ғұрыптар және машықтар;
- тіл;
- аңыздар, тарих, батырлар;
- өнер;
- материалдық пішіндер және т.б..

Жоғары деңгей элементтері

Жоғары деңгей элементтері мекеменің сыртқы аудиториясына бағытталған сияқты, олардың көмегімен қызығушылық танытқан тұлғаларда (осы жерге потенциалды қаржы салушыларды және клиенттерді және келешекте жұмысқа тұратын тұлғаларды жатқызуға болады) мекеме туралы пікір қалыптасады. Алайда оларға анағұрлым көбірек назар аударайық. Осы элементтер басшыларға және қызметкерлерге қалай әсер ететінін қарастырайық.

Тапсырмадан бастайық.

Тапсырма — қоғамда мекеменің өзіне жүктейтін рөлі (немесе жеке тұлға өз алдына қойатын тапсырма).⁸

Кең қолданыс жағдайында тапсырма философия фактісін анықтау және мекеменің өмір сүру мәні ретінде қарастырылады.⁹

Тапсырма – бұл мекеменің өмір сүру себебі.¹⁰

Тапсырма «...«Тұтынушыларға фирма қандай пайда әкеледі? - деген сұраққа жауапты болжайды»¹¹

Осылайша, тапсырма – мекеменің әлеуметтік белгіленуі туралы, оның өмір сүру мәні туралы тұжырымдама». Егер осы анықтаманы мәңгілік - өмірдің мәні туралы сұрақпен салыстырсақ, онда тапсырма – бұл мекеменің өмірлік мәнінің тұжырымдамасы. Тапсырма қызметкерлерді нарықтық өзара қатынастан әлеуметтік қатынасқа алып келеді.¹² Сонымен бірге психологтардың бақылаулары мен сараптамалары нарық қатынастарына қарағанда әлеуметтік қатынаста адамдар қандай да бір тапсырмаларды жақсы және жауапкершілікпен орындауға дайын екендігін көрсетеді. Яғни, өз еңбегі нәтижелеріне және мекеме жұмысының нәтижелеріне ішкі әлеуметтік жауапкершілік пайда болады.

Жетекшілер жиі тапсырма мен мақсаттарды жиі шатастырады. Олардың арасында айырмашылық бар. Егер тапсырма - өмір сүру мәні болса, онда ол өлшеусіз және қол жеткізу уақыты бойынша белгілеусіз. Ол «Мекеме не үшін өмір сүреді? Мекеме әлеуметке қандай игілік ұсынады?» деген сұрақтарға жауап береді.

Мақсаттар анықтау бойынша өлшемге ие және уақыт бойынша анықталған. Мақсаттар келесі сұрақтарға жауап береді: «Мекеме өзі үшін не алғысы келеді?».

Ол (тапсырма) қалай жұмыс жасайды? Барлығы жеткілікті қарапайым. Адамдардың көбісі (соның ішінде жетекшілер және қызметкерлер) өз өмірінің мәні туралы ойлайды, біреулері жиі ойлайды, біреулері сирек ойлайды. Және сол өмірдің мәнін таппайды. Өмір мәнінің болмауы белгілі бір рухани жайсыздық тудырады, өмірдің сапасын төмендетеді. Өз өмірінің мәнсіздігіне ешкім сенбейді және сенгісі келмейді, әркім жұмысқа және жалпы өмірге мән бергісі келеді. Акционерлер осындай тіршілік ету мәнін – тапсырманы ұсына алады. Тек қана ұсына қоймайды, сонымен бірге оны насихаттауды ұсынады. **Жалпы әлеуметтің мүддесіне әрекет ету, міне осы басшылар мен қызметкерлердің тіршілік ету мәні.**¹⁸ Егер тапсырма жақсы қалыптастырылған болса, егер компанияға да және басшылыққа да, және қызметкерлерге де жарасса онда олар енді мекеме

тапсырмасын жеке өзінікі сияқты қабылдайды және орындайды. Олардың өмірі мәнге толды. Тапсырма мінез – құлыққа әсер ете бастайды. Ал бұл мекемелерге тапсырмаларды құру, дамыту және насихаттау керек екендігін білдіреді.

Үлкен өкінішке орай тапсырманың маңыздылығын қазақстандық компаниялардың акционерлері, директорлары және басшылары әлсіз түсінеді. Дәл осыған байланысты қазақстандық мекемелерде тапсырмалар көбінесе жоқ болады. Көп жағдайларда тапсырма дағды ретінде қалыптасады, себебі мұны стратегиялық менеджмент теориясы талап етеді немесе ол туралы клиенттер, жеткізушілер және т.б. сұрай бастайды. Бірақ қызметкерлер шешіміне және мінез – құлығына тапсырманың мазмұнын және ықпал етуін түсінбей басшылық оны насихаттамайды. Тапсырма жиі жұмыс жасамайтын немқұрайлы декларация ретінде қалады. Мүлдем басқа көріністі Қазақстан аумағындағы шетел бизнестерінің бөлімшелерінде көруге болады. Онда мекеме тапсырмасы жиі насихатталады және басшылық пен қызметкерлердің құндылық жүйесі үшін қалыптастыру негізі ретінде әрекетті құрал болып табылады.

Келесі элемент – мекеменің негізгі **құндылықтары**. Мұндай құндылықтар көп бола алмайды. Олардың сан мөлшері адам қиналмай есте сақтай алатындай мөлшерде болу керек. Қарсы жағдайда бұл құндылықтар жұмыс жасамайды. Және тағы да бұл тапсырма акционерлер мен директорлардың мойнында, олар акционерлердің мүдделерін молырақ қорғау үшін және сонымен бірге мекеменің тиімді жұмысын қамтамасыз ететін қандай құндылықтар мекемеге енгізілу керек екендігін анықтайды. Және сөзсіз мекеменің ең басты құндылығы **клиент** болып табылады. Клиент мекемеге ақша түрінде әл – ауқат алып келеді.

Алайда тағы да, шетел компанияларымен салыстырғанда қазақстандық компанияларда мекеме құндылығын дағдыландыру және насихаттауға аз көңіл бөлінеді. Бұл келесі жағдайға алып келеді; басқару ұстанымдары жоқ күрделі шешімдерді қабылдағанда басшылық және қызметкерлер мекемеде апатты қалыптасқан құндылықтарға немесе жеке құндылықтарға беттейді. Егер менеджмент және қызметкерлерді басқару бойынша шетел оқулықтарында бизнес – мекеменің негізгі тапсырмасы иегерлердің әл – ауқатының өсуі болып табылады деген тұжырымдаманы оқу мүмкін болса,¹⁹ онда қазақстандық жалданбалы жетекшіге немесе қызметкерге қалдық социалистік ойлау құдіретіне ондайды айту өте қорқынышты. Бұл құндылықты қызметкерлер құндылық жүйесіне өте ұзақ уақыт енгізу қажет болады. Мүмкін «қырық жыл»²⁰. Бірақ оны қазірден бастау керек. Егер жетекшілер мен қызметкерлердің шешімдері акционерлердің әл – ауқатын өсіруге бағытталмаған болса, онда акционерлер үшін өзінің меншігін жоғалтып алу қауіптері ұлғаяды.

Құндылықтар артынан мекеменің ресми **белгілері** жүреді: аталуы, жалауы, логотип, танымбелгісі, тауарлық маркалары. Бірақ белгілер бір нәрсені білдіруі керек. Бұл мағыналар акционерлермен және директорлармен анықталған

¹ Әрине өзге де мүдделі тұлғалар бар – клиенттер, жеткізушілер, серіктестер және т.б. .

¹⁹ Shareholder welfare (ағыл.)

²⁰ Моисеймен ұқсас, ол 40 жыл бойы еврейлерді сахара бойынша өз артында жүргізіп, құлдық не екенін білмейтін ұрпақ ауысып, өсіп шығатынын күткен.

құндылықтарды білдіреді. Құндылықтарды белгілермен байланыстыру үшін белгілеу процедуралары қажет, яғни үнемі жетекшілерге және қызметкерлерге қай белгі не білдіретінін, қай құндылықты көрсететінін түсіндіру және естеріне салу. Қызметкер белгімен әр кезде бетпе-бет кезіккенде оның мағынасын еске түсіретін болады. Белгілер нанымдарды қалыптастыра бастайды.

Мысал келтірейік. Қазақстанның Ұлттық Банкінің Зейнет қорының фирмалық белгісінде басшылық тапсырысы бойынша дизайнер жартылай езу тартып тұрған тұлғаны орналастырған. Мұндағы негізгі мақсат – қордың өз клиенттерін бағалайтындығын, оларды жақсы көретіндігін көпшілікке түсіндіру. Менің өзім осы қорда жұмыс жасаған кезде осы идея және осы құндылық қызметкерлердің барлығына түсіндірілетін. Қазір жағдайдың қалай екендігі маған белгісіз. Бірақ сол уақытта бұл белгі «жұмыс жасады».

Алайда белгілердің идеологиялық мазмұны қазақстандық мекемелердің егер де барлығында демесек көпшілігінде анықталмаған және олар насихатталмайды. Шамамен алғанда тыңдаушылардың 90 пайызы фирмалық белгінің нені насихаттайтынын білмейді. Бұл сауалнама нәтижесі. Ал менің тыңдаушыларым көбіне жетекшілер және меншік иелері.

Буын сөздер, ұрандар, әнұран – бұл да белгілер, бірақ графикалық емес, ауызша айтылатын сөздер. Және олар да дәл алдыңғылары сияқты жұмыс жасайды. Бірақ тағы бір қосымша ерекшелік бар. Адамдардың өз еркімен айтатын сөздері олардың нанымдарына оңай айналады. Қандай да бір қызмет орнын лауазымды иелену, ант ету, серт беру мазмұны осылардан құралады.

Әнұран – бұл компанияның мақтанышы. Эмоциялық көтеріңкі көңіл-күй сәттерінде әнұранды шырқап, өз компанияңыздың деңгейінің маңыздылығына сенесіз.

Үлкен өкінішке орай, бұл жағдайда да қазақстандық компаниялардың жетекшілері мен басқарушылары осы құралдарға мән бермейді. Бірақ бұл бағытта талап деңгейінен көрінушілер де бар. Мәселен, маған «Қазақтелеком» АҚ, «Каспий Банкі» АҚ әнұрандары өте ұнайды.

Төменгі деңгей элементтері де жақсы жұмыс жасайды

Мінез-құлық ережелері, адамгершілік, имандылық (әдеп). Ең алдымен анықтамалардан бастайық. «Имандылық – адамның қоғамда әрекет етуінің мөлшерлі, негізгі әдіс-амалдарының бірі ... Адамгершілік сол немесе адамның барлық қоғамдық өмірде, еңбекте, тұрмыста мінез-құлқын және санасын реттейді...»¹³.

«Әдеп – ... ғылым, оның зерттеу объектісі имандылық болып табылады»¹⁴.

«Мінез-құлық ережелері – 2) Белгілі бір әлеуметтік ортада қабылданған ереже, көзқарас; қоғамда адамдардың мінез-құлық ережесі...»¹⁵

Бұл орайда: «Неліктен анықтамалар Үлкен кеңестік энциклопедиядан алынған, біз капитализм құрып жатырмыз ғой», деген сауалдар да туындауы мүмкін. Істің мән-жайы, бұл анықтамалар буржуазиялық философиядағыдай коммунисттік философияда да бірдей екендігінде.

Сонымен қатар, адамның қоғамдағы мінез-құлығы бірлескен деңгейде талқылауларда басты мәселе ретінде қаралатындығында. Егер, біздер, өз кәсіпорындарымыздағы қызметкерлердің әсіресе тәртібіне, сондай-ақ ұжымдық адамгершілік нормаларына назар аударсақ, олардың біздер өмір сүріп отырған қоғамдағы орта топтан бірқатар айырмашылықтары бар екендігін анықтаймыз. Және де тәртіп, оның ішінде еңбек тәртібі бір кәсіпорынның жетекшілері мен қызметкерлерінің тәртібі ерекшеліктерінің бәсекелес қызметкерлер тәртібінен айырмашылығы бар. Осы өзіндік ерекшеліктердің өзі мекемедегі адамгершілік қасиеттің бірегей көрінісі болып табылады. Және де мұның өзі, яғни еңбек тәртібі, мінез-құлық ақыр соңында мекеме жұмысының нәтижелеріне ықпал етеді. Сонымен бірге ұжымдағы адамгершілік қасиеттер кәсіпорын жетекшілері және/немесе меншік иегерлерінің өнегесімен қалыптастырылады.

Біздің мекемелерімізде жетекшілер екі мінез-құлық стандарттарын (сонымен қатар имандылық және өзге де адамгершілік қасиеттер) енгізумен айналысуда. Бір стандарттар ұжым ішінде өзара қатынас үшін, екіншілері – акционерлермен және сыртқы клиенттермен өзара қатынас құру үшін, ал үшіншілері – жеке өздері үшін өмір сүруде. Алайда қызметкерлер – бір бүтін тұтас тұлғалар және олар тек бір ғана стандартты таңдайды¹⁶. Яғни, егер ұжым ішінде ішкі қатынастар қалыптаспаған болса, онда акционерлермен жұмыс деңгейінде тәртіп те болмайды. Біздің барлығымыз мекемеде бір-бірімізге клиенттерміз. Сондықтан ішкі клиентке қатысты мінез-құлық нормалары сыртқы клиенттерге сияқты болғаны жөн.²¹

Акционерлерге, директорлар кеңесіне, басшыларға ұжымда имандылықты құрастырумен айналысқан жөн. Әдетте бұл компанияның әдептілік кодексін құру жолымен іске асырылады.

Бірақ әдеп кодекстері қалай құрастырылады? Оларды құру үшін Интернет желісінен өзге мекемелердің кодекстерінің көшірмелері алынады, шағындап бейімделіп, бекітіледі. Мұндай кодекстер «жұмыс жасамайтын» немқұрайлы құжаттарға айналады, мекеме мәдениетін қалыптастырмайды, себебі оның осы нақты мекемеге ешқандай қатысы жоқ. Әдеп кодексі қызметкерлердің іс - әрекеті үшін басшылыққа айналу үшін, ол ұйымдастырушылық оқиғалар негізінде құрастырылуы керек. Яғни алдымен мекемеде де қандай да бір оқиға болып, содан соң оны ұжымда талқылау барысында мекеме құндылықтарына сәйкес оқиға қайталанған кезде қызметкерлер нені жасауға міндетті екендігі анықталады, тек осыдан кейін ғана осы шешім бекітіледі және кодекске енгізіледі. Осылайша, кодекс бұл бейстатикалық құжат. Ол оқиғалардың пайда болу шамасы бойынша дамиды.

Салттар – бұл іс - әрекеттің стандартты бірізділігі, олар жұмысты орындаумен тікелей байланысты емес, бірақ оларға жанама түрде қатынасы бар. Салттардың мысалына мамандық дәрежесін беру, зейнеткерлікке шығарып салу, компания жалауын көтеру және басқалар жатады. Ұрандар және әнұран секілді салттар нақты құндылықтарға және жағымды әсерлерге баулиды. Еңбек нәтижелері

²¹ Негізінен мекемеде кез келген функцияның немесе операцияның тапсырмасы – қанағаттанған ішкі немесе сыртқы клиент.

және салттар арасында байланыстың жақсы қойылуы жұмысты орындауда ынталылықты арттыра алады.

Қазақстандық компанияларда салттар жоралғылары пайда болуда. Бірақ барлық күрделілік – салттардың көбінесе аяқ-асты пайда болуынан және ұжымдық құндылықтарға байланыстырылмауынан. Ал мұның өзі қызметкерлердің тәртібі мен нанымдарына қажетті ықпал етпейтінін білдіреді.

Әдеттер және дәстүрлер – еңбек нәтижелеріне жағымды немесе жағымсыз түрде ықпал ете алатын, анықталған және стандарттық ірі және шағын әрекеттер жүйелілігінің қозғалыстағы стереотиптері. Жағымды әдеттер мен дәстүрлерді қалыптастыру өндірістің өсуіне жол ашады.

Мәселен, жұмыс басталар алдында 10 минутқа ерте келу әдеті немесе жұмысшылар әулетінің дәстүрі. Мекеме мәдениетінде әдеттер немесе дәстүрлер бекітілгеннен кейін, қызметкерлер осы бағыттағы іс әрекеттерді дағдылы түрде ойланбай орындайтын болады. Осылайша, жағымды әдеттер мен дәстүрлерді ойлап табу керек және оны қолдау керек. Ал жағымсыз әдеттерді реттеу қажет, тек оны бұйрықпен ғана орындатуға болмайды.

Қазақстандық мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс орнының реттілігі, кесте бойынша шәй немесе кофе ішуге техникалық үзілістер және т.б. сияқты сирек те болса қалыптасқан әдеттерді кездестіруге болады. Тек бір жағдайда ғана басшылықтың жағымсыз әдетпен, яғни жұмыс аралығында шылым шегумен айналысқандарын да көрдім. Көптеген қазақстандық мекемелерде қалыптасқан өнегелі, үлгілі әдеттер де аз емес шығар.

Ал енді **дәстүрге** келетін болсақ, онда олар мекеме құндылығының жүйелеріне тығыз байланысты болуы тиіс. Егер компания қызметкерлерді өз құндылығы деп жарияласа, онда ол осы құндылықты қандай дәстүрлермен қолдап отырмақ. Мәселен, бұрын бұл жұмысшылар әулетін құру және нығайту дәстүрлерімен қолданылатын. Қазірде бұл сирек кездеседі.

Тіл – басқарудың жалғыз құралы болып табылады және өзге жағдайлар үшін бірқатар көптеген ақпарат береді. Жалпы ауызбірліктің болмауы түсінбеушілікке, өзара қарым-қатынастың нашарлауына және тиімділіктің төмендеуіне, бір сөзбен айтқанда «Вавилондық ығы-жығылыққа» алып келеді. КСРО аумағында онжылдықтар бойы бизнестің болмауы біздердегі іскерлік тілінің қазіргі уақытта көбінесе ағылшын тілінің термин сөздеріне негізделуіне алып келгенін айта кеткен жөн. Және сонымен бірге қызметкерлер көбінесе осы термин сөздердің мән-мағынасын түсінбейді, мұның өзі өзара түсінушілікті одан әрі күрделендіруде. Қазір «менеджерлер» өте көбеюде, бара-бара әрбір кондуктордың автобус менеджеріне айналатын да түрі бар. Ал, менеджер – өзгелерді басқаратын адам, ол кәсіби қызметке қарағанда басқару қызметімен көбірек айналысады. Мысалы бригадирді менеджер деп атауға болмайды, себебі ол өзгеше кәсіби жұмыспен айналысады.

Бұл орайда өзге, анағұрлым күрделі термин сөздер туралы айтпай-ақ қояйын. Мәселен, семинарларым және тренингтерімнің жүздеген тыңдаушылары арасында «маркетинг» деген сұраққа болар болмастай жиырмаға жетер-жетпес адам ғана жөнді жауап берді. Термин сөздері кеңнен қолданылады, бірақ егер де термин

сөздерді біздер әр түрлі деңгейде түсінсек, онда біздердің жұмысымызда өзара жақсы түсіністік және өзара қарым-қатынастар болуының мүмкіндігі қандай?

Өзара түсіністіктің табылуы үшін ұжымдық глоссарий құру керек. Ол қызметкерлерді оқыту арқылы жүзеге асырылады, ең ұтымдысы – олардың мұғалімдерден білім алғаны жөн, әйтпесе қызметкерлер әр түрлі топтарда терминдерді әр түрлі түсіндірілуінің қалыптастыру қаупі де бар. Компанияның нормативті құжаттары да жарайды, онда мәтінге енген терминдердің сөздіктері (анықтамалары) бар. Осындай құжаттардың жақсы мысалы, үлгісі – заңдар болып табылады. Кеңестер кезінде, әр түрлі талқылау сәттерінде терминдердің жалпы мағынасын қалыптастыруға да болады. «Осы термин арқылы сіз нені айтқыңыз келді?» - деген сұрақты жиі қоятын болса, сонда әр түрлі адамдардың терминдердің мағынасын түсінуінде қаншалықты алшақтық болатынына таң қаласыз.

Аңыздар – бұл ойдан шығарылған әңгімелер. Олар көбінесе «қалай» өмір сүрудің үлгісі болып есептеледі. Әдетте аңыздар – ертегілер болып табылады және сәбидің ойлау қабілеті, тәжірибесі жеткіліксіз кезеңінде осы ертегілер құндылықтары қалыптастырылады. Құндылықтарды сондай-ақ ең жақын, ең қымбат адамдар – ата-аналар, әжелер мен аталар да қалыптастырады.

Компания басшылығына қызметкерлерге компанияға тиімді стереотиптер мен құндылықтарды беретін аңыздарды құру немесе таңдап алудың маңыздылығы зор. Олар осы аңыздарды насихаттауы да керек. Мұндай аңыздар «еңбек жетістіктері» туралы немесе кәсіпорында жұмыс жасамаған белгілі және белгісіз қаһармандар тарихы туралы әңгімелерден құралуы да мүмкін. Мысалы, жас басшыларды тәрбиелеу үшін әлемнің әйгілі менеджерлері Деминг немесе Якокка туралы әңгімелер жарайды.

Дегенмен, менің ойымша, қазақстандық кәсіпорындар, осы құрал туралы мүлдем ойланбайтын тәрізді. Бірақ «HR форумы» бағдарламасында, 2009 жылғы сәуір айында Алматы қаласында өткен, корпоративті аңыздар мен аңыз әңгімелерді құрастыру бойынша мастер-классты көрдім. Бастамаға жол салынды.

Компания тарихы – бұл да басқару құралы. «Тарих оқытады!». Ел игілігі жолында қажырлылықпен еңбек еткен ата-бабалардың ұлағаты кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге болатындығы сөзсіз. Сонымен қатар ұжымдағы жас мамандарға «осындай ізгі іс-шараларды бізге ата-бабаларымыз мұра ретінде қалдырды» десек және нені қалдырғанын нақты көрсетсек, онда орындау бағытындағы ұмтылыстың жоғары деңгейдегі болатындығы айдай ақиқат.

Қажеттілікке орай қызметкерлердің назарын компания тарихындағы әртүрлі құндылықтарға аударып түрлі деректерді атап көрсетуге болады. Басқаша айтқанда, өз мекемеңіздің тарихын көздің қарашығындай сақтап және оған ұқыптылықпен қарау қажеттігі есте болған жөн. Бұл бұрын да қолға алынған және мұның өзі қазіргі кезде де Қазақстанның кәсіпорындарында қалпына келу үстінде. Корпоративті мұражайлар пайда болуда, олар бүгінгі күн талабына орай жаңару және даму үстінде. Бұл өте ғажайып іс, ол құндылықтар жүйесіне, ұжымның көңіл-күйіне тікелей ықпал ету арқылы өндіріс қарқынын да арттырады.

Көптеген кәсіпорындарда өнеге үрдістері бар. Ата-аналары жұмыс жасайтын орынмен танысуға келген балалардың корпоративті мұражайда ата-аналарының

еңбек өнімділігін бейнелейтін суреттерді, плакаттарды, хабарламаларды тамашалағанын көрдім. Цех қабырғаларында зауыттың қашан ұйымдастырылғандығы туралы жазылған хабарламалар және бүгінгі күн мен өндірістің ұйымдастырылу кезеңі арасындағы уақыттың жүз жылдан асуы көптеген адамдардың жүрегіне мақтаныш ұялататындығы айқын.

Батырлар – компания тарихының, соның ішінде оның жаңа тарихының бір бөлшегі. Батырлар – туған халқы қадірлеп, жас ұрпақ болса оларға еліктеп, оларды мақтаныш тұтатын өнегелі тұлғалар. Батырлар өнегесі негізінен алғанда кәсіпорынның игілігіне арналған әлеуметтік ерліктердің мысалы болады. Кәсіпорын жетекшілерінің материалдық және материалдық емес мәселелерде назарын аудару үшін және жұмыста әрбір қызметкер өзін талап деңгейінде көрсету үшін және жақсы жұмыс жасау үшін батырларды қалыптастырған жөн.

Әрине, мекеменің негізгі бизнес процестері бойынша батырлардың бірнешеуін құрастыру керек. Мәселен, Стаханов және Ангелина өз уақытында еңбек өнімділігінің арттыру жолында жан аямай еңбек етті.

Бірақ қазақстандық кәсіпорындардың меншік иелерінде және жетекшілерінде батырларды қалыптастыру қатынасы бойынша жеткілікті үлкен скептицизм бар екенін жасырудың қажеті жоқ. Олардың есептеуінше, егер біреу мекеме үшін ерекше бір нәрсе жасаса, онда ол адамға қаржылай сыйақы ғана беріп және ол туралы көп айтпау керек деп ойлайды. Сонымен қатар олар «батырларға» еліктеу әсерінен айырылады.

Өнер де құндылықтарды құрайды. Кеубіреулерде өнердің өндіріспен арақатынасын қалай салыстыруға болады деген сауал туындауы да мүмкін. Бұл өте оңай, өзім серіктес болып қызмет істеп жүрген ірі екі кәсіпорынның ғимаратының ішінде, қабырғаларында қызметкерлердің балалары салған суреттер ілініп тұр. Сонда бұл суреттер не туралы деп ойлайсыз? Әрине, балалар әке-шешесінің жұмыстағы бейнелерін суреттеген. Сонымен қатар, қызметкерлердің қатысуымен өткен әртүрлі жиындар мен кештер, КВН – осының барлығы өнер элементтері, ал негізгі тақырып – әдеттегі жұмыс.

Қызметкерлердің құндылық жүйесіне және олардың еңбек өнімділігіне тікелей ықпал ететін мәдениеттің өзге де элементтері бұл тарауда келтірілмеген. Менеджерлер мен қызметкерлердің еңбек тәртібіне тиімді жетекшілік жасау үшін – жарияланған құндылықтар, ойлау сипаттары, материалдық қалыптар және т.б. – яғни жазылмаған жәйттер жөнінде ойланудың маңызы зор.

Құндылықтар жүйесінің, компаниядағы жұмыс тиімділігінің, имандылықтың бұзылуы, ең соңында меншік иелірінің игілігіне кері ықпал ететіндігі туралы бірнеше мысал келтіргім келеді.

Адамгершілік және ұжым

Әңгіме өз тәжірибемдегі алғашқы жағдайдан бастағым келіп отыр, сол кезде Павлодар қаласындағы кішігірім кәсіпорынның иегеріне кеңес бергенмін. Бұл іс 2001 жылы психологиялық онкүндік уақытында болды, сабақ арасындағы үзілісте маған бір әйел келіп, өзін таныстырғаннан кейін менен кеңес сұрады. Ондағы күрделілік ұжымдағы ұрлықтың жоғары деңгейіне байланыстылығында екен.

Осыған орай менің оған алғашқы сұрағым мекемедегі кадр қызметінің бар, жоқтығы туралы болды. Кәсіпорында кадр қызметі жұмыс істейтіндігіне көз жеткізілді. Дегенмен, менің олар қандай қызметпен айналысады деген сауалыма – «Саясатпен» деген жауап мені таңқалдырды. Бір есептен кәсіпорындағы кадр қызметінің осындай деңгейге жетіп ішкі саясатпен айналысуы шын мәнісінде де таңғаларлық еді. Алайда, «саясат» деген сөздің түкпірінде әйелдің «саясат арқылы біз оларды «қорқытып-үркітеміз» деген жауабы көпшілікті алаңдатандығы сөзсіз. Әрине мұндай жауаптан кейін ұжымдағы ұрлықтың өріс салуы түсінікті де болды. Олар мысалға алғанда жаздың кезінде қыстың азығын жинайтын аңдар сияқты қадамға барған. Осы жағдайды маған сауал қойған әйелге түсіндіру үшін бір сағаттай уақыт кетті, менің ойымша, ол жағдайды түсінгендей де болды.

Тағы да бір мысал. Бұл негізінен қазақстандық кәсіпорындарда қолданылатын еңбекақы және сыйақы жүйелеріне қатысты мәселе. Ең алдымен еңбекақыларынан бастайық. Жұмыс берушілер еңбек келісім шарттарын құрастыруда қулыққа жиі баратындығы жасырын емес, соның нәтижесінде жұмыс берушілер жаза ретінде еңбек ақының көлемін кішірейту яғни азайту мүмкіндіктеріне ие болады. Ашығын айтқанда, мұның өзі жасырын айыппұл жүйесі. Бірақ ҚР «Еңбек туралы» кодексінде айыппұлға тыйым салынған. Мұнда тек қана адамгершіліктің, имандылықтың қағидалары бұзылуы ғана емес, сонымен бірге Заң талаптарының да орындалмайтындығын көруге болады және де қызметкерлер бұл туралы біледі. Дегенмен, олардың оған қарсы тұру мүмкіндіктері жоқ. Жұмыс орнын ауыстыра алмағандықтан, осы жүйемен келісіп, сонымен бірге өздерін жағдайдың құлы ретінде сезінеді. Дегенмен, құл иеленушілік жүйенің дәл осындай ынталандыру шараларының тиімсіз болуынан жойылғандығы белгілі. Егер жұмыс берушілер осындай жүйе кедергіге кездестірмейді және еңбек өнімділігін төмендетпейді деп ойласа, онда олар қателеседі. Оған тарихи мысалдар өте көп. Егер де оған айқын кедергі болмаса да, ынтасы жоқ ұжымның бар екендігі сөзсіз. Ақы төлеудің осындай жүйесі бар мекемелерде жұмыс жасап және кеңес беруші ретінде осы жүйелермен кезіктім. Мекеме үшін шығындардан басқа олардан маңызды еш нәрсе де таппадым. Ал шығынға ұшыраушылық қызметкер «айыппұл» әділетсіздігін ұғынып, оның орнын толтыруға ұмтылуынан пайда болады. Сонымен бірге қызметкер оны көптеген тәсілдермен жасауы мүмкін (ұрлық, өсек тарату, іріткі салу, ынталылықтың болмауы, жұмысқа қызығушылықтың және еңбек өнімділігінің төмендеуі) және т.б. іске асыра алады.

Сыйақы беру жүйесіне келетін болсақ, мұның өзі көптеген мекемелерде қызметкерлер үшін әлбетте анық болмайтындығы белгілі. Мекемеде ненің бағаланатынын, не үшін және қандай мөлшерде сыйақы төленетінін олардың көпшілігі мүлдем білмейді. Сондықтан, кім, қанша және неліктен сыйақы алғаны туралы көптеген әңгімелер туындайды. Сыйақы көбінесе еңбекті лайықты бағалау құралы емес, ол керісінше қателіктер үшін өтемақы құралы ретінде де болады.

Шымкент қаласында бөлшек сауда нүктелері директорларының бірі өзіне және өзінің қызметкерлеріне бөлінетін сыйақыны ай сайын өзі әрқайсысына бөліп үлестіретіндігін айтты. Сонымен бірге ол қателік жіберіп сол үшін жазаға тартылған қызметкерлерді толықтай немесе жарым-жартылай сыйақыдан айыру

және қалған сыйақыны қызметкерлер арасында қайта үлестірген. Командалық жұмысты бұзылуына, реніштер және қызғаныштарды тудырмауға, яғни, компания саясатын сақтау үшін директор сыйақыны әрқашан тең бөледі екен. Сонымен бірге қызметкерлердің пікірінше, ол өзінің сыйақы мөлшерін молайту үшін өзгелерді сыйақыдан айырады.

Басқа, бір жеткілікті ірі компанияда қызметкерлер ай сайын кесте бойынша осы кезекте кімді сыйақыдан айыратындығы алдын ала шешілетіндігін айтты, өйткені, басшылықтың пікірінше біреу міндетті түрде жазалануы тиіс.

Әр курсант міндетті түрде мадақталуы, не болмаса жазалануы тиіс. Әскери даналық.

Сыйақы беріліп жатқан кезде қызметкерлерге және жетекшілерге әрбір сыйақы алушы не үшін сыйақы алып жатқандығы туралы хабарлау қажеттігіне назар аударғаны жөн. Егер қызметкерлерде сыйақы берілудің әділеттігіне күмән пайда болса, онда ол қылықтың орнын толтыруға ұмтылады. Мен осындай ұмтылыстың екі мысалына куә болдым. Бір жағдайда тұрмыстық бөлмеде сыйақы алғандардың етігінің ішіне, киімінің қалталарына қышқыл қоспаларын құйса, ал екінші жағдайда сыйақы алғандар басшылыққа қайта келіп берілген бағалы сыйлықтарды қайтып алуын өтініп, оларға мұны ұжым кешірмейді деп түсіндірген. Сыйақы мен марапаттау фактісі және оның себептері туралы ұжымға айту керек. Мұның өзі қалай жұмыс жасау қажеттігі және оны не үшін алуға болатындығын анықтайтын негізгі өлшем.

Өтемақылар, көтермелелер, жаза жүйесі қызметкерлерге де, жетекшілерге де мекемеде нақты не бағаланатынын көрсетіп, мекеме құндылықтарының жүйесін қалыптастыратынын ұғынатын уақыт жетті.

Ұжымдағы адамгершілік қағидаларын жиі бұзудың тағы бір мысалы – бұл **қызметкерлерді аттестациялау**, бұл жағдайды біздің адамдардың көпшілігі жақсы біледі. Әрине қызметкерлерді олардың еңбек қабілетіне қарай бағалаған жөн, мұндағы мәселе мұндай іс-шараның қандай әдіспен атқарылатындығында. Кеңестік кезеңнен келе жатқан аттестациялаудың бұл моделі көптеген кәсіпорын жетекшілеріне жақсы таныс. Бірақ біз аттестациялауға қалай қарайтын едік, ұжымдарда оның төңірегінде қандай әңгімелер қозғалатын. Шындығы керек кеңестік аттестациялау көбінесе жазалаушы – тәртіпке салу сипатына ие болды, және қызметкерлердің мәңгіге болмаса да, ұзақ уақытқа рухын түсіруге ықпал етті. Алайда бүгін де жағдай өзгерді, ал үлгілер болса, одан әрі көбею үстінде. Міне, содан кейін қызметкерлерде қорқыныш пен күмән туындап, адамдар өз жұмысы және еңбек ақысы үшін қорқып үрейлене бастады. Біреулерде аттестациялау алдында жұмыс ауыстыру туралы ойлар пайда болып, біреулер «жедел» емделуге кетеді және т.б. Қызметкерлер де басшылар қазір өздеріне қажетсіздермен есеп айырысады деген сезім пайда болады. Оның өзі жиі болып тұратындығы сөзсіз, бұл жөнінде бірнеше мысал келтіргенбіз. Қорқыныш пен үрей келеңсіз жағдайларға, атап айтқанда, жұмысқа келмеуге, кешігуге, ауруға және жұмыстан шығуға итермелейді. Ұжымдағы мұндай сергелдеңнің қаншалдықты неге

соқтыратындығын жетекшілер шешуі тиіс. Бұдан келетін зиянды есептеу қиын, бірақ көзге елестетуге болады. Кейбіреулер мен аттестациялауға қарсы деп шешуі әбден мүмкін. Жоқ, мен аттестациялауды қолдаймын! Тек оларды жүргізудің өзге де тиімді модельдері мен үлгілері бар. Бірақ жетекшілер және кадр қызметкерлері бұл туралы жеткілікті деңгейде білмейді немесе білгісі келмейді. Ал, қызметкерлерді бағалаудың осындай үлгісінен мекеме мен акционерлерге тікелей нұқсан келмек.

Дегенмен, бұл бағытта жағымды да мысалдар да бар. Қазақстанның шығысында орналасқан ірі өндірістік кәсіпорынның бірінші жетекшісі және мажоритарлы акционері мекемеде ұзақ уақыт бойы тума туысқандардың көпшілігі жұмыс жасайтындығына менен коллективтің көзқарасы қандай болатындығы туралы сұрады. Егер жетекшілердің бірі – еншілестер, ал басқалары жалдамалылар болғанда мекемені қалай басқаруға болады? Бұл қызметкерлерді ынталандыруға қалай әсер етеді? Жалақысы тым жоғары емес туысқанының жаңа автокөлік сатып алуын өзегелерге қалай түсіндіруге болады?²² Кәсіпорын басшысының мәселені жете түсінгенін көргеніме өте риза болдым. Жетекші адамгершілік қағидаларын сақтаудың нәтижесі осы салада үздік мамандардың жұмыс жасайтындығы және өзінің мекемесіне бәсекелестерінен олардың ең жақсы мамандарын алып кетуге мүмкіндік беретіндігінде.

Бұл бағытта сондай-ақ жағымсыз жағдайлар да аз емес, мәселен, жетекшілердің әдепсіз қылығы қызметкерлердің мекемеден бәсекелестерге толық бөлімімен ауысуына соқтырған.

Адамгершілік және қызметкерлерді оқыту.

Мекеме ішінде әдептіліктің сақталмауы қызметкерлер оқуы мен дамуының нашарлауына ықпал етеді. Мұндай мысалдар көп, солардың үшеуіне тоқталайын.

Бірінші мысал. Бірде мені газ толтырылған баллондарды тасымалаумен айналысатын АҚ жүргізуші – экспедиторларын оқыту мүмкіндіктерін талқылау үшін шақырған-ды. Тапсырма жүргізушілерді тапсырыс берушілермен сөйлесуді үйрету болатын, олар жеке секторларда тұратын қарт адамдар еді. Бір қарағанда, тапсырма өте қарапайым сияқты, бірақ мен оқу басталмай тұрып сол жүргізушілермен кездесуді ұйымдастыруды өтіндім. Маған дербес бөлімшелердің біреуін ұсынды. Дербес бөлімше жетекшісімен кездесу уақыты туралы алдын-ала келісіп алдық. Дегенмен, межеленген уақытта екі рет келіп, оны орнынан таппадым және кездесуді басқа уақытқа ауыстыру туралы ол өтінген де жоқ, келтірілген қолайсыздық үшін кешірім де сұрамады. Бұл фирмада тренинг өткізуден бас тарттым, менің түсінігімше, егер де жетекшілердің өзі осындай қылық көрсетсе, онда жүргізушілерді оқытудың қажеті жоқ, бос нәрсе екенін түсіндім. Мінез-құлық үлгісі үнемі олардың көз алдында тұр емес пе?!

Қалған екі мысал екі ірі мұнай компаниялары бөлімшелерінде тренинг жүргізу тәжірибесінен алынды. Олардың біреуінде тренинг нақты түрде үзілді, екіншісінде – тренингті болдырмауға деген белсенді түрдегі әрекеттер жасалып, талаптар қойылды. Оның себебі қарапайым да, күрделі еді. Іс ашығын айтқанда, тамыр-

²² Мәшине оған сыйға берілген болатын.

таныстықтан ушықты. Бірінші жағдайда барлығы, ал екінші жағдайда қатысушылардың екеуі жоғарыдағы тамыр-таныстарына сүйенді. Сонымен, мұндай жағдай неге алып келеді? Егер лауазымға еңбек ақы немесе өзге де жетістіктерге осындай «жолмен» қол жеткізуге болатын болса, онда мұндай қызметкерлердің оқуының ешқандай мәні жоқ. Олар бір лауазымдық орынға қажетті уақыт отырып, ал содан соң ауысады (дұрысында оларды өзгесіне «ауыстырады»). Мұның өзі тым қорқыныштысы емес те шығар, өз бетімен жүрсе, жүре берсін. Дегенмен де, бұл күрделі мәселе. Мұндай адамдар өз мәртебесін өзгелерге өз еңбегімен алынғандай етіп көрсеткісі келеді. Сонымен бірге олар бұл үшін бір нәрсе жасауға құлықсыз. Ең оңайы өзгелердің дамуына қайткенде де мүмкіндік бермеу. Ал оқыту кезінде кәсіптік жағынан өзгелерден бәсеңдігін біліп, оқу процессін бұзуға, бірақ өзінің түрін сақтап қалуға бейім.

Жоғарыда сипатталған екі жағдайды осындай қызметкерлердің жетекшілерімен талдау – жетекшілердің мұны оларды басқаруға толық қабілетсіздігін көрсетті. Осындай ұстаныммен жинақталынған бөлімшелердің дамуы және сәтті болуы күмәнді, ал мұның өзі жалпы бизнестің тиімсіз болатындығын, акционерлердің барлығын жоғалтандығын көрсетеді. Тағайындауға қатысы жоқ миноритарлылар және өздерінің туысқандарын жұмысқа орналастыруға көмектескен мажоритарлылар да қиындыққа тап болады.

Адамгершілік және сыртқы клиент

Ең алдымен, «клиент» деген сөзге анықтама беру қажет. Осы жағдайда іскерлік қарым-қатынасқа қатысы бар кез-келген адамды немесе мекемені айтқым келіп отыр. Бұл бізге қызмет көрсететін мекеме және тұтынушы мен біздің жабдықтаушыларымыз да болуы мүмкін. Біз олармен тауарлармен, ақпаратпен немесе ақшамен және табыстармен айырбас жасаймыз, өйткені олардың барлығы дерлік біздің клиенттеріміз.

Клиенттермен қатынастағы әдеп мәселесі жөнінде мен алғаш рет Қазақстанның Ұлттық Банкінің Зейнетақы қорында жұмыс істеп жүрген кезімде кезіктім. Бізге өзге қорлардың қызметкерлері жұмыс іздестіру мәселесімен жиі хабарласатын. Бәсекелес қордың бір қызметкері оларда жұмыс жасау мүмкін еместігін айтып берді. Қор клиенттері өкілдіктерге бірден ұрысқа бейімделіп келетін көрінеді. Содан шу, ұрыс басталады, мұндай жағдайдың себебін түсіндіруді одан сұрағанымда, бәрі айдан айқын болды. Бұл қор салымшыларды тартудың орынсыз әдістерін пайдаланған. Кәсіпорындардың бірінші жетекшілері арқылы қызметкерлердің осы қорға өтуге, олардың құқықтарын бұзып мәжбүрлеген. Салымшылар осындай сәйкес көңіл күйде өз мәселелерімен өкілдіктерге келетін болған. Қорытынды қарапайым, қазіргі уақытта бұл қор жоқ, ол басқа қормен қосылып кетті. Осылайша біріккен екі қордың қызметкерімен сөйлесе тілдесіп мен келесі жағдайды білдім, біріккеннен кейін де жаңа құрылымда сол баяғы қатынас басымдылыққа ие болған.

Бір немесе екі аптадан көп уақыт өтпей қызметкерлер сатып алушыларға компания өз қызметкерлеріне қандай қатынаста болса, сондай қатынас құрады. Сэм Уолтон, Wal-Mart негізін қалаушы.

Бұдан басқа екі мысал да өте ұқсас. Жоғары технологиялық жабдықтарды бөлшек және көтерме бағамен сатумен айналысатын бір фирмада сату бойынша тренинг өткіздім. Екі топты екі күннен оқыттым. Бірақ сату техникаларында қызық тақырыптардың көп болуына қарамастан, топтағылар үнемі мені клиенттермен дауларды шешу туралы тақырыптарға тартатын. Жағдайларды талдау және қатысушылардан сауалнама алу-сату бөлімінде кез-келген бағамен сату нормасы қалыптасқан деген ойға алып келді. Сонымен бірге сатуды мақсат еткен сатушылар өнім сапасына қатысты жоғары сенімді қалыптастырады. Өнім жоғары технологиялық болғандықтан, ретке келтіру және жұмыс жасау қабілетін талап етеді, арнайы дайындығы жоқ, қарапайым клиенттер пайдаланғанда оның жұмысында істен шығып тұрып қалулар әдеттегі іс. Бірақ өте үлкен сенімдер қалыптастырылғандықтан, клиент бірден дау шығаруға дайын тұрады. Кейін осы компанияның өнімі туралы оның ірі тапсырыс берушілерінің пікірін сұрастырғанмын. Олардың барлығы оның сапасының өте төмен екендігін айтты. Алайда, ондағы сапа стандартты екеніне сенімдімін, тек клиенттердің оған деген үміті тым жоғары етіп қылаптастырылған. Сол жағдай туралы жетекшілерге ұсыныстар да жазғанмын.

Мен осы тренингтерді аяқтауды үлгермей жатқанда дәл осындай мәселемен Қарағанды қаласындағы бір мекеме иегері хабарласты. Айырмашылығы, бұл жағдайда қожайын мәселені түсінді.

Адамгершілік және инвесторлар

Қазақстан үшін, көптеген бірақ барлық қазақстандық акционерлік қоғамдар үшін емес, сыртқы және ішкі нарықта банктерден емес инвесторлардан капитал алудың маңыздылығы артуда. Акциялар мен облигациялар эмиссиясы болады, тек қана нарықта кімнің қағаздары сатып алынады? Инвестор салынған қаражаттың қорғалуын қалайды, сонымен қоса оның дивидендтер алып келуін немесе компанияның нарықтық құнының дамуына жол ашуын қалайды. Меншікті кімнің сақтай алатындығын және көбейте алатындығы туралы алдын-ала сенімді түрде айту мүмкін емес. Бірақ бұл жағдайда потенциалды инвесторлар өзге факторлар негізінде өз таңдауларын жасайды. Бүкіл әлемде мұндай факторлардың бірі әдеп нормалары мен ережелерін мекеме ішіндегідей акционерлерге, салымшыларға, сыртқы клиенттерге де қатысты сақтау болып есептелінеді. Әлемдік қаржы рыноктарында ірі займшылар әдеп пен адамгершілік қағидалары инвестиция тартудағы ең басты құрал екендігін бұрыннан ұғынған. Сондықтан да олар ішкі әдеп кодекстерін жасап және енгізуде. ТМД аумағындағы көптеген ірі несие алушылардан инвесторлар осыны талап ете бастады.

Мемлекеттік ірі монополист компанияның маркетинг бөлімінің бастығымен сөйлескенмін. Оның айтуынша, маркетинг және қоғаммен байланыс іс-

шараларының қажеттілігін басшылыққа түсіндіру өте қиын. Дегенмен, мемлекеттік АҚ-ға ерте ме немесе кеш пе инвестициялар қажет болатындығы сөзсіз. Егер де жауапкершілігі бар әлеуметтік және әдепті корпоративті азамат имиджі құрылысын қазірден бастамаса, онда олардың қағаздарын, облигацияларын кім сатып алмақ?

Адамгершілік және даму.

Менің ойымша, корпоративті мәдениет құрылысы, іскерлік әдептілік нормаларын сақтау корпоративті басқарудың өте маңызды құралы болып табылатындығын дәлелдеуге жоғарыда келтірілген мысалдар жеткілікті сияқты. Егер де жетекшілер, қызметкерлер, клиенттер, инвесторлар және өзге де мүдделі тұлғалар мекеменің жоспарларына, оның дамуына қолдау көрсетуін қаласақ, онда осы адамгершілік қағидаларын қалыптастырумен, мекеменің іскерлік мәдениетімен айналысқан жөн.

Мұндай маңызды мәселелермен кәсіпорындар, мекемелер көбірек айналысу үстінде. Корпоративті мәдениет құрылысындағы мәселе акционерлер мен директорлар кеңесі болып табылады, ал оған жетекшілер көмектеседі. Ұжымдық мәдениет жүйесін жұмысшылар қызметі қолдайды.

Корпоративті басқару кодексі және әдеп кодексі акционерлік қоғамдағы ұжымдық басқарудың мәдениет квинтэссенциясы болып табылады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Корпоративті мәдениет деген не?
2. Корпоративті мәдениеттің қандай элементтерін білесіз?
3. Мекеме тапсырмасы дегеніміз не? Оның мақсаттардан айырмашылығы неде?
4. Компания басшылығы мен қызметкерлеріне жоғарғы деңгейдегі мәдениет элементтерінің ықпал етуі қандай?
5. Сіздің оқу орныңызда төменгі деңгейдің қандай элементтері бар және олар қалай жұмыс жасайды?
6. Коллективте адамгершілік қағидаларының бұзылуы неге алып келеді?
7. Мекеме мәдениеті акционерлер және инвесторлар шешіміне қалай ықпал етеді?

¹Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

¹ Kroeber A., Kluckhohn C. Culture: a critical review of concepts and definitions //Cambridge, MA: Peabody Museum, 1952. Vol. 47, № 1, P 96-97

² Льюис Р. Халықаралық бизнестегі іскерлік мәдениет. Қақтығыстан өзара түсіністікке дейін: ағылшын тілінен аударылған – 2- басылым – М.: Дело, 2001. – 50 б.

³ Пригожин А.И. Мекеме дамуының әдістері. – М.: МЦФЭР, 2003. – 707 б.

⁴ Schawrtz H., Davis S. Matching corporate culture and Business Strategy // Organizational Dynamics, 1981. Vol.10. – P.33

⁵ Williams A., Dobson P., Walters M. Changing Culture: New Organizational Approaches. – London: Institute of Personnel Management, 1993. – P.18

⁶ Пригожин А.И. Мекеме дамуының әдістері. – М.: МЦФЭР, 2003. – 707 б.

⁷ Бизнесі ұйымдастыру және басқару: жетекші құралдары. – CD. – «Равновесие медиа» ЖШҚ, рәсімдеу, басылым, 2004, - «Диполь» Бірлестігі, жобалау, 2004

⁸ Википедия

⁹ <http://examen.od.ua/strateg/page57.html>

¹⁰ <http://examen.od.ua/shpora/mission.html>

¹¹ http://www.iteam.ru/publications/strategy/section_15/article_1636/

¹² <http://subscribe.ru/digest/business/marketing/n80374291.html>

¹³ Үлкен Кеңес Энциклопедиясы, т. 16, 559 -560 бет.

¹⁴ Үлкен Кеңес Энциклопедиясы, т. 30, 291 бет.

¹⁵ Үлкен Кеңес Энциклопедиясы, т. 18, 123 бет.

¹⁶ Индивидуум – бөлінбейтін (лат.)

12 тарау. Корпоративті басқару кодексі: тарихы мен тәжірибесі

Гаухар Жайлаубайқызы Көпбасарова
Қазақстандағы АҚШ Сауда министрлігінің Тиімді басқару
бағдарламасының сарапшысы (U.S. Department of Commerce
Good Governance Program)

Корпоративті басқару кодексін құруға ынталандыру. ЭСДМ корпоративті басқару ұстанымдары – кодекстерді жасауға арналған негіз

Жеке компанияда корпоративті басқарудың тиімділігіне толық сенімді болуға акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін заңнамалық-нормативтік актілер жеткілікті мөлшерде болмады, сондықтан, әсіресе 1990-шы жылдардың басында ұжымдық басқаруға жүйелі түрде келу өте маңызды мәселе болды. Инвесторларға компанияны корпоративтік, яғни ұжымдық басқару құрылымының жұмыс істеуі туралы толық және нақты ақпарат қажет болды, ол корпоративті басқарудың өз кодексін жетілдіруге жетеледі. Акционерлерге компанияның қызметі туралы ақпаратқа, қызметі мен жауапкершілік әрекетіне шектеу туралы толық ақпаратқа, сонымен бірге орындаушы және бақылаушы қызметін бөлу туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей ережелер мен рәсімдерін құжаттық тіркеп қою керек болды.

2009 жылдың басына ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында корпоративті басқару кодексі **«қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген қоғамды басқару барысында пайда болатын қарым-қатынастарды, сонымен бірге акционерлер мен қоғам ұйымдары арасындағы қатынас, қоғам ұйымдары, қоғам мен мүдделі тұлғалармен арасындағы қатынасты реттейтін құжат»** деп анықталады. Осы Заңның 4-бабына сәйкес, **көпшілік¹** компаниясының Жарғысымен бірлесіп басқарудың кодексі міндетті түрде болуын қарастыруы керек.

Ұжымдық басқару кодексін жетілдіруге дүние жүзіндегі болып жатқан жағдайлар, АҚШ, Ұлыбритания мен Канададағы ірі компаниялардың проблемалары түрткі болды. Кодекспен биржалар, корпорациялар, институтционалды инвесторлар, директорлар мен бірлескен менеджерлер қауымдастығы жұмыс жасады. Бірлесіп басқарудың алғашқы кодекстері – Ұлыбританиядағы Cadbury Report, АҚШ-ғы General Motors Board of Directors Guidelines және Канададағы Dey Report – басқа компанияларға үлгі болды¹.

¹ Заң бойынша ұжымдық басқару Кодексін қабылдау басқа қалған қоғамдарға ерікті болады.

Әр елдердегі ұжымдық басқару кодекстерінің құқықтық мәртебесінің бір-бірінен айырмашылығы болады және ол ұсыным сипатында да болуы мүмкін, сонымен бірге ақпаратты ашумен байланысты немесе қор биржасында листинг үшін міндетті шарт болатын талап жиынтығының бір бөлігі болып табылады. Алайда эмитентке осы жағдайда кодекске сәйкестік деңгейі туралы, сонымен қатар ұсыныс жасалған ережелердің орындалмау себебі туралы ашық хабарлау талабы ғана беріледі. Осындай жүйе акциялары Лондон және Торонто қор биржасында листингтен өткен компанияларға қатысты қызмет етеді. Бразилия мен Мексикада ұжымдық басқару кодексі толық ерікті түрде болады. Индия мен Таиландта олардың бар екендігін тіпті осы елдің биржасында корпоративті қағаздар листингісінің ережесіне қосылған да жоқ. Ал Малайзия, Гонконг мен ОАР-да ұжымдық басқару кодексінің маңызды тұстары міндетті түрде ашылатын талап құрамына жатады.²

Кодексте қарастырылатын сұрақтардың мақсаты, қамту көлемі мен нақтылау деңгейі бірлесіп басқару барысын реттейтін нормативті-құқықтық базаға байланысты өзгешеленуі мүмкін. Ұжымдық басқару органдарының шешімдер қабылдау мен дайындалу шаралары және жазылған ережелерінің нақты және жеткілікті түрде терең қамтылмауы акционерлер құқығының әдейі бұзылуына да, байқаусыз бұзылуына да мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, дүниежүзіне танымал негізгі «ЭСДМ корпоративті басқарудың принциптері» (әрі қарай- ЭСДМ принциптері) көптеген ұлттық кодекстерді жетілдіруде маңызды рөл атқарды, соның ішінде, қазақстандық КБ кодексінің алғашқы нұсқасы, осыған жеке тоқталып кетейік.

1998 жылғы 27-28 сәуіріндегі ЭСДМ мүше-елдер министрлерінің деңгейінде қабылданған шешім нәтижелері бойынша 2004 жылғы ЭСДМ принциптері редакциясы әзірленді. ЭСДМ Кеңесі өзінің мәжілісінде мекемені бірлесе басқару ұлттық үкіметпен және жеке сектормен, басқа да мүдделі халықаралық ұйымдармен ұжымдық басқару бойынша стандарттар жиынтығы мен жетекшіліктің нұсқауын әзірлеуге шақырды. Осы мәселені орындау үшін ЭСДМ ұжымдық басқаруға Арнайы топ құрылып, оған осы сұрақ бойынша мүше елдердің көзқарасын білдіретін орындалуы міндетті емес принциптерді әзірлеу тапсырылды. ЭСДМ принциптері 1999 жылы бекітілді де, ЭСДМ елдерінде де, ЭСДМ -ге мүше емес елдерде де бірлесіп басқарудың барлық бастамасына негіз болды. Сонымен қатар, қаржылық тұрақтылық Форумында қаржылық жүйесінің орнықтылығына негіз болатын он екі стандартының біреуі ретінде қабылданды.

ЭСДМ корпоративті басқару тұжырымдамасы төмендегі 4 негізгі принципке негізделеді:

1. Әділеттілік.

Ұжымдық басқару жүйесі акционерлер құқығын қорғауы керек және барлық акционерлерге, оның ішінде миноритарлы және шетел акционерлеріне бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз етуі тиіс.

Акционерлердің барлығы құқығы бұзылған жағдайда қорғаудың тиімді жақтарына рұқсаты болуы керек.

2. Жауапкершілік.

Бірлесіп басқару жүйесі қаржылық жағынан тұрақтылықты қамтамасыз ететін жұмыс орындары, жақсы тұрмысты құру мақсатында мүдделі тұлғалар мен акционерлік қоғамдар арасында белсенді қызмет етуге мүмкіндік жасауға және мүдделі тұлғалардың заңмен қарастырылған құқығын мойындауы керек.

3. Айқындық.

Ұжымдық басқару жүйесі акционерлерге қатысты барлық мәселелер бойынша, оның ішінде оның қаржылық жағдайы туралы, қызметінің нәтижесі, басқару мен меншіктік құрылымы туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуі керек.

4. Есеп берушілік.

Бірлесіп басқару жүйесі қоғамды стратегиялық басқару, директорлар кеңесі жағынан басқарушыларды тиімді түрде бақылау, сонымен қатар қоғам мен оның акционерлеріне директорлар кеңесінің есеп беруін қамтамасыз етуі тиіс.

ЭСДМ принциптері ЭСДМ -ге мүше елдер де, мүше емес елдердің де үкіметіне құқықтық, институтционалды және ол елдердегі бірлесіп басқару құрылымын реттеуді жетілдіру мен бағалауда, сонымен бірге қор биржаларына, инвесторларға, корпорацияларға және басқа бірлескіп басқаруды жетілдіруде белгілі бір рөл атқаратын тұлғаларға көмекке келді. Принциптер акциялары нарықта еркін айналымда жүрген компанияларға бағытталады. Алайда биржада бағаланбаған компанияда, мысалы, жеке және мемлекеттік кәсіпорындарда, бірлесіп басқаруды жетілдіру үшін тиімді аспап болуы да мүмкін.

Принциптер акциялары нарықта ерікті айналымда жүрген компанияларға бағытталған. Десе де, қолдануға болады деген өлшемде биржаларда бағаланбайтын компанияларда, мысалы, мемлекеттік кәсіпорын, ие жеке кәсіпорындарда бірлесе басқаруды жетілдіру үшін қолданысқа ыңғайлы деп табылған осы шамада да пайдалы құрал болып табылады. ЭСДМ -ге мүше елдер басқарудың тәжірибесін дамытуға қажетті деп тапқан ұстанымдары жалпы негізді көрсетеді. Ол халықаралық қауымдастық үшін қол жетімді, түсінікті, қысқа болуы керек. Олар басқару саласында «тиімді тәжірибені» мұқият әзірлеу бойынша жеке сектор шараларының орнын алмастыруға тиіс емес. 2002 жылы ЭСДМ ұстанымдарын кешенді бағалаудың бір бөлігі ретінде ол мемлекеттік органдар мен компаниялар үшін бірлесе басқаруды жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер тұрғысынан жоғарыдағы ұстанымның сай келуін дәлелдейтін зерттеу жасау туралы шешілді.

2002 жылы ЭСДМ принциптерінің кешенді бағалауының бір бөлігі ретінде бірлесіп басқаруды жетілдірудің компания үшін және мемлекеттік органдарға қажетті іс ретінде қарағанда принциптерге сәйкес келетінін құптады. Алайда зерттеулер көрсеткендей, бұл принциптерді арнайы іс-әрекеттердің өзіндік

жоспарына аудару көбіне қиындық туғызады, соған байланысты соңғы тәжірибеде көрсетілгендей, Принциптерді қайта қарастырудың қажеттілігін құраған бірнеше жаңа саяси мәселелер пайда болды.

Корпоративті басқарудағы Enron, Parmalat, WorldCom және басқа корпорациялардағы болған белгілі жанжалдан кейін, 1999 жылдың принциптер редакциясына өзгерістер енгізудің қажеттілігін көрсетті. Принциптердің қолда бар тармақтарын жетілдіру мен «Бірлесіп басқарудың тиімді жүйесіне негіз құру» I Тармағына қосымшалар түрінде 1999 жылдың базалық құжатына 2004 жылы өзгерістер енгізілді. Енді құжаттың құрылымы мынадай болып көрінеді:

ОЭСР (2004 ж.) корпоративті басқару принциптерінің мазмұны

Алғы сөз

Кіріспе

Бірінші бөлім. ЭСДМ бірлесіп басқарудың Принциптері.

I. Корпоративті басқарудың тиімді жүйесінің негізін құру (Ensuring the Basis for an Effective Corporate Governance Framework).

Корпоративті басқару жүйесі заңға қарсы болмау және әртүрлі қадағалаушы, реттеуші және құқық қорғау органдары арасындағы бөлінуді нақты анықтауға және заңдылық принциптеріне қарама-қайшылыққа келмеуге, нарықтың тиімді және айқын дамуына мүмкіндік туғызуы керек.

I. Акционерлердің құқықтары мен меншік иесінің негізгі (The Rights of Shareholders and Key Ownership Functions)

Ұжымдық басқару құрылымы акционерлердің құқығын қорғауға және олардың іске асуына мүмкіндік жасауы керек.

III. Акционерлер талаптарының теңдігі (The Equitable Treatment of Shareholders)

Бірлесіп басқару жүйесі барлық акционерлердің, оның ішінде миноритарлық акционерлер мен шетел акционерлерін қоса, талаптарының теңдігін қамтамасыз етуі керек. Барлық акционерлерге құқығы бұзылған жағдайда тиімді қорғау алу мүмкіндігі болуы керек.

IV. Мүдделі жақтардың бірлесіп басқарудағы рөлі (The Role of Stakeholders in Corporate Governance)

Бірлесіп басқару жүйесі заңмен немесе өзара келісіммен бекітілген мүдделі жақтардың құқығын мойындауы қажет, және корпорациялар мен мүдделі жақтардың материалдық құндылықтарды, жұмыс орындарын құру мен қаржылай орнықты кәсіпорындардың өмірге қабілеттілігін қолдаудағы белсенді ынтымақтастығын мадақтауы керек.

V. Ақпараттың ашылу мен айқындылық (Disclosure and Transparency)

Бірлесіп басқару құрылымы компанияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша, қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелері, компанияны басқару мен меншікті қосқанда, дәлелді ақпараттың дұрыс және уақытылы ашылуын қамтамасыз етуі керек.

VI. Директорлар кеңесінің міндеттері (The Responsibilities of the Board)

Бірлесіп басқару жүйесі компанияны стратегиялық басқарумен, директорлар кеңесінің жұмысына тиімді бақылау, сонымен қатар акционерлер мен компания алдында директорлар кеңесінің жауапкершілігін қамтамасыз етуі керек.

Екінші бөлім. ЭСДМ корпоративті басқарудың принциптеріне аннотация

Корпоративті басқару кодексі деген не?

Корпоративті басқаруға байланысты көптеген мәселелер заңдық түрде емес, заң шығарушы саладан басқа этикалық, ұйымдастырушылық түрде болады.

Корпоративті басқару кодексі – бірлескен қарым-қатынастардың тәртібін реттейтін және белгілейтін ішкі нормалар мен стандартты ерікті қабылдайтын жинақ.¹

Оның құрылымы бірлесіп басқару процесінің негізгі компонентін көрсетеді – акционерлердің құқығы, ақпаратты ашу, жалпы жиналысты дайындау мен жүргізу, директорлар кеңесінің қызметі мен қалыптасуы, менеджмент қызметін бақылау, компанияның ішкі құжаттары, ішкі бақылау механизмі, ішкі аудит, негізгі бірлесу жаңалықтарымен байланысты шешімдер (эмиссия, қосылу мен тарту, ірі сатып алулар, мүдделі келісім жасау және т.б.), негізгі мүдделі топтың рөлі (акционерлер, менеджерлер, кредиторлар, федералды және жергілікті биліктер, қызметкерлер құрамы және т.б.), бірлесіп басқаруға байланысты дауларды шешу.¹

Кодекстің мақсаты:

- акционерлердің барлық мүдделерін өздеріне тиісті акция пакеттерінің көлеміне қарамай қорғау;
- ішкі инвесторлардың кіру мүмкіндігін кеңейту;
- қоғамның әртүрлі қадағалаушы және реттеуші органдарымен тиімді қарым-қатынастарының бірыңғай формалды негізін құруға, сонымен бірге қадағалау мен реттеу жүйесін жетілдіруге алдын ала жағдай жасау;
- мыналар арқылы акционерлер мен қоғам сенімін нығайту:
 - қоғамның орындаушы органы мен директорлар кеңесі мәжілісінің, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімін толық жетілдіруге;
 - қоғам қызметінің «айқындығын» және олардың ішкі қаржылық бақылау жүйесін жақсарту;
 - қоғамды басқарудағы директорлар кеңесінің рөлін дамыту;
 - директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысына қоғамның орындаушы органдарының нақты есеп берушілігі;
 - қоғамдарда акционерлерге түсінікті үлесакы саясаты мен қоғамның даму стратегиясын белгілеу;

Корпоративті басқару кодексі мен бірлесіп басқару тәжірибесі, осы тәжірибені формалды баяндау ретінде, мынаны қамтамасыз етуі керек:

- акционерлерге – қоғамда қатысуына байланысты құқығын жүзеге асыруға нақты мүмкіндік беру;
- бір типтегі акциялардың бірдей санына ие акционерлерге тең қатынас (ірі факторлар жағдайында осы тармақты белгілеудің маңыздылығына күмән келтіремін);
- директорлар кеңесінің қоғам қызметін стратегиялық басқару мен өз жағынан қоғамның орындаушы органдарының қызметіне тиімді бақылау жүргізуді іске асыру, сонымен қатар директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлерге есеп берушілігін қамтамасыз ету;
- қоғамның орындаушы органдарына орынды, адал, қоғамның ағымды қызметіне тиімді жетекшілік етуді іске асыруға, сонымен бірге қоғамның директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне орындаушы органның есеп берушілігі;
- мүдделі тұлғалардың заңнамада қарастырылған құқықтарын ескеру, оның ішінде қоғам қызметкерлерін, жаңа жұмыс орындарын құруда акциялардың бағасы мен қоғамның басқа құнды қағаздары, қоғамның активтерін ұлғайту мақсатында мүдделі тұлғалар мен қоғамның белсенді қызметкерлерін мадақтау;
- инвесторлар мен қоғам акционерлерімен дәлелденген шешімдерді қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында қоғам туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншіктік құрылымы мен басқаруы туралы толық және дәлелді ақпараттарды уақытылы ашу;
- акционерлердің заңды қызығушылығы мен құқығын қорғау мақсатында қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылау;
- бірлесіп басқарудың көпшілікке танымал үнемі жетілдірілетін тиісті тәжірибесі стандартына және қоғамдардың капиталдың ішкі және сыртқы нарығына қол жеткізуі;
- тиісті органдардың қоғам қызметін тиімді бақылауы мен реттеуі¹;

Кодекс ережелерін қоғамның қабылдауы мен қолдануы потенциалды және қазіргі кезде бар инвесторлардың көзінде қоғамның жағымдылығын ұлғайтуға негізделген Кодекс ережелерін қоғамның қабылдауы мен қолдануы ерікті болуын бірлесіп басқару анықтайды. Алайда, жоғарыда айтылып кеткендей, еріктілік принципінің қолданылуы әрқашан емес, әр кезде емес және кез келген жағдайда емес.

Дүние жүзінде Кодексті құрудың алғышарты болып:

- Корпорацияларда үлкен қаржылық қор жинау мен оларды бақылауды күшейту;
- Инвестициялық институттардың жеке елдерден басқа континенттерге шығуы, соған байланысты оларды бақылаудың қиындығы;

- Халықаралық капитал нарығында және «дамыған нарығы» бар елдерге шығу мен меншіктікті сақтауға қосымша кепілдік беру қажеттігі және дамыған елдердің акционерлерінің құқығын қорғау;
- Инвестициялық қорларға сұраныстың шұғыл жоғарылауы мен компаниялар мен мемлекет арасында олар үшін бәсекелестіктің дамуы;
- Жеке сектор рөлінің шұғыл ұлғаюы;
- Тиімді қадағалау мен реттеудің қажеттілігі.

Нәтижесі мынадай: капиталды салу туралы шешімді тез қабылдауға мүмкіндік беретін стандарттар мен ережелердің қажеттігі.

Корпоративті басқару кодексін әзірлеу мен енгізу тәжірибесі көп таратылған сипатта болады. 1999 ж. ЭСДМ Принциптерінің ресми түрде шығу уақытынан бастап, ЭСДМ мүше елдерде бірлесіп басқарудың принциптері мен үлгілері кодекстерінің 30-ға жуығы қабылданды, егер институционалды инвесторлардың дауыс беру құқығын іске асыру кодексін және рыноктың мамандандырылған қатысушыларының ұсыныс жинағын ескерсек, онда саны одан да көп болады.

Осы кодекстерді жете зерттеу нәтижелерінің жалпы заңдылығы бар:

1) Көптеген елдер Директорлар кеңесінің қызметін қадағалауды жетілдірудің қамын ойлап қойды және ең соңғы кодекстерде директорлардың сапалы мінездемесіне көңіл бөлінді.

2) Бірлесіп басқарудағы келісімдерде көбіне инсайдерлерге бағытталуды шешетін елдердің өзінде компания қызметін жетілдіруге деген қамқорлығы мен олардың капиталға қол жеткізу қауіпсіздігі белгіленеді.

3) Акционерлерге есеп берушілік процедурасын жетілдіру себебі болады, бірақ осы акцент көбіне демеушілік органның анықтамасын тұжырымдауға жатуы мүмкін.

4) Ұлттық принциптерді еріктіден міндеттіге ауысу тәсілімен әртүрлі «артынан ер немесе түсіндір» сияқты интерпретацияларды қолдану арқылы енгізуді жеделдету үрдісі бар.

5) Кейбір ұлттық ұстанымдар іс жүзінде нақтылы сипатта болады.

Корпоративті басқару кодексін құрудың қазақстандық тәжірибесі

Корпоративті басқарудың сапасы - көптеген қазақстандық компаниялардың жанына бататын проблема.

Рынокта бәсекелесуге қабілетті және табысты болуы үшін, компанияларға :

- Инвесторлар мен акционерлердің құқығын сақтау міндетін өзіне алуға;
- Клиенттер мен серіктестер, кредиторларға ашық болуға;
- Тәжірибеде бірлесіп басқарудың жоғары стандарттарын институционалды қамтамасыз етуге.

Корпоративті басқарудың модельді кодексі мен қазақстандық компаниялардағы бірлесіп басқарудың кодекстерін енгізу мен жетілдірудің алғышарты болып:

- Заңнамада жалпылай белгілі бірлескен тәртіп принциптерінің көрінісі орын алды, алайда оларды іске асыру тәжірибесі, оның ішінде соттық, және бірлескен тәртіп салты енді ғана құрылып жатыр.
- Тиісті бірлескен тәртіп тек заңнама нормаларымен ғана қамтамасыз етілмейді.
- Бірлескен тәртіпке байланысты көптеген сұрақтар, заңнама саласының ар жағында жатыр, заңгерлік емес, ұйымдастырушылық және этикалық сипаты бар.
- Кодекс бірлескен тәртіптің салыстырмалы ең жақсы тәжірибесінің ұсынымдарынан тұрады, алайда оның көбі Заң бойынша орындауға міндетті болмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құнды қағаздар бойынша Сарапшы кеңесінің 2002 жылдың 24 қыркүйегінен Қазақстанда бірінші кодексті әзірлегенге дейін қазақстандық акционерлік қоғамдардың бірлесіп басқару принциптерін пайдаланудағы Ұсынымдары бекітілді (әрі қарай-Ұсынымдар). Ұсынымдарда 10 бөлімге бөлінетін ережелер мен шаралар талдап жазылды:

- 1 тарау. Корпоративті басқарудың принциптері.
- 2 тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы
- 3 тарау. Қоғамның директорлар кеңесі
- 4 тарау. Қоғамның орындаушы органы
- 5 тарау. Қоғамның корпоративті хатшысы.
- 6 тарау. Елеулі ұжымдық іс-қимылдар
- 7 тарау. Қоғам туралы ақпаратты ашу.
- 8 тарау. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау.
- 9 тарау. Үлесақылар.
- 10 тарау. Корпоративті шиеленістерді реттеу.

Осы құжаттың 1 тарауында бірлесіп басқарудың мынадай принциптері белгіленіп, олар төмендегі тарауларда ашылды:

1. Корпоративті басқару акционерлерге қоғаммен басқаруға қатысумен байланысты өздерінің құқықтарын нақты жүзеге асатындай қамтамасыз етуі керек.
2. Корпоративті басқару қоғам акцияларының тең бөлігіне ие акционерлерге тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуі керек.
3. Корпоративті басқару қоғамның қызметін стратегиялық басқаруды директорлар кеңесінің іске асыруын және қоғамның орындаушы органдарының қызметін тиімді бақылауын, сонымен қатар директорлар

кеңесі мүшелерінің оның акционерлеріне есеп берушілігін қамтамасыз етуі керек.

4. Корпоративті басқару тәжірибесі қоғамның директорлар кеңесі мен оның акционерлеріне орындаушы органдардың есеп берушілігін қамтамасыз етуі керек.

5. Корпоративті басқару тәжірибесі қоғам акционерлерін қоғам туралы толық

және дәлелді ақпараттармен қамтамасыз етуі керек, соның ішінде оның қаржы жағдайын, экономикалық көрсеткіштері, қызметі туралы, меншік пен басқару құрылымы инвесторлар мен қоғам акционерлерінің дәлелді шешім қабылдауына мүмкіндік жасаумен қамтамасыз ету.

6. Қоғамның тиімді қызметін қамтамасыз етуге оның орындаушы органдары қоғамның, мемлекеттің және олардың территориясында қоғам мен оның құрылымдық бөлімшелері орналасқан жергілікті өзіндік басқару органдарының несие берушілердің мүддесін ескеруі керек.

7. Корпоративті басқару тәжірибесі акционерлердің заңды тілегі мен құқығын

қорғау мақсатында қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Ұсыныстар Қазақстан экономикасының ерекшелігін ескере отырып, бірлесіп басқарудың көпшілік мақұлдаған принциптері негізінде жетілдірілді.

Келесі кезең ретінде, Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығы жанындағы Бірлесіп басқару жұмыс тобының үйлестіруімен және Ұлттық Банктің ұсынысы мен ұжымдық басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, қолданыста бар заң шығарушы-нормативті базаның негізінде Корпоративті басқарудың Кодекс үлгісі (әрі қарай-Кодекс) жетілдірілді. Осы Кодекс 2005 ж. 21 ақпанында Эмитенттер кеңесімен және Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы кеңесімен 2005 ж.31 наурызында қолданды. (№3 Хаттама).

Қазақстандық Корпоративті басқару кодексі үлгісінің құрылысы мынадай:

Кіріспе.

1 тарау. Корпоративті басқару принциптері.

2 тарау. Акционерлердің жалпы жиналысы.

3 тарау. Қоғамның директорлар кеңесі.

4 тарау. Орындаушы органы.

5 тарау. Қоғамның ұжымдық хатшысы.

6 тарау. Маңызды ұжымдық жұмыстар

7 тарау. Қоғам туралы ақпаратты ашу.

8 тарау. Қаржылық-шаруашылық қызметті бақылау.

9 тарау. Дивидендтер, үлесакы саясаты.

10 тарау. Кадр саясаты.

11 тарау. Қоршаған ортаны қорғау.

12 тарау. Ұжымдық келіспеушілікті реттеу.

13 тарау. Қорытынды.

Модельді кодекстің тараулары бірлескен басқарудың маңызды аспектілерін сипаттауды және заңнамада өзінің көрінісін таба алмаған бірлескен басқару механизмін сипаттауды ұсынады.



1 сурет. Корпоративті басқару кодексінің мазмұны.

Қазақстандағы Корпоративті басқару кодексінің мәртебесі

Қазақстандық ұжымдық басқарудың модельді кодексі қаржылық мекемелер мен қаржылық нарықты қадағалауды реттеудің Қазақстан Республикасының Агенттік Басқармасының «Қор биржасына айналымға жіберілетін эмитенттер мен олардың құнды қағаздарына қойылатын талаптар, сонымен бірге қор биржасы тізімінің жеке категорияларына қойылатын талаптар» 2004 ж. 15 наурызындағы №63 Қаулысына қосымшалар енгізілгеннен кейін, Қазақстандық корпоративті басқарудың модельді кодексі ерекше мәртебеге ие болды. Қазақстан Қор биржасының листигіндегі эмитенттердің ішкі құжаттарындағы № 63 Қаулысына сәйкес, осы қазақстандық Кодекстің ережелерін сақтау қажеттілігі қарастырылуы керек болды және 2006 ж. 1 қазанына дейінгі мерзімде листинг компаниялары өздерінің ішкі құжаттарын Қаулының талаптарына сай келтіруі қажет болды.

Оның нәтижесі ретінде, Қазақстандық Қор биржасының Листинг ережесіне бірлесіп басқару кодексінің қолданыста болуы туралы талабы енгізілді. «А» және «В» категорияларының ресми тізімінде акцияларды табу және іске қосуға олардың эмитенті листинг талаптарына сәйкес болуы керек, оның ішінде «Эмитенттер Кеңесімен қабылданған (2005 ж.21 ақпанындағы эмитенттер Кеңесінің бірінші мәжілісінің хаттамасы) (беріліп отырған тармақша 2005 ж. 11 қарашасындағы Биржа кеңесінің шешімімен өзгертілді) корпоративті басқару Кодексінің ережелері бар эмитенттердің жалпы жиналысымен заңнама тәртібінде бекітілген бірлескен басқару кодексі болуы керек» талабы .

«А» және «В» категорияларының ресми тізімінде акциялардың болуы мен қосылуы олардың эмитенті листинг талаптарына сәйкес келуі керек, олардың ішінде «Эмитент Кеңесінің шешімімен мақұлданған , корпоративті басқару Кодексінің ережелері кірген бірлесіп басқару кодексі заңнама тәртібімен

белгіленген эмитент акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған» талабы (эмитенттер Кеңесінің бірінші мәжілісінің хаттамасы 2005 жылдың 21 ақпаны) (осы тармақша 2005 ж. 21 шілдесінде Биржа кеңесінің шешімімен қосылған және Биржа кеңесінің шешімімен 2005 ж. 11 қарашасында өзгертілді). Осындай талап «А» және «В» категориясының ресми тізімінде облигацияның қосылуы мен болуы үшін қолданылады, бірақ тек акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісінде жұмыс істейтін эмитентке қатысты.

Қазақстандағы бірлесіп басқару аумағын реттейтін және ББ Кодексінің негізін құратын негізгі заң ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы болып табылады. ҚР АҚ туралы Заңымен сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне «егер осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысымен қарастырылса, ондай жағдайда бірлесіп басқару кодексінің бекітілуі, сонымен қатар оған өзгерістер мен қосымшалар енгізілуі» қарайды. Акционерлер деңгейінде, акционерлік қоғамның бірлесіп басқаруының қатынас және реттеу жүйесін анықтайтын, негізгі құжатты қабылдау мен келісуінің маңыздылығын айқындай түседі.

Сонымен бірге, ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында, тек директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне қатысты сұрақтар орындаушы органдардың шешіміне беріле алмайды. Осы жерде директорлар кеңесінің фидуциарлы міндеттері деген түсінік пайда болады, яғни бірінші қатарда директорлар кеңесінің мүшелері компанияның стратегиялық мүддесін сақтап және өз мүдделерін компания есебінен іске асырудан сақтап, акционерлерге ең аз тәуекелділікпен барынша көп кірісті қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі қоғамның жарғысына сәйкес, оның орындаушы органының құзыретіне берілген мәселелерді шешуіне, сонымен бірге, акционерлердің жалпы жиналысына қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ. Сонымен, директорлар кеңесінің қызметі стратегиялық маңызды шешімдер өрісімен шектеледі және орындаушы органға директорлар кеңесін ағымдағы жұмыстарға кірістірмеумен қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау мен аса маңызды сұрақтарды қарастыруға көпшілік компанияларда, ал басқа қоғамдарда мынадай сұрақтармен директорлар кеңесінің комитеті құрыла алады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйлық беру;
- 3) ішкі аудиті;
- 4) әлеуметтік сұрақтар бойынша;
- 5) қоғамның ішкі құжаттары қарастырған басқа сұрақтар бойынша.

Әлемдік тәжірибеде комитетті корпоративті басқару бойынша құру үлгілері бар екендігін айта кету керек.

Кодексте комитеттің болуы және олардың жұмысы туралы негізгі ереже көрсетілуі керек.

Орындаушы органға қатыстыны айтсақ, онда оның негізгі құзыретіне – ағымды қызметке басшылығы жатқызылады және ол міндетті түрде компанияның корпоративті басқару кодексінің ережелерін басшылыққа алуы керек.

Бірлесіп басқару жүйесінде аса маңызды роль атқаратын директорлар кеңесіне есеп беруші ішкі аудит қызметі мен акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген тәуелсіз ішкі аудит қызметі.

Қорыта келе, корпоративті басқару кодексінің қолдану мен өңдеу бөліміне қатысты қоғам органдарының қызметін былай сипаттауға болады:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның бірлесіп басқару кодексін бекітеді;
- 2) Директорлар кеңесі өзінің қызметінде корпоративті басқару кодексіне толық сүйенеді және қосымша корпоративті басқару бойынша жеке комитет құра алады;
- 3) Орындаушы орган тиімді қызметті қамтамасыз етіп, қоғамның корпоративті басқару кодексінің талаптарына сүйенеді.

Қоғамды корпоративті басқару модельді кодексінің тұсаукесері Эмитенттер кеңесінің мәжілісінде 2005 ж. 21 ақпанында ресми түрде өткізілді және сол кезден бастап бірлесіп басқару саласындағы мамандар мен реттеуші органдар корпоративті басқару кодексін жүзеге асыру мен енгізуде компанияда болатын қиындықтар мен туындайтын сұрақтарды бақылап отырды. Осының негізінде 2007 ж. 3 шілдесінде Эмитенттер кеңесінің мәжілісінде корпоративті басқару Кодексіне түсініктеме Жобасы ұсынылды және бекітілді.

Миноритарлық акционерлер құқығын қорғау бойынша ұсыныстарды ескере отырып, Қазақстандық Қор биржасы, Қазақстан Республикасының Қаржылық мекемелер мен қаржы нарығын бақылау мен реттеу агенттігінің тілегін ескере отырып, мекеменің ағымды жұмысында эмитенттердің жиі қоятын тәжірибелік сұрақтарынан шыға отырып Түсініктемелер жетілдірілді.

Берілген құжат корпоративті басқарудың модельді кодексіне жалпы түсіндірмені көрсетеді және Қазақстан Республикасының қолданыста бар заңнамасының ережелерін ескере отырып, бірлесіп басқарудың халықаралық тәжірибеге тиісті стандарттарына және сарапшылық ұсыныстарға негізделген (2007 ж. сәуір айында құрылған нормативті актілер мен заңдар негізге алынды).

Жеке жақтарын көрсетейік:

- «Акционерлердің жалпы жиналысы» 2-тарауына түсіндірме – Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыруда кең түсіндірме берілді.
- «Директорлар кеңесі» 3-тарауына түсіндірме – ДК қызметінің жалпы сұрақтары жазылып көрсетілді, Төрағаның және директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері (әрі қарай-ДК), ДК комитеттері, ДК-гі тәуелсіз директорлардың рөлі мен мәртебесі, түсінігі.
- «орындаушы орган» 4-тарауына түсіндірме- орындаушы органның

жетекшісі мен мүшелерінің міндеттері мен құқығы, қызметі (әрі қарай-ОО), ОО-н мүшелерінің құрамы мен біліктілігі, компанияның саясаты мен бақылауы туралы жазылған.

- «Корпоративті хатшы» 5-тарауына түсіндірме - Корпоративті хатшының негізгі және қосымша қызметтерінің толық тізімі берілген (әрі қарай-КХ), білікті талаптар, тағайындалу талаптары мен өкілеттілігінің тоқтатылуы.
- «Маңызды корпоративті оқиғалар» 6 тарауына түсініктеме – оқиғаның негізгі тізімі, анықтама берілген.
- «Ақпаратты ашу» 7-тарауына түсініктеме – ақпаратты ашу саясатының ұстанымы мен міндеттері ашылды.
- «Қаржы-шаруашылық қызметін бақылау» 8-тарауына түсініктеме – осы кезеңде атауын «Ішкі бақылау жүйесі» деп өзгерту ұсынылып отыр – мақсаттары, міндеттері, қызметтері, анықтамасы, құрастырушы, жолдамасы, ішкі бақылау мәдениеті ашылды (әрі қарай-ІБ), тәуекелділікті бағалаудың тиімді процедураларын жетілдіру мен енгізу, ІБ жүйесінің аспаптары, ақпараттық қамтамасыз ету мен байланысты, мониторинг жүйесін пайдалану.
- «Дивиденд, үлесақы саясаты» 9-тарауына түсініктеме – дивиденд төлеу тәсіліне, үлесақы мөлшеріне әсер ететін факторларға, үлесақыны уақытылы және толық төлемеген жағдайда болатын зардаптар туралы түсінік берілді.
-
- «Корпоративті басқарудағы қақтығыстар» 12-тарауына түсініктеме – осы кезеңде «Корпоративті қақтығыстар» деп өзгерту ұсынылып отыр, медиация процедурасымен нақтыланып отыр.

Кодекстің өзі сияқты, КБ Кодексіне түсініктеме, қазақстандық компаниялардағы бірлесіп басқаруды қолдану процесінің эволюциясына сәйкес үнемі жетілдіруді қажет етеді.

Ғаламдық қаржы дағдарысының нәтижесі ретінде Қазақстанда Корпоративті басқарудың кодексін жетілдірудің әлемдік беталысы және бағыты

Сенімді қаржылық жүйесіне арналған 12 негізгі стандарттарының бірі болып есептелінетін және 2000 ж. 26 наурызда Қаржылық Тұрақтылық форумымен бейімделген ЭСДМ принциптерін енгізу процесін нығайту бойынша компания жүргізу туралы ЭСДМ 2008 жылдың қыркүйек айында хабарлады. ЭСДМ инвесторлардың сенімін қалыпқа келтіру экономиканы қалпына келтіруде және ережелерді нығайтуда, реттеу мен бірлесіп басқарудың осы процесінде маңызды буын болады деп санайды.

Компания мемлекеттер үкіметі өкілдерімен, реттеушілермен, жеке секторлармен және басқа да мүдделі тұлғалармен қаржы дағдарысы

қорытындысын талқылау мақсатында бірнеше кездесулер енгізді. ЭСДМ кездесу нәтижелері туралы есеп беруді және нұсқауларды жасауды жоспарлады. Сонымен қатар, аса жоғары менеджмент тәуекелділігі мәдениетінің, сыйақы мәселесі, жауапты және есептерушілік менеджменті, одан да тиімді реттеу мен қоса қаржы дағдарысы салдарының құрылымына шоғырланады.

Ұжымдық басқару саласында ЭСДМ принциптері сияқты келісілген халықаралық стандарттарды енгізу – ең жақсы халықаралық көшіру жолымен және ұлттық жүйелермен нығайтылуы керек.

Корпоративті басқару кодексін әзірлеу мен енгізу басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу жолына компанияның дайындығын көрсететін маңызды саналы қадам болып табылады. Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығындағы ұжымдық басқару тобы 2005 жылдан бастап жыл сайын жалпы бірлесіп басқару жүйесі мен кодексі, принциптерін енгізудегі тәжірибелік мәселелер талқыланатын Халықаралық конференцияны өткізуге бастама көтереді, конференция нәтижесімен КБ Кодексіні жетілдірудің ұсыныстары мен оған түсініктеме жасалып шығарылады.

Корпоративті басқарудың модельді кодексі 2004-2005 жылдары әзірленді, сол уақыттан бері қолда бар бірлескен заңнамаға әртүрлі өзгерістер қабылданды, қоғам мүлтіксіз қолдайтын заңнаманың жекеше талаптары норма болды, 10-нан артық қоғамдар Лондон Қор биржасында құнды қағаздарын орналастырды, бірлесіп басқаруды енгізуде компанияларда жиі кездесетін ағымды мәселелер айқын көрсетілді, қолданыстағы заңнамаға кодекстің терминологиясын сәйкес келетіндей етіп келтіру мен кодекстің өзін қайтадан қарауды талап етеді.

Беріліп отырған өзгерістер ұсынылатын сипатта болады және осы кезде талдау үстінде болып отыр. Осыған орай, Кодекстің құрылымына редакцияның саны, атауы мен нөмірлеу және мазмұнын жаңартуға өзгерістер енгізу ұсынылады. (1 кесте).

«Корпоративті басқарудағы мүдделі жақтардың рөлі» 10 тарауы ережелерінің негізгі идеяларына жеке мысал келтірейік. Тарауды әзірлеуде мына ережелерге акцент жасау ұсынылады:

- Осы кодекс мақсатына мүдделі жақ ретінде компанияның мақсатына жетуіне ықпал ете алатын немесе компанияның мақсатына жеткені ықпал ететін тұлға не тұлғалар тобы түсіндіріледі (компания қызметкерлері, мемлекеттік органдар, клиенттер, серіктестер, инвесторлар, несие берушілер, қоғам толығымен).
- Мүдделі жақтардың қызығушылығы мен құқығын сыйлау және мойындау.
- Мүдделі жақтардың құқығын қоғамның сақтауы.
- Іскерлік операцияларда қоршаған ортадағы мәселелер мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі директорлар кеңесінің рөлі.
- Ішкі ережелер мен шараларға сәйкес компанияның қызметі туралы анық ақпараттарға мүдделі жақтардың кіруімен қамтамасыз ету.

- Директорлар кеңесіне немесе компанияның басқа өкілетті тұлғасына/ компанияның органына өзінің қызметкерлер немесе лауазымды тұлғалардың заңды емес немесе этикаға жатпайтын істерін бақылаулары мен ұсыныстарын еркін түрде айтуға мүмкіндік тудыруға.

Қорытынды

Корпоративті басқару кодексін әзірлеу тарихы бірлесіп басқарудың жалпыға мәлім халықаралық принциптері мен әртүрлі елдердің модельді ұлттық кодекстерін жетілдіру процесінің жалғасып келе жатқанын сипаттайды. Дүниежүзілік экономиканың қазіргі беталысы осы процестің жаңа кезеңіне алып келеді.

1 қосымша

1- кесте. КБ Кодексінің мазмұны мен салыстырмалы мінездемесі

тараулар	КБ Кодексі мазмұнының қолданыстағы тізім редакциясы	КБ Кодексі мазмұнының ұсынылатын тізім редакциясы	Түсініктеме
1 тарау	Корпоративті басқарудың принциптері	Корпоративті басқарудың принциптері	Қайталауларды азайту және оған нақтылық беру мақсатында жекелеген қажетті ережелерді Кодекстің соған қатысты тарауларына ауыстырып, тарауды қайта қарау орынды болар еді.
2 тарау	Акционерлердің жалпы жиналысы	Акционерлердің жалпы жиналысы	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
3 тарау	Директорлар Кеңесі	Директорлар Кеңесі	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
4 тарау	Орындаушы орган	Орындаушы орындар	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
5 тарау	Корпоративтік хатшы	Корпоративтік хатшы	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
6 тарау	Маңызды ұжымдық оқиғалар	Маңызды ұжымдық оқиғалар немесе	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау

		мүдделер қақтығысы	
7 тарау	Ақпараттың ашылуы	Ақпараттың ашылуы	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
8 тарау	Қаржы-шаруашылық қызметін бақылау	<i>Жүйе</i>	Бірлесіп басқару мәселесінде қаржы-шаруашылық қызметін бақылау ішкі бақылау жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Жекелеген компонент талдауы қоғамдағы басқару және тиімді бақылау жүйесін қамтамасыз етуге жеткілікті болмағандықтан, кодекс аясында ішкі бақылау жүйесін тұтастай түсіндіру орынды деп білеміз.
9 тарау	Дивидендтік саясат	Дивидендтік саясат	Заңнамада компанияда жиі қайталанатын сұрақтарға өзгерістер енгізілуі тұрғысынан қайта қарау
10 тарау	Кадр саясаты	<i>Бірлесіп басқаруда мүдделі жақтардың рөлі (стейкхолдерлер)</i>	Компания жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін бұл сұрақтар маңызды: бұл тарауды қайта қарау-қайталауларды қысқарту, анықтау, жекелеген қажетті қағидаларды басқару жұмыстарына сай тарауға ауыстыру мақсатында орынды. Корпоративті басқарудың ең жақсы тәжірибесі компанияны басқару мүдделердің рөліне ерекше көңіл бөледі. Эмитент Кеңесінің 2007 ж.3 шілдесіндегі мүшелердің ұсынысына сай жаңа тармағын енгізуге шешім қабылдады.
11 тарау	Қоршаған ортаны қорғау	<i>Ұжымдық шиеленістер (осыған дейінгі 12 тарау)</i>	Қоғамның дамуының тұрақтылығына компанияның үлес қосуы үшін тараудың аса маңызы бар, дегенмен, осы сұрақтардың бірлесіп басқаруға тікелей қатысы жоқ. Бұл мәселенің бірлескен әлеуметтік жауапкершілік енгізуде ұсынылған «Корпоративті басқару жүйесіндегі мүдделі жақтардың рөлі» тарауын ескерілуі орынды деп ойлаймыз.

12 тарау	Ұжымдық басқару шиеліністері	Қорытынды	
13 тарау	Қорытынды		Ұсынылып отырған өзгерістерге байланысты 13 тарау жоқ.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Корпоративті басқару кодексін құруға ынталандыратын не?
2. Корпоративті басқару кодексі неден құралды?
3. Корпоративті басқару кодексі деген не?
4. Қазақстанда корпоративті басқару модельді кодексі қалай құрылды?
5. Қазақстандағы корпоративті басқару модельді кодексінің құрамы қандай?
6. Қазақстанда корпоративті басқару кодексінің мәртебесі қалай және немен анықталады?

13 тарау. Қазіргі Қазақстандағы корпоративті басқаруды дамытудың мәселелері

Г.В.Косолапов

ҚР ҒБМ Экономика институтының докторанты,
э.ғ.к., МАБ доценті,

Қазақстанның корпоративті бизнесінің өзекті мәселесі корпоративті басқарудың сапасын көтеру. Бұл үшін меншік иелерінің құқына, жекелеген компаниялардың мүдделерінің балансын сақтау және тұтастай корпоративті құрылымға байланысты мәселелердің тиімді шешімін табу өте маңызды. Бірлесіп басқаруды жетілдіру көпқырлы және кешенді түрде қарауды талап ететін іс. Ол үшін біз корпоративті құрылыс концепциясын ұсынамыз. Шешімнің негізгі бағыттары ретінде төмендегілерді қарау ұсынылады:

1. Қазақстанда басқарудың корпоративті принциптерін бекіту;
2. Компанияны басқарудың құрылымын КБ принциптері мен оның бизнесінің даму деңгейін жетілдіру;
3. Меншікті басқаруды КБ маңызды элементі ретінде жетілдіру;
4. КБ дамуында маңызды буын ретінде компанияның ақпараттық айқындығын басқару мен кеңейту;
5. Қазақстанда КБ даму деңгейінің маңызды индикаторы және оны бақылау, қажетті буын ретінде КБ нарығын жетілдіруде қор нарығын дамыту;
6. КБ ұстанымдарында корпоративті бизнеске қатысушылардың өзара әрекетімен басқаруды жетілдіру;

Транзитті экономикалы елдерде, оның ішінде Қазақстанда да қазіргі заманғы КБ дамыту жоғарыдағы мәселелерді шешудің кешенділігі мен толыққандылығына тәуелді.

КБ принциптерінің бекітілу мәселелерін транзитті экономикалы елдердегідей деп қараймыз. Басқарудың корпоративті принциптерін бекіту Қазақстандағы КБ да, корпоративті бизнестің де дамуындағы негіз деп есептелетін кезең. Оның бірінші қадамы нарықтық қатынастардағы корпоративтіктің экономикалық мазмұнын мойындау, объективті қажеттілікте КБ принциптерін, корпоративті даму тәжірибесі мен белгілі бір теорияларын сақтау болып табылады.

Қазақстанның экономикалық дамуының қазіргі кезеңі оны әлем елдері қауымдастығының нарықтық экономикалық ел деп мойындауымен сипатталады.

Республикада жаңа институциональды орта қалыптасқан, ол жерде жеке меншік белгілі роль атқарады. Ол әртүрлі түр мен формада: жекеден ірі корпоративтікке дейін, ұйымдастыру құрылымы әртүрлі акционерлік компания түрінде кездеседі. Шетелдіктер тәжірибесін Қазақстанның өзіндік ерекшелігін

ескере отырып, елдің экономикалық дамуын басқаруды оның барлық деңгейлерінде жетілдіру жолдарын зерттеу корпоративтік және корпоративті басқару мәселесін бірінші кезектегі орынға қояды. Бұл мәселе жиналып келіп салдарын корпоративті бизнеске тигізеді, ал корпоративті бизнестің аяғынан тұруы мен дамуы республикада қажетті инвестициялық және жалпы іскерлік климатты жасайды, ел экономикасына, экономикалық өсуде жаңа сапаға көтереді.

Әлемнің дамыған елдерінде қазіргі заманғы нарықтық экономиканың басты сипаты меншік түрінің сан алуандығы болып келеді, оны «институционализм» деген ұғыммен біріктіреді, шаруашылық жүргізудің осы формасымен белгіленген. Алайда бұл елдерде меншіктің корпоративті формасы белгілі бір маңызға ие болды және осы формаға негізделген шаруашылық жүргізудің корпоративті түрі.

Жаңа экономикалық ортада ірі мемлекеттік компанияларда олардың қызметінің ішкі және сыртқы салаларын атағанымыз корпоративті сипатта болуы мүмкін. Қазіргі заманда корпорация қызметі елдің әлеуметтік экономикалық дамуының деңгейі сипатында қаралады. Және ең бастысы – «корпорация» деген терминде емес, кәсіпорынның орындайтын функциясы мен қызметінің принциптерінің мазмұнында.

Бірге қызмет ету үшін ұйымдастырушылық топтағы тұлғалардың бірігуі: біріншіден акционерлік компания жасауда жеке, заңды тұлғаның қатысуын; екіншіден басқарудың қажетті ережелерін жасау, онсыз басқару тиімсіз екендігін көрсетеді. Осы принциптерді сақтау корпорацияның тиімді қызмет істеуі үшін аса маңызды мәселелердің бірі.

Бизнестің ірі корпоративті құрылымдары ел экономикасын басқарудың аса қуатты салалық және салааралық құрылымына айналады. Іс жүзінде олар республикадағы салалық және салааралық басқару құрылымын қалыптастыруға, яғни мезоэкономиканы арналған, түзеді.

КБ дамытудың көкейкестілігі КБ өзегін (құрастыратын) түзетін кәсіпорынның меншік иесі мен менеджерлер арасындағы ушыққан қарым-қатынасты анықтайды. Егер Қазақстанда нарықтық реформаның бастапқы кезеңінде оларды бір тұлға орындаса, енді барлық «өркениетті әлем елдеріндегідей» акция иелері (меншік иелері) басқарушы ретінде кәсіби менеджерлер жалдауға жиі мәжбүр болады. Оның үстіне, акционерлердің әртүрлі тобының қарым-қатынасы корпорация ішінде күрделенеді: кіші, ірі, бақылаушы, бөгеуші, т.б. Осы қарым-қатынастардың түйіндері КБ принциптерімен жүйеленуге тиісті:

Қазақстанда қалыптасқан КБ жүйесі кейбір ерекшеліктермен сипатталады:

- Корпорацияда меншікті қайта бөлудің перманентті процесі;

- Көптеген инсайдерлердің (менеджерлер мен ірі акционерлердің) қаржы ағынын бақылау мен корпорация активтерін «шығарумен» байланысты өзіндік дәлелдемелері;
- Директорлар корпусының не бас директордың қолында акциялардың шоғырлануы (бақылау пакеті);
- Корпоративті басқарудың дәстүрлі сыртқы механизмдерінің әлсіз немесе өзіне тән емес рөлі (бағалы қағаздар нарығы, банкрот болу, корпоративті бақылау мен басқарудың нарығы) т.б.

КБ жүйесінің айтарлықтай кемшілігі корпорация қызметіне қатысушылардың құқықтық өкілдігінде теңдіктің жоқтығы. Басқару жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасында функциялар мен жауапкершілікті, құқық, билік өкілеттік бөлінуінің тексерілген және орнықтырылған анық жүйесі жоқ. Бұл жағдай корпорацияның экономикалық қауіпсіздігіне төнген қатерлердің бірі болып табылады.¹

Корпорацияларды басқаруды орталықтандырудың жоғары дәрежесі корпорация бөлімшелерінің өзіндік экономикалық деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Ондай басқару жүйесі үшін жетекшіліктің төменгі буынының жоғары басқарушыға және қосымша директорлар корпусына, жеке бас директорға қатаң түрде бағынуы тән; бірақ олар өздеріне көбіне шаруашылық жүргізу қызметінің нәтижесіне сай жауапкершілік артпайды. Бұл корпорациялық басқаруды дамыту мен қалыптастыру жолында айтарлықтай деңгейде кедергі болады.

Мынаны ұғыну аса маңызды:

КБ бұл өте күрделі процесс, мұнда бір адам барлық басқару рөлдерін, функцияларын бірдей табысты орындайды деп сенуге болмайды. Әр рөл ерекше стильді талап етеді. КБ процесі қатысушыларының орындауға тиісті рөлдері келіспеушілік жағдайындағы орындар. Сондықтан оны бір адам бір мезгілде қатар алып жүруі ешқашан мүмкін емес. Қарым-қатынастардың бұл түйіні КБ принциптерімен жүйеленуі тиіс.

Компаниялардың құрылымын қайта қарауда қиындықтардың бірі көптеген жетекшілердің КБ не екенін, оның (КБ) корпоративті мәдениетін, кәсіпкерлік этиканы, экономикалық әрекет ережелерін, кодекс, корпоративті тәртіп принциптерін, т.б. түсінбеуі.

КБ Қазақстанда әзірге жеке меншік құрылымы айқындығы жағынан деңгейі төмен. Мұның өзі меншікті және бақылаушы құрылымдар айқындығының жетімсіздігінен көрінеді. Жеке меншіктегі компаниялардың құрылымының айқындығының жетімсіздігі көбіне акционерлерге және әлеуетті инвесторларға бақылау жасау механизмдері туралы дұрыс түсінік алуына мүмкіндік бермейді, бұл Қазақстан жобаларына қатысу мүмкіндігінің қатерін көбейтеді.

Компанияларда жеке мүдделер үшін, жекелеген топтар арасында билік үшін үнемі күрес кезеңі әлі өтіп болмаған. КБ принциптерінің Қазақстанда нығаюына атқару органдарының, сот билігінің, мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлығы, тиімді жұмыс істемеуі, әлсіздігі кедергі болып отыр. КБ корпоративті принциптерінің бекуі үшін бұл салаларды реформалау өте маңызды болар еді. Бұған қаржы және басқа да есеп берулерді халықаралық стандарттарға сай келтіру көмектесуі тиіс.

Зерттеулер көрсеткендей, іс жүзінде көптеген корпорациялар акционерлерге емес, жеке тұлғалар тобына тиесілі, олар компанияны заңды, заңсыз әдістерді біріктіру негізінде бақылайды. Жалпы көбіне оның шын иелерін табу қиын, тіпті табу мүмкін емес, олардың қандай да бір меншік иелері тізімі де жоқ. А.Радыгин мен Ж.Сидоровтың жазуында: «Бақылау тобындағы акционерлер шын қожайындар жасаған бір үлгідегі сценариймен жүреді.


Мұндай жағдайда қатардағы «аутсайдердің» шеккен жапасы үшін шын иелеріне талап қою мүмкін емес, өйткені олар көптеген құрылым артына жасырулы».² Басқаша айтқанда, транзитті экономикалы елдің көптеген корпорацияларына тән ерекшелік акционердің бақылау және басқару ісінің теңдестіруі болып отыр. Оның себебі өз капиталына, қаржы ағымдарына бақылауды жоғалтудан қорқып кейбір меншік иелері тіпті корпорацияны оперативті басқаруға өкілдік беруге тәуекел етуге көңілі соқпайды.³

Сондықтан қазақстандық корпорациялардың бас директорлары көптеген бақылаусыз ықпал ету тетіктерін сақтайды, ал басқару жүйесі авторитарлы сипатта болады. Нәтижесінде корпорацияның адами ресурстары, қаржы мүлігі, еңбек құралдары өзара біріккен күйдегі тұтастығын жоғалтады. Мұның бәрі қорыта келе, корпорацияның нарықтағы құны мен бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Бұл жерде, айта кету керек, КБ деген ұғым тек мына жағдайда: мәнді ғана меншік бөлімі басқару мен қаржы бөлімінен, ең болмаса корпорациядағы басқарудан, қаржы көздерінің белгілі бір көздерін меншікті бөліп қарар болса. Тап сол меншік иесі функциясы мен басқарушы функцияларын бөлу қазіргі корпорацияның мәнін анықтайды, КБ жүйесін енгізу қажеттігін тудырады. Жоғарыда айтылғандардан мынадай түйін жасауға болады: транзитті экономикалы елдерде, отандық жағдайда КБ өзіндік моделі қалыптасты. Оны КБ өтпелі кезеңдегі моделі деп атаймыз. Ол 1 суретте көрсетілген.

Бұл модельде меншік иелері, жалдамалы менеджерлер бар, бірақ олардың компаниядағы өкілеттігі қатаң бөлінбеген. Көрсетілген өтпелі кезең моделінде меншік иесі құқығы мен осы меншікті басқару құқығы арасы анық бөлінбеген.

Керісінше, қуатты бағыт пайда болады: меншік иесі – директорлар кеңесі – менеджмент,; бөліктерден басқару өзегі қалыптасады. Ол компанияда кәсіпкерлік, әрі бақылаушы функцияларын атқарады. Бұл модельдің басты кемшіліктерінің бірі басқару өзегі деген өзінше ішкі ашық акционерлік қоғам құрады, ал корпоративті басқарудың барлық формальды механизмін алмастырады. Басқарудың негізгі өзегіне ілікпей қалғандардың ешқандай мүддесі қорғалмайды. Мұндай жағдайда, кәсіпкерлік функциясын жаулап алуға үздіксіз күрес жүреді, ал ол тіпті кәсібилігі жоғары менеджментке де компания тиімді басқаруға табанды бәсекелестік артықшылық қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.



1 сурет. Өтпелі кезеңдегі КБ сызба моделі (автор жасаған).

КБ ішкі процестерін тәртіпке келтіруге тиісті сыртқы факторларды сараптасақ, онда төмендегі көрініс пайда болады. Қазақстанда қаржы нарығы әлсіз дамыған, тиімсіз, сондықтан бағалы қағаз курсы компанияның нақты құнын көрсетпейді. Дисконттау ставкасын анықтау табысын басты есеп нүктесі ретінде алуға болатын қаржы құралдары жоқ. Осының кесірінен компаниялардың құнын, оның динамикасын анықтау өте қиын; ал осының нәтижесінде КБ нарығын және компанияның нарықтық құнын, оны бақылаудың менеджментін тәртіпке салатын маңызды индикатор іс жүзінде болмай тұр.

Сонымен, тіпті КБ формальды механизмі дұрыс жасалса да, олар жұмыс істемейді, менеджерлер мен акционерлердің тәртібін сыртқы механизмдер тәртіпке келтіре алмайды, акционерлік капитал өсіміне стимул жасамайды. Бұл қорытынды КБ жүйесінің барлық буындарын қарау, Қазақстандағы корпоратив құрудың концепцияларының жүзеге асуына жүйелі келуді қажет деген қорытындыны нығайта түседі.

Қазіргі Қазақстанға КБ өту мәселелерін шешу түйінді сипатқа ие, өйткені ол арзан капитал тартуға, компаниялардың нарықтық құнын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Бұл мәселе, әсіресе қаржыландыру саласындағы 2007 жылдың

2-ші жарты жылдығындағы шыққан қиындықтар аясындағы кедір-бұдырымен көрінеді. КБ өзіне тән тәжірибесін меңгеруді елді модернизациялау процесінің жалпы бөлігі ретінде қарау керек; ол тек жеке секторды ғана емес, корпоративті құрылымдағы нақты әрекеттегі партнер ретінде мемлекеттік секторды да қамтиды. Мұның «Қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру процесінің стратегиялық басқару жүйесін жасау» міндеттерін шешудің жолы да осы екенін атап айту маңызды».⁴

Басқарудың корпоративті принциптерін кезең-кезеңі мен нығайту мен қалыптастырудың эволюциялық маңызын баса айту керек. Ол корпорацияның пісіп жетілуі мен дамуының әртүрлі кезеңін, сол даму жолындағы пайда болатын, корпоративті тетіктерді іске қосуда көбейетін ішкі қажеттіліктер мен ынтаны да бейнелейді.

КБ жетілдіру бойынша ұсыныс пен бағыт беретін мазмұнды құжаттардың бірі «ОЭСР корпоративті басқарудың принциптері». «ОЭСР корпоративті басқарудың принциптерінде» бірінші орынға мына принцип қойылған: КБ тиімді жүйесін жасау тиімді, айқын нарықты дамытуға әкелуі тиіс, заң принциптеріне қарсы келмеуі тиіс, әртүрлі құқық қорғау органдарының және жүйелеу органдарын, қадағалау органдарының арасындағы міндеттерді бөлуді анық етіп анықтау. Қазақстан корпорацияларында шешім қабылдау механизмін түбірлі өзгерту қажеттігіне негізделген төмендегі Г.Клейнердің құрылымын пайдалануды ұсынып отырмыз: корпорация қызметіне қатысатын әр адам өндірістің төрт факторының бірі болып табылады: біріншіден, жұмыскерлер – еңбек; екіншіден, акционерлер – қаржылық капитал; үшіншіден, кәсіпорынды басқарушы – ұйымдастыру технологиялық фактор; төртіншіден, бас директор – кәсіпкерлік белсенділік.

Осы құрылымнан КБ қазіргі моделінің схемасы ұсынылады: (2 сурет). Бұл схеманы жүзеге асыру үшін жекелеген қатысушылардың барлығы үшін – (жұмысшылар, акционерлер, басқарушылар) түсініктің демократиялық мүмкіндігін қамтамасыз ету топтардың арасындағы мүдде консолидациясы. Бұл жерде жалпы мүдденің басты бағыты тұтас алғанда корпорацияның даму мүддесіне сәйкес болуы тиіс. Қазіргі таңда корпорация қызметі көптеген – Азаматтық кодекс, Еңбек кодексі, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Кәсіпорынның ауқатсыздығы (банкроттығы)» туралы Заңдары мен нормативті актілерімен, статистикалық есепке, т.б қатысы бар құжаттармен регламенттеледі.

Бұл құжаттардың әрқайсысында белгілі бір басқару не ұйымдастырушылық шешімдерін таңдау еркі, мүмкіндігі беріледі. Ал, мұның өзі арам ниетті кәсіпкерлердің банкроттық ету, күйрету, әріптесті алдау және акционерлер мен қызметкерлердің құқығын бұзу арқылы әлсіз кәсіпорынды тартып алып алуына мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталғандар корпорацияның жүйелі мәселелерін әрбір актілердің әрқайсысына жеке өзгеріс енгізу жолымен шешілмейтіндігін көрсетеді. Осыдан барып, корпорацияның экономиканың тұтас әлеуметтік-экономикалық

кәсіпкерлік субъектісі ретінде негізгі қызметін анықтайтын корпорация туралы заң дайындап, қабылдау қажеттігі туындағаны анық.

Кез келген тиімді басқару мен өндірістің жаңа технологияларын қолдануға, өз жұмысында олардың сапалық өзгерістерін бейнелеуі тиіс. Р.Патюрель атап көрсеткеніндей, «Батыс елдерінде 80-жылдар өнім сапасына күрес ұранымен, 90-шы жылдарда онжылдық ұраны, өндірістік процестердің реинжинирингі принциптері онжылдықтардың ұраны, ал ғасыр соңының ұраны мен өтіп – кәсіпорынды ұйымдастырудың желілі принциптеріне өту, орта өзгерістеріне үйрену әдістерін іздеу жетекші тақырып болды.

Қазақстанда, біздің пікірімізше, бизнестің қазіргі даму кезеңі – корпоративті құрылыс, басқарудың барлық деңгейіндегі корпоративті басқару принциптерін толық қарқынмен меңгеру ұранымен өтуде. Бұл концепцияны жүзеге асыру үшін мыналар қажет:


1. КБ өтпелі кезеңге тән моделінен оны құрудың халықаралық принциптеріне негізделген қазіргі моделіне өту. Ұсынылып отырған КБ моделі бағалы қағаздың тиімді нарығын және маңызды, тәртіптелген менеджмент индикаторларын: компаниялардың нарықтық құны, КБ нарығы, бақылаудың болуын болжайды.

2. Экономиканың тұтас әлеуметтік экономикалық кәсіпкерлік субъектісі ретінде оның қызметі нормалар мен негізгі принциптерін кешенді түрде анықтайтын «Корпорация туралы» заңды дайындап, қабылдау; Бұл заң – оның солқылдақ тұстарын пайдаланып, кәсіпорынды банкроттық күйрету арқылы, серіктесті алдау, акционерлер мен қызметкерлердің құқығын бұзу, яғни рейдерлік жасау арқылы тартып алу мүмкіндігін жою үшін, сондай-ақ тұтастай алғанда корпоративті бизнес пен оның ұйымдастырылатын формалары және КБ мүдделілердің бәрінің міндеттері мен құқықтарын нығайтып бекіту үшін қажет.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстандағы корпоративті басқарудың қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері қандай?
2. Қазақстандағы корпоративті басқаруды дамыту үшін келесі кезекте қандай қадамдар жасау қажет?

-
1. Г.В. Косолапов Экономикалық қауіпсіздік және бизнес құнын басқару // Саясат,- 2007.- №1.-с.26
 2. Родыгин А., Ж. Сидоров Ресей экономикасы: жүз жылдық жалғыздық? // Экономика сұрақтары. 2000. №5 45-61 бет.
 3. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. // Казахстанская правда, 02.03.2007.
 4. ОЭСР корпоративті басқару принциптері.
 5. Г.Клейнер Ресей кәсіпорындарын кім және қалай басқарады? 1 қарау.
 6. Р.Патюрель Желілік ұйымдастыру құрылымын жасау. // Басқару тәжірибесі мен теориясының мәселелері.



Сурет 2. Қазіргі бірлесіп басқарудың сызба моделі . Әзірленген

14 тарау Қазақстандағы корпоративті басқарудың құқықтық аспектілері

Т. Иссык

Іскерлік әкімшілігі докторы,
Құқықтық тәуекелдер бойынша маман (LLM)

«Барлық мемхолдингтердің, оларға кіретін ұлттық компаниялар мен басқа ұйымдардың басты міндеті **корпоративті басқарудың халықаралық іс- тәжірибесін, есептілік пен ашықтықты** енгізу арқылы олардың қызметін ретке келтіру болып қала бермек. Олар бүкіл Қазақстан бизнесі үшін корпоративтік басқарылымның үлгі-қалыбына айналуы тиіс. Біріншіден, мемхолдингтердің жұмысы

Корпоративті басқару кодексіне сәйкес құрылуы қажет. Екіншіден, мемхолдингтер қызметінің ашықтығын арттыра берген жөн. Қоғам бұл компаниялардың стратегиясы, олардың меншіктік құрылымы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері және тағы басқалары жөніндегі ақпаратқа қанық болуы керек.

Үшіншіден, мемхолдингтердің шаруашылық қызметі, жеке құрамды іріктеуі және басқалары ашық конкурстық ресімдер негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Төртіншіден, стратегияны жүргізу үшін басқару, қаржы мен қызмет нәтижелеріне тиімді бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесінің ұтымды жұмысын қамтамасыз еткен жөн. Бесіншіден, біздің ойымызша, мінсіз беделге ие тәуелсіз аудитордың тартылуы арқылы мемхолдингтер жұмысының қорытындылары бойынша жүргізілетін жыл сайынғы аудит аталған холдингтер қызметіне айқын, ашық жүйелілікті қамтамасыз етуге және осы жария түрде олардың қызметіне баға беруге жәрдемдесетін болады. Біз нәтижелілігі, транспаренттілік пен ең үздік халықаралық тәжірибе есебімен қоғамға есеп беретін бірлесіп басқару қағидаттарында мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін құрадамыз».

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы (II бөлім «Қазақстан-2030» стратегиясы») Қазақстан Дамуының жаңа кезеңінде ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты).

«Корпоративті басқару» түсінігінің құқықтық аспектілері туралы мәселе кездейсоқ пайда болған жоқ. Қазіргі кезде бұл сөз тіркесі жеткілікті әсерлі деп айтуға болады. Оны көптеген конференцияларда, жиналыстарда, теледидар хабарларында және т.б. естуге және БАҚ оқуға болады. Осы терминді білу үшін құқық нормасы көзқарасынан барлық терминдер мен құбылыстарды көруге үйренген біз, осы терминді құқықтық көзқарас бойынша зерттеуге шештік.²³

Жағымды хабардан бастайық, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030-жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығына сәйкес «1999 жылы корпоративті басқару мәселесі бойынша Қазақстан заңнамасын халықаралық сарапшылар Орталық және Шығыс Еуропа, ТМД және Прибалтика елдерінің ішінде ең үздігі болып танылды.

Заңнама дегеніміз не? Бұл «белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілер жиынтығы» (Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-І заңы)¹

Заңнама түсінігіне уәкілетті мемлекеттік органдар қаулысы енгізіледі. Бірлесіп басқару түсінігін біз Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төмендегі қаулыларынан табамыз (АФН) Төмендегі келтірілген кестені қарайық

²³2010ж28.06 жағдай бойынша заңнамалық мәліметтерге сілтеме

Қаулы нөмірі мен қабылданған күні	Қаулы аттары	«Корпоративті басқару» терминіне анықтама беру	Осы қаулыға қатысты субъектілер
2010 жылғы 1 ақпан № 5	Орталық депозитарийде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 238 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Орталық депозитарийдің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге орталық депозитарийдің қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасау мүмкіндігін беретін, жоғарғы орган, басқару органы, атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені ретінде сипатталатын, орталық депозитарийді стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;	Орталық депозитарийде
2009жылғы 30 қараша № 244	Қор биржасында тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына және қор биржасының листингтік комиссиясының құрамына қойылатын талаптар туралы және Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту жөніндегі 2008 жылғы 28 қарашадағы	қор биржасының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге қор биржасының қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасауға мүмкіндігін беретін, қор биржасының жоғарғы органы, басқару органы, атқарушы органы және өзге де органдары арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені ретінде сипатталатын, қор биржасын стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;	қор биржасы

	№ 195 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы		
2009 жылғы 26 қыркүйек № 209	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының жоғарғы органының, басқару органының (қадағалау кеңесінің), атқарушы органының және Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының өзге де органдарының арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені болып табылатын, ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің (қатысушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге (қатысушыларға) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасауға мүмкіндік беретін, Брокерді және (немесе) дилерді, Басқарушыны стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;	Басқарушының, брокердің және (немесе) дилердің
2009 жылғы 7 шілде № 135	Жинақтаушы зейнетақы қорлары және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы	ұйымның жоғарғы органының, басқару органының, атқарушы органының және өзге де органдарының арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені болып табылатын, ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге ұйымның қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасауға мүмкіндік беретін, ұйымды стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;	Зейнеткерлік активтерді инвестициялық басқаруды іске асыратын мекеме

Яғни ҚҚА (АФН) бекітеді, бірлесіп басқару, бұл:

1. жүйе
2. Стратегиялық және тактикалық басқару
3. жоғарғы орган, басқарушы органдармен және атқарушы органдар арасындағы өзара қарым-қатынастың кешенінен тұрады
4. субъектінің тиімді қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталған.

5. субъекті акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған
 6. субъекті қызметіне мониторинг және тиімді қадағалау мүмкіндігін акционерлерге беру .

Осы қаулыларда нақты қаржы нарығының субъектілері туралы сөз болады, бірақ бәрі туралы еместігіне көңіл аударыңыз.

Алайда, заңнама терминіне қайтадан келетін болсақ, жоғарыда айтылған анықтамалардан заңнама түсінігіне ҚҚА қаулылары ғана емес, барлық нормативтік құқықтық актілер тізімі енгізілген. Заңнамада нормативтік құқықтық актілер иерархиялық сатының 11 қатарына енгізілсе, ҚҚА қаулылары осы иерархияның 10 қатарында ғана орналасқан.

1 кесте. «Корпоративті басқару» сөз тіркесінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер мен өзге де материалдардың ара қатынасы, www.zakon.kz

Табылғанның барлығы	2009	2010
	желтоқсанына	шілдесіне
	663	967
Оның ішінде:		
Заңдар	8	10, оның 3 –не өзгертулер мен толықтырулар енгізілген
Президент Жарлықтары	5	6
Үкіметтің қолданыстағы қаулылары	59	96
ҚҚА және Ұлттық Банктің қаулылары	10	31

Бүгінгі күні «Юрист» базасынан барынша мүмкіншілігінше **«Корпоративті басқару»** терминінен тұратын құжаттардың тізімін алдық, оның көп бөлігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Оның ішінде 10 заң (өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңдарды қосқанда), 6 Президент Жарлықтары, 85 Үкімет Қаулылары, 28 Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігі басқармасының қаулысы, түрлі бағыттағы министрліктердің бұйрықтары мен мәслихаттардың шешімдері- барлығы 200-дей қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер (НҚА) болып табылады. Басқа қалғандары нормативтік құқықтық актілерге жатпайды немесе өзінің заңды күшін жойғандар.

Қысқаша зерттеуімізден байқалғандай осы мәселе бойынша НҚА көп емес, алайда өткен жылы ептеп ұлғайды. Негізгілеріне тоқталып өтейік.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» 1 бабында «қоғамды бірлесіп басқару кодексі-қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілетін, қоғамды басқару процесінде туындайтын қатынастарды, оның ішінде қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, қоғам

органдары, қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін құжат»

Сондай-ақ Заңда айтылған:

«2. Жария компаниясының Жарғысында қарастырылған: 1) корпоративтік басқару кодексі (4-1 бап Жария компаниясы)

«1. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жататын төмендегі мәселелер: 1-1) осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, бірлесіп басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту» (36 бап Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті).

«1. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде немесе оның жарғысында белгіленген өзге де жерде сақтауы тиіс.

Сақтауға жататын құжат: 15) бар болған жағдайда, корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс (80 бап Қоғамның құжаттары).

Қазақстан Республикасының «Мұнай туралы» 1995 жылғы 28 маусымдағы № 2350 заңымен ұлттық компания қызметі қарастырылған және оның бірі болып төмендегі табылады «7) көмірсутегін барлау, әзірлеу, өндіру, іздеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері жөніндегі бірлесіп басқаруды және мониторингті жүзеге асыру болып табылады» (7-1 бап. Ұлттық компания қызметі).

Қазақстан Республикасының «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ заңымен «қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау» міндетіне төмендегілер жатады»

1) қаржы мекемелерінің бірлесіп басқаруын жетілдіру үшін ынталандыру жасау, қаржы мекемелері қызметінің стандарттарын белгілеу (3 бап. Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеудің және қадағалаудың мақсаттары, принциптері мен міндеттері).

Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-ІV Заңымен «**ҚОР ТОБЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**» атымен толық тарау қарастырылған. Оның мазмұны төмендегідей:

8-бап. Қор органдары

Қор органдары:

- 1) жоғары орган - жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - басқарма;
- 4) қордың жарғысына сәйкес өзге де органдар болып табылады.

9-бап. Қордың жалғыз құрылтайшысы және акционері

1. Қордың жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

2. Осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және (немесе) Қордың жарғысында оның жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған

мәселелер жөніндегі шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

3. Қордың жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне:

1) Қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

3) Қордың даму стратегиясын бекіту;

4) Қордың ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Қордың жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қордың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Қордың директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қордың директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың санын өз қалауынша айқындау;

7) Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбедегі компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беру;

8) Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбедегі компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешу;

9) Қор басқармасының төрағасын лауазымға тағайындау және лауазымынан мерзімінен бұрын босату;

10) Қордың есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қордың бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;

11) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар басталған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Қордың дивидендтік саясатын айқындау;

13) Қор "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту;

14) басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің шарттарын айқындау;

15) банктердің акцияларын сатып алу және иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беру;

16) осы Заңға және Қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

4. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компанияларға қатысты осы баптың 3-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Қордың уәкілетті өкілдерінің дауыс беруі мақсатында Қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау үшін Қордың жалғыз акционері қабылдайды.

10-бап. Директорлар кеңесі

1. Қордың директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады.

2. Қордың директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының бірінші басшылары арасынан, қордың басқарма төрағасынан және өзге тұлғалардан құрылады.

Лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қордың директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

3. Қордың директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай:

1) Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеудің шекті мөлшерін жылдық бюджетті бекіту шеңберінде айқындау;

2) Қордың штат санын бекіту;

3) Егер қордың жарғысында осындай тәртіп айқындалмаса, жалғыз акционерге Қордың қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау;

4) тәуелсіз директорларға сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу шарттарын айқындау;

5) мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдау;

6) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қордың орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

8) басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және (немесе) қордың тобындағы бірыңғай орталықтандырылған және өзге ішкі аудит қызметтерін үйлестіру тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Қордың ішкі қызметін, ол бекіткен мәселелер тізбесі бойынша реттейтін құжаттарды бекіту;

11) Қордың даму стратегиясының негізгі көрсеткіштерінің орындалуын Қордың директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен бағалау;

12) жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелердің Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында жасалу тәртібін айқындау;

13) осы Заңда таратылуы, қайта ұйымдастырылуы туралы шешім Қордың жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешу;

14) Қордың жылдық бюджетін және оның қызметін жоспарлау жөніндегі өзге де құжаттарды, сондай-ақ олар бойынша есеп берудің тәртібі мен мерзімін бекіту;

15) жиынтығында қорға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қордың өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы;

16) Корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

17) Қордың міндеттемелерін оның өз капиталының он және одан көп пайызын құрайтын шамада ұлғайту;

18) Қордың басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы;

19) Қордың тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатты айқындау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

20) осы заңға және қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

4. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компанияларға қатысты осы баптың 3-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Қордың уәкілетті өкілдерінің дауыс беруі мақсатында қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау үшін қордың директорлар кеңесі қабылдайды.

5. Қордың директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін қордың корпоративтік хатшысы жасайды. Қордың директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу тәртібі туралы хабарламаларды қордың корпоративтік хатшысы жібереді.

11-бап. Басқарма

1. Қордың басқармасы басқарма төрасасынан, оның орынбасарларынан және өзге де адамдардан тұрады.

2. Қор басқармасының құзыретіне:

1) Қордың акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүлдіктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

2) Қордың бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

3) барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компаниялар деңгейінде бірыңғай орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және компаниялардың жарғыларына сәйкес компаниялар акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жататын, олар бойынша шешімдерді (компаниялар қызметінің мәселелері бойынша осы заңға сәйкес қордың жалғыз акционері және директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдерді қоспағанда) қордың басқармасы немесе басқарма төрасасы қабылдайтын компаниялар қызметі мәселелерінің тізбесін, сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін айқындау;

5) барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен қорға тиесілі компаниялардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ осы шешімдерді кейіннен көрсетілген компаниялардың директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, олармен жасалған еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

6) осы шешімдерді кейіннен көрсетілген ұйымдардың директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) қор басқармасы айқындайтын тізбедегі компаниялар тікелей немесе жанама түрде иеленетін ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) осы ұйымдардың жарғыларында оларды директорлар кеңесін құрмастан басқару мүмкіндіктерін белгілеу туралы шешімді компанияларға қатысты қабылдау немесе қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын тікелей және жанама түрде компаниялар иеленетін өзге ұйымдарға қатысты келісу;

8) Қордың штат кестесі мен ұйымдық құрылымын бекіту;

9) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компаниялардың еншілес ұйымдарының меншігінде болатын ұйымдарға өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуға және (немесе) олардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуға рұқсат беру;

10) Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдерді қабылдау;

11) Қор немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты айқындау;

12) Қордың облигацияларын, туынды бағалы қағаздарын шығаруының және қордың өз капиталы мөлшерінің бір пайыздан аспайтын сомаға қордың өзге қарызды тартуының шарттарын айқындау;

13) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамын тікелей немесе жанама түрде қор иеленетін заңды тұлғаларға қатысты үлгі құжаттарды бекіту;

14) компаниялардың даму стратегиялары мен жоспарларын бекіткен кезде оларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясатты қалыптастыру;

15) инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде жедел шаралар қабылдау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) осы Заңда және Қордың жарғысында қордың басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер кіреді.

3. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компаниялар қызметінің мәселелері бойынша осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында уәкілетті өкілдердің дауыс беруі үшін Қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау мақсатында қордың басқармасы немесе басқарма төрағасы қабылдайды.

4. Қор басқармасының осы баптың 2-тармағының 5), 6) тармақшаларында көрсетілген шешімдері барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен қорға тиесілі компанияның немесе Қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама түрде компаниялар иеленетін ұйымның директорлар кеңесінің бірауыздан қабылдаған шешімімен қабылданбауы мүмкін.

5. Қор басқармасы төрағасының құзыретіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мәселелермен қатар:

1) компанияларға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамын тікелей немесе жанама түрде компаниялар иеленетін өзге заңды тұлғаларға тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

2) барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қорға тиесілі компанияларға олардың қызметі мәселелері бойынша орындауы үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

3) осы Заңға және (немесе) Қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады.

12-бап. Қордың даму стратегиясы

1. Қордың даму стратегиясы елдің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес он жылға әзірленеді.

Даму стратегиясы Қордың қызметі бағаланатын негізгі көрсеткіштерді, сондай-ақ олар бойынша мақсатты мандерді қамтиды.

2. Қордың даму стратегиясының негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бағалау Қордың директорлар кеңесі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

13-бап. Ақшаны басқару

1. Қор барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) қорға тиесілі заңды тұлғалардың ақшасын басқару бойынша Қордың директорлар кеңесі бекітетін бірыңғай саясатты іске асырады.

2. Қордың тобына кіретін ұйымдар өзге ұйымдарға, оның ішінде Қордың тобына кіретін ұйымдарға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) беруге құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кредиттерді (қарыздарды) беру тәртібі мен шарттары Қордың директорлар кеңесі бекіткен ішкі кредит саясаты туралы ережелерде айқындалады.

14-бап. Жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелер

Жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелер Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында оларды қолданбай, Қордың директорлар кеңесі айқындайтын тәртіппен жасалады.

15-бап. Қордың тобына кіретін ұйымдардың өзге заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуы

1. Акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы компаниялардың еншілес ұйымдарының меншігінде болатын ұйымдар өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы емес.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережеден ерекше жағдайға Қор басқармасының шешімі бойынша жол беріледі.

Қор басқармасы Қордың тобына кіретін жекелеген ұйымдар үшін олардың өзге заңды тұлғаларды құруға қатысу және (немесе) өзге заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу тәртібі туралы үлгі ережені бекітуге құқылы.

3. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында акционерлік қоғамдардың дауыс беретін акцияларының отыз және одан көп пайызын сатып алудың "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртібі Қорға немесе дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамын тікелей немесе жанама түрде Қор иеленетін заңды тұлғаларға қатысты қолданылмайды.

16-бап. Мүлікке мемлекеттік меншікті оны қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге енгізу арқылы тоқтату

1. Мемлекеттік меншіктегі мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік меншіктегі мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қор меншігіндегі басқа мүлікке айырбастау арқылы қордың меншігіне берілуі мүмкін.

17-бап. Қордың тобына кіретін компаниялар мен өзге де ұйымдарды басқарудың жекелеген мәселелері

1. Қордың тобында барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен қорға тиесілі компания деңгейінде бірыңғай орталықтандырылған ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компания деңгейінде орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру туралы шешімді Қордың басқармасы қабылдауы мүмкін және бұл шешім өздеріне қатысты компанияның орталықтандырылған ішкі аудит қызметі өз функцияларын жүзеге асыруға құқылы болатын ұйымдардың жарғыларында көрсетілуге тиіс.

2. Компанияларда және (немесе) қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын тікелей не жанама түрде компаниялар иеленетін өзге ұйымдарда директорлар кеңестері құрылмауы мүмкін. Осы шешім тиісті қоғамның жарғысында бекітілуге тиіс.

Көрсетілген жағдайда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау қоғамдардың жарғыларында жалғыз акционердің құзыретіне енгізіледі.

3. Барлық дауыс беретін акциялары қордың меншігінде тұрған компанияның жарғысында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіретін мәселелер, жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді немесе оны жаңа редакцияда бекітуді, ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды, директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның мүшелерін сайлауды және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды,

сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар беру мөлшері мен шарттарын айқындауды, "алтын акцияны" енгізуді және оның күшін жоюды қоспағанда, көрсетілген компанияның директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

4. Барлық дауыс беретін акциялары қордың меншігінде тұрған компанияның жарғысында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелер, қызметтің басым бағыттарын айқындау, акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оны ішінде жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау; қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау; атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің шарттарын айқындау; ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің және сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау; бірлесіп басқару хатшысын тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ бірлесіп басқару хатшысының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және оған сыйақы беру шарттарын айқындау мәселелерін қоспағанда, көрсетілген компанияның атқарушы органының құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 96- IV Заңы бюджетке оқу орындарындағы бірлесіп басқару принциптерін енгізу бағдарламаларын іске асыруға мемлекеттік ақша салған.

Функционалдық топ			
	Әкімші		
	Бағдарлама		
		Атауы	Сомасы, мың теңге
	1	2	3
		II. Шығындар	3 569 925 441
		026 Жоғары оқу орындарындағы корпоративтік басқару принциптерін енгізу	64 516

Жоғарыда айтылғандардан біз байқағанымыз ҚР бірде-бір заңы «**корпоративті басқару**» түсінігін, не оның қызметін бермейді. Неге бұлай?

Бұл корпорация басқармасы екенін болжауға болады. Трансұлттық корпорация туралы конвенция (Мәскеу, 1998 жылғы 6 наурыз) 2 бап «трансұлттық корпорация» туралы түсінік береді «1. Тараптар «трансұлттық корпорация» түсінігімен заңды тұлға (заңды тұлғалардың жиынтығы):

- Екі және одан да көп тараптар аумақтарында ерекшеленген мүлік
- Екі және одан да көп тараптардың білімді заңды тұлғалары;
- Осы конвенцияға сәйкес корпорация ретінде тіркелгендер.

2. Осы конвенцияда «трансұлттық корпорация» түсінігі түрлі трансұлттық құрылымдарды енгізеді, оның ішінде қаржы-өнеркәсіп топтары, компаниялар, концерндер, холдингтер, біріккен кәсіпорындар, шетелдіктердің қатысуымен акционерлік қоғамдар және т.б.».

Бірлесіп басқару туралы айтқан кезде осыны көздей ме? **Жоқ!**

Мүмкін сөз нақты компаниялар туралы бола ма:

- «ТМД кілемдері» трансұлттық корпорацияның коммерциялық емес ұйымдары (ТМД кілемдері) трансұлттық корпорация құру туралы келісім) (Ялта, 1999 жылғы 8 қазан).

- «Сирена-3» халықаралық технологиялық корпорация («Сирена-3» әуе көлігінде тасымалдаушылармен басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру туралы келісімі) (Мәскеу, 1996 жылғы 12 сәуір).

- «Каспий», «Тобол» және «Батыс» корпорациялары (Қазақстан Республикасы Президентінің «Каспий», «Тобол» және «Батыс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының қызметін қамтамасыз ету және құру бойынша шаралар туралы» 2007 жылғы 17 қыркүйектегі № 407 Жарлығы (2008 жылғы 20 шілдедегі өзгертулермен) және т.б.

- Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация («Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 660 қаулысы).

Жоқ!

Корпоративті басқару дегеніміз не? Барлық субъектілер үшін қабылданғанды ҚҚА шындыққа қабылдауға бола ма?

Заңнама бізге осы сауалға жауап берген жоқ. Барлық субъектілер үшін корпорацияларды басқару дегеніміз түсініксіз, тіпті субъектілер дегеніміз кім?

Біз бір нәрсені дамытуымыз керек дейміз, ал тіпті ешнәрсені түсінбей- қайда барамыз, не әкелеміз! Ертегідей сияқты. Алайда біз баяғыдағы ертегі сияқты өмір сүрмейміз, басқарудың негізгі көзі құқықтық норма болып табылатын мемлекетте өмір сүрудеміз.

Біз елімізде қандай бірлесіп басқаруды сауатты дамытуды айтамыз, егер оның не екенін білмесек. Осы түсінік ең алдымен құқықтық деңгейде, яғни кез келген мемлекеттің және оның қатысушыларын басқару және экономикасы (резиденттер сияқты резиденттер емесі, заңды тұлғалар сияқты жеке тұлғалары да және т.б.) алдымен құқықтық негізге ие, яғни құқық бар деген сөз.

Ал құқық нормасы, ол: «нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі».²

2 кесте. Құқық дегеніміз не ?

ҚҰҚЫҚ	
1. Жиынтығы- жалпы қабылданған, анықталған тәртіп нормасы	2. қоғамдық қатынастарды реттеуші,
3. мемлекетпен белгіленген немесе санкцияланған ,	4. сақталуы мемлекетпен қамтамасыз етіледі,
5. таптың, элитаның, жеке тұлғаның еркін білдіреді	6. мазмұны - қоғам, топ мүдделері, элиталары, жеке тұлғалар және жалпы адамзат құндылықтарымен анықталады.

Бірлесіп басқаруды енгізу не үшін қажет?

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығы жауап береді-«мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсаты болып -**Корпоративті басқару принциптерін** енгізу арқылы мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру» болып табылады

Бірлесіп басқару меншікті тиімді басқару үшін қажет. Енді ештеп түсінікті.

«Корпоративті басқару» термині заңда жоқ болса да, субъектілер қатары үшін заңға тәуелді актілерде бар, алайда заңға тәуелді актілерде оның бірқатар қағидалары анықталғанына (оны нақты регламенттеу үшін) көңіл аударамыз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығында (жоғарыда) айтылған, халықаралық стандартқа сәйкес мемлекеттік холдингтердің қызметі мен олардың жұмысын ұйымдастыру үшін «Бірлесіп басқару принциптерін енгізу және мемлекеттік холдингтер қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік холдингтер осы мәселе бойынша жыл сайын желтоқсан айында есеп беруге міндетті.

Яғни, бірлесіп басқарудың бірінші принципі- компания қызметінің айқындылығы.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығында «Мемлекеттік холдингтер мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда олардың жұмыс нәтижелерін бағалау, тәуелсіз директорлар институтын және бірлесіп басқарудың басқа да принциптерін енгізу жолымен корпоративтік басқару жүйесін жетілдіретін болады»

Мемлекеттік холдингтерді тиімді басқаруды ұйымдастыру, олардың қызметін бақылау және олардың қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар енгізілетін, мемлекеттік холдингтерді дамыту тұжырымдамалары бекітілетін болады, мұның негізінде оларды дамыту стратегиялары қабылданады.

Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар және олардың еншілес (тәуелді) ұйымдары үшін корпоративті басқарудың үлгі кодексі бекітілетін болады.

Мемлекеттік меншікті оңтайландыру үшін мемлекеттік меншікті басқару саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған шаралар кезең-кезеңімен қабылданатын болады. Заңнамалық актілерге мемлекеттік кәсіпорындар қызметі салаларына және **стратегиялық** объектілерге байланысты мәселелерді реттеуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар дайындалатын болады.

Мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті және мемлекеттік холдингтердің, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталына және бәсекелі ортаға беруге ұсынылатын мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) және мемлекеттік кәсіпорындардың тізбелері айқындалатын болады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығында (жоғарыдан қара), халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттік холдингтер мен ұйымдар қызметі үшін «бірлесіп басқару принциптерін енгізу және мемлекеттік холдингтер қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету және мемлекеттік холдингтер жыл сайын желтоқсан айында осы мәселе бойынша есеп беруге міндетті

Сонымен корпоративті басқарудың тағы бірнеше принциптері белгілі:

- **жиынтығында компания басқарушыларының жұмыс қорытындысына баға беру міндеттемесі;**
- **компания басқармасына тәуелсіз директорлар институтын енгізу міндеттемесі;**
- **бақылаудың қажеттілігі;**
- **даму стратегиясының қажеттілігі;**
- **міндетті құжат ретінде бірлесіп басқару кодексінің қажеттілігі.**

Мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру және мемлекетке жататын активтер құнын ұлғайту үшін жаңа жағдайда әрекет етуге қабылетті мемлекеттік аппараттың қалыптасуы және мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялау қажет: кәсіби біліктілігін, тиімділігін арттыру және мемлекеттік аппарат қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету. Осы аппарат мобильдік және кәсіби болуы тиіс және **«бірлесіп басқару, транспарентті және қоғамға есеп беру принциптерінде»** әрекет етеді.

Тағы да принциптер:

- компания қызметіндегі басқару бөлімінің мобильдігі;
- басқарушының кәсіби біліктілігі;
- қоғамға есептілігі;
- транспарентті принципі

«Алдарына қойған міндеттерін жүзеге асыру барысында саяси шешімдерді қабылдауда министрлер мен әкімдердің дербестігі артады және соңғы нәтижелерге қол жеткізуде олардың жауапкершілігі күшейеді».

Үкімет бірлесіп басқару принциптері мен саяси және әкімшілік қызметтер арасындағы өкілдіктерін нақты шектеу негізінде менеджменттің жаңа жүйесін құру үшін қажетті құқықтық негіз құрайды. Бұл мемлекеттік орган қызметінің ішкі процесі мен мемлекеттік саясатты әзірлеу мәселесін бөлуге, оның ішінде мемлекеттік органдардың бас директорлары институтын құру жолымен өтуді болжайды. Үкіметтің ауысуына тәуелсіз мемлекеттік органдар аппараттары жұмыстарының **тұрақтылық механизмі** орнатылатын болады.

Мемлекеттік қызмет ерекшеліктерін оларды **нақты стратегиялық, жүйелі, іске асатын, бақылау және қадағалау**, сонымен қатар **мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейі арасын шектеу мен** тәсілі жасалып, енгізілетін болады. Осының есебінен жүйелік негізде мемлекеттік органдарға функционалдық талдау жасалады.

Үкімет мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдар қызметкерлерінің санын оңтайландыру бойынша жұмыстарды жалғастырады.

Әрбір мемлекеттік органға бірлесіп басқару принциптеріне негізделген және әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтары мен стратегиялық мақсаттарын анықтайтын дамудың стратегиялық жоспары қабылданды

Соңғы нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік органға үлкен дербестігін беру және олардың жауапкершілігін күшейту мақсатында бюджеттік қаржыны жоспарлау және пайдалану бойынша бюджеттік процедураларды жетілдіруге болады.

Стратегиялық даму жоспары аясында мемлекеттік қызметшілердің **біліктілігін арттыру және персоналдарды басқару бойынша** іс-шаралар қаралады.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің **тиімділігіне аудит және баға беру жүйесі**, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасына баға беру бойынша тұрғындардан социологиялық сұрау нәтижесі есебімен жасалып, енгізіледі. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін енгізгенге дейін мемлекеттік органдар қызметінің **рейтингтік бағасын** пайдалану мүмкіндігі қаралатын болады.

Мемлекеттік органдар қызметі, баға қорытындысы мен мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігінің аудиті туралы жыл сайынғы есебіне міндетті жариялау жолымен мемлекеттік органдар қызметінің **айқындылығы мен есептілігі** қамтамасыз етілетін болады.

Үкімет мотивацияны күшейту мен **олардың жұмыс қорытындыларына баға беру** есебімен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбек ақысы жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жалғастырады. Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы жеке меншікпен бәсекелестікке қабылетті деңгейге дейін кезеңмен артуына және олардың атқарған жұмыстарының тиімділігі мен кәсіби біліктілігіне байланысты болады.

Мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекет механизмін күшейту және мемлекеттік органдардың әкімшілік регламенттерін жасаумен **әкімшілік процедуралар бойынша** заңнама жетілдірілетін болады. Үлгілі мемлекеттік орган регламенті қабылданатын болады, оның негізінде әр мемлекеттік орган дербес регламент қабылдай алады.

Осыдан төмендегі принциптер шығады:

- олардың алдарына қойылған міндеттерді іске асыру барысында шешім қабылдайтын басқарушылардың дербестігін арттыру;
- соңғы нәтижелерге қол жеткізуге басқарманың жауаптылығын күшейту;
- менеджменттің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін қажетті құқықтық негіз міндеттемесі;
- қызметтер арасындағы өкілеттіктерді нақты шектеу;
- акционерлерге тәуелсіз компания жұмысының тұрақтылық механизмін енгізу
- қызметтің стратегиялық, реттеуші, іске асырушы, бақылаушы және қадағалаушы болып нақты бөлінуі;
- басқарманың түрлі деңгейлері арасындағы қызметтерді нақты шектеу;
- жүйелік негізде органдарға функционалдық талдау жүргізу;
- басқару құрылымын жетілдіру;
- қызметкерлер санын оңтайландыру, еңбек тиімділігі мен өнім шығарудың ұлғаюуы;
- әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтары, стратегиялық мақсаттарды анықтау мен дамытудың стратегиялық жоспарын қабылдау;
- қаржыны жоспарлау және пайдалану бойынша бюджеттік процедураларды жетілдіру;
- басқарушы органдар қызметі тиімділігінің аудиті мен баға беру жүйесін енгізу;
- қызмет тиімділігінің аудиті мен компания қызметі туралы жыл сайынғы есептерді жариялаудың міндеттілігі;
- мотивацияны күшейту және олардың жұмыстары нәтижелеріне баға беру есебімен қызметкерлердің еңбек ақы жүйесін жетілдіру.

Мемлекеттің осы бір маңызды мәселесін шешу үшін «Үкімет бағдарламасын іске асыруды құқықтық қамтамасыз ету» қажет, атап айтқанда алдағы міндет шығармашылық қызметтің жүйелілігі мен кешенділігі» мемлекетті дамыту стратегиясы контекстінде құқықтық іргетасын жаңартуға, оның ішінде бірлесіп басқару, нәтижелілігі, айқындылығы мен есептілігі принциптерінде мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін орнатуға шақырылған.

«Мемлекеттік емес құнды қағаздардың нашар ұсынысынан басқа инвесторлар үшін оның тартымдылық проблемасы бар. Бірлесіп басқарудың маңызды проблемасы болып халықаралық стандартқа жауап беретін жеткілікті айқындылықтың болмауы табылады».³ Сондықтан да бірлесіп басқару принциптері құнды қағаздармен жұмыс кезінде бірінші кезекте енгізіледі.

Акция нарығын дамыту мақсатында ұсынылады: Қазақстан Республикасының бірлесіп заңнамаларын жетілдіру жолымен, инвесторлар мұқтаждықтары мен мүдделеріне сәйкес келетін ақпаратты ашу тәртібін оңтайландыруға бағытталған іс-шараларды өткізу, қаржы есептілігінің Халықаралық стандартын енгізу; бірлесіп басқару саласында заңдылықты сақтаумен бақылау жүйесі мен қолданыстағы бірлескен заңнамаларды құру.

Мақсаты- корпоративті **басқару принциптерін енгізу** арқылы мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру. Міндеттері:

- мемлекеттік меншікті оңтайландыру;
- мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамда корпоративті басқару принциптерін енгізу

Сонымен қатар, халықаралық стандарт негізінде мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамды бірлесіп басқаруды жетілдіру бойынша жұмыстар жалғастырылады». ⁴

Адам ресурсын дамыту көзқарасынан бірлесіп басқаруды дамыту туралы мәселені қарау өте қызық. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығына сәйкес «мемлекеттік холдингтер түрінде ұлттық компаниялар құру бірлесіп басқару әдісіне ауысуды айтады. Бірлесіп басқару шығынды оңтайландырады, технологиялық және кадр саясатын өндіру, сала аясында кәсіпорын қызметін үйлестіруді іске асырады

Жоғарыда келтірілген мысалдар «корпоративті басқару» терминінің Заңда кездестірілмейтінін, оның анықтамасы термин мазмұны туралы нақты жеткілікті анықтама беретінін көрсетеді. Біздің пікіріміз бойынша, енді «корпоративті басқару» және Қазақстанның құқықтық алаңындағы басқа да байланысты ұғымдарға нақты түсінік беру қажет және тек осыдан кейін ғана, оның тамаша принциптерін және мәдениетін бірлесіп басқарудың өзін белсенді дамытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

¹ Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 2131 заңы

² Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 2131 заңы

³ Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 4 желтоқсандағы № 735 Жарлығы

⁴ Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2008-2010 жылдарға арналған әлеуметтік—экономикалық дамытудың орта жедел жоспары туралы» 2007 жылғы 29 тамыздағы № 753 қаулысы (2008 жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен)

15 тарау. Корпоративті басқару – демократия мектебі

С.А. Филин

Іскерлік әкімшілігі докторы

**«Біз мемлекеттік қызметті тұтынушылардың мүдделері барынша ескерілетін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасайтын боламыз. Мемлекеттік аппарат корпоративті басқару, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарының негізінде ең озық халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жұмыс істеуі тиіс»
«Мықты мемлекеттік билік пен демократия - антипод емес. Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды».**

**Қазақстан Республикасы Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына
«Жаңа Қазақстан – жаңа әлемде» Жолдауы
(Астана, 28 ақпан 2007 жыл)**

Қазақстан Президентінің сөзінен демократия мен корпоративті басқарудың арасында тікелей корреляция анықталған, ендеше оған нақтырақ үңгілейік.

Экономикалық Ынтымақтастық пен даму ұйымы төмендегідей тұжырымдама береді: «Корпоративті басқару компания басшылығының оның басқаруымен, оның акционерлерімен және басқа да ынта білдіруші тұлғалар арасындағы бірқатар өзара қарым-қатынасты енгізеді. Бірлесіп басқару, сондай-ақ компания мақсаты қойылатын құрылымын ұсынады, оларға қол жеткізу және қызметіне бақылау жасау үшін қаржыны анықтайды. Жақсы бірлесіп басқару компания мен акционерлер ынта білдірген, сондай-ақ тиімді бақылауға ықпал ететін мақсаттарға қол жеткізу үшін басқару мен басшылық үшін дұрыс ынталандыруды ұсынуы қажет.»²⁴

Бұл корреляция келесі түсініктерді салыстырумен қаралады:

- * Мемлекет- Акционерлік қоғам;
- * Азаматтар—Акционерлер;
- * Парламент – Директорлар кеңесі;

²⁴ Корпоративті басқару принциптері (Экономикалық Ынтымақтастық және даму ұйымы). 2004 жылы жасалған., Париж, Франция.

- * Президент – Директорлар кеңесінің төрағасы;
- * Премьер министр – Басқарма төрағасы;
- * Министрлер кабинеті – Басқарма;
- * Парламент Комитеттері – Директорлар кеңесінің комитеттері;
- * Референдум – Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі;
- * Заң – Директорлар кеңесінің шешімі;
- * Азаматтықты ауыстыру – акциялар сату;
- * Азаматтық алу – инвестиция.

Сірә, салыстыру үшін басқа да жұптарды табуға болады. Алайда осындайлар бірден байқалатынына келісетін шығарсыз. Енді демократия мен диктатура арасындағы негізгі айырмашылықты анықтайық.

Демократия (от греч. *demos* — халық және ...кратия) — билік көздері ретінде халықтың тануына негізделген қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысының түрі. Бұл халықтың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге шақыратын елдегі саяси тәртіпті, қоғамның әлеуметтік және саяси ұйымдарының жетекші түрі, адам мен адамзат құқының ажырамауы, азшылықтың құқын қорғау кезінде көпшіліктің билігі.²⁵

Демократия – азаматтарға саяси шешімдер қабылдауға қатысуға құқық беретін және орталық пен жергілікті билік органдарына өздерінің өкілдерін сайлайтын қоғамдық - саяси жүйе.

Диктатура (лат. *dictatura*) – диктатор, қолында шексіз билігі бар адам.

Демократия диктатура кезінде тек декларация береді, бірақ жұмыс жасамайды.

Жеке бостандығын қатаң шектеумен қатар, биліктегі шектеулерді жою жүргізіледі. **Диктатура** — мемлекетте билікті демократиялық әдістермен ғана емес, өктем саяси тәртіппен жүргізеді.²⁶

Басқарманың демократиялық жүйесі әдет-ғұрыптар, институттар мен рәсімдердің жиынтығынан тұрады, осылардың негізінде өкімет күнделікті шешім қабылдайды және де төмендегі сауалдарға жауап береді:

- Азаматтар мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қалай және қандай деңгейде қатыса алады?
- Басқарма мемлекеттік қызмет жұмысы мен мемлекеттік ресурстарды басқаруды қаншалықты тиімді жүзеге асырады?
- Мемлекеттік билікті теріс пайдаланушылыққа қалай қарсы тұру керек?
- Мемлекеттік шенеуніктер өз жұмыстарына қаншалықты жауап береді?

²⁵ <http://ru.wikipedia.org/>

²⁶ <http://ru.wikipedia.org/>

• Мемлекет азаматтардың арызына қандай шаралар қолданады?
 Демократиялық басқарудың дұрыс механизмы толық қанды демократиялық жүйені қалыптастыруға көмектесе ме?¹

Ол мынада (1 кесте).

1 кесте. Демократия мен диктатураны салыстыру

	Демократия	Диктатура
1. Сайлаулы	Заңдық билікке сайлауға заңмен анықталған жасқа жеткендер және еңбекке жарамды қатысады	Заңдық билік немесе түрлі әдістермен беріледі немесе заңды тағайындалады
2. Билікті бөлу	Заңдық, атқарушы және сот билігін бөлу қағидасын қатаң сақтау	Заңдық, атқарушы және сот билігі бір адамға немесе азшылыққа жинақталған
3. Шешім қабылдау	Атқарушы биліктегі шешімдерді жеке өзі қабылдау, заңдар туралы шешімдерді топтық түрде қабылдау (дауысқа салу)	Заңдар, жеке шешімдер, олардың орындалуы туралы және орындалуының заңдылығы туралы

Сонымен, диктатура кезінде бір тұлға ойын тәртібі туралы шешім қабылдайды (заңда), олардың орындалуы туралы және орындаушыларға бақылау жүргізеді. Демократия кезінде Заңдық билік сайланады, ол атқарушыны тағайындайды және оны бақылауға алады. Мұнда тәуелсіз сот билігі бар, заңмен жасалған ойын тәртібін атқарушы биліктің орындауына бақылау жасайды.

Егер жоғарыда келтірілген мәтіндегі «акционер» деген сөзді «азамат» деген сөзге, Директорлар Кеңесін-Парламентке ауыстыратын болсақ онда мұндай мемлекет азаматтарды тартар еді, өзіміздің азаматтарымыз басқа мемлекетке, ал басқа мемлекеттің азаматтары осы елдің азаматтығын алуға құштар болмас еді.

Енді біз демократиялық басқару принциптері мен бірлесіп басқару принципін, оған бірлесіп басқаруға жатпайтын мысалдарды салыстырумен әбден салыстыра аламыз. Талқылау үшін негіз ретінде демократиялық мемлекеттің негізгі белгілерін аламыз. (3 кесте)

¹ Economic Reform. Issue paper. - Center for International Private Enterprise. - №. 0405. – 22.01.2004. – P.4

2жесте. Демократиялық басқару мен корпоративті басқаруды салыстыру

Демократиялық басқару	Корпоративті басқарудың дұрыс тәжірибесі	Корпоративті басқарудың тиісті емес тәжірибесі
Заңмен белгілі бір жасқа толған еңбекке жарамды барлық азаматтардың заң шығаратын органға сайлануы. Тұрғындар мемлекеттік билікті тіке (референдумда азаматтар өз өмірлерінің маңызды мәселелері бойынша тікелей шешім қабылдайды) және өкілдік демократияны (халық өзінің билігін олардың сайлаған билік өкілдері арқылы жүзеге асырады) іске асыруға қатысады. Шешім азшылықтың мүддесі есебімен көпшілік дауыспен қабылдау	Акционерлердің жиналысына акционерлердің қатысуы және олардың компания қызметі туралы аса маңызды шешім қабылдауы Директорлар кеңесі мүшелерінің сайлануы (ДК) және миноритарлық акционерлердің пікірі есебімен акционерлер жиналыстарының шешімдерін қабылдау Нақты тәуелсіз директорлардың міндетті болуы	Акционерлердің бірқатар топтары үшін акционерлер жиналысына қатысу үшін мүмкіндіктер жоқ. Сайлаушылық қалып бойынша, бірақ ДК мүшелерін нақты тағайындау Миноритарлық акционерлер пікірі есепке алынбаған. Шын мәнісіндегі аффилиирленген директорлардың тәуелсіз ретіндегі сайлауы
Заңнамалық, атқару және сот биліктерінің бөліну принциптерін қатаң сақтау атқарушы билікті иеленушілердің жеке пікірінен Заңның басымдылығы	ДК мүшелерін сайлау. Атқарушы билікті тағайындау. Мажоритарлық акционерлердің жеке пікірінің Директорлар кеңесіне және атқарушы органға ықпалын реттеу	Компанияның атқарушы органына және мажоритарлық акционерлердің ДК тікелей, тура және реттелмеген ықпалы. Аффилиирленген сыртқы аудиторды жалдау
Мемлекеттік билік пен басқарма органдары	Акционерлер жиналысы мен ДК ғана компанияның	Компанияның атқарушы органдарының

¹ http://www.kazsu.kz/do/plecture/urist_tgp/06.htm.

² <http://ru.wikipedia.org/>

<p>аппараттарының қатардағы құрамын (саяси емес) сотты және прокуратураның мемлекеттік қауіпсіздік органдарын, полиция және армияны деполитизациялау және депортизациялау</p>	<p>атқарушы органдарына қарайды</p>	<p>акционерлердің жекелеген топтары мен басқа да ынта білдіруші тұлғалардың мүдделері туралы есеп.</p>
<p>Өкілетті органдар алдында атқарушы билік шенеуніктерінің жауапкершілігі. Атқарушы билікке, армияға, полицияға, мемлекеттік қауіпсіздік органдары мен басқа да қарулы құрылымдарға азаматтық, қоғамдық және парламенттік бақылау</p>	<p>ДК алдында атқарушы органдардың жауапкершілігі. ДК мен компанияның атқарушы органдарының қызметі туралы ақпарат алуға акционерлердің мүмкіншілігі және өз акцияларын еркін сатуға мүмкіндік беретін ДК шешімдері, акционерлер жиналысының шешімдері арқылы оларға әсер етуі.</p>	<p>ДК бақылауынан атқарушы органның және акционерлердің, бақылаудан ДК шығуы. Атқарушы органның компанияға өз меншігі ретінде қарым-қатынасы. Өз акцияларын сату кезінде акционерлерге кедергі жасау</p>
<p>Билік және басқару органдарының қызметі туралы дұрыс, толық және әділ ақпаратты еркін алу және таратудағы азаматтың құқығы</p>	<p>ДК мен компанияның атқарушы органдары мен жалпы олардың жұмыстарының қорытындылары туралы дұрыс ақпарат алуға акционерлер үшін мүмкіншілік пен құқық</p>	<p>Атқарушы органдар мен ДК мүшелері үшін акционерлерді жеке жағымсыз шешімге итермелейтін компания қызметі туралы ақпаратты атқарушы органдар мен /немесе ДК жасыруы</p>
<p>Азаматтар заңмен тыйым салынбаған кез келген қоғамдық мекемелерге, топтарға, одақтар мен саяси партияларға еркін кіруіне құқылы</p>	<p>Акционерлер өз дауыстарын пайдалы іс жүргізу үшін акционерлер мен ДК жиналыстары арқылы оларға шешімдер қабылдау</p>	<p>ДК мен атқарушы органдар тарапынан акционерлердің дауыстарын біріктіруге кедергі келтіру. Жекелеген акционерлерге пайдалы</p>

		шешімді акционерлер жиналысының шешімі арқылы өткізу үшін акционерлердің сенімі үшін күрес жүргізу
Соттың тәуелсіздігі мен турашылдығы	Сыртқы аудитордың тәуелсіздігі мен әділдігі. Басқармада қатысатын акционерлер немесе мажоритарлық акционерлер мен атқарушы органдардан ДК аудиті бойынша комитетінің тәуелсіздігі	Аффилириленген сыртқы аудитор. Жекелеген акционерлердің, атқарушы органдар немесе ДК есепті бағалаудағы тілектеріне «келісім беретін» аудитор.
Азаматтардың еркін өз пікірлерін білдіруі	Акционерлер жиналысында талқылау үшін сұрақтар қоюға акционерлерге еркіндік беру	Акционерлер жиналысында талқылау үшін сұрақтар қоюға (әсіресе миноритарлық) акционерлерге кедергі келтіру
Заңды қатаң сақтау.	Компания жұмыс істейтін мемлекет заңдарын қатаң сақтау Корпоративтік басқару кодексі мен басқа да АҚ реттеуші құжаттарын, акционерлердің жиналыс шешімдерін, ДК шешімдерін қатаң сақтау	Сыбайлас жемқорлық бұзылуы туралы мемлекет заңдарын, АҚ құжаттарын реттейтін Бірлесіп басқару тәртібіне қалай болса солай қарым қатынас Атқарушы органның акционерлердің және ДК жиналыстарының шешімдерін атқарушы органдарының орындамауы
Саяси партиялар кандидаттары мен	ДК мүшелерін сайлауға	ДК сайлау мен акционерлердің

олардың қозғалысы және олардың бағдарламаларының нақты тең құқығы мен жарысуын қамтамасыз ету кезінде жалпыға бірдей, тең және нақты сайлау құқығы	акционерлердің қатысуы үшін ыңғайлы жағдайы мен тең мүмкіншіліктермен (меншікте) (үлеспен сәйкес құқығын) қамтамасыз ету	жиналысына қатысуға мүмкіндік бермейтін акционерлердің бірқатар топтарына әдейілеп жағдайды жасау
Экономикалық қызметтің заңымен тыйым салынбаған еркіндікке құқығы мен оның дербес құқықтығына кепілдік, жеке меншігіне құқығы	Акционерлердің жеке меншігі құқығын сақтау, осы құқықтарды қорғау. Акционерлердің меншігін сақтау және көбейту туралы қамқорлық	Басқалардың құқығын бұзу есебінен бір акционерлердің жағдайының өсуі немесе ДК және/немесе акционерлер есебінен атқарушы органдар мүшелерінің жағдайының өсуі
Азаматтар мен адамдардың құқығы мен еркіндігін нақты қамтамасыз етеді және жариялайды.	Ерекшелік ретінде барлық акционерлердің құқығы қамтамасыз етіледі және жарияланады.	Кейбір акционерлер топтарының құқықтары сақталмайды.

Өткізілген талдаудан байқалғаны демократиялық мемлекетті және компанияларды корпоративтік басқарудағы тікелей ұқсастық корпоративтік басқару тәжірбесінде де қолданылуда.

Енді корпоративтік басқару неден құралады, соны қарайық.

Бірлесіп басқарудың негізіне жататындар

* Акционерлердің құқығын сақтау;

* Акционерлерге тең қарым-қатынас;

* Ынта білдіруші тұлғалардың ролін есепке алу;

* Компания туралы ақпараттарды ашу

* Акционерлер мүддесіндегі Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру;

АҚ жарғысында айтылғандай және ел Конституциясына сәйкес мемлекет азаматтары тегіне, әлеуметтік, гендерлік және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына және тағы басқа белгілеріне қарамай мемлекет және мемлекеттік органдар тарапынан тең қарым-қатынасты және өз құқықтарын сақтауды талап етуге құқылы.

Мұнда Мемлекет, Президент, Парламент және билік органдары атынан халықаралық келісімдер, сонымен қатар түрлі халықаралық қоғамдық ұйымдар бойынша әріптестер болып табылатын ынта білдіруші тұлғалардың мүддесімен есептесуге міндетті.

Мемлекет, АҚ сияқты сыртқы инвестицияның түсуіне мүдделі, яғни ел имиджін инвесторлар үшін тартымды етіп қалыптастыру, өзі туралы ақпаратты ашуға міндетті.

Ал, Мәжіліс пен Сенат өздерін тікелей немесе қосымша сайлайтын азаматтардың мүддесіне орай жұмыс істеуге міндетті.

ОЭРС корпоративтік басқару принциптері 3-ші кестеде келтірілген.

3 кесте Корпоративтік басқару принциптері

Есептілігі	Адалдық-әділеттілік	Ашықтық-жариялылық	Жауапкершілігі
<p>*Директорлар Кеңесіне басқарманың есептілігін қамтамасыз ету</p> <p>*Кеңестің акционерге есептілігі</p>	<p>*Акционерлер құқығын қорғау;</p> <p>*Акционерге оның ішінде миноритарға әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету;</p> <p>*Акционерлер құқығын бұзуды жою бойынша әрекет ететін шаралар қабылдау</p>	<p>*Барлық маңызды мәселелер бойынша ақпаратты дер кезінде және дұрыс ашуды төмендегілерді қосып қамтамасыз ету:</p> <p>*Қаржы жағдайы;</p> <p>*әрекет нәтижесі;</p> <p>*меншік құқығы;</p> <p>* басқару</p>	<p>*Акционерлер мен ынта білдіруші тұлғалардың заңдық құқықтарын тану</p> <p>*Қаржы сәттілігі, жалға алу және тұрақтылық мәселелерінде ынта білдіруші тұлғалармен (оның ішінде акционерлермен) және компания арасындағы ынтымақтастықты қолдау</p>

3 кестеге ұқсас бойынша мемлекет үшін демократиялық басқару принциптерін қалыптастыруға болады. Осыны жасайық (4 кесте).

4 кесте. Мемлекеттік басқару принциптері

Есептілігі	Адалдық-әділеттілік	Ашықтық-жариялылық	Жауапкершілігі
<p>*Парламентке Үкіметтің есептілігін қамтамасыз ету</p> <p>*Парламенттің сайлаушыларға есептілігі (азаматтарға)</p>	<p>*Азаматтар құқығын қорғау;</p> <p>*Азаматтарға әділ қарым-қатынасты алаламай қамтамасыз ету;</p> <p>*Азаматтардың құқығын бұзуды жою бойынша әрекет ететін шаралар қабылдау</p>	<p>*Барлық маңызды мәселелер бойынша ақпаратты дер кезінде және дұрыс ашуды төмендегілерді қосып қамтамасыз ету:</p> <p>*Қаржы жағдайы;</p> <p>*әрекет нәтижесі;</p> <p>*азаматтар құқығы;</p> <p>*мемлекетті басқару</p>	<p>*Халықаралық келісімдер мен шарттар бойынша азаматтар мен ынта білдіруші тұлғалардың заңдық құқықтарын тану</p> <p>*Еліміздің экономикалық және қаржылық сәттілігінің ұлғаюуы, депутаттар сайлауы мен еліміздің экономикалық тұрақтылығында, үкіметтегі тағайындаулар мәселелерінде, ынта білдіруші тұлғалармен (оның ішінде азаматтармен) және мемлекет арасындағы ынтымақтастықты қолдау</p>

Әрине, азаматтардың жоғарыда келтірілген принциптер қамтамасыздандырылған мемлекетте өмір сүргісі келетіндігі сөзсіз.

Қазақстанда осындай корпоративтік басқару принциптері сияқты көзқарастар мемлекеттік басқаруда да енгізілуі үшін көп нәрсе жасалуда. Оның мысалы «электрондық үкімет» болып табылады, оның идеясы тұрақты дамуда. Көптеген жоғары деңгейдегі, мемлекеттік шенеуніктер, олардың қатарында, Премьер-министрде бар, өздерінің сайттары мен блогтарын ұйымдастырған.

Бүгінгі күні корпоративтік басқару туралы сөз мемлекетті басқару деген контекстінде неліктен маңызды?

Кеңестік дәуірден кейінгі кеңестіктегі елдер өтпелі кезеңде тұр. Бұл тек экономикаға ғана қатысты емес, бұл басқарудың тоталитарлық әдісінен демократиялық әдісіне өтуі.

Кеңестер Одағы және АҚ өзінің түрі бойынша нағыз демократиялық деп айтуға болады. Тек түрі ғана. Кеңестер Одағында, ал көптеген АҚ сайлаушылар (акционерлер) мен Жоғарғы кеңес (Директорлар Кеңесі) және

Министрлер Кабинеті (атқарушы органдар) арасындағы қарым-қатынастарда үстемдік танытуда. Сондықтан да халықты олардың еркіне көп нәрсе байланысты емес екеніне үйретті. Халық сол себептен де, көптеген миноритарлық акционерлердің акционерлер жиналысына қатысуға асықпайтыны сияқты, көбіне сайлауға да асықпайды. Бұл психологиялық-әлеуметтік аспекті. Егер азаматтар демократиялық басқаруды түрі бойынша емес, мағынасына қарай талап етуге дайын болмаса, онда биліктің де демократиялық әдістерді түрі бойынша емес, мағынасы бойынша басқаруға ынтасы болмайды. Ал еліміздің көптеген азаматтары үшін билікке ықпал ету мүмкіндігі алыстағы абстрактылы және мүмкін емес нәрсе әбден болуы мүмкін.

Олардың жеке «қалталарына» қатысты басқа жағдай екендігі түсінікті. Мұның өзі болса, нақты іс әл-ауқаты тікелей компания қызметінің нәтижесіне байланысты және оларды инвестициялаған азаматтарда осы компанияларды басқаруға ықпал етуге және түрі бойынша емес мағынасы бойынша корпоративтік басқаруды енгізуге қол жеткізу туралы ынтасының шұғыл пайда болуы мүмкін.

АҚ органына ықпал етуді үйренген акционерлер өзіне қатысты демократия принциптерін пайдалануға қол жеткізуді де үйренеді. Келесі жолғы табиғи қадам билік органдарының нақты тәртібін өзгертуге бағытталған әрекеті мен ынта және елімізді басқаруда басқарудың демократиялық принциптерін әрі жетілдіруге бағыттау болып табылады.

Сөйтіп, акционерлік қоғамдағы корпоративті басқару принциптерін енгізу және дамыту акционерлер үшін мемлекеттік демократия мектебі болуы мүмкін және болады да.

Талқылау үшін берілетін сұрақтар:

1. Демократия дегеніміз не?
2. Демократияның корпоративтік басқарумен ара қатысы қандай?
3. Демократияның түрі мен түсі бойынша қандай айырмашылық бар?

1. Оқу кейсі. Супермаркеттер жүйесінің өсу қиыншылықтары¹

А. Саматдин
Іскерлік әкімшілігі докторы

Кіріспе

Супермаркеттердің өзіне тән «ерекшелігі» болуы тиіс. Бүгінгі күні Қазақстан нарығында және Алматыда, атап айтқанда супермаркеттер жүйесі жеткілікті. Алайда, олардың ешқайсысы тұтынушылар пікірінше «менің супермаркетім» имиджі деген атаққа ие болған жоқ. Анығырақ айтқанда, мәселе Алматы қаласының басқа ауданына немесе Қазақстанның басқа қаласына барса іздеуге тұрарлық супермаркет туралы болып тұр.

Мәселен, осындай «халықтық» имиджге Швейцарияның "Tesco", Ұлыбританияның "Safeway" н "Sainsbury", Германияның "Aldi " и "Lidl и "Metro, аса үлкен гипермаркеттер жүйесінің бірі Carrefour және басқалары ие.

Мысалы, "Aldi" неміс жүйесінің бір өнегелі ісін үйренуге болады, жүйе орташадан төмен, қатардағы тұтынушыларға арналған. Бұл компания тауарларын басқа бәсекелестерге қарағанда төмен бағамен сатады, барлығын үнемдейді, мысалы қорабына (сапасына зияны келмейді) қарасаң негізсіз қымбат болып көрінуі де мүмкін. Жүйе сауда алаңдарының аумағын кішірейтіп, соның есебінен жалға алу төлемдерін қысқартады. Шығынды дұрыс үнемдеудің нәтижесі тұтынушылар үшін бағаның төмендеуіне ықпал етуде. Соның нәтижесінде, "Aldi" дисконтты супермаркеттер жүйесі—Германиядағы ең ірі және танымал супермаркеттердің біріне айналып, оны қоғамның барлық тобының өкілдері ұнатады, тіпті ауқаттылардың өзі онда жүйелі түрде барып, сауда істегенді өздеріне ұят деп есептемейді.

"Aldi" империясының әлемде 6.000 мыңнан астам супермаркеттері бар және әкімшілік бойынша екі салаға бөлінеді: “Aldi Солтүстік” және “Aldi Оңтүстік”. Екі «жарты саланың», есте ұзақ сақталатын өздерінің фирмалық логотиптері бар. Дүкендердегі басқару жүйесі қатаңдау болса да, көпшілік талабынан шығуда. Мысалы, дүкен директоры аптасына бір рет сатушы қызметін атқарады. Мұның өзі компания басшылығына тұтынушылардың көбіне нені қалайтындарына, ал қызметкерге компания үшін өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді. «Бұл корпоративтік күшті нығайту тәсілі»- дейді супермаркет басқарушыларының бірі.

Автордың “Aldi”баға саясатының тиімділігіне жеке көз жеткізуіне қолайлы сәт туды. Туристік сапар кезінде Германия қалаларының бірінде бірнеше дүкендерді аралап, алғашқы сауда палаткасындағы туристік жабдық заттарының бағасы – 199 евро, екіншісінде-163 евро тұратындығына көз жеткізді. Ал

¹ Кейс бірқатар компаниялар жұмысын үйрену негізінде жасалған, оқу сипатында және бірде бір нақты жұмыс істейтін жүйелерге ешқандай қатысы жоқ.

үшіншісінде (сапасы алдыңғылардан бірде бір кем емес) 56 еуродан ұсынды. Адамдар оны ыстық күлше тәрізді бірден сатып алып жатты. Неміс дүкендеріндегі мұндай акцияларды «Angebot» деп атайды

Компания тарихы

Қазақстандық ірі компаниясы, оны «XXX» деп атайық, отандық нарықта 16 жыл жұмыс жасайды. Ол өз жұмысын 1993 жылы Қазақстанда шаруашылықтың жаңа түрінің қалыптасуы кезінде бастады. Алдымен компания жеке кәсіпорын ретінде тіркелген және бизнесті жүргізуге сол кезде қалыптасқан жағдайды пайдаланды, яғни халық тұтынатын тауарларды (киім, азық-түлік) тасымалдады, бір тауарды екіншісіне ауыстырды, «вагонмен бидай, бөшкелермен апельсиндер жіберді», бір сөзбен айтқанда ақша табу үшін кез келген мүмкіншілікті пайдаланды. Бір құптарлығы, оған тауар тапшылығы, тұтынушылар өнімінің сапасы мәселесіндегі білімсіздік, жалпы алғанда ешнәрсенің байыбына бара алмау және өтпелі кезең шиеленісі ықпал етті. Уақыт өте «XXX» компаниясы бағалы іскерлік тәжірибе жинақтап, біртіндеп басқару негізі қалыптасты, қаржы-шаруашылық операцияларына есеп жүргізу жүйелері енгізілді. Компания рынокта өз қызметінің өзекті саласын белгіледі. Бұл біз күткендей халық тұтынатын тауарлар, азық-түлік, киім-кешек, тұрмыстық заттар.

Кейіннен компания туысқандық белгілермен байланысты жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып, содан кейін серіктестік акционерлік қоғам болып қайта құрылды. Бұл негізгі иеленушіге инвестицияға акцияны дамуға арналған эмиссия арқылы тарту тартымды идея болып көрінуімен байланысты.

Кейіннен ол осы «уақытша» идеядан бас тартты.

Компания өзінің алғашқы супермаркетін 10 жыл бұрын ашса да, оның қала бойынша қазіргі саны 15-тен аспай тұр.

Басты акционер, әрі директорлар кеңесінің төрағасы және акцияны бақылау пакетінің иегері, яғни бейнелі түрде айтқанда «бульдозері», компанияға жолды өзінің үлкен байланыстарының арқасында ашты. Басқа екі мажиторлық акционерлердің, іскер ортада беделдері жоғары, дегенмен, олар артық тәуекелге бара алмайды.

Істі жаңа форматта жүргізу нақты ұйымдастыру құрылымын құруды талап етті. Компанияда басқару иерархиясы құрылды: бірнеше басқармалар түрлі бағыттағы компания бизнесін бақылайды. Орташа менеджмент түрлі кәсіптегі мамандармен толықтырылған: технарлармен және экономистермен және т.б. олардың әрқайсысы компания үшін ерекше білім мен дағдыларға ие.

Директорлар кеңесінің төрағасы мен Президент атынан жоғарғы менеджмент (жалғыз атқарушы орган), басқарма алдында стратегиялық бағдарды қойды, оның маңыздылығы компанияның таяудағы бес жылда бірнеше фирмалық супермаркеттер ашуында болса керек.

Алайда, алға қойылған міндеттерге қарамастан жаңа супермаркеттер ашу туралы сөз қозғау мүмкін емес. Сонымен қатар, компанияда сатылым тұрақты деңгейі бір көлем айналасында шайқалуда.

Компания маркетингтары ағымдағы жылдың үшінші тоқсанының алғашқы айларында фирмалық супермаркеттердің түсімі өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 17 пайызға төмендегенін есептеп шығарды.

Компания басшылығы «ештеңетпейді, бұдан да өтеміз» өздерін жұбатып, кәсіпкерлерді келесі тоқсанда бестселлер тауарларға бағаны көтеріп қуып жетіп, есесін толтырамыз деп ойлайды.

Мақсатқа қол жеткізу үшін компания тұтынушылар және қызметкерлерге қатысты мәселелерде үнемділік әдістерін тым ширықтырып жібереді. Жаздың ыстық күндері сауда алаңдарында электр энергиясын үнемдеу мақсатымен кондиционерлер жұмыс істемейді. Сонымен қатар, сүт өнімдерін сақтайтын тоңазытқыш камералары мен сөрелерде көбіне қажетті температура ұсталмай, сүт өнімдері тез бұзылып, нәтижесінде бұл тұтынушылардың наразылығын тудыруда.

«XXX» шетел супермаркеттері жұмыстарының бірқатар принциптері оларды тереңдетіп түсінбей көшіріп алған, олар ашық көрнекі тауарларды сөреге қойса болды, олар сатыла береді деп ойлайды. «XXX» компаниясының штаб пәтері орналасқан Алматы қаласындағы тым тығыз бөлшек сауда саласынан бастайық: түрлі деңгейдегі адамдарға есептелген супермаркеттердің толық жүйелері бар Ramstore, SM Market - Gross, Skif Sauda, Cash and Cary, Пятёрочка, Оптима 7'я және т.б. Тіпті таяуда қаржы-экономикалық дағдарыс кезінде аса маңызды немістің Aldi и Lidl менеджменті мен бағаның құрылуы бойынша осыған ұқсас Magnum және Арзан көтерме супермаркеттері пайда болды. Сонымен қатар, Алматыда көптеген базарлар, шағын базарлар және отбасылық азық-түлік дүкендері бар.

Бәсекелестік өсуде, тұтынушылардың көбі сүтті, сұйық майды, қантты, ұнды, кір жуатын ұнтақты бағасы төмен бәсекелестерден алуға тырысады. Әсіресе кейінгі кезде бәсекелестік әрекеті компания иелерінің намысына тиіп, күрделілік тудыруда. Қалай болса да өздерінің супермаркеттерінің жүйесін кеңейту қажеттігі төңірегіндегі идея оларға маза бермейді. Құрылтайшылар мен менеджменттердің бірлескен кеңесінде сату көлемі мен имидждің төмендеу себебін анықтауға деген ұмтылыс та болды. Менеджерлер мен бірқатар жас құрылтайшылар оперативтік-тактикалық сияқты, стратегиялық басқаруға жаңа көзқарастар қолдануды ұсынды. Мысалы, үлгі ретінде Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы бөлшек сауда жүйелерін алу. Мажоритарлық акционер компаниядағы акцияның 60% үлесіне иегер ретінде бұл идеяға аса қауіппен қарады. «Артық шығын не үшін керек?». Компанияның ағымдағы жағдайы оның көңіліне қонады және ол тұтынушы кетпейтігіне сенімді.

«XXX» компанияның типтік супермаркеті алаңы орташа есеппен 100 шаршы метр бір сауда залынан тұрады. Тауарлар сөреде немесе еденде ерекше

тәртіппен қойылған. Кондитер, ет, шұжық бөлімдері бар. Барлығы бәсекелестерінің дүкеніндегідей тұтынушыларға – нан, шай, қант, үн, сұйық май, тұшпаралар және сүт өнімдері ұсынылады. Олардың кейбіреулерінің бағасы айдан айға өсуде. Кейде сатушылардың өзі кейбір тауарлардың бағасын естеріне сақтай алмай қалады.

Компания дүкенінде айқын бейнеленген имиджі жоқ. Бұл «XXX» компаниясы супермаркеті екені көбіне баяғыдан жуылмаған терезедегі көмескі жазудан ғана көруге болады.

Сатып алушылар сатушылар жағынан дәрежелікті жиі естиді.

Өсу қиыншылықтары

Компания өсуінің сырқаты немен білінеді? Ол ең алдымен компанияның классикалық үлгісіндегідей: онда қожайындар баяғыда иеленген атақтарына қанағат тұтып, мәз болып отыра береді.

Отандық тұтынушылар сапа мәселесіне жылдан жылға талғампаздық танытып, оған көп көңіл бөлуде, оларды жоғары бағалайды. Дегенмен, компания иелері мұны елеп ескермейді. Бүгінде стратегиялық жоспарларды жүзеге асыру жолындағы басты тежеуіш-компания иелерінің өзі екенін үлкен сеніммен айтуға болады. Озық менеджерлер ұсынатын бағдарламалардың өсуі мен құрылтайшының өзекті мүдделері арасындағы сәйкессіздік айқын көрінеді. Бақылау пакеті акциясының иелері тәуекел мен кірістің ара қатынасын бірден және ұзақ мерзімге орналастырылған деп есептейді. Бірақ, супермаркеттердегі сауда көлемі төмендеуде, компания имиджі нашарлауда- сөйтіп жағдай мәз емес десе де болады. Мүмкін, компания стратегиясын ауыстыру керек шығар.

Компаниядағы күрделіліктің неліктен ұлғайғанын түсінбеген бас акционер, ең алдымен оған басқарушыларды кінәлады. Алайда, осы жағдайдың ақ-қарасын анықтау үшін ол кеңесшіні шақырды. Акционер сөйтіп компания супермаркетінің стратегиясын қайта қарау қажет деп шешті. Кеңесші компанияға тексеріс жүргізіп, төмендегілерді анықтады:

Менеджменттің ұсынысы

Бір бөлігі компания акционерлері болып табылатын басқарушылар жүргізілген сауалдамалардан төмендегідей пікір белгілі болды:

1. Компанияға өз дүкендерін бағалары арзан сауда орыны ретінде көрсетуі қажет. Бұл әр тиынын үнемдейтін кейбір алматылықтар үшін олардың жүректеріне жол табудың өзекті тәсілі және олар сатып алушылардың үлкен армиясын құрайды. Қалталары қалың тұтынушылардың сеніміне ие болуға тырысудың қажеті жоқ, олардың үлесі Алматыда айтарлықтай мол емес, олар жүйелерді емес жекелеген қымбат дүкендерді пайдаланады. Сөреге бағасы жоғары ешкім алмайтын құны \$ 50 жоғары тұратын алкогольдік ішімдіктерді

қоюдың мәні жоқ. Үлкен алаңдардан қымбат бағалы ішімдіктерден босату арзан тауарларды қоюға арналған сауда алаңдарын пайдалануға мол мүмкіндік береді. Мажоритарлық акционердің пікірінше, супермаркеттерде «бәсекелестерден кем түспеу үшін» майонезден бастап қымбат ішімдікке дейін барлығы болуы керек.

2.Бас акционер менеджменттің пайдалы бастамаларын жоқ қылатын шешімдерді қабылдаған өзінің авторитарлы стилін қайта қарауы тиіс. Негізделген шешімге ауысуы керек. Ол үшін акционерлерге, менеджерлерге және қатардағы қызметкерлерге үнемі оқып үйренген жөн.

3.Нарықтағы жұмыс істеген жылдары «XXX» супермаркеті іс жүзінде тұрақты имиджін құра алған жоқ. Сол себептен де имиджбен жедел шұғылдануы тиіс. Мерчандайзинг, сэмплинг, дисплейлі және түрлі жарнама акцияларын енгізе отырып, жүйелерді жылжыту құралдарын белсенді пайдалануы керек.

4.Бас құрылтайшыны жеке өзі қанша ақша алатындығы ғана ойландырады. Алған ақшасын ол басқа бизнеске жұмсайды, ал мұнда дамуға қаражат жоқ, сатып алушы бәсекелестерге кетеді.

5.«XXX» компаниясына халықаралық жетекші супермаркеттер жүйелерінің тәжірбелерін үйренудің маңызы зор.

6. Мүмкін ол жүйенің фирмалық атымен өнім шығаратын және осы жүйені жабдықтайтын шағын өндірушілерді тарту стратегиясын белсенді түрде пайдалануы тиіс шығар. Көптеген шағын және аймақтық өнім шығарушылар ірі кедергілер салдарынан, Алматы рыногына шыға алмайды. Мысалы, көптеген ірі супермаркеттер жабдықтаушылардан сөредегі орындары үшін ақша алады.

7.Компаниялар, тауарларды алудың оларға қаншаға түсетіні және сол тауардың қаншаға сатылатыны туралы басқарудың шығындар есебін ұйымдастыруы керек.

8.Хит – тауарлар құнының ай сайынғы өсу тәжірибесі ештеңеге негізделмеген. Басқарушылардың есептеуінше, мұның өзі көп дивиденд алғысы келген акционерлердің ынтасына байланысты.

9.Компания мүлдем бас тартқан жарнаманы белсенді пайдалануы қажет, өйткені мажоритарлық акционер сатып алушының «жүрегі» оған жақын маңдағы супермаркетті өзі көрсетеді деп санайды. Алайда, бұл олай емес.

10.Мүмкіндігінше аутсорсинг пайдалану

11.Мажоритарлық акционердің компания алдына жол салу – табысқа жетудің ең тиімді тәсілі еместігін түсінетін уақыты жетті. Мақсат иерархияны құру және компанияның үздіксіз өсуі немесе бұрынғы атаққа мәз болып ұйқыда жүруі және шағын мерзімдегі табысы өзекті бола ма, соны анықтауы керек.

12. Директорлар кеңесінің құрамында басқа екі мажоритарлық акционерлердің қатысуы орынды ма, сол туралы ойланған жөн шығар.

13. Тауарларды есептеуге арналған қазіргі заманғы жабдықтарды алудан бас тартпау керек. Штрихкодтар үшін сканерлер, тауар қалдықтарын есептейтін бағдарламалар және т.б., яғни қазіргі заман талабына сай технологияларды алу керек. Бұл тез ақталады!

14. Маркетинг, бөлшек сауда бизнесі саласындағы кеңесшілерді, сарапшыларды, халықаралық мекемелердің волонтерлерін тарту қажет. Мұндай қызметтерді EBRD, USAID, Халықаралық Сарапшылар Корпусы сияқты мекемелер келісушілер мен бөлімшелері тегін көрсетеді. Волонтерлер арасында бұрын әлемдегі гипермаркеттер мен супермаркеттердің ірі жүйелерінде басшылық қызметті атқарғандар да бар. Олардың жинақтаған бай тәжірибесі мол, компанияның нарықтық позициясын нығайту мен супермаркеттер жүйесін кеңейту бағытында құнды кеңестер айта алады.

Компаниядағы корпоративті басқару

Кеңесші компаниядағы корпоративті басқару принциптерін қолдануды зерттеді. Одан төмендегілер белгілі болды:

Акционерлік капитал құрылымы

Акционерлік капиталдың құрылымы қазіргі кезде төмендегідей:

- * Негізгі мажоритарлық акционер – 60 % акция;
- * Екі мажоритарлық акционер – 15 % акция бойынша.

Олар – бас акционердің жақын туыстары.

* Миниритарлық акционер 8 адам, барлығы – 10 % акция. Миниритарлық акционерлер осы бизнесті бірге бастаған негізгі акционердің туыстары немесе достары. Жасы бойынша алғашқы үш акционерден кіші, жалпы бизнес саласында үздік білімі бар. Олар бас акционердің шешіміне әсер ете алады.

Акционерлер жиналысы

Акционерлердің кезекті жиналысы жылына бір рет өткізіледі. Оның мерзімі нақты белгіленбейді, акционерлер бұл жөнінде ауызша хабарланады.

Күн тәртібін бас акционер жасайды. Басқа акционерлердің ұсынысы қабылданбайды. Жиналыс кезінде күн тәртібі көбінесе сақталмайды. Көпшілігі бас акционердің көңіл-күйіне байланысты. Жиналыс хаттамасы есеп беру үшін ғана жүргізіледі. Акционерлердің кезектен тыс жиналысы формальды түрде өткізілмейді.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі шын мәнісінде сайланбайды, ол үш мажоритарлық акционерлерден тұрады. Кеңестің жұмыс кестесі жоқ, жиналыс бас акционердің әмірімен бойынша ғана жеткілікті жиі өткізіледі. Онда компания жұмысының тактикалық және шұғыл мәселелері шешіледі. Мұндай мәжілістерге ауызша шақырылады. Директорлар кеңесінің мәжілісі мен кезектен тыс акционерлер

жиналысының арасында айырмашылық жоқ, өйткені мұндай жиналыстарда жалпы жиналыстың тікелей құзырына жататын шешімдер қабылдануы мүмкін, Содан кейін тиісті хаттамалар толтырылады.

Қазіргі кезде бас акционер «Акционерлік қоғамдар туралы» заң талаптарына сәйкес, тәуелсіз директорды «сайлау» мәселесімен шұғылдануда. Мұнда, ол осындағы директорлардың біреуінен тәуелсіз директор «тағайындағысы» келеді, алайда заң мұндайға жол бермейді, өйткені олар акционерлер болып табылады. Бас акционер бұл орынға еңбек ақы төленбейтін жұмысты атқармай-ақ, сол орынға тек тіркеліп қана қоюға келісімін бірден беретін «алыс туысын» немесе «досының досын» іздестіреді.

Директорлар кеңесінде ұжымдық басқару комитеті мен хатшысы болмайды.

Атқарушы орган

Атқарушы орган миноритарлық акционер болып табылатын компания президентімен ұсынылған. Дегенмен, нақты түрде басқаратын бас акционер, ал президент оның орынбасарының ролін атқарады.

Дивидендті саясат

Ашық дивидендтік саясат компанияда жоқ. Дивидендтердің төленбегеніне бірнеше жыл болды. Бас акционер кірістің төмендеп кеткенін, дамыту қажеттігін, сондықтан барлық пайда қайтадан қаржыландырылатынын мәлімдеді. Мұнда басқа мажоритарлық акционер түрлі тәсілмен компаниядан ақша алатынын нақты біледі.

Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау дүкендерде тексеріс жүргізетін бақылау-тексеріс қызметін жүзеге асырады.

Бас акционер негізгі ақша легін жеке өзі бақылайды. Басқа бақылау жүйесі жоқ.

Корпоративті басқару кодексі және басқа құжаттар.

Компанияда заң талаптары бойынша өзінің тіркелуіне ғана арналған қажетті құжаттар бар. Олардың арасында корпоративті басқару тәртібі кодексі, акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, атқарушы органдар туралы ережелер; дивидендтік саясат және т.б. жоқ. Бас акционердің айтуынша заңдар бар, ал қалған құжаттар керек емес.

Талқылау үшін берілетін сұрақтар:

1. Компаниядағы проблемалардың өзегі неде?
2. Компанияның корпоративті басқарылуында оның тиімділігіне қандай кемшіліктер әсер етеді?
3. Жағдайды жақсарту және дамуға ауысу үшін компанияда жалпы қандай іс-шараны өткізу қажет?
4. Компаниядағы бірлесіп басқаруды қалай және не үшін жақсарту қажет?

2 Оқу кейсі: Қазақстан компанияларында Корпоративті басқару кодексін қолдану

И. Марусич

"СА-Телком" ЖШС коммерциялық директоры

Қазақстан қор биржасындағы (KASE) ондаған листинг компаниялардың құжаттарын қарағаннан кейін, өкінішке орай, қазақстандық компанияларының көбі жалпы Корпоративті басқару кодексін енгізу қажеттігін толығымен түсінбейді, көп жағдайда моделдік кодексті толықтай көшіріп баяндап, осы кәсіпорын жұмыс істейтін нарық ерекшелігіне немесе осы кәсіпорынның ерекшелігіне көңіл аудармайды деген тұжырым жасауға болады. Осындай компанияларда КБ кодексін пайдалану үлгісі ретінде қарау қызықты емес, сондықтан үлгілердің үлгісіне тоқталайық.

Кәсіби қызметім Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация нарығымен тікелей байланысты, егер оны үлгі ретінде қазақстандық телекоммуникация компанияларының бірі қолданса, онда дұрыс болар еді. Өкінішке орай, ірі операторлық компаниялардан KASE листингінде үш қазақстандық байланыс кәсіпорындары бар. Бұлар «Казхтелком»АҚ, «Astel» АҚ және «KazTransCom» АҚ.

Мысал ретінде, KazTransCom.¹ Компаниясының белгіленген байланыс операторына қарайық.

Компания туралы

«KazTransCom» АҚ – Қазақстан Республикасы аумағында байланыстың жоғарғы технологиялық қызметін ұсынатын байланыстың жетекші операторлары. 2001 жылы үш компанияның қосылу нәтижесінде құрылған.:

«КаспийМұнайБайланыс»АҚ, «Ақтөбмұнайбайланыс»АҚ және «Байланыс» АҚ.

«KazTransCom» акционерлік қоғамы өз жұмысына бұрынғы кәсіпорынның тарихи дәстүрін терең сақтай отырып, телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін өз жұмысына белсенді түрде енгізеді.

«KazTransCom» АҚ - республиканың қазіргі заман талабына сай коммуникациялық инфрақұрылымдарын құрумен-мемлекеттік міндеттерді белсенді түрде шешіп, Қазақстан аумағының көп бөлігінде маңызды телекоммуникациялық жобаларды жүзеге асырады. Компания филиалдары, Атырау, Ақтау, Орал, Ақтөбе, Астана, Алматы, Павлодар қалаларында ашылып табысты жұмыс істеуде.

Көрсетілетін қызметтер:

- Телефон байланысы
- Интернет
- IP VPN виртуальды жеке жүйелер
- Консалтинг және аутсорсинг
- Телекоммуникациялық жабдықтарды жөндеу, монтаждау және жабдықтау
- Анық бөлінген арналар
- Мәліметтерді беру арналары
- VSAT

Компания жұмысы

«Біздің тұтынушылардың бизнесін табысты дамыту үшін компанияның шектелмеген мүмкіншілігімен сенімді байланысты қамтамасыз ету есебімен жағдай жасау»

1 кесте. 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша акция ұстаушылар туралы KASE тізілімінен көшірме

Құрал	Санаты	Сауда	Индекс		
KZTC – қарапайым акциялар KZ1C11750011	екінші	28.12.05	—		
KZTCр – жеңілдетілген акциялар KZ1P11750117	екінші	20.03.06	—		
KZTCб1 – облигациялар KZ2CKY07A83 4	Бірінші санаттағы рейтингсіз баға	19.11.03	KASE_B*		
Қол данушы ның атауы	Қарапайым акция		Жеңіл детілген акциялар		Барлық акция
	саны	үлесі		саны	үлесі
"РО	1 907 556	79,92	0	1 907 556	76,29

ДНИК ИНК"Ж ШС					
ТЕЛ ЕКОМ- АЗИЯ ЖШС	191 506	8,02	0	191 506	7,66
Хабарланған қарапайым акциялардың саны, дана.					3 000 000
Хабарланған жеңілдетілген акциялардың саны, дана					115 738
Орналастырылған қарапайым акциялар саны, дана					2 386 898
Орналастырылған жеңілдетілген акциялар саны, дана					113 624

«KazTransCom» АҚ Корпоративті басқару кодексіне талдау

Кодексті талдаған кезде мыналарды атап айтуға болады:

1. Кодекстің алғашқы беттерінен байқалғандай, KazTransCom компаниясының кодексін жасаған кезде, Модельдік кодекс ұсынған нұсқа негізге алынғаны, алайда кейбір айырмашылығы үшін бірқатар анықтамаларының орындары ауысқаны, бірнеше бөлімдері біреуге біріктірілген, сондай-ақ 1.1.2.және 1.1.4 тармақтары толығымен бірін бірі қайталайды.
2. 1-ші Тарауда Модельдік кодексте бар екі негізгі принциптері жоқ. Бұл тиімді кадр саясаты мен қоршаған ортаны қорғау принциптері. Содан кейін компанияның КБ кодексінің мәтіні бойынша принциптер мәліметтері туралы ескертулер жоқ, алайда компанияның интернет сайтының Менеджмент жүйесі бөлімінде Экологиялық саясаттың бөлек бөлімі бар, оның мазмұны модельдік кодекстегі Қоршаған ортаны қорғау талаптарын толығымен жабады. Тиімді кадр саясатының принциптері туралы ақпаратқа келетін болсақ, оны ашық ресурстар да табу мүмкін болмады, мұның өзі бізге компанияның осы салада дамуға деген мүддесі жоқ деп болжауға құқық береді
3. Компанияның KASE и Интернет ресурсы сайтында еш қиналыссыз табуға болатын ҚР заңнамалары мен компания жарғысына сілтеме жасап, акционерлерге берілетін ақпарат көлемі туралы ақпарат бар.
4. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру бөлімінде компания қызметі туралы басқа мекемелердің сараптамалық зерттеулері мен материалдарын акционерлердің пайдалануына мүмкіндік беретін ұсыныс жоқ.
5. 2-ші тараудағы 1 тармақтың 2.1.11 бастап 2.1.12 дейінгі бөлімінде, кезектен тыс жиналыстың шақырылу тәртібі жазылған толық

«Акционерлік қоғамдар туралы» заңнан толықтай көшірілген. Одан әрі қоғамның хаттамасынан (мысалы, 2008 жылғы 22 тамыздағы хаттамасы), KASE интернет ресурсында бар ақпаратта кәсіпорын имиджінде жағымды дерек болып табылатын компания акционерлерінің жалпы жиналысына шақыру және өткізу туралы талаптар мен ережелердің сақталуын тексеруге болады.

6. Этика бойынша комитет туралы ақпарат ұсынылмаған, мүмкін бұл бағыттағы жұмыс жүргізілмейтін шығар.
7. 3.2.5. тармаққа сәйкес кәсіпорын Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлар институтының қажеттілігін қолдайды. 2008 жылғы 22 тамызда өткен акционерлердің кезектен тыс жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде М.Шнайдер мырза бір ауыздан тағайындалған.
8. Өкінішке орай, ашық ресурстарда, Ішкі ақпаратты қорғау тәртіптері туралы мәліметтер жоқ, 6.2.2. тармақтарына қоғамда қызметтік және ішкі ақпараттарды орындауға бақылау жасауға тиімді жүйе жасалып, пайдаланылады.
9. Ашық және сенімділік деңгейін арттыру мақсатында компанияның КБ кодексіне қоғам қызметі туралы, оның ішінде мемлекеттік құпиялықты жасайтын мәліметтерге жататын ақпараттарды беру тәртібін түсіндіретін толықтырулар енгізілген. (6 тарау, №3 толықтыру). Сондай-ақ 6 тарауға Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпараттар тізімін нақты ашатын және 5 бөлімде - бірлесіп басқару процедураларын іске асыру кезінде ашылатын ақпараттар тізімі, 7 бөлім—келісім және басқа да тұлғалар бойынша контрагентке ақпарат беру процедурасы және 8 бөлім құжаттар көшірмесін дайындауға төлем тәртібі мен мөлшерінің регламенті.
10. Компанияның КБ Кодексінде сақтауға жататын қоғам құжаттарының тізімі мен сақталу тәртібін реттейтін жекелеген тармақтар енгізілген.
11. КБ Кодексінің 9.1.2. тармағына сәйкес қоғамның дивидендтерін төлеу тәртібі компания ресурсы интернетінде қол жетімді жарғымен қатаң реттеледі.
12. Кәсіпорынның КБ Кодексінің мазмұнында корпоративті басқару хатшысы институтының болуы баяндалмаған. Алайда KASE ресурсында тұрған қоғамдық жиналыстың жария хаттамаларында бірлесіп басқару хатшысының тағайындалғанын көруге болады.
13. Компанияның КБ Кодексінің қаржы-бақылау қызметіне бақылау бөлімінде ішкі аудитті жүргізу қажеттілігі жазылған. Алайда, компанияның қаржы-шаруашылық қызметі туралы аса дұрыс баға

беру үшін сыртқы аудит есебінің болуы қажет. Өкінішке орай, компанияның КБ Кодексінің мәтінінде ішкі аудит жүргізу туралы нақты түсінік айтылмаған, онда 8.5 тармақтың қосымшасын негіз қылып алсақ компанияда ішкі аудит жүргізіледі деген негіз жоқ.

- 14.** Қорытынды ретінде айтуға болады, Корпоративті басқару кодексінде жазылған принциптерді сақтау қажеттілігін көптеген Қазақстан Акционерлер қоғамының түсінбеуіне немесе сенбеуіне қарамастан KazTransCom компаниясы осы құжаттың нәтижелігіне үлкен көңіл аударады. Кодекстің мазмұны мен үлгісі керемет деп айтуға болмайды, дегенмен, ұжымдық басқару принциптері анық және нақты жазылған, сондай-ақ Қазақстан нарығында компания қызметі туралы ақпараттың негізін көпшілікпен талдау үшін ашылған.

Акционерлер құрамына акцияның бақылау пакетіне ие бір ірі акционер енеді, компания Моделдік кодекс принциптерін сақтау мен барынша ашықтығына өзінің ынта білдіретінін көрсетеді. Менің көзқарасым бойынша осы компания акционерлерінің құрамына енетін отандық сияқты және шетелік инвесторлардың назарын аударатын аздаған компаниялардың бірі.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1.Талқыланатын Корпоративті басқару кодексінің кемшілігі мен артықшылығы қандай?
- 2.Осы компанияның Корпоративті басқару кодексіне не енгізуді ұсынар едіңіз?

¹ <http://www.kaztranscom.kz> - KazTransCom компаниясының Интернет ресурсы

Қазақстандағы корпоративті басқарудың даму хронологиясы

1990 жылы КСРО Министрлер Кабинетінің «Акционерлік қоғам туралы ережесі» бекітілді. Құқықтық тәжірибенің алдағы дамуы «Шаруашылық серіктестігі туралы» заң күші бар, ҚР Президентінің Жарлығы, 1996 жылы қабылданған ҚР Азаматтық кодексі – жекешелендіруді құқықтық реттеу аясында көрінді.

1993 жылы наурызда «Қазақстан Республикасындағы 1993-1995 жылдарға арналған мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың ұлттық бағдарламасы» қабылданды. Ол мемлекеттік меншіктің қайта құрылуының бағыты мен бірізділігін анықтады. Жекешелендіруге қатысу ең алдымен облыстық әкімшілік және аумақтық Мемлекеттік мүлік органдары арқылы мүмкін болды. 1993-1995 жылдары ішінде 2 мыңдай кәсіпорын акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

1996 жылдан бастап 1999 жылдар аралығында Акционерлік қоғам туралы, Құнды қағаздар нарығы туралы, ҚР Азаматтық Кодексі заңдарының қабылдануы, Қазақстан Республикасындағы 1996-1999 жылдарға арналған мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алудың үшінші бағдарламасының бекітілуі жағдайындағы ақшаны жекешелендірудің негізгі мақсаты жекешелендірудің негізгі процессін аяқтау жолымен Республика экономикасында жеке сектордың басым болуына қол жеткізу және бекіту болып табылады. 1998 жылдың соңына дейін 2615 акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестігін жекешелендірілді, ол құрылған акционерлік қоғам мен шаруашылық серіктестігінің жалпы санының 51,8% құрады. Нарық инфрақұрылымы белсенді құрылуда: инвестициялық компаниялар мен қорлар, депозитариялар мен тіркеушілер, жарналық инвестициялық қорлар, қамсыздандыру компаниялары, аудиторлық және консалтингтік компаниялар, зейнетақы қорлары мен т.б. Ірі шетел компаниялары Қазақстанда өздерінің филиалдарын, өкілдіктерін немесе бірлескен фирмаларын ашуда.

1998 жылы – корпоративтік заңдылық саласындағы маңызды оқиға— «Акционерлік қоғам туралы» Заңның қабылдануы.

1999 жылдан осы уақытқа дейінгі мерзім ішінде мемлекеттік меншікті басқару мен иелік ету мәселелерінде мемлекеттік басқару деңгейі арасындағы құзырлықты бөлу жаңа көзқарастармен сипатталады.

1999 жылы корпоративтік басқару мәселесі бойынша Қазақстан заңдылығын халықаралық сарапшылар Орталық және шығыс Еуропа, ТМД және Прибалтика елдерінің ішіндегі ең үздігі деп таныды.

2000 жылы жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқару концепциясы, оны іске асыруға мемлекеттік мүлік және жекешелендіруді басқарудың тиімділігін арттырудың үш бағдарламасы қабылданды.

2001 жылы 30 қаңтардағы № 155-ІІ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексімен көзделген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу мен шақыру тәртібін бұзғандарға әкімшілік жауапкершілік

қарастырылған (елуден екі жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл).

2001-2002 жылы Қазақстандағы корпоративті басқару негізін құру бойынша Center for International Private Enterprise жобасы жүргізілді.

2002 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі жанындағы құнды қағаздар нарығы мәселесі бойынша Сарапшылар кеңесі акционерлік қоғамдардағы бірлесіп басқарудың принциптерін пайдалану бойынша Ұсыныстар жасады.

2003 жылдың мамыр айында «Акционерлік қоғам туралы» жаңа заң қабылданды.

2003 жылдың шілде айында «Құнды қағаздар нарығы туралы» Заң қабылданды.

2003 жылы 4 шілдеде Қазақстан Республикасының «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» № 474-ІІ Заңы қабылданды, заң қаржы мекемелері мен қаржы нарығындағы мемлекеттік реттеу және қадағалауды іске асырумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

2004 жылғы 15 наурызда Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы агенттігі Басқармасының № 63 Қаулысымен Қазақстан Қаржы биржасының листингінде тұрған компанияның ішкі құжаттары бірлесіп басқару тәртібіндегі кодекспен сәйкес келуі тиіс.

2004 жылдың маусым айында Қазақстан Қаржыгерлер ассоциациясының жанындағы Корпоративті басқару басқармасында жұмыс тобы құрылды.

2004 жылдың 24 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық банк жанындағы Сарапшылар кеңесінде» ұжымдық басқару бойынша ұсыныс» жарыққа шықты

2005 жылдан бастап Қазақстан Қаржыгерлер ассоциациясының жанындағы Корпоративті басқару басқармасындағы Жұмыс тобы жыл сайын бірлесіп басқару бойынша Халықаралық конференцияны өткізуге дайындалады, онда жалпы бірлесіп басқару басқармасында принциптер, кодекстер мен жүйелерді енгізу кезінде орын алатын практикалық проблемаларды талқылау жүргізіледі. Конференция нәтижесі бойынша Корпоративті басқару басқармасының кодексін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалады және оған комментарийлер беріледі.

2005 жылғы 20-21 қазанда Алматыда «Қазақстандағы корпоративті басқару мен инвестициялық климат» атты Қазақстан Республикасындағы Корпоративті басқару бойынша алғашқы конференция өтті.

2005 жылы 21 ақпанда ұжымдық басқару бойынша жұмыс тобы әзірлеген бірлесіп басқарудың моделдік жобасы жасалып, талқыланды.

2005 жылғы 31 наурызда моделдік Кодекс Қазақстан Қаржыгерлер ассоциациясы кеңесімен мақұлданды.

2005 жылғы 21 шілдеде КБ талабы бойынша эмитенттерге Биржалық кеңесінің шешімі қабылданды. Оның нәтижесі ретінде корпоративті басқару

кодексінің бар болуы туралы талаптары Қазақстан Қаржы биржасының листингінің ережесіне енгізілді.

2006 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанында мемлекеттік корпоративті басқару мәселесі бойынша арнайы кеңес құрылды.

2006 жылдың мамырында Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) Қазақстанда және Орталық Азияда бірлесіп басқару бойынша жобаны жүзеге асырудың басталуы туралы хабарлады.

2006 жылдың 8 маусымында Алматыда ұжымдық басқару бойынша «Қазақстандағы корпоративті басқару және инвестициялық климат» атты екінші халықаралық конференциясы өтті.

2007 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік ұжымдық басқару принциптерін дамытуға және мемлекеттік холдингтер де бірлесіп басқаруды одан әрі жетілдіруге шақырылды.

2007 жылдың ақпанында Бірлесіп басқару конференциясы, Астана

2007 жылдың көктемінде Сенатта республика экономикасының бәсекелестікке қабылеттілігін арттыру туралы мәселе қаралып, оған ұжымдық басқару саласындағы сарапшылар қатысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 310 Жарлығына қол қойылды. Жарлықта мемлекеттік меншікті тиімді басқарудың мақсаты мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін «ұжымдық басқару тиімділігін енгізу арқылы арттыру», «...Мемлекеттік холдингтер мемлекет қатысуымен акционерлік қоғамдарда олардың жұмыс нәтижелерін бағалау, тәуелсіз директорлар институтын және бірлесіп басқарудың басқа да принциптерін енгізу жолымен бірлесіп басқару жүйесін жетілдіретін болады»

2007 жылғы мамырда – миноритарлық инвесторларды қорғау мақсатымен заңнамаға өзгерістер енгізілді.

2007 жылғы 17 мамырда Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі – Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының № 86 «Мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдарға арналған бірлесіп басқарудың типтік кодексін бекіту туралы».

2007 жылғы 3 шілдеде Эмитенттер кеңесі мәжілісінде ұжымдық басқарудың Моделдік кодексін түсініктеме жобасы бекітілген және ұсынылған.

2007 жылғы 21 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 303-III Заңында «Бірлесіп басқару рейтингі бар заңды тұлғалармен аффилиирленген және мемлекетке тиісті акцияларының (үлестерінің) елу немесе одан да көп пайызы заңды тұлғалар қызметі, жұмыстар мен тауарлар алуға арналған» және ұжымдық басқару рейтингісі бар заңды тұлғалар «Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу туралы жабдықтаушыларды таңдау және олармен келісім жасасуды реттейтін осы Заңның нормаларын қолданбай іске асырылатыны» көрсетілген.

2007 жылғы 1 қазанда Қазақстанның корпоративті секторында алғаш рет «Қаз Мұнай Газ» өндіретін жерлерді Барлау. Өндіру» АҚ бірлесіп басқару сапасы рейтингісі берілді.

2007 жылғы 27 қарашада ТМД елдері Корпоративті тәуелсіз директорларының алғашқы саммиті өтті.

2007 жылы 20-21 қарашада Қазақстанда «Корпоративті басқару: тиімді тәжірибе және жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық үшінші конференция өтті. Алматы, Қазақстан

2008 жылы 12 мамырда IFC пилоттық бағдарламасы іске қосылды, оның мақсаты – ұжымдық басқару тәжірибесінде компанияларда қолданылатын детальдық бағаны сарапшылардың жүзеге асыруы болып табылады.

2008 жылы 16 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 852 қаулысымен акционерлік қоғамының типтік жарғысы бекітілген.

2008 жылы 1 қарашада Center for International Private Enterprise жобасы мен Бірлесіп басқару негіздерін журналистердің ұғынуын одан әрі дамыту жобасы бастау алды.

2008 жылы 3-4 желтоқсанда «Жаһандық қаржы дағдарысы жағдайындағы ұжымдық басқару» атты және ТМД елдеріндегі тәуелсіз директорлардың екінші саммиті және ұжымдық басқару жөніндегі IV халықаралық конференция өтті.

2010 жылғы 10 маусымда ұжымдық басқару бойынша V халықаралық конференция болды, конференцияны CIPЕ қаржыландырды.

Пайдалы сілтемелер

1. <http://www.cipe.org/publications/papers/gooddirectors.php> - In Search of Good Directors;
2. <http://www.org/publications/papers/cipeoecd.php> - Public and Private Governance Case Studies;
3. <http://www.org/publications/papers/pdf/IP0503.pdf> - Combating Corruption and Improving CG;
4. http://www.org/publications/fs/index_subj.php#COR – 20+ Feature Service Articles on CG;
5. <http://www.rid.ru> – Ресей директорлар институты;
6. <http://www.cima.org.uk> – Корпоративті басқару, СИМА;
7. <http://www.corpgov.kz>;
8. <http://www.banker.kz>;
9. <http://www.zakon.kz>;
10. <http://www.ifc.org>;
11. <http://www.transparencykazakhstan.org>
12. <http://www.centras.kz>
13. <http://www.gazeta.kz>
14. <http://www.wikipedia.org>

Глоссарий¹

Акционер	Акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға
Акция	Акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;
Аффилирленген тұлғалар	Тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның аффилирленген тұлғаларының тізбесі осы Заңның 64-бабында белгіленеді
Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы	Акционерлердің барлық жалпы жиналысы дайындалғанынан басқасы кезектен тыс болып есептелінеді. Акционерлердің кезектен тыс жиналысына шақыру жағдайы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында берілген.
Дауыс беретін акциялар	Орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілген артықшылықты акциялар. Дауысқа салынатын акциялар санына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді.
Дивиденд	Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша акционерлік қоғам төлейтін кірісі.

¹ Дерекнамалар арасында глоссарий дайындау кезінде, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңынан анықтамалар, Алматы қаласында 2008 жылғы 15-17 қазанда Халықаралық жеке кәсіпкерлік орталығы мен Халықаралық қаржы корпорациясы, Рейтер қоры, Ұжымдық басқару бойынша жаһандану форумы өткізілген, Орталық Азия мен Кавказ аймақтарында бірлесіп басқару мәселелерін жариялау» тақырыбына өткізілген семинар материалдары, <http://www.glossary.ru/>, википедия <http://ru.wikipedia.org/> глоссарийлері пайдаланылды.

Директор	Директорлар кеңесінің мүшесі. Акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады
Лауазымды адам	Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға.
Инвестор	Инвестициялық жобаларға өзінің дербес, заемдық немесе басқа да тартылған қаржыларын салатын заңды немесе жеке тұлғалар. Инвестор шағын тәуекелге мүдделі. Стратегиялық және портфельді инвесторлар ажыратылады.
Инсайдерлік ақпарат	Компания қызметі, оның құнды қағаздары және олармен мәмілелер жасау туралы ақпарат жалпыға жеткілікті болып табылмайды және оны ашу құнды қағаздардың нарықтық құнына ерекше әсер етеді.
Институционалдық инвестор	Пайда табу мақсатымен акцияға және басқа құнды қағаздарға белсенді ақша салатын заңды тұлға, мысалы: инвестициялық қор, зейнетақы қоры, қамсыздандыру мекемелері мен банктер.
Атқарушы орган (ТОР менеджменті, CEO)	Компания қызметінің ағымдағы басшылығын жүзеге асыратын қоғамдық орган, оның ішінде қоғам дамуының стратегиялық жоспарын іске асыру, ішкі ережені және қоғам нұсқаулығын әзірлейтін және іскерлік этика стандарттарына сәйкес бірлескен мәдениетті енгізу. Қоғамда жалғыз атқарушы (мысалы, Президент) немесе алқалы орган (Басқарма) құрылуы мүмкін.
Білікті көпшілік	Акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік.
Корпоративті басқару кодексі	Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілетін, қоғамды басқару процесінде туындайтын қатынастарды, оның ішінде қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, қоғам органдары, қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін құжат

Директорлар кеңесінің комитеті

Директорлар кеңесі құзырына жататын мәселелерді алдын ала қарау, сондай-ақ директорлар кеңесіне тиісті нұсқаулықтар үшін құрылатын директорлар кеңесінің қосалқы органы. Комитеттің аса таралған түрлері аудит бойынша, сыйақы мен тағайындаулар және стратегиялық жоспарлау бойынша болып табылады. Бірлесіп басқарудың ең үздік тәжірибесіне сәйкес комитеттердің директорлар кеңесі мүшелерінен тұруы қажеттігі ұсынылады

Айырбасталатын бағалы қағаз

Акционерлік қоғамның шығарылым проспектісімен айқындалатын талаптар мен тәртіп арқылы оның бағалы қағазының басқа түріне айырбасталуға жататын бағалы қағазы

Акциялардың бақылау пакеті

Акционерлік қоғам қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін акциялар пакеті

Корпоративті басқару

Директорлар кеңесі мен атқарушы (жоғары звено менеджменті) органдар, акционерлердің жалпы жиналысы арасындағы өзара әрекет жүйесінің тиімділігі мен акционерлер құқығын қорғауды қамтамасыз ететіндерге бақылау жасау және компания қызметін құрылымдар мен процестер көмегімен жүзеге асырады

Бірлескен веб-сайт

Интернет желісіндегі, қоғамға тиесілі және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін ресми электронды сайт. Жария компаниялар үшін корпоративтік веб-сайттың болуы міндетті;

Корпоративтік хатшы

Қоғамның директорлар кеңесінің не атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын акционерлік қоғамның қызметкері, оны қоғамның директорлар кеңесі тағайындайды және ол қоғамның директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде акционерлер жиналысының және қоғамның директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылау жасайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және қоғамның директорлар кеңесінің отырысына

материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды.
Корпоративтік хатшының құзыреті және қызметі қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады.

«соггитіо латын сөзі, жеке басын байыту мақсатымен қоғамдық және саяси қайраткерлердің, мемлекеттік шенеуніктер мен саяси қайраткерлердің сатылуы

Жемқорлық

Бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы тиесілі акционер немесе бірнеше акционер

Ірі акционер, мажоритарлық акционер

Дауыс беруге қатысушы әрбір акцияға қоғам органы сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны келетін дауыс беру тәсілі

Кумулятивтік дауыс беру

Акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға

Миниоритарлық акционер

Аталған акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилиирленген тұлға болып табылмайтын; аталған акционерлік қоғамның немесе осы қоғам ұйымының аффилиирленген тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын, осы акционерлік қоғамның аудитору болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар

кеңесінің мүшесі

Тәуелсіз директор

Барлық жай және артықшылықты акцияларға арналған және акционерлік қоғамның құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) айқындалатын біріңғай баға, осы баға бойынша акциялар құрылтайшылар арасында орналастырылады (жалғыз құрылтайшы төлейді)

Акцияның номиналдық құны

Эмиссиондық борыштық бағалы қағаздарда, эмитенттен оның номиналдық құны ескерілген немесе басқа да мүліктік эквивалентте көрсетілген облигациялар алуға оның құқы бекітіледі. Облигацияда облигацияның номиналдық құнынан немесе басқа да мүліктік құқықтан тіркелген процент алуға оның иесінің құқығы қарастырылады. Облигациялар бойынша табыстар процент және/немесе дисконт табылады

Облигация (лат. **Obligation---** міндеттеме; ағылшынша –**bond** – ұзақ мерзімді **Note-** кысқа мерзімді

Қарапайым акциялардың акционерлер-иелерінен тұратын, қолданыстағы заңда көзделген жағдайда, сондай-ақ акционерлік қоғамды дамыту мен қызметтің стратегиялық маңызды мәселелері бойынша шешім қабылдайтын және ерекше акциялар иелерінен тұратын қоғамды басқарудың жоғарғы органы. Акционерлердің кезекті жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі. Акционерлердің басқа жалпы жиналысы кезектен тыс болып саналады.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Шығарылымын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган тіркеген акциялар

Жарияланған акциялар

Белгіленген нысандағы туынды бағалы қағаз, оны сатып алушы белгілі бір мерзім өткеннен кейін келісілген баға бойынша опционда айтылған активті сатып алу немесе сату құқығына ие болады

Опцион

Қоғамдық органдарға төмендегілер жатады:
1. Жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
2. Басқару органы- директорлар кеңесі;

3.Атқарушы орган- атқарушы орган қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға немесе алқалық орган

**Акционерлік
қоғамдық
органдар**

Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым.

Төлем агенті

Төмендегі көрсеткіштер сәйкес келетін қоғам:

1)Қоғам өзінің жай акцияларын, осы акцияларды инвесторлардың шектеусіз тобына ұсына отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған және (немесе) ұйымдастырылған нарығына орналастыруды жүзеге асыруға тиіс.

2)Қоғамның орналастырылған жай акцияларының жалпы санының кемінде отыз пайызы, олардың әрқайсысы қоғамның орналастырылған жай акцияларының жалпы санынан қоғамның жай акцияларының бес пайызынан аспайтын акционерлерге тиесілі болуға тиісті.

3)Қоғамның жай акцияларының сауда-саттық көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

4)Қоғамның акциялары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізімдер санатында болуға тиіс, енгізілуі және онда болуы үшін қор биржасының ішкі құжаттарымен бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингілік) талаптар белгіленеді не олар Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы арнайы сауда алаңдарының тізіміне енгізіледі

**Жариялы
компаниясы**

Құнды қағаздардың алғашқы нарығында инвесторлар және құрылтайшылар төлеген акционерлік қоғам акциялары

**Акцияны
орналастыру**

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйым

Қоғамның

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі мен

тіркеушісі (тізілімді тіркеуші) атқарушы орган қызметіне бақылауды жүзеге асыратын және акционерлік қоғамды дамыту стратегиясын анықтайтын қоғам мен акционерлер мүддесінде әрекет ететін басқару органы

Директорлар кеңесі Осы шешімдердің әсерінен немесе компания қабылдаған шешімге ерекше әсер ететін кез келген мекемелер, топтар немесе жеке адамдар. Оларды инсайдерлерге (қызметкерлер, менеджменттер, директорлар) және аутсайдерлер (клиенттер, әріптестер, іскер бірлестіктер, мемлекеттік органдар, социум және т.б.)

Ынта білдіруші тұлғалардың Стейкхолдерлері Бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган

Уәкілетті орган Құнды қағаздардың алғашқы нарығында акцияларды орналастыру кезінде анықталатын акция бағасы

Орналастыру бағасы Занды түсінік бойынша - белгіленген үлгінің сақталуын және міндетті мүліктік құқық реқизиттерін куәландыратын құжат, оны көрсеткен кезде ғана іске асырылуы және берілуі мүмкін.

Құнды қағаз Құнды қағаз экономикалық категория ретінде—бұл дербес материалдық үлгісі бар және өзінің негізінен оқшауланған ресурстарға құқылы (мысалы, қағаз сертификаты түрінде, есеп-шоттары бойынша жазбасы және т.б.), сонымен қатар төмендегі тубегейлі қасиеттерге ие:

- айналымдығы;
- азаматтық айналым үшін қол жетімділігі;
- стандартты және сериялы;
- құжаттамалық;
- реттелуші және мемлекетпен танылған,
- нарықтылығы;
- өтімділігі;
- тәуекел.